

Жумағұлов Ғ.Б. Ахметов А. Ахметова Г.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫ

Оқу құралы



Жұмағұлов Ғ. Б., Ахметов А., Ахметова Г.

**ӘЛЕУМЕТТІК
ҚАМСЫЗДАНДЫРУ
ҚҰҚЫҒЫ**

Оқу құралы

**Алматы
2005**

ББК 67.405

А 93

Жұмағұлов Ғ. Б., Ахметов А., Ахметова Г.

А 93 Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. Оқу құралы. – Алматы: «Нұр-пресс», 2005 – 360 бет.

ISBN 9965-620-57-1

Оқу құралы, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің орта мамандандырылған оқу орындарының білім беру стандарты мен оқу бағдарламасына сәйкес және еңбек қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сүйене отырып дайындалған.

Оқу құралында авторлардың көп жылғы жинақталған тәжірибесі мен орта және жоғарғы мамандандырылған оқу орындарының оқыту бағдарламасына сәйкес дайындаған дәрістері қамтылған. Бұл оқулық құқықтану мамандығы бойынша оқытатын орта және жоғарғы мамандандырылған оқу орындарының оқытушыларына, студенттеріне және өз бетімен еңбек құқығын теориялық тұрғыдан ізденетін, зерттеушілерге арналған.

ББК 67.405

А 1203020800

00(05)-05

ISBN 9965-620-57-1

© Жұмағұлов Ғ. Б. Ахметов А.,
Ахметова Г., 2005.

© Нұр-пресс, 2005.

Кіріспе сөз

Адам өмірі қауіпті және күтпеген сәттерге толы. Кез келген кезде денсаулықтан, сонымен қоса тіршілік етудің негізгі көзі – жалақыдан да айырылып қалуға болады. Өмір сүрудің негізгі және көп жағдайда жалғыз көзі болып табылатын жалақыны жоғалту қызметкерді және оның отбасын аса ауыр материалдық жағдайға алып келеді, ал бұл, өз кезегінде, кедейшілікке, қайыршылыққа, әртүрлі ауруларға әкеліп соғады.

Мұндай жағдайларға мыналар жатады: науқас, кәрілік, мүгедектік, асыраушысынан айырылу және т.б. Аталған қиындықтарды өз бетімен дербес жеңу көп жағдайда мүмкін болмайды. Осындай кезде көмекке мемлекет келеді. Халықтың экономикалық тұрғыдан бәсең бөлігінің (қарт адамдардың, еңбекке қабілеттігі жоқ және жұмыссыз тұлғалардың) материалдық қамтамасыз етілу деңгейінің күрт төмендеу мәселесін шешуді мемлекет өз мойнына алды. Ол әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жасап, әлеуметтік оқиғалар – кәрілік, өлім, науқастық, мүгедектік, ана болу, жұмыссыздық туындаған кезде зейнетақылар, әлеуметтік жәрдемақылар береді және қызмет көрсетеді. Елдің халқын әлеуметтік қамсыздандыруды дамыту мемлекеттің әлеуметтік саясатының және қызметінің басым бағыттарының бірі болған және болып қала береді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, нарықтық қатынастар орын алған кез келген өнеркәсіптік-дамыған мемлекетте халықты әлеуметтік қорғау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері жүйесінде маңызды орынды иеленеді. Алайда, нарықтық қатынастар өз бетімен халықты әлеуметтік қорғау механизмін туындатпайды. Халықты әлеуметтік қорғаудың ерекшелігі оның аса көп материалдық шығындарды талап етуінен және ешқандай пайда әкелмейтінінен көрініс табады. Осы ерекшелігіне орай халықты әлеуметтік қорғауды шешу мәселесін мемлекет өз мойнына алады.

Байқағанымыздай, әлеуметтік қамсыздандырудың тарихы жүз жылдам астам уақытты қамтиды. Бұл уақыт үшінде қаржыландырудың функциялары, нысандары және әдістері талай рет өзгерді. Бірақ, әлеуметтік қамсыздандырудың мақсаты – адамдардың өмірін жақсарту ешқашан өзгерген жоқ.

Әлеуметтік қамсыздандыру халықтың өмір сүру деңгейімен тығыз байланысты. Қоғамның еңбекке жарамсыз мүшелерін әлеуметтік қам-

сыздандырудың деңгейін анықтайтын фактор болып әлеуметтік қорғау шараларын қаржыландырудың қайнар көзі, механизмі немесе кестесі табылады.

«Әлеуметтік қорғану» немесе «әлеуметтік қауіпсіздік» түсінігі алғаш рет АҚШ-та пайда болды және ол кез келген азаматты, тіпті елдің кез келген тұрғынын жұмыссыздықтың, табыстың жоғалуының немесе күрт азаюының, аурудың, бала туудың, өндірістік жарақаттың немесе кәсіптік аурудың, мүгедектіктің, кәріліктің, асыраушысынан айырылуының салдарынан орын алған экономикалық немесе әлеуметтік қиындықтардан қорғайтын шаралар жүйесін білдірді.

Халықты әлеуметтік қамсыздандырудың жүз жылдық тарихына талдау жасау халықты әлеуметтік қамсыздандыруды қамтамасыз етудің екі негізгі схемасын анықтауға мүмкіндік береді:

- әлеуметтік қамсыздандыруды қаржыландырудың үш жақты схемасы;
- әлеуметтік қорғауды қаржыландырудың мемлекеттік әкімшілік-биліктік (немесе бюджеттік) схемасы.

Әлеуметтік қамсыздандыруды қаржыландырудың үшжақты схемасы кезінде тараптар ретінде мына тұлғалар табылады:

- 1) еңбекке қабілетті, жұмыс істейтін, одан әрі зейнетақыға үміткер әрбір азамат;
- 2) жұмыс беруші;
- 3) мемлекет.

Қаржыландырудың үшжақты жүйесі АҚШ-та пайда болды және ол қазіргі кезде барлық ірі өнеркәсіптік-дамыған елдерде өз күшіне ие.

Әлеуметтік қорғауды қаржыландырудың мемлекеттік әкімшілік-биліктік жүйесі кезінде қаржылық ресурстардың басты субъектісі болып мемлекет табылады, яғни әлеуметтік қорғау шараларының жүйесін мемлекет қаржыландырады. Дәл осындай жүйе бізге бұрынғы Кеңестік Одақтан мұраға қалды.

Әлеуметтік қамсыздандырудың мұндай жүйесі кезінде тараптар болып жұмыс істейтін азамат пен мемлекет табылады.

Әлеуметтік қамсыздандырудың бұл үлгісі нарықтық қатынастарға өту кезеңінде жедел реформалауды қажет етті. XX-ғасырдың 90-жылдарындағы экономикалық тоқырау қазақстандық әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіндегі қиындықтарды одан әрі өршіте түсті. Инфляция мен жұмыссыздықтың өсуі, өндірістің құлдырауы жұмыс істейтіндер санының күрт төмендеуіне әкеп соқты, ал бұл, өз кезегінде, қарт адамдар санының өсуімен бірге бір ұрпақтан (жұмыс істейтіндерден) екіншісіне

(жұмыссыздарға) капиталдың ауысуының бірден азаюын білдірді. Жұмыс істейтіндер мен зейнеткерлер санының арақатынасында тепе-теңдіктің болмауы Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорының ақша қаражаттарының дефицитінің артуына және соған орай республикалық бюджеттің осы дефицитті жабуға бағытталған шығындарының көбеюіне әсер етті.

Реформалау үрдісі кезінде көмекке мұқтаж тұлғаларды жеткілікті түрде материалдық қамсыздандыруға жағдай жасайтын әлеуметтік қамсыздандыру үлгісін жасаудың қажеттігі туды.

Сөйтіп, әлеуметтік қамсыздандырудың қазақстандық үлгісі қалыптасты, оның ерекшеліктері жөнінде біз төменде сөз қозғаймыз.

ОТАНДЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ТАРИХЫНАН

Еңбекке қабілеттігі жоқ азаматтарды әлеуметтік қамсыздандырудың қажеттігін теориялық тұрғыдан негіздеу XIX ғасырдың соңында – XX ғасырдың басында, яғни өндірістің жедел қарқынмен даму және жалданбалы еңбек қызметкерлерінің санының өсу кезеңінде басым көпшілік елдерде жасалды. Жалданбалы қызметкерлер санының өсуі еңбекке қабілетті халықтың жастық құрылымының өзгеруімен қатар орын алды: оның құрамында әлеуметтік қорғауды қажет ететін қарт адамдардың үлесі жүйелі түрде өсіп отырды.

Құқықтық нормалардың белгілі бір жүйесі ретіндегі жаңа кешенді құқық саласы әлеуметтік қамсыздандыру құқығы туралы ой елуінші жылдардың ортасында заңгер-ғалымдардың белсенді пікір-таластары барысында пайда болды. Дәл осы кезде бұрынғы КСРО-да әлеуметтік қамсыздандырудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құруға бастама болған негізгі заңшығарушылық актілер жасалып, қабылданды.

Кеңестік Одақты қаншама сынға алсақ та, мойындайтын бір жайт, Қазақстанда Қазан революциясына дейін зейнетақылар туралы қандай да бір заңдар болған емес, тіпті «зейнетақы» түсінігінің өзі де болған жоқ. Әдетте, ата-аналары қартайған шағында балаларының асырауында болатын. Кенже ұл ата-анасымен бірге тұруы тиіс болған. Жалғызбастылар, науқас, әлсіз жандар қандай да бір туыстарының қолында, ал олар болмаған жағдайда – өз руының адамдарымен тұратын. Осы орайда қазақтың ойшылы және ағартушысы Абайдың бастамасы бойынша 1885 жылы мамыр айында Шар қаласында өткен Билердің төтенше съезінің материалдары аса зор мәнге ие. Бұл материалдарда жалғызбасты тұлғаларға және егде тартқан қарт адамдарға материалдық көмек көрсету қажеттігі туралы ой айқын көрініс табады* (Тулепбаев К. Казахская модель пенсионного обеспечения населения. Алматы. Ғылым, 2003. с.3).

Зейнетақылар туралы бірінші заң 1918-1922 жылдары В.И.Лениннің жетекшілігімен қабылданды. Осы заңға сәйкес мүгедектік бойынша және асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақылар енгізілді. Зейнетақылар туралы екінші заң 1929 жылы қабылданды, бұл заңға сәйкес өнеркәсіптің жекелеген салаларының қызметкерлері үшін жақына байланысты зейнетақылар енгізілді. Кейінірек, бұл зейнетақылар

барлық қызметкерлер мен жұмысшыларға таралатын болды. 1956 жылы 14 шілдеде КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі зейнетақылар туралы үшінші заңды – маңызды әлеуметтік акт болып табылған және зейнетақының деңгейін әлдеқайда көтеріп, осы зейнетақыларға құқылы тұлғалардың шеңберін кеңейткен «Мемлекеттік зейнетақылар туралы» заңды қабылдады. 1964 жылы 15 шілдеде осы заңға қосымша ретінде «Колхозшыларға берілетін зейнетақылар мен жәрдемақылар туралы» заң қабылданды, мұнда шаруаларды әлеуметтік қамсыздандырудың ерекшеліктері бекітілді.

Алайда, әлеуметтік қамсыздандыру саласында құқықтық нормалардың жүйесін жасау және оны құқық саласына айналдыру ұзақ кезеңнен өтті. Тек жетпісінші жылдары ғана әлеуметтік қамсыздандыру құқығы заң ғылымында құқық саласы ретінде танылып, заң білімдерін беретін жоғары оқу орындарында дербес оқу пәні мәртебесін иеленді.

Азаматтарды әлеуметтік қорғаудың нысанын білдіретін «әлеуметтік қамсыздандыру» түсінігі заң әдебиетінде кеңестік биліктің алғашқы жылдарында пайда болды. «Әлеуметтік қамсыздандыру» түсінігі БҰҰ Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылдаған Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактісінде ресми түрде бекітілген. Нақты айтар болсақ, бұл пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның әлеуметтік қамсыздандыруға, соның ішінде, әлеуметтік сақтандыруға қатысты құқығын таниды.

Құқық саласы және заң ғылымы ретіндегі әлеуметтік қамсыздандыру құқығының даму тарихына заңгер және экономист ғалымдардың көптеген еңбектері арналған. Әлеуметтік қамсыздандыру саласын дамытуға профессор В.С. Андреев елеулі үлес қосты. Ол әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласының пәнін анықтады. Дәл осы ғалым 1966 жылы Прагада өткен әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты симпозиумда әлеуметтік қамсыздандыру құқығы құқықтың дербес саласы болып табылады деген пікір білдірді. * (Вестник Московского университета. Серия «Право», 1983.-№4.-С.46).

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының теориясын дамыту мәселесін мынадай ғалым-заңгерлер өз еңбектеріне арқау еткен: В.А.Ачаркан, А.Д.Зайкин, М.Л.Захаров, Р.И.Иванова, А.Е.Козлов, В.А.Тарасова, Я.М.Фогель және өзге де әйгілі заңгерлер. Олар шын мәнінде құқықтың жаңа саласы – әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негізін қалады. Бұл ғалымдар әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласының басты жалпы теориялық ережелерін қалыптастырып, құқықтық реттеудің са-

ласы мен құқық саласының заңды талаптарын анықтады, алғашқы оқулықтарды, оқу құралдарын және монографияларды шығарды. Әрине, мұндай оқулықтардың басым көпшілігі саяси жүйенің ауысуына, КСРО-ның ыдырауына байланысты ескірді және жаңа экономикалық жағдайларға қарай жаңартылуды қажет етеді.

Байқап отырғанымыздай, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы бұрынғы Кеңестік Одақта зейнетақымен қамсыздандыру ретінде пайда болды.

Кеңестік Одақтың зейнетақылық жүйесі екі түрлі зейнетақыларды төлеуді көздеген: әлеуметтік және еңбек зейнетқасы.

Еңбек зейнетақыларын зейнетақылық жасқа жеткен және қажетті еңбек стажы бар тұлғалар алатын. Еңбек зейнетақысының мөлшері еңбек стажына және жұмысының соңғы жылдарындағы орташа жалақысының мөлшеріне қарай анықталатын. Мұндай зейнетақылар негізінен мемлекеттік бюджеттен, сонымен қатар заңшығарушылық тұрғыдан белгіленген, жұмыс берушілер, қызметкерлер және кәсіподақтар төлейтін міндетті төлемдер есебінен қаржыландырылатын.

Әлеуметтік зейнетақылар еңбек зейнетақыларына құқықты иеленбеген, көмекке мұқтаж азаматтарға (жетімдерге, мүгедектерге, азаматтардың кейбір өзге де санаттарына) еңбек стажына қарамастан берілетін. Мұндай зейнетақылар толығымен мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын. Аталған зейнетақылардың мөлшері өмір сүру деңгейінің төменгі мөлшеріне тәуелді болмайтын, оларды мемлекет белгілейтін.

Сипатталып отырған зейнетақылық жүйе толыққанды сипатқа ие болды, халықтың жұмыс істемейтін бөлігі – зейнеткерлерге зейнетақы төлеу мүмкіндігін елдің жұмыс істейтін бөлігі беретін. Мұндай зейнетақылық жүйе тек жоспарлы әкімшілік экономика, еңбекке қабілетті халықтың толығымен жұмыспен қамтылуы және зейнеткерлер мен жұмыс істейтін азаматтар санының оңтайлы арақатынасы жағдайында ғана пайдалы болатын. Мұндай зейнетақылық жүйенің ешбір шиелініссіз өмір сүруі мынадай пропорция сақталған жағдайда ғана мүмкін болатыны белгілі: он төлеуші – бір алушы.

Бірақ, Қазақстанда 90-жылдары тіпті өзгеше жағдай орын алды. Бұл кезде өндіріс құлдырап, жұмыссыздық пайда болды, оның деңгейі күн санап өсе бастады, еңбектің көлеңке нарығы бірден кеңейіп, жалақы мөлшері біршама төмендеді, тіпті қызметкерлерге жалақы айлап төленбейтін болды. Мұндай жағдайда жоғарыда аталған пропорцияның (он төлеуші – бір алушы) сақталуы туралы сөз де болмайтын.

Сондықтан, 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап отандық зейнетақылық жүйені әлеуметтік-экономикалық өгерістерге қарай сәйкестендіру талпыныстары жасалды.

1991 жылғы 15 маусымда тәуелсіз Қазақстанның тарихында зейнетақы туралы алғашқы заң «Қазақ КСР-де азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң қабылданды. Бұл заңның басты мақсаты болып зейнетақылардың мөлшерін жұмыс стажына және орташа айлық жалақыға тәуелдірек ету, сонымен қатар зейнетақылық жүйені арнайы құрылатын зейнетақы қорларының есебінен қаржыландыруды ұйымдастыру табылды. Соған қоса, зейнетақыларды тағайындау және төлеу тәртібі елеулі түрде өзгерді.

Алайда, аталған заң басты мәселені – зейнетақылық жүйені қаржылық қамтамасыз етуді тұрақтандыруды шеше алмады. Мұның өз себептері болды: алдыңғы жылдардың жинақ қорлары болмады, салық төлеушілердің сандары және олардың табыстары төмендеді, мемлекеттік бюджет Зейнетақы қорының шығындарын жеткіліксіз жабатын. Осылардың нәтижесінде құрылған Зейнетақы қоры өзін-өзі қамтамасыз етуді тоқтатты және оның табыстары тіпті ағымдағы төлемдерге де жетпейтін болды.

Қазақстан Республикасының зейнетақылық жүйесінің дамуындағы келесі кезең болып 1994 жылы «1994 жылға нақтыланған республикалық бюджет туралы» заңды қабылдау болды. Бұл заңды қабылдау нәтижесінде зейнетақылық жүйеде біршама өзгерістер орын алды: жасына байланысты зейнетақыларды және мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақыларды және әлеуметтік зейнетақыларды функционалдық және қаржылық тұрғыдан бөлу жүргізілді, Зейнетақылық қор Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қарауына берілді. Осылай, зейнетақымен қамсыздандыру мемлекеттік бюджет тарапынан қаржыландырылудан алып тасталды, жасына байланысты зейнетақылар жұмыс берушілермен және қызметкерлердің өзімен қаржыландырылатын болды. Адамның қайтыс болуымен немесе оның еңбекке қабілеттілігінің жоғалтуымен байланысты жәрдемақылар мемлекеттік бюджеттен тиісті жәрдемақы түрінде төленетін болып қала берді.

Қазақстан Республикасының зейнетақылық жүйесінде 1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңды қабылдауының нәтижесінде біршама өзгерістер орын алды. Бұл заң зейнетақымен қамсыздандырудың мемлекеттік толыққанды жүйесінен – белгіленген міндетті жарналармен және ерікті қосымша жарна-

лармен байланысты жинақтаушы зейнетақы жүйесіне біртіндеп өтуді бекітті.

Жеке зейнетақылық жинақ қорларын қалыптастыру үшін жинақтаушы зейнетақы қорларының екі түрі құрылды: мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры (МЖЗҚ) және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары.

1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша кем дегенде алты айлық еңбек стажына ие азаматтар зейнетақыны толыққанды жүйеден де (пропорционалды еңбек стажы бойынша) және егер зейнетақылық жарналарды төлеп отырса, жинақтаушы зейнетақы қордан да алатын болады. Жинақтаушы жүйеге толығымен ауысу Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық төлемдерді төлеуді тоқтатқан кезде, тек 2045 жылға қарай ғана орын алуы мүмкін.

Зейнетақымен камсыздандырудың қазіргі кезгі жүйесінің ерекшеліктері болып мыналар табылады:

- зейнетақылық төлемдер бұрынғыдай ұрпақтар арасында емес, бір ұрпақтың өз ішінде ғана көзделген, яғни әрбір азамат еңбекке қабілетті жасында өз қаражатынан болашақ зейнетақыға жарналар салады;
- зейнетақы қоры жинақ қорларына, инвестицияларға және зейнетақы төлемдеріне өзі билік жасайды;
- мемлекет әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж тұлғаларға тек әлеуметтік зейнетақыларды береді, бюджет қызметкерлері үшін зейнетақы жарналарын есептейді және жеке зейнетақы жүйесінің заңды жұмысының кепілдігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында зейнетақының негізгі түрлері болып жасына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты, еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін және заңдарда көзделген өзге де зейнетақылар жатады.

Қазақстандық зейнетақы реформасының негізгі параметрлері болып мыналар табылады:

- барлық артықшылықты зейнетақылар жойылды. Зейнетақыны алуға қойылатын талаптар барлық азаматтар үшін бірдей болды;
- зейнетке шығу жасы еркектер үшін 63 жасқа дейін, әйелдер үшін 58 жасқа дейін өсті;
- жинақтаушы зейнетақы қорында әрбір қызметкерге жеке зейнетақы шот ашылады, бұл шотқа қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары және инвестициялық табысы аударылады;
- мемлекеттік емес зейнетақы қорлары жабық түрдегі акционерлік

қоғамдар түрінде құрылады және екі түрде болуы мүмкін – ашық және корпоративтік.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңның 67-бабында Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының белгілі бір жасқа толғанда еңбек стажына қарамастан зейнетақы алу құқығы бекітілген.

Бұл әлеуметтік зейнетақы – зейнетақымен қамсыздандырудың бірінші деңгейі. Аталған зейнетақы мемлекеттік немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылады, өмір сүру деңгейінің ең төменгі мөлшерін кепілдейді және қандай да бір себептермен еңбек зейнетақысына құқықты иеленебеген барлық азаматтарға еңбек стажының бар-жоқ екендігіне және оның мөлшеріне қарамастан беріледі. Азаматтардың бұл санатына мүгедектер, жетімдер, еңбек стажына ие емес қарт азаматтар жатады.

Зейнетақымен қамсыздандырудың екінші деңгейі – ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңның 7-12 баптарымен реттелетін міндетті мемлекеттік зейнетақы. Бұл зейнетақы еңбек стажын және жалақы мөлшерін ескереді, заңды және жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарының, сонымен қатар елдің мемлекеттік бюджетінен бөлінетін тікелей қаржылардың (трансферттік төлемдердің) есебінен қаржыландырылады. Заңды тұлғалар жарналарды еңбекке ақы төлеу қорының 15 %-ы мөлшерінде, ал кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар – айлық табысының 5 %-ы мөлшерінде төлейді. Арнайы тізімдегі ұйымдар (мүгедектер қоғамы, Қазақтың зағиптар қоғамы және т.б.) еңбекке ақы төлеу қорынан 3 % мөлшерінде жарна аударады.

Зейнетақымен қамсыздандырудың толыққанды жүйесінің қалдықтары елімізде осыған дейін зейнеткерлер атанған тұлғалар және 1998 жылдың 1 қаңтарына кем дегенде 6 айлық еңбек стажын иеленген тұлғалар өмір сүргенге дейін өз күшін сақтап қалады. Олар зейнетақының бір бөлігін Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан, ал екінші бөлігін өздерінің жинақтаушы қорынан алады. Мемлекеттік орталықтан төленетін төлемдер шамамен 2045 жылы тоқтатылады.

Үшінші деңгей – бұл азаматтардың өздерінің міндетті және ерікті жарналарының есебінен құралатын мемлекеттік емес зейнетақылар. Бұл қатынастар зейнетақы туралы заңның 22-59 баптарымен реттеледі. Аталған жарналар адамның белсенді еңбекке қабілетті өмірінің барысында


оның өзінің кәрілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік зейнетақы қорына салған жарналары есебінен қалыптасады.

Осылай, Қазақстан Республикасының тұрғындары 3 түрлі зейнетақыны иеленуі мүмкін. Алайда, бізге уәделенген жарқын болашақ әлі алыста сияқты, ал ерікті зейнетақымен қамсыздандыру тоқтатылған. Алайда, басында халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйеге сенімін арттыруға және салымшы-болашақ зейнеткерлердің мемлекеттік емес зейнетақы қорларына ауысуына жағдай жасайтын аралық институтты құру көзделген болатын. Мұндай аралық буынның рөлі Мемлекеттік жинақтаушы қорға берілген болатын, бұл қорға зейнетақы жинақтарының сақталуының мемлекеттік кепілдіктері таралады және зейнетақы активтерін инвестициялаудың арнайы шектері белгіленген.

Қазақстандағы зейнетақымен қамсыздандыру қазіргі кезгі зейнеткерлер және болашақ зейнеткерлер үшін зейнетақымен қамсыздандыруды көздейді.

2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы жүйесін келесі схема түрінде көрсетуге болады.

№ 1 схема



Келтірілген схемадан көрінгендей, Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандырудың бүкіл жүйесі қазіргі кезде үш заңды тұлғаға жүктелген:

1. Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық, бұл орталық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік зейнетақы қорының құқықмирасқоры болып табылады, мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған және оралымды басқару құқығына негізделген.

Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық Қазақстан Республикасының жұмыс істейтін барлық азаматтарына жарналарды есепке алу және жеке зейнетақы шоттарын жүргізу үшін қажетті әлеуметтік жеке кодтарды (ӘЖК) беруге міндетті. Сонымен қатар, зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық мәліметтер қорын құрады және жұмыс берушілердің зейнетақы жарналарын уақтылы аударуына бақылау жасау үшін салық органдарына мәліметтерді беріп отырады.

Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарының қызметкерлеріне зейнетақылар беріледі.

2. Жабық немесе ашық түрдегі акционерлік қоғам ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында ұйымдастырылған Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры. Бұл қор Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінде орталық буын болып табылады. Дәл осы қор салымшылармен қарым-қатынастарды ұйымдастырады, зейнетақы шарттарын жасасады, ерікті және міндетті зейнетақы жарналарын жинауды жүргізеді, жеке зейнетақы жарналарына және есептелетін табысқа есеп жүргізеді. Соған қоса, бұл қордың міндеттеріне халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, шағымдар мен өтініштерді қарау және т.б. жатады.

3. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры. 2003 жылға дейін бұл қорға салымшылармен шарт жасаспастан тек міндетті зейнетақы жарналарын жинауды жүргізуге және зейнетақы төлемдерін алушыларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте беруге рұқсат етілген болатын.

2002 жылғы 29 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес 2003 жылдан бастап Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры жойылды.

Енді Мемлекеттік зейнетақы қоры да мемлекеттік емес зейнетақы қорлары қызмет ететін қағида бойынша жұмыс істейді.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшылардың ақшаларына билік жүргізбейді. Олар ақшаны банк-кастодианда сақтайды. Банк-кастодианның қызметі зейнетақы қорларының салымшыларының бағалы қағаздары мен ақша құралдарын сақтауға және зейнетақы активтерімен байланысты мәмілелердің жасалуының заңдылығына бақылау жасауға арналған. Банк-кастодианның зейнетақы активтерінің сақталуы үшін зейнетақы қорының алдындағы жауапкершілігі банктің өз капиталымен кепілденеді.

Барлық жинақтаушы зейнетақы қорлары мына басты ережені орындауы тиіс – зейнетақы активтерімен жасалатын кез келген мәмілелер мен операциялар тек олардың меншік иелерінің, яғни салымшылардың мүддесі үшін жасалуы тиіс.

Қазақстандық зейнетақы реформасының негізгі параметрлері болып мыналар табылады:

- барлық артықшылықты зейнетақылар жойылды. Зейнетақыны алуға қойылатын талаптар барлық азаматтар үшін бірдей болды;

- зейнетке шығу жасы еркектер үшін 63 жасқа дейін, әйелдер үшін 58 жасқа дейін өсті;

- жинақтаушы зейнетақы қорында әрбір қызметкерге жеке зейнетақы шот ашылады, бұл шотқа қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары және инвестициялық табысы аударылады;

- мемлекеттік емес зейнетақы қорлары жабық түрдегі акционерлік қоғамдар түрінде құрылады және екі түрде болуы мүмкін – ашық және корпоративтік.

1-ТАРАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ТҮСІНІГІ, ПӘНІ, ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Әлеуметтік қамсыздандырудың түсінігі

Әлеуметтік қамсыздандыруға құқық – адамның негізгі әлеуметтік-экономикалық құқықтарының бірі. Бұл құқық 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпы декларациясының 26-бабында, 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 11-бабында және өзге де халықаралық актілерде бекітілген.

Әлеуметтік қамсыздандыруға құқық Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабында бекітілген, бұл бапқа сәйкес: «Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшеріне, әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

«Әлеуметтік қамсыздандыру» түсінігін әртүрлі мағынада қолдануға болады.

Біріншіден, әлеуметтік қамсыздандыру ретінде әкімшілік-биліктік қатынастардың ерекше нысаны түсініледі».

Екіншіден – бұл мемлекеттің функциясы.

Үшіншіден, азаматтарды қартаюына, асыраушысынан айырылуына, еңбекке қабілетінен айырылуына және т.б. жағдайларға байланысты материалдық қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі және нысаны ретінде.

Төртіншіден, құқық саласы ретінде.

Бесіншіден, азаматтардың құқығы ретінде.

Біздің ойымызша, әлеуметтік қамсыздандыру – бұл материалдық игіліктерді еңбектің қатысуынсыз бөлудің нысаны. Әлеуметтік қамсыздандыруда материалдық игіліктер қоғамның еңбекке жарамсыз мүшелеріне мемлекеттің және арнайы қорлардың есебінен әлеуметтік нормаларда белгіленген кездерде және жағдайларда бөлінеді. Соған қоса, әлеуметтік қамсыздандыруды мемлекет әлеуметтік мәнге ие деп таныған жағдайлардың туындауы салдарынан тіршілік етудің қайнар көзі

ретіндегі жоғалған жалақыны өтеуге бағытталған, мемлекет қалыптастыратын құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралардың жүйесі ретінде де анықтауға болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру осы мақсаттар үшін арналған қаражат есебінен жүзеге асырылады. Ақша құралдарының қайнар көзіне қарай әлеуметтік қамсыздандырудың екі түрін ажыратуға болады:

- мемлекеттік және жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылатын мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру;

- зейнетақы қорларының салымшыларының – заңды және жеке тұлғалардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мемлекеттік емес әлеуметтік қамсыздандыру.

Әлеуметтік қамсыздандырудың түрлері

Ақша құралдарының қайнар көзіне қарамастан, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру келесі түрлерде жүзеге асырылуы мүмкін:

- ақша төлемдері (зейнетақылар, жәрдемақылар, өтемақылар, материалдық көмек және т.б.);

- заттай көмек (дәрі-дәрмек, азық-түлік, мүгедектер үшін техникалық көмек құралдары);

- қызмет көрсету және жеңілдіктер (қарттар және мүгедектердің үй-интернаттарына, балалар үйлеріне орналастыру, үйде әлеуметтік қызмет көрсету және т.б.);

- мүгедектердің емделуімен, сауығуымен және денсаулығын жақсартуымен (стационарда, үйден қатынап емдеу санаторийларда, қарттар және мүгедектер үшін арналған үй-интернаттарда), емдеу орнына баруымен және қайтуымен байланысты қосымша шығындарын өтеу, жұмыссыздарды қайта оқыту (қайта дайындықтан өткізу);

- азаматтардың жекелеген санаттарына көмек көрсетудің бір жолғы ақшалай және ақшалай емес түрлері.

Әлеуметтік қамсыздандырудың субъектілеріне келесідей түрлерге бөлуге болады:

1) еңбекке қабілеттігі жоқ жастағы азаматтар:

- зейнеткерлер, солардың ішінде мүгедектер және жалғызбасты тұлғалар;

- балалар, солардың ішінде жасөспірімдер.

2) еңбекке қабілетті жастағы азаматтар:

- жұмыссыздар;

- уақытша жұмыссыздар;
- мүгедектер;
- көпбалалы отбасылар;
- тұрмыстық жағдайы төмен тұлғалар.

Әлеуметтік қамсыздандырудың функциялары

Әлеуметтік қамсыздандырудың мәні келесі функциялардан көрініс табады:

- саяси;
- экономикалық;
- әлеуметтік;
- еңбек;
- демографиялық;
- сауықтыру.

Әлеуметтік қамсыздандырудың *саяси функциясы* әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудан және халықтың әртүрлі тобының өмір деңгейінің ерекшеліктеріне толы қоғамдағы әлеуметтік шиеліністі әлсіретуден көрініс табады.

Әлеуметтік қамсыздандырудың *экономикалық функциясы* жасына, еңбекке қабілеттігінен айырылуына немесе асыраушысынан айырылуына байланысты жалақыны немесе өзге де табыстың орнын толтырудан және тұрмыс жағдайы нашар тұлғаларға көмек көрсетуден көрініс табады.

Әлеуметтік қамсыздандырудың *әлеуметтік функциясы* әлеуметтік қорғалмаған, өзгенің жәрдем көрсетуіне мұқтаж азаматтар санаттарына оларға қосымша қаржы бөлу жолымен көмек көрсетуден көрініс табады.

Әлеуметтік қамсыздандырудың *еңбек функциясы* әлеуметтік қамсыздандырудың барлық түрлері үшін қаржының қайнар көзі болып осы қоғамдағы еңбек қатынастарының табылуынан көрініс табады. Олардың даму деңгейіне әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің барлық буындары тәуелді болады.

Әлеуметтік қамсыздандырудың *сауықтыру функциясы* мүгедектер мен халықтың өзге де әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарының қоғамдық мәртебесін қалпына келтіру үшін қалыпты жағдайлар жасаудан көрініс табады. Бұл аталған тұлғалардың өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді.

Әлеуметтік қамсыздандырудың *демографиялық функциясы* елдің халық санының көбеюін көтермелеуге бағытталған. Бұл мемлекеттің қалыпты дамуы үшін қажет.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының пәні болып азаматтарды зейнетақылармен, жәрдемақылармен, өтемақылармен қамтамасыз етумен, сонымен қатар процедуралық және құқық қорғаушылық сипаттағы қызметтер көрсетумен байланысты қоғамдық қатынастар табылады. Олар мыналарды қамтиды:

- азаматтарды зейнетақылармен, жәрдемақылармен және өтемақылармен қамтамасыз етумен байланысты қоғамдық қатынастарды;
- заттай нысанда көмек көрсетумен байланысты қоғамдық қатынастар, яғни тегін немесе жеңілдікті бағамен берілетін нақты тауарлармен, қызметтермен қамтамасыз ету;
- процедуралық және құқық қорғаушылық сипаттағы қоғамдық қатынастар.

Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қатынастар өз мәні бойынша әкімшілік-биліктік қатынастар болып табылады. Олардың 5 тәсілін бөліп қарастыруға болады:

- тегін, әрбір азаматтың бөлінетін, алайда мемлекет белгілеген әлеуметтік нормативтің (стандарттың) шегінде қоғамның саналы (ұтымды) қажеттіктеріне және экономикалық мүмкіндіктеріне сай игіліктерге қатысты теңдей құқықтарына негізделеді. Мысалы, отбасының жан басына шаққан табысына сәйкес медициналық қызмет көрсету, өтемақылар төлеу кезінде, бірақ кез келген жағдайда мұндай көмек еңбек қызметімен немесе зейнетақы жарналарын төлеумен байланысты болмайды;

- бұрынғы немесе ағымдағы еңбектің шығындарын, өндірістің, материалдық қамсыздандырудың қажеттіктерін ескере отырып теңестірілмейтін, бірақ нормаланған сипаттағы;

- құнды ішінара төлеумен байланысты жеңілдетілген жағдайдағы. Мысалы, дәрі-дәрмектерді, санаторийларға жолдамаларды жеңілдетілген бағамен сату;

- ақы үшін;

- еңбектің саны мен сапасына қарай.

Байқағанымыздай, бұл қатынастар әртекті және құқықтық реттеудің әртүрлі әдістерін талап етеді. Қызметті ақылы түрде көрсету қағидасына негізделген қатынастар азаматтық құқықтың реттеу саласын қамтиды. Оларға үшінші тәсілдің ақылылыққа негізделетін қатынастары да

жатады. Қатынастардың бесінші түрі еңбек құқығы саласына жатады. Алғашқы үш тәсілдегі қатынастар негізінен әлеуметтік қамсыздандыру құқығына жатады.

Ұзақ уақыт бойы бұл қатынастар еңбек, әкімшілік және қаржылық құқықтар шеңберінде дамыды. Алайда, уақыт ағымымен заңшығарушылық материалдың дамуымен, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының және оның ерекшеліктерінің дамуымен әлеуметтік қамсыздандыру құқығы дербес құқық саласы болып бөлініп шықты.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының пәнін құрайтын қоғамдық қатынастардың негізгі түрі болып, жоғарыда атап өткеніміздей, зейнетақылық қатынастар табылады. Зейнетақылық құқықтық қатынастар мыналарды төлеумен байланысты туындайды:

- жасына байланысты зейнетақыларды;
- мүгедектігі бойынша зейнетақыларды;
- еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақыларды;
- әлеуметтік зейнетақыларды.

Жәрдемақы алуға қатысты құқықтық қатынастар мыналарды төлеумен байланысты туындайды:

- еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақыларды;
- жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақыларды;
- қайғылы оқиғаның немесе кәсіптік аурудың нәтижесінде қызметкерлердің денсаулығына келтірілген зиянды өтеумен байланысты жәрдемақыларды;
- жұмыссыздарға берілетін атаулы әлеуметтік көмекті;
- бала туумен байланысты бір жолғы жәрдемақыны.

Өтемақы алуға қатысты құқықтық қатынастар келесідей өтемақыларды төлеумен байланысты туындайды:

- 18 жасқа дейінгі мүгедек-баланы, I-топ мүгедегін, 80 жастан асқан қартты күтуші еңбекке қабілетті азаматтарға берілетін өтемақыларды.

Заттай нысанда көмек көрсетуге қатысты құқықтық қатынастарға мыналар негіз болады:

- тегін немесе жеңілдікпен берілетін тауарлар және көрсетілетін қызмет түрлері;
- медициналық көмек;
- дәрі-дәрмектер;
- санаторийлық-курорттық емделу;
- балаларды балалар мекемелеріне орналастыру;

- мүгедектерге берілетін көлік құралдар;
- кәсіби оқыту және қайта дайындықтан өткізу;
- өзге де жеңілдіктер.

Процедуралық сипаттағы құқықтық қатынастар келесідей заңды мәнге ие әрекеттерді жасаумен байланысты туындайды:

1. оларсыз материалдық қатынастар туындамайтын заңды фактілерді белгілеу (мысалы, мүгедектігі бойынша зейнетақыны тағайындау үшін мүгедектік фактісін анықтау қажет, ал еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты зейнетақыны тағайындау үшін еңбекке жарамсыздық фактісін анықтау қажет және т.б.);

2. әлеуметтік қамсыздандыруға құқықты жүзеге асыру, яғни әлеуметтік қамсыздандырудың кез келген түрін тағайындау кезінде.

Іс жүргізушілік сипаттағы құқықтық қатынастар осы салада туындайтын дауларды қараумен және лауазымды тұлғалардың немесе мемлекеттік органның шешімін әкімшілік не сот тәртібінде шағымдаумен байланысты. Бұл даулар әртүрлі мәселелер бойынша туындауы мүмкін: қандай да бір әлеуметтік қамсыздандыру түрін тағайындаудан бас тартуға қатысты немесе оның мөлшерін ақшалай нысанда анықтау кезінде, мүгедектің себептерін не тобын, жеңілдіктерге құқықтарды анықтау кезінде және т.б.

Әлеуметтік қамсыздандырудың пәнінде, негізгі, зейнетақылық қатынастармен қатар туынды, процедуралық қатынастарды да бөліп қарастыруға болады. Оларға Зейнетақы қорын қалыптастыруға және пайдалануға қатысты қатынастар, әртүрлі жәрдемақыларды төлеуге қатысты қатынастар, азаматтарға медициналық және санаторийлық-курорттық көмек көрсетуге қатысты қатынастар, соғыс және еңбек ардагерлеріне мемлекеттік қайнар көздер есебінен жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге қатысты қатынастар жатады.

Бұл құқықтық қатынастардың барлығының жиынтығы әлеуметтік қамсыздандырудың пәнін құрайды.

Әлеуметтік қамсыздандырудың тиісті түрлері болып мыналар табылады:

1. зейнетақылар, жәрдемақылар, өтемақылар;
2. заттай көмек көрсету;
3. процедуралық немесе іс жүргізушілік сипаттағы көмек.

Зейнетақының түрлері:

1. жасына байланысты;
2. мүгедектік бойынша;

3. еңбек сіңірген жылдары үшін;
4. асыраушысынан айырылуына байланысты;
5. әлеуметтік зейнетақылар.

Әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру

БҰҰ Бас Ассамблеясы 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылдаған Адам құқықтарының жалпы декларациясы адамның белгілі бір өмір сүру деңгейіне, соның ішінде тамақтануға, киінуге, тұрғын үйге, медициналық күтімге, оның өзінің және оның отбасының денсаулығы мен жақсы өмір сүруі үшін қажет әлеуметтік қызмет көрсетуге және жұмыссыздық, ауру, мүгедектік, жесірлік, кәрілік және өзге де жағдайлар орын алған жағдайда әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтарын бекітті.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылдаған Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт әрбір адамның әлеуметтік қамсыздандыруға құқығын бекіте отырып, бұл ережелерді одан әрі дамытты.

Қазақстан Республикасы да осы халықаралық-құқықтық нормаларды өз заңдарында бекітіп әрі дамыта отырып, өз мойнына оларды орындауға қатысты міндеттемелерді алды.

Әлеуметтік қамсыздандыруының құқығы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясында бекітілген, бұл Конституция Қазақстан Республикасының саясаты адамның еркін дамуын және жақсы өмірін қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға бағытталған әлеуметтік мемлекет ретінде жариялады. Бұл ереженің одан әрі нақтылануы Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабында көрініс тапқан, оған сәйкес әрбір азаматқа жалақының ең төменгі мөлшері және жасына, науқастануына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына және өзге де негіздер бойынша зейнетақы кепілденеді. Заңдарда мемлекеттік зейнетақылар және әлеуметтік жәрдемақылар белгіленген. Ерікті әлеуметтік сақтандыруға, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасауға және қайырымдылыққа жол беріледі.

Әркімнің әлеуметтік қамсыздандыру құқығын тани отырып, ҚР Конституциясы мемлекетке осы құқықты жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайларды жасауды жүктейді.

ҚР Конституциясының 28-бабының 1-тармағында туындауы әлеу-

меттік қамсыздандыру үшін негіз болып табылатын жағдайлар аталған. Бұл адам өмірінің жасымен (жастық, кәрілік), денсаулық жағдайымен немесе еңбекке қабілетімен (ауру, мүгедектік), отбасы міндеттерін орындауымен немесе орындай алмауымен байланысты белгілі бір кезеңдері болуы мүмкін. Аталған тізім осымен шектелмейді, себебі әлеуметтік қамсыздандыру заңдарда көзделген өзге жағдайларда белгіленуі мүмкін. Мысалы, жұмыссыз мәртебесін иелену, жүктілігіне және босануына, баланы күтуге байланысты еңбек демалысында болу және т.б.

ҚР Конституциясының 28-бабында әлеуметтік қамсыздандырудың тек ақшалай нысаны – мемлекеттік зейнетақылар және әлеуметтік жәрдемақылар туралы айтылған. Ақшалай төлемдерге қоса, әлеуметтік қамсыздандыру заттай нысандарда да жүзеге асырылуы мүмкін: қарттар және мүгедектер үшін үй-интернаттарға, балалар үйіне орналастыру, үйде әлеуметтік көмек көрсету және т.б.

Әлеуметтік қорғау – бұл жынысына қарамастан адамның әлеуметтік, экономикалық, саяси және өзге де құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет саясаты.

Қолданыстағы заңдарда әлеуметтік қорғау түсінігі салыстырмалы түрде тар мағында пайдаланылады: ол адамның өмір сүру саласындағы құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет саясатын білдіреді. Сонымен, бір мезетте халықты әлеуметтік қорғау концепциясы, мемлекеттің күрделі жағдайларға ұшыраған кез келген азаматқа оның еңбек стажына, зейнетақы жарналарының мөлшеріне және т.б. қарамастан беретін кепілдіктерін заңшығармашылық тұрғыдан бекітілуінен тұрады.

Яғни, халықты әлеуметтік қорғау – бұл адамның жақсы өмір сүруін, оның қоғамның қазіргі кезгі даму стандарттарының деңгейінде материалдық қамсыздандырылуын және мәдени құндылықтарға қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған, мемлекетпен кепіл етілген және жүзеге асырылатын құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар жүйесі. Сондықтан, «әлеуметтік қорғау» және «әлеуметтік қамсыздандыру» түсініктерінің арақатынасы туралы сөз қозғай отырып, аталғандардың біріншісі – әлдеқайда кең және көлемді түсінік, ал екіншісі оған құрамдас бөлік ретінде енеді деген қорытындыға келуге болады.

2-ТАРАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жүйесі туралы айтпастан бұрын, құқық саласының жүйесі, ғылым жүйесі, оқу пәнінің жүйесі, заңдар жүйесі сияқты әртүрлі түсініктерді айқын ажыратып алған жөн.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, кез келген құқық саласы сияқты, өзін құрайтын белгілі бір заңдылықтарға және элементтерге негізделген өз жүйесіне ие.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, кез келген құқық саласы сияқты, – қоғамдық қатынастардың белгілі бір тобын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Бұл құқықтық нормалар өзара белгілі бір байланыста болады және түрлі институттарды құрайды. Сол себепті, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жүйесі – бұл белгілі бір, ғылыми негізделген кезектілікте орналасқан, объективті түрде өзара байланыста болатын құқықтық институттар мен нормалардың жиынтығы. Бұл жүйенің элементтері болып мыналар табылады: құқық нормасы, институтішілік құрылым, институт, кешенді институт, салашық.

Құқық нормалары жүйенің бастапқы құрамдас бөліктері болып табылады, өзіндік ішкі құрылымға ие және мынадай үш элементтен тұрады: гипотеза, диспозиция және санкция. Гипотеза осы норманың қандай кездерде әрекет ететінін білдіретін жағдайлардың тізімінен тұрады. Диспозиция жүріс-тұрыс ережелерінің мәні мен мазмұнын көрсетеді. Санкция осы құқықтық норманың талаптарын орындау (немесе орындамау) кезіндегі қолайлы немесе қолайсыз салдарды көрсетеді.

Құқық нормалары пәндік белгісі бойынша бірігеді және институттарды, институтішілік құрылымдарды және кешенді институттарды құрайды.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негізгі институттары болып мыналар табылады: еңбек стажы, зейнетақылар, жәрдемақылар, жеңілдіктер, өтемақылар, әлеуметтік қызмет көрсету. Аталған институттар құқықтық нормалардың аса ірі бірлесулері болып табылады және, өз кезегінде, әлдеқайда ұсақ құрылымдық бірліктерге – институтішілік құрылымдарға бөлінеді. Мысалы, жәрдемақылар институ-

ты өз ішінде келесі құрылымдардан тұрады: балалары бар тұлғаларға берілетін жәрдемақылар, еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы, жерлеуге байланысты берілетін жәрдемақы және т.б. Зейнетақы институты жасына байланысты зейнетақы, еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы, әлеуметтік зейнетақылар және т.б. сияқты құрылымдардан тұрады.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының кейбір институттары кешенді сипатқа ие, себебі олар әртүрлі құқық салаларының нормаларын біріктіреді. Мысалы, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының кешенді институттарының қатарына зейнетақылар институты жатады, себебі олар мыналардан тұрады: қаржылық құқыққа жататын нормалардан (зейнетақыларды төлеу мақсатында құрылатын тиісті зейнетақы қорларын қалыптастыруға қатысты қатынастарды реттейді); әлеуметтік қамсыздандыруға жататын нормалардан (қартайғанда, асыраушысынан айырылғанда, мүгедектік жағдайында және заңдарда көзделген өзге де жағдайларда халықты материалдық қамсыздандыруға қатысты қатынастарды реттейді); әкімшілік құқыққа жататын нормалардан (зейнетақымен қамсыздандыруды басқаруға және ұйымдастыруға қатысты қатынастарды реттейді); азаматтық құқыққа жататын нормалардан (мемлекеттік емес зейнетақы қорларының шарттарын жасасу және орындауға қатысты қатынастарды реттейді).

Мұндай кешенді институттардың болуы құқық саласының құрылымына тек институттар мен институтішілік құрылымдар ғана емес, сонымен қатар, салашық сияқты құқықтық нормалардың ірі бірлесулері де кіреді. Нақты айтар болсақ, әлеуметтік қамсыздандыру құқығында зейнетақылық құқық сияқты салашық бөліп қарастырады.

Зейнетақымен қамсыздандыру құқығы ғылымының жүйесі – бұл әлеуметтік қамсыздандыру саласына кіретін қоғамдық құбылыстардың кешені туралы ғылыми білімдердің, көзқарастардың және ойлардың жүйесі. Ең алдымен, ғылым құқық саласының өзін құқық жүйесі ретінде зерттейді. Екіншіден, ғылым осы саланың туындау тарихын және даму алғышарттарын зерттейді. Үшіншіден, халықаралық-құқықтық нормаларға ғылыми талдау жасау Қазақстан Республикасы немесе КСРО ратификациялаған не ратификацияламаған халықаралық конвенцияларда, пактілерде, шарттарда, келісімдерде бекітілген әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы халықаралық стандарттың деңгейі туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Төртіншіден, ғылым басқа елдердегі әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің қалыптасу және дамуының

жалпы заңдылықтары мен бағыттарын және бұл мемлекеттердегі әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін зерттейді. Бесіншіден, объективтік, шынайы тұжырымдар ретіндегі ғылыми зерттеу нәтижелері әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы және өзге салалардағы құқықтық ережелердің мазмұнын анықтауға бағытталған. Осылай, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы ғылымының пәні осы саланың пәніне қарағанда әлдеқайда кең екені туралы қорытынды жасауға болады.

Басқаша айтар болсақ, «Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы» оқу курсының жүйесі – бұл үш бөліктен (жалпы, ерекше және арнайы) тұратын құқықтық нормалардың ғылыми негізделген түрлері және құрылымы.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жалпы бөліміне әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласының пәнін, әдісін және міндеттерін, құқық нормаларының уақыттағы, кеңістіктегі және тұлғалар шеңбері бойынша күшін, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастарды, құқықтық қатынастардың туындау, өзгеру және тоқтатылу негіздерін, олардың объектілерін, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қағидаларын, жүйесін және қайнар көздеріне сипаттайтын нормалар жатады.

Жалпы бөлім мыналарды көрсететін нормалардан тұрады:

- қағидалар мен міндеттер;
- азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы негізгі құқықтары;
- мемлекеттің, зейнетақылық қорлардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының әлеуметтік қамсыздандыруды құқықтық реттеуге қатысты құзыретін ажырату.

Әлеуметтік қамсыздандырудың ерекше бөлімі осы құқық саласының келесідей жекелеген институттарын зерттейді: еңбек стажы, зейнетақымен қамсыздандыру, жәрдемақылармен қамсыздандыру, жеңілдіктер, өтемақылар және т.б. Ерекше бөлім азаматтарға әлеуметтік қамсыздандырудың әртүрлі түрлерін ұсынудың жағдайлары мен тәртібін, олардың мөлшерін реттейді. Ерекше бөлімнің нормалары жекелеген институттарды құрайды (мысалы, жасына байланысты зейнетақылар – бір институт, асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақылар – екінші институт және т.б.). Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының ерекше бөлімінің құрылымын келесідей көрсетуге болады (институттар бойынша):

- азаматтарды жасына қарай әлеуметтік қамсыздандыруға құқықтарын қорғау және сақтау;
- жасына байланысты зейнетақылар;
- мүгедектігі бойынша зейнетақылар;
- еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақылар;
- әлеуметтік зейнетақылар;
- асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақылар;
- еңбек зейнетақыларын тағайындаудың, есептеудің және төлеудің тәртібі;
- қарттарға және мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету;
- жұмыссыздығына байланысты жәрдемақылар;
- еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақылар және т.б.

Оқу курсының арнайы бөлімінде әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастарды халықаралық-құқықтық реттеудің мәселелері, сонымен қатар шетел мемлекеттерінің халықты әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты заңдары қарастырылады.

3-ТАРАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы қағидаларының түсінігі және олардың түрлері

Бүкіл құқық жүйесінің, соның ішінде әлеуметтік қамсыздандыру құқығының тірегі болып құқықтың аса мәнді белгілерін көрсететін құқық қағидалары табылады.

В. Дальдың түсіндірме сөздігінде «қағида» түсінігіне келесідей анықтама берілген: «мұны орындамауға болмайтын ғылыми немесе өнегелік бастам, негіздеме, ереже, негіз».* (Даль В. Толковый словарь русского языка – М., 1980.-т.3 – С.431). Орыс тілінің өзге түсіндірме сөздіктерінде «қағида» сөзі былай анықталады: «Бұған басқалар негізделетін негізгі бастама», «Сенім, көзқарас, жүріс-тұрыс ережесі» * (Толковый словарь русского языка / Под ред. Д.Н.Ушакова.– М.: 1939.– Т.3 – С.827), «Қандай да бір теорияның, ілімнің, ғылымның және т.б. негізгі бастапқы ережесі», «Сенім, заттарға қатысты көзқарас»* (Ожегов С.И. Словарь русского языка.– М.: 1984.– С.528).

Теорияда құқық қағидалары ретінде құқықтың мәнін және мазмұнын, оның ішкі құрылымы мен дамуын сипаттайтын негізгі идеялар, жетекші бастамалар түсініледі.

Әрекет ету саласы бойынша құқық қағидаларын былай бөлуге болады:

- құқық салаларының барлығына тән жалпы құқықтық қағидалар;
- кейбір салалардың ортақ сипатын көрсететін салааралық қағидалар;
- нақты бір саланың ерекшелігін сипаттайтын салалық қағидалар;
- саланың жекелеген институттарына қатысты сала ішлік қағидалар.

Жалпы құқықтық қағидаларға мынадай қағидалар жатады: адамның құқықтары мен бостандықтары ең жоғарғы құндылық болып табылады; адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сақтау – мемлекеттің міндеті; адамның құқықтары мен бостандықтарының танылуы мен кепілденуі; адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары әркімге туғаннан тиесілі болуы және ажырамайтындығы; барлығы-

ның заң мен сот алдындағы теңдігі; ер адам мен әйел адамның теңдігі және құқықтарының жүзеге асырудың теңдей мүмкіндіктері; әркімнің өмір сүруге құқығы; әркімнің құқықтары мен бостандықтарының сотпен қорғануының кепілденуі; мемлекеттік билік органдарының немесе олардың лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттерімен (немесе әрекетсіздігімен) келтірілген мемлекеттік шығынды әркімнің өтетуге құқығы.

Бұл қағидалар әлеуметтік қамсыздандырудың қоғамдық қатынастары, сонымен қатар әлеуметтік өмір саласындағы құқықтық реттеудің мәнін көрсететін жалпы және басты, жетекші идеялар болып табылады, бұлардың кейбіреулері қазақстандық құқық жүйесінің даму бағыттарын көрсетеді. Мысалы, халықаралық құқықтың жалпымен танылған нормаларына және қағидаларына сәйкес, әркімге өмір сүрудің жақсы деңгейі кепілденеді. Бұл қағиданы әлеуметтік қамсыздандыру саласында жүзеге асыру – жедел шешуді талап ететін аса күрделі әлеуметтік мәселелердің бірі.

Салааралық қағидалар өзара байланысты екі (немесе одан да көп) құқық салаларын қамтиды. Бұл, мысалы, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, еңбек құқығы, отбасылық құқық. Салааралық қағидалар құқықтың жалпы қағидаларынан толығымен шектеулі болып табылмайды. Керісінше, олар жалпы қағидаларға негізделеді, қандай да бір негізгі идеяларды нақтылайды, құқықтың мазмұнын жалпылап және құқық саласының ерекшелігін ескере отырып көрсетеді.

Салааралық қағидаларға мынадай қағидалар жатады: жұмыссыздықтан қорғану құқығы; денсаулықты қорғауға құқық; отбасына, балаларға және аналарға мемлекеттік қолдау көрсету; қарт адамдардың, мүгедектердің әлеуметтік қорғануға құқығы және т.б.

Салалық қағидалар әрбір құқық саласының тек өзіне тән құқықтық қағидаларға негізделетінімен сипатталады. Салалық қағидалар нақты құқық саласының нормаларының мәнін көрсетеді. Олардың негізінде жиынтығында әлеуметтік қамсыздандыру құқығын құрайтын нормалар жасалады және жүзеге асырылады. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының салалық қағидаларына мынадай қағидаларды жатқызуға болады:

- жалпыға ортақтық;
- міндеттілік;
- мемлекеттік бюджет және зейнетақылық қорлар есебінен қаржыландырылу;

- ақшалай төлемдерді беру негіздерін еңбек жағдайына (зиянды, ауыр және т.б.), табиғи-климаттық жағдайларға, орташа жалақының деңгейіне, еңбек стажының деңгейіне, жасына және т.б. қарай түрлерге бөлу;

- әмбебаптылық;

- кешенділік.

Салаішілік қағидалар – бұл құқық саласының жекелеген институттарының қағидалары. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығында мақсаттылық, қол жетерлік, еріктілік, кәмелетке толмаған тұлғаларға әлеуметтік қызметтерді көрсетудің артықшылығы, құпиялық және т.б. сияқты салаішілік қағидаларды бөліп көрсетуге болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы қағидаларының мазмұны

Біздің өмірімізде туындаған жаңа экономикалық жағдайларды ескере отырып, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының келесі қағидаларын атауға болады:

- әлеуметтік қамсыздандырудың жалпыға ортақтығы және қол жететіндігі;

- әлеуметтік қамсыздандыру түрлерінің жан-жақтылығы және көптүрлілігі;

- әлеуметтік қамсыздандыру елдің қалыптасқан экономика деңгейіне сәйкес мөлшерде беріледі;

- әлеуметтік қамсыздандыру осы үшін арналған қаражат есебінен жүзеге асырылады;

- әлеуметтік қамсыздандыруды әлеуметтік мәнге ие жағдайлардың негізінде түрлерге бөлу.

Әлеуметтік қамсыздандырудың жалпыға ортақтығы және қол жететіндігі. Бұл қағида ең алдымен ҚР Конституциясының нормаларына негізделеді, оның 28-бабы әрбір азаматқа жасына байланысты, науқас-танған жағдайда, мүгедектігіне байланысты, асыраушысынан айырылуына байланысты және т.б. жағдайларда әлеуметтік қамсыздандыруды кепілдейді. Сонымен қатар, әлеуметтік қамсыздандыру жалпыға ортақтық қағидасы теңдік конституциялық қағидасына негізделеді, бұл қағидаға сәйкес мемлекет жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, тегіне, мүлктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, сенімдеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатысына, сонымен қатар басқа да жағдайларға қарамастан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін кепілдейді.

Әлеуметтік қамсыздандыруда бұл қағида тек еңбекпен немесе қоғамдық жұмыспен айналысқан ғана емес, сонымен қатар жұмыс істемеген азаматтардың да (мысалы, жетім балалар, мүгедектер, жұмыс істемеген қартан адамдар әлеуметтік зейнетақы алуға құқылы) зейнетақы алу құқығына ие болатынынан көрініс табады.

Сонымен қатар, жалпыға ортақтық қағидасы әлеуметтік қамсыздандыру құқығын тек Қазақстан Республикасының азаматтары ғана емес, соған қоса, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ тұлғалар да иеленетіндігінен көрініс табады.

Әлеуметтік қамсыздандырудың қол жететіндік қағидасы әлеуметтік қамсыздандырудың жекелеген түрлерін тағайындау, беру және төлеу тәртібін бекітетін нормалардан өз көрінісін табады. Әлеуметтік қамсыздандырудың бүкіл жүйесі адамға – әлеуметтік қамсыздандырудың қандай да бір түрін алушыға мейлінше жақындау үшін құрылған. Әдетте, қамсыздандыру тұлғаның жұмыс, оқу, қызмет орны немесе тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады. Әлеуметтік қамсыздандырудың жекелеген түрлері тікелей үйде де жүзеге асырылуы мүмкін. Оларға әлеуметтік қызмет көрсету, медициналық көмек, зейнетақыларды үйге әкеліп беру және т.б. жатады.

Әлеуметтік қамсыздандыру түрлерінің жан-жақтылығы және көптүрлілігі. Бұл қағида мемлекеттің өз азаматтарына олар қажет ететін кез келген жағдайларда көмек көрсететінін білдіреді. Бұл қағиданың мазмұны қоғамның дамуына қарай тұрақты түрде өзгеріп тұрады. Егер алғашқыда әлеуметтік қамсыздандыруға құқықтың туындау негіздері тек еңбекке қабілетін жоғалтуды, кәрілікті және жесірлікті қамтыса, кейінірек әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруіне және өркеніеттің дамуына қарай бұл тізім әлдеқайда кеңейе түсті. Әрбір адамның әлеуметтік қамсыздандыруға құқығын бекіткен Адам құқықтарының жалпы декларациясы (1948 ж.) мұндай негіздерге тек кәрілікті, еңбекке қабілетін жоғалтуды, жесірлікті ғана емес, сонымен қатар жұмыссыздықта да және адам өзіне тәуелсіз жағдайларда өмір сүру көзін жоғалтып алған кездерді де жатқызады. Соған қоса, Декларация әлеуметтік қамсыздандыру үшін дербес негіз ретінде ана болу мен балалықты да жатқызады.

Қазақстан Республикасы мұндай жағдайлардың қатарына келесі негіздерді жатқызады: кәрілік, мүгедектік, еңбекке уақытша жарамсыз-

дық, асыраушысынан айырылу, жұмыссыздық, бала туу, адамның өлімі, медициналық көмекті және емделуді, ем-дәрілік көмекті, протездік-ортопедтік көмекті, көлік құралын немесе жүріп-тұру құралын қажет ету, еңбек жарақаты және кәсіби науқас, кедейлік, балаларды отбасында тәрбиелеу, ана болу және әке болу. Соңғы кездері әлеуметтік қамсыздандыруға негіз болып табылатын жаңа жағдайлар да пайда болды – экологиялық тұрғыдан қолайсыз жағдайларда өмір сүру, Чернобыльдағы құтқару жұмыстарына қатысу, интернационалдық борышты өтеу, иммундық тапшылық вирусын жұқтыру және т.б.

Әлеуметтік қамсыздандыру негіздерінің көптігімен оның түрлерінің көптігі тығыз байланысты ол азаматтарға әлеуметтік қамсыздандыруды ақшалай (зейнетақылар, жәрдемақылар, өтемақылар) және заттай нысанда (азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім, жүріп-тұру құралдары, мүгедектер, балалар үшін техникалық құралдар және т.б.) белгілеуден және іс жүзінде беруден, жеңілдіктер (көлік құралдарында, санаторийлық-курорттық емделуге қатысты және т.б.) ұсынудан көрініс табады.

Әлеуметтік қамсыздандыру ел экономикасының қалыптасқан деңгейіне сәйкес мөлшерде беріледі. ҚР Конституциясы адамды, оның құқықтарын және бостандықтарын ең жоғарғы құндылық ретінде таниды.

Мемлекетте адамды жақсы деңгейде қамсыздандыру көп жағдайда ел экономикасының даму деңгейіне тәуелді болып келеді. Мемлекет өз азаматтарына өзінде бардан артықты бере алмайды. Сол себепті, мемлекеттің өз азаматтарына кепілдей алатын қамсыздандырудың қандай да бір нормаларына бекіту қажет.

Қазіргі кезде әлеуметтік қамсыздандырудың стандарты ретінде өмір сүру деңгейінің төменгі мөлшері алынған. Қазақстан Республикасының «Өмір сүру деңгейінің төменгі мөлшері туралы» заңына сәйкес өмір сүру деңгейінің төменгі мөлшері жалақының мөлшерін және жасына байланысты зейнетақының ең төменгі мөлшерін, сонымен қатар жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін анықтау үшін негіз болып табылады.

Өмір сүру деңгейінің төменгі мөлшері ретінде бір адамға қажетті ең төменгі ақшалай табыс түсініледі.

Өмір сүру деңгейінің төменгі мөлшерін еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі уәкілетті орган және статистика жөніндегі уәкілетті орган ең төменгі тұтынушылық қажеттіктер тұрғысынан есептейді. Бұлайша есептеу азық-түлікті тұтынудың ғылыми негізделген физио-

логиялық нормалары бойынша жүргізіледі және тоқсан сайын республика бойынша және аумақтар бойынша орташа алғанда мыналарға сәйкес есептеледі:

- 1) әрбір адамға;
- 2) халықтың жыныстық-жастық топтары бойынша.

Ең төменгі тұтынушылық кәрзеңкесі мыналардан тұрады:

- 1) азық-түлік кәрзеңкесінен;
- 2) азық-түліктен басқа тауарлармен қызметтерге арналған шығындардан.

Қазақстан Республикасының «Өмір сүру деңгейінің төменгі мөлшері туралы» заңында «кедейліктің шегі» түсінігіне анықтама берілген. Кедейліктің шегі ретінде адамның ең төменгі қажеттіктерін қанағаттандыру үшін қажет, республикада экономикалық мүмкіндіктерге сай белгіленетін табыстың шегі танылады. Кедейліктің шегі, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіп бойынша республика деңгейінде және аумақтарда тоқсан сайын анықталады.

Кедейлік шегі көмекке мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету үшін негіз болып табылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру осы мақсаттар үшін арналған қаражат есебінен жүзеге асырылады. Қазіргі кезде (яғни, 2045 жылға дейін) әлеуметтік қамсыздандыру мемлекеттік қаражат есебінен де, арнайы қаражат – мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақы қорларының қаржысы есебінен де, сонымен қатар, әлеуметтік қамсыздандыру мен қайырымдылықтың қосымша нысандарын жасау есебінен де жүзеге асырылуы мүмкін.

Әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік қаржысы екі деңгейдегі бюджет қаржысы есебінен қалыптасады. Әлеуметтік қамсыздандырудың көптеген түрлері қоғам мүшесі ретіндегі адамға оның еңбек қызметіне бар-жоқтығына қарамастан беріледі. Сол себепті, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру бюджеттен қаржыландырылады – әлеуметтік зейнетақылар, балаларға берілетін жәрдемақылар, әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінде әлеуметтік қызмет көрсету, мүгедектерді жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету және т.б.

Әлеуметтік қамсыздандыруды қаржыландырудың мемлекеттік емес қайнар көздеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржысы жатады.

Әмбебаптық қағидасы тиісті әлеуметтік мәнге ие жағдайлар (ауру, жұмыссыздық, кәрілік, еңбек жарақаты, көпбалалық, жүктілік және

босану, мүгедектік, асыраушысынан айырылу және т.б.) туындаған жағдайда барлық азаматтарды қамсыздандырудан көрініс табады. Ескеріп өтетін жайт, жаңа экономикалық жағдайлар біздің еліміз үшін жаңа қауіптер мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқты. Үйсіздік, балалардың қаңғыбас болуы, техногендік және табиғи апаттар, қолайсыз экологиялық жағдайлар әлеуметтік қамсыздандырудың қазіргі кезгі жүйесінде күн санап үлкен орын алуда және бұлар да әлеуметтік тұрғыдан шешуді және әлеуметтік қорғауды қажет етеді.

Кешенділік қағидасы заңдарда белгіленген барлық әлеуметтік мәнге ие жағдайлар туындаған жағдайда әлеуметтік қамсыздандырудың кепілденетінін және өзгенің жәрдем көрсетуіне мұқтаж азаматтардың қажеттіктерін мейлінше толығымен қанағаттандыру мақсаттарында бір мезетте әлеуметтік қамсыздандырудың бірнеше түрін (төлемдер, қызмет көрсету, жеңілдіктер) алуды білдіреді.

Әлеуметтік қамсыздандыруды әлеуметтік мәнге ие жағдайлардың негізінде түрлерге бөлу қағидасы. Әлеуметтік қамсыздандыруды беру негіздерге қарай түрлерге бөлінеді.

Түрлерге бөлудің келесі түрлерін ажыратады:

1) субъектілік-әлеуметтік қамсыздандырудың қандай да бір түрі берілетін белгілі бір субъектінің белгілі бір сипаттамаларына қарай. Түрлерге бөлу жыныс (еркектер мен әйелдер үшін зейнетке шығудың әртүрлі жасы), мемлекет алдындағы белгілі бір еңбегі (Ұлы Отан соғысының ардагерлері және еңбек ардагерлері үшін жеңілдіктер), белгілі бір қызмет түрімен айналысу (әскери қызметшілер, мемлекеттік қызметшілер үшін еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақылар), денсаулық жағдайы (еңбекке уақытша жарамсыздық, мүгедектік) сияқты белгілер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін;

2) аумақтық – қандай да бір әлеуметтік қамсыздандыруға құқық беретін қызметтің қай жерде (қандай табиғи жағдайларда) жүргізілгеніне байланысты. Мысалы, биік таулы аймақтағы, Семей полигонынан зардап шеккен аумақтардағы жұмыстар;

3) салалық – әлеуметтік қамсыздандырудың қандай да бір түріне құқық беретін еңбек қызметі халық шаруашылығының қандай саласында жүзеге асырылатынына байланысты (шахтерлерді, ауыр және қауіпті өндірістердің қызметкерлерін және т.б. әлеуметтік қамсыздандыру).

4-ТАРАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздерінің түсінігі

Бұл қай орган және қандай мәселелер бойынша оларды қабылдағанына қарай ажыратылатын нормативтік құқықтық актілер. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздерінің түсінігі тура мағынада әлеуметтік қамсыздандыру құқығының нормаларына бастау беретін, әлеуметтік қамсыздандыру туралы құқықтық нормалардың мазмұнын анықтайтын қасиетті білдіреді, сол себепті әлеуметтік қамсыздандыру құқығы қайнар көздерін әлеуметтік қамсыздандыру құқығының нормаларынан тұратын, құзыретті органдардың жазбаша актілері ретінде сипаттауға болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіндегі бұл нормаларды, жүріс-тұрыс ережелерін мемлекеттің арнайы органдары анықтайды. Яғни, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы қайнар көздерінің түсінігі мемлекеттің уәкілетті органдарының құқықты қалыптастыруға, оған заңдар, жарлықтар, қаулылар және өзге де нормативтік құқықтық актілер нысанын беруге байланысты тікелей қызметімен байланысты. Бұл жерде біз құқық қайнар көздері түсінігінің формальды немесе заңды мағынасын байқаймыз.

Сонымен, **әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздері ретінде мемлекеттің құзыретті органдарының зейнетақы және өзге де қоғамдық қатынастарды реттеу саласындағы құқық шығармашылық қызметінің нәтижелерін түсінуге болады. Басқаша айтар болсақ, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздері – бұл әлеуметтік қамсыздандыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілер.**

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздері осы саланың нормаларынан тұрады, оларды осы нормаларды қолдану актісімен шатастыруға болмайды. Мысалы, ҚР «Зейнетақымен қамсыздандыру

туралы» заңы еңбекке жарамсыз азаматтарды зейнетақылармен немесе жәрдемақылармен қамтамасыз ету туралы нормалардан тұратын құқық қайнар көзі болып табылады, ал ұйым басшысының қызметкерді зейнетке шығуына байланысты жұмыстан босату туралы бұйрығы құқық қолдану актісі болып табылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының барлық қайнар көздері өз жиынтығында қайнар көздер жүйесін құрайды, мұнда олар өз мәні, бағыныстылығы бойынша ҚР Конституциясынан бастап, республиканың өзге де заңға сәйкес актілеріне (ҚР Президентінің жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қаулылары және өзге де министрліктер мен ведомстволардың нормативтік бұйрықтары) дейін белгілі бір кезектілікте орналасқан.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы қайнар көздерінің түрлері

Нормативтік құқықтық актілер негізгі және туынды болып бөлінеді.

Еңбек заңнамасы саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілерге ҚР Конституциясы, конституциялық заңдар, еңбек туралы жекелеген заңдар, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары, ҚР Үкіметінің, Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соттың қаулылары, министрліктердің және өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының нормативтік бұйрықтары, еңбек мәселелері жөніндегі мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік қаулылары, мәслихаттар мен әкімдердің еңбекті ұйымдастырудың жергілікті мәселелері жөніндегі нормативтік шешімдері жатады.

Еңбек заңнамасы саласындағы туынды нормативтік құқықтық актілерге әртүрлі ережелер, нұсқаулар, ұсыныстар және т.б. жатады. Туынды актілер негізгі нормативтік құқықтық актілердің негізінде қабылданады және олармен бірге біртұтас жүйені құрайды.

ҚР 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» заңының 4-бабына сәйкес, Конституцияны қоспағанда, өзге нормативтік-құқықтық актілердің заң күшінің арақатынасы мынадай төмендей беретін деңгейлерге сәйкес болады:

Қазақстандық құқықтың, соның ішінде, еңбек құқығының қайнар көздерінің арасында ерекше орынды **Қазақстан Республикасының Конституциясы** иеленген. Конституцияның ең жоғары заңдық күші

бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады. Қазақстан Республикасында қабылданатын заңдар мен өзге де құқықтық актілер ҚР Конституциясына қайшы келмеуі тиіс.

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы саясаты адамның жақсы өмірі мен еркін дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға бағытталған саясатқа ие әлеуметтік мемлекет болып табылады.

Қазақстан Республикасында адамдардың еңбегі мен денсаулығы қорғалады, отбасын, балаларды және аналарды, мүгедектерді және қарт адамдарды мемлекеттік қолдау қамтамасыз етіледі, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі дамып жатыр, мемлекеттік зейнетақылар, жәрдемақылар және әлеуметтік қорғаудың өзге де кепілдіктері белгіленеді. Соған қоса, азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтары ҚР Конституциясының жекелеген баптарында белгіленген (28, 29, 30-баптары).

Конституцияның жоғары заңды күші мынадан көрініс табады.

1) Конституция заңдар мен заңға сәйкес актілерге қарағанда артықшылық рөлге ие;

2) Конституция тиісті мемлекеттік органдардың заңдар мен заңға сәйкес актілерді қабылдау тәртібін белгілейді.

Басқаша айтар болсақ, конституциялық нормалар заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдау үшін қайнар көз болып табылады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы ағымдағы заңнама үшін негізгі база, құқықтың басты қайнар көзі болып табылады. Ол жалпы құқық, соның ішінде, еңбек құқығының қайнар көздеріне қатысты бірқатар жаңа ережелер бекітті.

Конституциялық нормалардың мазмұны еңбек туралы заңдарда және заңға сәйкес актілерде сипатталады.

Әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңдар жүйесінде заң шығарушы актілердің маңызы ерекше. ҚР 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» заңына сәйкес заң шығарушы актілерге мыналар жатады:

- ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізетін заңдар;
- конституциялық заңдар; ҚР Президентінің конституциялық заң күшіне ие жарлықтары;
- Қазақстан Республикасының кодекстері; заңдар; ҚР Президентінің заң күшіне ие жарлықтары;

- Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік жарлықтары;
- ҚР Парламентінің нормативтік қаулылары;
- министрлердің нормативтік бұйрықтары; мемлекеттік комитеттердің нормативтік қаулылары; орталық мемлекеттік органдардың нормативтік бұйрықтары және қаулылары;
- мәслихаттар мен әкімдердің нормативтік шешімдері.

Төменгі деңгейде тұрған нормативтік актілердің ешбірі жоғары деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы болмауы тиіс.

ҚР Конституциялық Кеңесінің, ҚР Жоғарғы Сотының және ҚР Орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулылары жоғарыдағы иерархиядан тыс тұрады.

Заңның өзге заңға сәйкес актілерге қарағанда жоғары күші болады. Бұл заңдылық қағидасының мәнінен де байқалады. Заңдар еңбекті пайдалану саласындағы барлық маңызды қоғамдық қатынастарды реттейді, жұмыс берушілер мен азаматтардың еңбек қабілеттігі мәселелері жөніндегі негізгі қағидалар мен нормаларды бекітеді, еңбек жағдайы, әлеуметтік қорғау, еңбекті қорғау сияқты маңызды мәселелерді анықтайды. Бұдан өзге қатынастардың барлығы заңға сәйкес актілермен реттеледі.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы қайнар көздерінің жүйесі

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы қайнар көздері өз жүйесіне ие, ол әлеуметтік қамсыздандыру құқығының барлық заңдарының біртұтас кешенде орналасу құрамын, өзара байланысын және кезектілігін білдіреді.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздерін былайша түрлерге бөлуге болады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (28, 29, 30-баптары);
2. Халықаралық-құқықтық актілер – халықаралық конвенциялар, декларациялар, ТМД елдерінің арасындағы келісімдер;
3. Қазақстан Республикасының заңдары:
 - ҚР «ҚР еңбек туралы» заңы;
 - ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы;
 - ҚР «ҚР-дағы қаржы полициясының органдары туралы» заңы;
 - ҚР «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңы;

- ҚР «Отбасылық типтегі балалар ауылдары және жастар үйлері туралы» заңы;

- ҚР «Өмір сүру деңгейінің төменгі мөлшері туралы» заңы;

- ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы;

- ҚР «ҚР-дағы арнайы мемлекеттік жәрдемақылар туралы» заңы;

- ҚР «Әлеуметтік кепілдіктерді реттеуге қатысты шаралар туралы» заңы;

- ҚР «Ұлы Отан соғысына қатысушыларды, мүгедектерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы» заңы;

- ҚР «Әскери қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» заңы;

- ҚР «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңы;

- ҚР «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық полигондардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңы;

- ҚР «Арал теңізіндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңы және т.б.

4. заңға сәйкес актілер (ҚР Президентінің жарлықтары және ҚР Үкіметінің қаулылары);

5. ведомстволық актілер (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің актілері және т.б.);

6. жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілері (мысалы, Алматы қаласының);

7. локальдық актілер (келісімдер, ұжымдық шарттар).

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының маңызды қайнар көздері болып **Қазақстан Республикасының заңдары** табылады.

ҚР Конституциясына және ҚР 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» заңына сәйкес заңдардың келесі түрлерін атап өтуге болады:

А) ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізетін заңдар. Олар ҚР Конституциясында (62-б. 3-т.) белгіленген тәртіппен қабылданады. Мысалы: мемлекеттік қызметшілердің жасына қойылатын талапты жойған ҚР 1998 жылғы 7 қазандағы «ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы (33-б. 4-т.);

Ә) ҚР конституциялық заңдары. Конституциялық заң ретінде ҚР Конституциясында осылай танылған және Конституцияда белгіленген тәртіпте қабылданған заң танылады. Мысалы, ҚР 1991 жылғы 16 қазандағы «ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы;

Б) жай заңдар. Мысалы, ҚР «ҚР халқын жұмыспен қамту туралы» заңы, ҚР «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы, ҚР «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңы және т.б.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздеріне әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңға сәйкес актілер де жатады.

Заңға сәйкес актілерге заң шығарушы болып табылмайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер жатады. Бұл – ҚР Президентінің нормативтік жарлықтары, ҚР Парламентінің және Үкіметінің нормативтік қаулылары, министрлердің нормативтік бұйрықтары, мәслихаттар мен әкімдердің нормативтік шешімдері.

Заңға сәйкес нормативтік актілер 2-і белгімен сипатталады:

1) заңға сәйкес нормативтік актілер заңдарға қайшы келмеуі және шегінен шықпауы тиіс;

2) олар заңдарды орындауды ұйымдастыруға бағытталған.

ҚР Конституциясына сәйкес (62-бабы), Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, Парламенттің қаулылары, Сенат пен Мәжілістің қаулылары түрінде заң актілерін қабылдайды. Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Республиканың заңдары, Парламент пен оның Палаталарының қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс. Парламент пен оның Палаталарының қаулылары заңдарға қайшы келмеуі тиіс.

Заңға сәйкес актілердің ішінен ҚР Президентінің нормативтік жарлықтары жоғары заңды күшке ие. Олар ҚР Парламенті мен оның Палаталарының құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша қабылданады. Мысалы, ҚР Президентінің 1990 жылғы 29 мамырдағы «Мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту бойынша шұғыл шаралар туралы» жарлығы.

Еңбек туралы нормативтік құқықтық актілердің басым көпшілігін Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулылары құрайды. Олар жалпымемлекеттік сипатқа ие. ҚР Конституциясына (69-бабы) сәйкес Үкімет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулы, ал Премьер-министр – өкімдер шығарады. Бұл актілер бүкіл республика аумағында міндетті сипатқа ие.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы қайнар көздерінің жүйесінде ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы аса маңызды орынға ие. Бұл акт әлеуметтік қамсыздандыру

құқығының жүйесіне кіретін қоғамдық қатынастардың бүкіл кешенін реттейді.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздері ретіндегі маңызды заңдарға жалпы сипаттама. Қазақстан Республикасында еңбек мәселелері бойынша маңызды заңдарға мыналар жатады:

ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы. Бұл заң тәуелсіз Қазақстанның тарихында алғаш рет азаматтардың зейнетақымен қамсыздандыру құқықтарын, мемлекеттің зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты кепілдіктерін анықтады, Орталықтан және зейнетақылық қорлардан зейнетақылық төлемдер алудың тәртібін белгіледі, жинақтаушы зейнетақы қорларын ұйымдастырудың және олардың жұмысының негізгі қағидаларын бекітті.

ҚР «ҚР-да мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңы. Бұл заң «мүгедек» сөзіне анықтама берген, мүгедектердің құқықтық жағдайының негіздерін, олардың еңбек саласындағы құқықтарын, мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмек пен жеңілдіктердің түрлерін анықтаған.

Халықты еңбекпен қамту туралы заң. Елімізде жұмыссыздық деген пайда болып, жұмыссыздардың саны көбейіп келе жатқан жағдайда қабылданған бұл акт – біздің республикамыздағы халықты еңбекпен қамтуға бағытталған алғашқы заң. Аталған заң еңбекпен қамту қағидасын бекітіп, «еңбекпен қамту», «жұмыссыз», «жұмыссыздың мәртебесі» сияқты түсініктерді анықтады, сонымен қатар, мемлекеттік органдардың жұмыс берушілермен және жұмыссыздармен қарым-қатынастарын реттеді.

Осы заңға сәйкес еңбекпен қамту және жұмысқа орналастыру органдары да жұмыс істейді. Қызметкерлер еңбек шартын бекітпестен бұрын аталған органдармен қатынасқа түседі.

Еңбекті қорғаудың негіздері туралы заң еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты бекітті. Бұл актінің ережелері жұмыс барысында қызметкерлердің өмір және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін, сонымен қатар әлеуметтік қорғау мәселелерін реттейді.

Заңдардан өзге барлық қайнар көздер заңға сәйкес актілер болып табылады, олар: ҚР Президентінің жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, министрліктер мен ведомстволардың нормативтік бұйрықтары, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қаулылары және т.б.

Еңбек құқығы қайнар көздерінің арасында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен қабылданған бірқатар актілер де бар. ҚР Президенті Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күшке ие жарлықтар мен өкімдер шығарады, олар заңға сәйкес актілер болып табылғандықтан, ҚР Конституциясына және заңдарына сәйкес болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен еңбектің әр түрлі мәселелеріне қатысты заңдарды орындауға қатысты нормалар қабылданады. Еңбек жөніндегі арнайы орган – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Бұл министрлік еңбекті қорғау, жалақы, халықты еңбекпен қамту және әлеуметтік қорғау және өзге де мәселелер жөнінде актілер қабылдайды.

Мәслихаттар және әкімдер өз құзыреті шегінде өздеріне бағынысты аумақтарда еңбекті қолдану және ұйымдастыру мәселелері бойынша нормативтік шешімдер қабылдайды. Қазақстан Республикасының Конституциясына (88-бабы) сәйкес мәслихаттар мен әкімдердің нормативтік шешімдері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында міндетті күшке ие. Егер мәслихаттардың шешімдері ҚР Конституциясына және заң шығарушы актілеріне қайшы болса, олардың күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін. Ал әкімдердің шешімдері ҚР Конституциясы мен заң шығарушы актілеріне қайшы болса, олардың күші ҚР Президентінің, ҚР Үкіметінің немесе жоғары тұрған әкімдердің актілерімен жойылады, сонымен қатар, сот тәртібімен де жойылуы мүмкін.

Нормативтік құқықтық актілер өз күшіне келесі мерзімдерде енеді:

1. Қазақстан Республикасының заңдары, ҚР Президентінің жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары – егер осы актілердің өздерінде не олардың күшіне енуі туралы актілерде өзге мерзім көрсетілмесе, ресми түрде алғаш жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң;

2. ҚР Парламентінің және оның Палаталарының қаулылары – егер осы актілердің өзінде өзге мерзім көзделмесе, ресми түрде алғаш жарияланған күннен бастап;

3. ҚР Конституциялық Кеңесінің қаулылары – қабылданған күннен бастап;

4. ҚР Үкіметінің құрамына кіретін және кірмейтін орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың, соның ішінде, ҚР Жоғарғы Сотының, ҚР Ұлттық Банкісінің нормативтік құқықтық актілері – егер осы актілердің өзінде өзге мерзім көзделмесе, ресми түрде алғаш жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң.

Заң жарияланған соң күшіне енеді. Бұл заңның тек күшіне енген сәтінен бастап қана құқықтық қатынастарды реттеп, белгілі бір заңды салдарды тудыратынын білдіреді.

Нормативтік құқықтық актілердің уақыттағы, кеңістіктегі және қызметкерлер санаты бойынша күші

Нормативтік құқықтық актілердің уақыттағы күші. Еңбек құқығының қайнар көздері болып табылатын нормативтік құқықтық актілер үшін олардың әрекет ету күшінің басталу және аяқталу уақытын, яғни, олардың уақыттағы шектерін белгілеудің тәжірибелік маңызы зор.

ҚР Конституциясының нормалары мен ережелері оны ресми түрде жариялаған күннен бастап күшіне енеді. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда Конституцияны қабылдаған күн Қазақстан Республикасы Конституциясының күні деп саналады. ҚР Конституциясы күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының аумағында қолданыста болған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің Конституцияға қайшы келмейтін бөліктері қолданылады. Конституция және оның жекелеген нормативтік ережелері белгіленген тәртіп бойынша жаңа Конституция қабылдағанға дейін немесе осы ережелерге өзгертулер мен толықтырулар енгізетін конституциялық заң қабылдағанға дейін қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының заңдары, ҚР Президентінің жарлықтары және ҚР Үкіметінің қаулылары, егер осы актілердің өзінде не олардың күшіне енуі туралы актілерде өзге мерзім көрсетілмесе, алғаш рет ресми түрде жариялаған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының «ҚР еңбек туралы» заңы 1999 жылғы 10 желтоқсанда қабылданды, ал «ҚР еңбек туралы» заңының күшіне енуі туралы» арнайы заңның негізінде 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Мысалы, ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы 1997 жылғы 20 маусымда қабылданып, 1998 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген кейбір баптарын есептемегенде, бұл заң 1997 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді.

ҚР Парламентінің және оның Палаталарының қаулылары, егер осы актілердің өзінде өзге мерзім көзделмесе, ресми түрде алғаш жарияланған күннен бастап, ал ҚР Конституциялық Кеңесінің қаулылары қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың

нормативтік құқықтық актілері, егер осы актілердің өзінде өзге мерзім көзделмесе, ресми түрде алғаш жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді. Дәл осындай мерзімдер жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі үшін де белгіленген.

Нормативтік құқықтық актілердің күшіне ену уақытының маңызы өте зор, себебі, ол осы актілерде көзделген заңды жауапкершіліктің туындау мерзімдерімен және осы актілердің кері күші туралы мәселені шешумен байланысты. Жалпы ереже бойынша нормативтік құқықтық актінің күші бұл акт күшіне енгенге дейінгі қатынастарға таралмайды. Тек актінің өзінде немесе осы актінің күшіне енуі туралы арнайы заңда нормативтік құқықтық актінің не оның бөлігінің кері күші көзделсе ғана ол өзі күшіне енгенге дейінгі қатынастарды реттеуде қолданылуы мүмкін. Нормативтік құқықтық актілердің (ҚР Жоғарғы Сотының және Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулыларын есептемегенде) күшіне енуінің маңызды жағдайы болып олардың ҚР Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуі табылады. Мемлекеттік тіркеуден өтпеген нормативтік құқықтық актілердің заңды күші болмайды.

Нормативтік құқықтық актінің күші тұрақты немесе уақытша болуы мүмкін. Егер актінің өзінде немесе осы актінің күшіне енуі туралы актіде өзге мерзім көзделмесе, нормативтік құқықтық актінің күші тұрақты деп танылады. Әрекет ету күшінің уақытша мерзімі бүкіл акт не оның жекелеген бөліктері (бөлігі) үшін белгіленуі мүмкін. Мұндай жағдайда еңбек туралы нормативтік құқықтық актінің күші қандай мерзімге дейін сақталатыны міндетті түрде көрсетіледі. Бұл мерзім өткеннен кейін нормативтік құқықтық актіні қабылдаған орган актінің күшіне қатысты жаңа мерзімді белгілеуі немесе оны тұрақты деп тануы мүмкін.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының нормаларынан тұратын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт оның әрекет ету мерзімінің аяқталуымен, осы актімен тең не одан жоғары заң күшіне ие басқа актінің қабылдануымен, осы актіні оған тең не одан жоғары заң күшіне ие актінің жоюына (күшін жоғалтты деп тануына) орай өз күшін тоқтатады.

Жалпы ереже бойынша, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының нормаларынан тұратын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт кері күшке ие емес және ол күшіне енгеннен кейін туындаған қатынастарға қолданылады. Алайда, нормативтік актіде тікелей көзделген жағдайларда заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің күші ол күшіне енгенге дейінгі қатынастарға да таралуы мүмкін.

Нормативтік құқықтық актілердің кеңістіктегі күші. Нормативтік құқықтық актілердің кеңістіктегі күші «аумақ» деген түсінікпен тығыз байланысты. Жалпы алғанда аумақ ретінде мемлекеттік шекара шегіндегі жер қабаты, жер қойнауы, су және әуе кеңістігі танылады. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының аумағы нормативтік құқықтық актілердің әрекет ету күшінің құқықтық кеңістігі болып табылады.

Егер актілердің өзінде немесе осы актілердің күшіне енуі туралы актілерде өзгеше көзделмесе, ҚР Президенті, ҚР Парламенті және ҚР Үкіметі, орталық атқарушы және өзге де орталық уәкілетті органдары қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің күші **Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына** таралады.

Нормативтік құқықтық актілердің кеңістіктегі күші туралы сөз қозғай отырып, олардың күші Қазақстан Республикасының елшіліктеріне, өкілдіктеріне, сауда кемелеріне және шетелдегі өзге де аумақтық құрылымдарына таралатынын ескеріп өткен жөн. Себебі, «Қазақстан Республикасының аумағы» түсінігі жер-аумақтық, теңіз және әуе шектерімен ғана шектеліп қоймайды, сонымен қатар, халықаралық-құқықтық актілермен де анықталады.

Атап өтетін тағы бір жайт, егер сыртқы еңбек миграциясы саласындағы халықаралық келісімдерде көзделсе, әлеуметтік қамсыздандыру туралы нормативтік актілер өзге мемлекеттерде жұмыс істеп жүрген азаматтарға да таралады.

Жергілікті өкілдік және атқарушы органдар қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің күші тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағына ғана таралады.

Қазақстан Республикасының жекелеген жерлеріндегі (шалғай елді мекендер, сусыз жерлер, таулы өлке және т.б.) еңбек жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып, қызметкерлердің жекелеген санаттарының жалақысына қатысты аудандық коэффициенттерді, әр түрлі жеңілдіктерді, кепілдіктерді және т.б. көздейтін арнайы құқықтық актілер қабылданды.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздерінің арасында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қатысушылары – мемлекеттердің келісімдері айрықша орынды иеленген. Бұл келісімдер азаматтардың ТМД бір мемлекетінен екіншісіне көшкен кезде оларды әлеуметтік қамсыздандырудың жағдайлары мен тәртібін белгілейді. Мысалы, «Тәуелсіз Мемлекеттер достастығының қатысушылары – мемле-

кеттердің азаматтарының әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтарының кепілдіктері туралы» келісімі (1992 жылғы 13 наурыздағы) КСРО-ның бұрынғы республикаларының аумағында зейнетақыға құқықты иеленген және осы құқықты Келісімнің барлық қатысушыларының – мемлекеттердің аумағында жүзеге асыру құқығын иеленген тұлғаларды зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарды үйлестіру саясатын жүргізуді көздейді.

Нормативтік құқықтық актілердің тұлғалар шеңбері бойынша күші.

Егер ҚР Конституциясында, заңдарда және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, нормативтік құқықтық актілердің күші Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асырушы ҚР азаматтарына, шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға таралады.

Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтар ретінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өздерінің өзге мемлекетке тиесілігі жөнінде дәлелдері бар тұлғалар танылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өздерінің өзге мемлекетке тиесілігі жөнінде дәлелдері жоқ тұлғалар *азаматтығы жоқ тұлғалар* ретінде танылады.

Шетелдік азаматтар еңбек қатынастарында Қазақстан Республикасының азаматтарына тиесілі құқықтарды иеленіп, міндеттерді орындайды.

Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық нормалар екі үлкен топқа бөлінеді: (бұлай бөлудің негізіне объективтік факторлар, нақты айтар болсақ, Қазақстан Республикасының әртүрлі аумақтарының ауыр табиғи-климаттық жағдайлары алынған):

1) экономика саласына және еңбек жағдайына қарамастан, жалданбалы еңбек қызметкерлерінің барлығына таралатын жалпы нормалар. Мысалы, ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңының күші тек Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана емес, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы аумағында еңбек қызметін жүзеге асырушы шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға да таралады;

2) қызметкерлердің жекелеген санаттарына (әйелдерге, кәмелетке толмағандарға, бюджет саласының қызметкерлеріне, ауыр және зиянды өндіріс жұмысшыларына, уақытша және маусымдық қызметкерлерге және т.б.) таралатын арнайы нормалар. Осы заңда қызметкерлердің белгілі бір санаттары – еңбекке құқық қабілеттігі шектеулі тұлға-

лар, кәмелетке толмағандар, жасы кіші балалары бар әйелдер үшін жеңілдіктер көзделген.

Жекелеген жеңілдіктер шектеулі еңбек қабілеттігіне ие тұлғалар үшін көзделген. 1991 жылғы 21 маусымдағы «Қазақ КСР-де мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңында мүгедектердің әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтары анықталған. Осы заңға сәйкес, мүгедектер тұрмыстық қызмет көрсетуде басым құқықтарды иеленеді, азық-түлік және өнеркәсіптік товарларды алуда, үйде қызмет көрсетуде жеңілдіктер иеленеді және т.б.

Жекелеген қызметкерлерді әлеуметтік қамсыздандырудың жағдайлары тек ҚР «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңымен ғана емес, өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңының күші барлық мемлекеттік қызметшілерге таралады.

Құқықтың қайнар көздерін қызметкерлер бойынша түрлерге бөлудің нақты мазмұны мынаған бағытталған: арнайы нормалар арқылы олар үшін зейнетақы тағайындаудың ерекше тәртібі; жеңілдіктер мен артықшылықтар; жоғарылатылған тәртіптік және материалдық жауапкершілік және т.б. ерекшеліктер белгіленеді.

Өзін-өзі тексеру үшін сұрақтар:

1. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздері дегеніміз не? Олардың түрлерін атаңыз.
2. ҚР Конституциясын әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздерінің бірі ретінде атауға бола ма?
3. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздері бағыныстылығына және оларды қабылдаған органдарға қарай қандай түрлерге бөлуге болады?
4. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көзі ретіндегі ҚР Конституциясына жалпы сипаттама беріңіз.
5. Әлеуметтік қамсыздандыру мәселелеріне қатысты қандай маңызды қазақстандық заңдарды білесіз?
6. Нормативтік құқықтық актілердің уақыттағы күші нені білдіреді?
7. Нормативтік құқықтық актілердің кеңістіктегі күші қандай?
8. Нормативтік құқықтық актілердің қызметкерлер санатына қатысты күші туралы айтыңыз.

5-ТАРАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Әлеуметтік қамсыздардыру саласындағы құқықтық қатынастардың түсінігі

Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастар қоғамдық қатынастардың бір түрі болып табылады. Олар бір мезетте әлеуметтік қорғану құқығын жүзеге асырудың ерекше нысаны болып табылады.

Кез келген құқықтық қатынастар сияқты әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастар құқықтық нормалардың әсерімен туындайды, өзгереді және тоқтатылады. Сол себепті, құқықтық қатынастар ретінде қатынастар қатысушылары (субъектілері) арасындағы байланыстар, сонымен қатар, олардың өзара құқықтары мен міндеттері аталады. Яғни, әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастар құқықтық қатынастар болып табылады, себебі олар тиісті заңдардың нормаларын қолдану кезінде туындайды.

Соған қоса, әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастар іс жүзіндегі қатынастар болып табылады және материалдық, мүліктік қатынастардың санатына жатады. Сондықтан, олар тек құқықтық нормаларға ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік қамсыздандыруға құқық беретін немесе бермейтін олармен байланысты материалдық жағдайларға, өмір жағдайларына, заңды фактілерге де тәуелді болады.

Сол себепті, **әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастарды құқық нормаларының негізінде туындайтын, ақша төлемдерін төлеуге, қызмет, жеңілдіктер көрсетуге қатысты, мемлекеттік органдар, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен оларға құқылы жеке тұлғалардың арасында туындайтын қатынастар ретінде сипаттауға болады.**

Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты қатынастар сипаты бойынша әртүрлі, олар өз құрылымына, элементтер жиынтығына ие және осы ерекшеліктері арқылы ашылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастардың элементтері

Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастардың элементтеріне мыналар жатады:

- құқықтық қатынастардың субъектілері;
- құқықтық қатынастардың объектілері;
- құқықтық қатынастардың мазмұны;
- 15 құқықтық қатынастардың туындау, өзгеру немесе тоқтатылу негіздері (заңды фактілер).

Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастардың түрлері

Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастардың түрлерін екі негіз бойынша түрлерге бөлуге болады: әлеуметтік қамсыздандырудың түріне байланысты және құқықтық қатынастардың әрекет ету мерзімі бойынша.

Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастар әлеуметтік қамсыздандырудың түріне қарай төмендегідей түрлерге бөлінеді:

· азаматтарды ақшалай нысанда қамтамасыз етуге қатысты құқықтық қатынастар. Бұлар – азаматтарды зейнетақылармен, жәрдемақылармен және өтемақылармен қамтамасыз етуге қатысты туындайтын құқықтық қатынастар;

· азаматтарға заттай нысанда көмек көрсетуді қамтамасыз етуге қатысты құқықтық қатынастар. Бұл – азаматтарға тегін немесе жеңілдетілген негізде нақты бір тауарлар мен қызметтер түрінде ұсынылатын көмек. Мысалы, жеңілдікпен ұсынылатын дәрі-дәрмектер, дәрігерлік қызметтер және т.б.

· процедуралық немесе процессуалдық сипаттағы көмектер көрсету бойынша құқықтық қатынастар. Бұл – заңды мәні бар фактілерді анықтауға байланысты туындайтын (мысалы, мүгедектік немесе асырауында болу фактісін анықтау) немесе азаматтың әлеуметтік қамсыздандыру бойынша құқықтарын жүзеге асыруға байланысты (мысалы, құзыретті органдардың жәрдемақы, өтемақы немесе зейнетақыларды төлеу жөніндегі шешімі) құқықтық қатынастар.

Құқықтық қатынастар субъектінің – құқыққабилетті азаматтың құзыретті органдарға заңды фактіні анықтау туралы өтініші арқылы (мысалы, жасының келуіне байланысты зейнетке шығу құқығы) немесе бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы шағымы арқылы (мысалы, тиесілі өтемақыны төлемеу бойынша) ерік білдіруі негізінде туындайды. Мұндай жағдайда, екінші субъект – мемлекеттік орган заңды фактіні немесе мәселенің түгелдей заңды құрамын анықтауы және істің мәні бойынша шешім қабылдауы тиіс.

Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастар әлеуметтік қамсыздандырудың түріне қарай төмендегідей түрлерге бөлінеді:

- міндеттерді бір мезетте орындағаннан кейін тоқтатылатын қысқа мерзімді құқықтық қатынастар (мысалы, бала туған кезде бір жолғы жәрдемақы төлеу және өзге де біржолғы жәрдемақылар);

- уақыттағы күшінің мерзімі дәл анықталған құқықтық қатынастар. Бұлар, мысалы, асыраушысынан айырылған жағдайда зейнетақы төлеу. Мұндай зейнетақы кәметке толмаған тұлға 18 жасқа толғанға дейін, ал осы тұлға оқу орнында оқыған жағдайда – 23 жасқа дейін төленеді;

- жүзеге асыру мерзімі анықталмаған құқықтық қатынастар. Бұлар – жасына байланысты зейнетақыларды, еңбекке уақытша жарамсыздығы жөніндегі жәрдемақыларды төлеуге және т.б. қатысты құқықтық қатынастар.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілері

Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастар субъектілерінің түрлері. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастар бір жағынан – азаматтың, екінші жағынан – мемлекеттік органның арасында туындайды. Алайда, жекелеген жағдайларда, мысалы, асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы төлеу кезінде құқықтық қатынастар отбасы мен мемлекеттің арасында туындайды. Яғни, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастардың субъектілері болып мыналар табылады:

1. жеке тұлға (немесе отбасы);
2. мемлекеттік органдар.

Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың субъектілері болып келесі жеке тұлғалар табылады:

- Қазақстан Республикасының азаматтары;

- асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақылық құқықтық қатынастар болған жағдайда – отбасы;

- егер заңдарда және халықаралық шарттарда ерекше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты түрде тұратын шетелдік азаматтар;

- егер заңдарда және халықаралық шарттарда ерекше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты түрде тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар.

Байқағанамыздай, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілері болып әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты қатынастардың қатысушысы болып табылатын, әлеуметтік қамсыздандырудың белгілі бір түріне қатысты әлеуметтік-қамсыздандырушылық құқықсубъектілікке ие тұлғалар табылады.

Жеке тұлғалар **құқық субъектілігі** болған жағдайда ғана әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастардың субъектілері бола алады. Олардың құқықсубъектілігі *құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттіліктен* тұрады, бұлардың туындау уақыты әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, туғанынан мүгедек болған тұлға 16 жасқа дейін әлеуметтік зейнетақыны беруге қатысты құқықтық қатынастардың субъектісі бола отырып, тек құқық қабілеттілікті иеленеді. Мұндай құқықтық қатынастарға оның атынан ата-аналары, қорғаншысы және қамқоршысы қатысады. Жеке тұлғаны құқық қабілетті және әрекет қабілетті деп таныған жағдайда ғана ол құқықтық қатынастардың субъектісі бола алады.

Құқық қабілеттілік ретінде тиісті заңды фактілер туындаған жағдайда белгілі бір құқықтар мен міндеттерді иелену қабілеті танылатыны белгілі. Құқықтар мен міндеттерді иелену қабілетін бұлайша тануды мемлекет белгілі бір жағдайларда жүзеге асырады: мысалы, тұлғаның жасына, ересектігіне, психикасының жағдайына байланысты. Мұндай жағдайлардың бар немесе жоқ болуына орай тұлға өзі немесе өкілдері арқылы белгілі бір құқықтарды және өз әрекеттері үшін жауапкершілікте болу міндетін жүзеге асыруға қабілетті деп танылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес барлық азаматтар әлеуметтік қамсыздандыру саласында құқық қабілетті, яғни әлеуметтік қорғану құқығына ие. Алайда, бұл құқық жаспен, мүгедектікпен, асыраушысынан айырылуымен, еңбекке уақытша жарамсыздықпен, жұмыссыздықпен байланысты. Яғни, бұл жағдайлар белгілі бір тұлғаның әлеуметтік қамсыздандыру құқығын иелену құқығына алғышарттар болып табылады.

Сонымен қатар, құқық қабілеттілікке қатысы бар қосымша жағдайлар да болады. Оларға, мысалы, мыналар жатады: еңбек стажы, ана болу және өзге де жағдайлар: басқа тұлғаның асырауында болу, еңбекке қабілетінен айырылу. Басқаша айтар болсақ, зейнетақы алуға құқық еңбек стажына немесе жинақтаушы зейнетақы қорларындағы жарналарға, қандай да бір қоғамға тәуелді қызметті орындауға, әскери қызметке, жоғары оқу орнында оқуға және т.б. тәуелді болады.

Аталған жағдайлардың барлығы өз жиынтығында белгілі бір тұлғаны зейнетақының, жәрдемақының және т.б. белгілі бір түріне құқылы деп тануға әкелуі мүмкін. Басқаша айтар болсақ, бұл белгілі бір тұлғаны әлеуметтік қамсыздандыру бойынша құқықтық қатынастардың субъектісі ретінде тану.

Сонымен, құқық қабілеттілік – бұл тұлғаның құқықтық қатынастардың субъектісі болуының және әлеуметтік қамсыздандыру саласында белгілі құқықтар мен міндеттерді иеленуінің мемлекетпен танылған мүмкіндігі.

Заң әдебиетінде әрекет қабілеттілік ретінде тұлғаның өз әрекеттері (өкілсіз) арқылы құқықтар мен міндеттерді дербес орындау (жүзеге асыру) қабілеті танылады. Қазақстан Республикасында әрекет қабілетті ретінде соттың белгіленген тәртіп бойынша оны әрекет қабілетсіз деп тану туралы шешімі шығарылмаған кез келген тұлға танылады. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы әрекет қабілеттілікті тұлға құқық қабілеттілікпен бір мезетте, яғни әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастарға түскенде иеленеді. Басқаша айтар болсақ, азаматтар әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың әртүрлі түрлеріндегі өз құқықтары мен міндеттерін әлеуметтік-еңбек құқықтық қатынастарына түскенде, белгілі бір жасқа толғанда, мүгедектік орын алғанда және т.б. жағдайларда жүзеге асыруды бастайды.

Бұл ретте ескеретін бір жайт, әлеуметтік қамсыздандырудың субъектілерінің шеңбері өз ерекшеліктеріне ие. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъектілері – жеке тұлғалардың арасында қарт адамдар, жүйке ауруына шалдыққандар, кәмелетке толмағандар көп. Сол себепті, әлеуметтік қамсыздандыру саласында өкілдік институты дамыған. Кәмелетке толмаған балалардың, сонымен қатар белгіленген тәртіпті әрекет қабілетсіз деп танылған тұлғалардың құқық қабілеттілігі қорғаншылармен, қамқоршылармен, өзге де өкілдермен (туыстары, ата-аналары, балалар үйлерінің, сәбилер үйінің, интернат мекемелерінің басшылығы және т.б.).

Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың тағы бір субъектісі болып мемлекеттік органдар табылады.

Оларға мыналар жатады:

- халықты әлеуметтік қорғау органдары, бұлар жәрдемақыларды, зейнетақыларды төлейді, қызмет көрсетеді және т.б.;

- жекелеген министрліктер мен ведомстволардың арнайы зейнетақы қызметтері (мысалы, ішкі істер органдары, прокуратура, Әділет министрлігі және т.б.);

- зейнетақылық төлемдерді жүзеге асыратын әртүрлі жинақтаушы зейнетақы қорлары;

- халықты жұмыспен қамту органдары. Олардың құзыретіне жәрдемақылар төлеу, адрестік әлеуметтік көмек көрсету, біліктілікті көтеру және жұмыссыздарды қайта дайындау және т.б. жатады;

- денсаулық қорғау органдары, бұлар мемлекеттік мекемелерде зейнеткерлердің жекелеген санаттарына тегін медициналық қызмет көрсетеді;

- халыққа білім беру мекемелері, бұлар ата-аналарының қорғаншылығынан және қамқоршылығынан айырылған балаларды интернаттарға және т.б. балалар мекемелеріне орналастыруға жауап береді.

Бұл органдар арнайы құқықсубъектілікке ие, яғни, аталған органдар өз әрекеттері арқылы өзгенің жәрдем көрсетуіне мұқтаж тұлғаларға әлеуметтік қамсыздандырудың әртүрлі түрлерін көрсетуге қатысты заңды міндеттерді орындаудан көрініс табатын құқық қабілеттілікке ие. Олардың құқықтары, міндеттері, өкілеттіктері ережелерде, нұсқауларда, жарғыларда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген.

Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың объектілері

Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың субъектілерінің арасында әлеуметтік қамсыздандырудың белгілі бір түрін көрсетуге және алуға қатысты заңды байланыс туындайды.

Әлеуметтік қамсыздандырудың нақты, белгілі бір түрі әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың объектісі болып табылады. Заң әдебиеттерінде әлеуметтік қамсыздандырудың нақты түрін нақты игілік деп атау жиі кездеседі. Бұл игіліктерді немесе әлеуметтік қамсыздандырудың нақты түрлерін шартты түрде *материалдық және*

материалдық емес игіліктер немесе объектілер деп бөлуге болады. Оларға мыналар жатады:

- зейнетақы – белгілі бір заңды оқиға туындаған кезде немесе тұлға белгіленген жасқа толған кезде азаматтарға мемлекет есебінен Орталықтан немесе жинақтаушы зейнетақы қорларынан өмір сүрудің негізгі көзі ретінде төленетін ай сайынғы ұзақ мерзімді ақшалай төлем (әлеуметтік зейнетақылар – мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына, еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін);

- жәрдемақылар – уақытша жоғалтылған жалақының орнын толтыру немесе арнайы қолдау көрсету мақсаттарында мемлекеттік қаржы немесе жұмыс берушінің қаржысы есебінен тағайындалатын қысқа мерзімді немесе бір жолғы ақшалай төлемдер;

- өтемақылар – азаматтардың әлеуметтік қызмет көрсетуге қатысты құқығын жүзеге асырумен байланысты шығындарды өтеу мақсаттарындағы ақшалай төлемдер (мысалы, I-топтағы мүгедекті немесе 80 жасқа толған тұлғаны күтіп-бағушы жұмыс істемейтін еңбекке қабілетті тұлғаға өтемақы төлеу және т.б.).

Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың материалдық емес игіліктері немесе объектілері ретінде әлеуметтік қамсыздандыруда заңды мәнге ие фактілерді санауға болады. Заңдар бұлармен әлеуметтік қамсыздандырудың қандай да бір түріне құқықты, сонымен қатар шын мәнінде немесе жалған бұзылған, осы себепті қорғалатын құқықты байланыстырады. Оларға мыналар жатады:

- процедуралық құқықтық қатынастардың объектілері – бұл мемлекеттік органдардың әлеуметтік қамсыздандырудың нақты бір түрін тағайындау туралы шешім қабылдауына қатысты әрекеттері. Бұларсыз (шешімдерсіз) материалдық құқықтық қатынастарды, яғни зейнетақыларды, жәрдемақыларды, өтемақыларды төлеуді немесе өзге де қызметтер көрсетуді не жеңілдіктерді белгілеуді жүзеге асыру мүмкін емес;

- процессуалдық құқықтық қатынастардың объектілері – бұл жоғары тұрған органдардың азаматтың заңдарда белгіленген мөлшерде әлеуметтік қамсыздандырудың нақты бір түріне қатысты бұзылған құқығын қалпына келтіру жөніндегі шешім қабылдаумен байланысты әрекеттері.

Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың мазмұны. Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың мазмұны болып оның субъектілерінің құқықтары мен міндеттері табылады.

Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың субъектілері құқықтар мен міндеттерге ие және көп жағдайда оларды өздері дербес жүзеге асырады. Бұл құқықтар субъектінің белгілі бір түрде әрекет етуінің және міндетті тұлғадан әлеуметтік қамсыздандырудың белгілі бір түрін көрсетуге қатысты белгілі бір әрекеттерді талап етуінің заңды мүмкіндігін білдіреді. Осы құқықтардың қатарына әлеуметтік қамсыздандырудың белгілі бір түрін пайдалану және осы құқықтар бұзылған жағдайда мемлекеттің құзыретті органдарына көмек көрсету үшін қолдану құқығы да кіреді. Субъективтік құқыққа нақты міндет сай келеді. Мысалы, құқық қабілетті азамат әлеуметтік қамсыздандырудың белгілі бір түрін (мысалы, зейнетақыларды) алуға құқылы. Азаматтың бұл субъективтік құқығына мемлекеттік органның азаматқа белгілі бір әлеуметтік игілікті беру міндеті сай келеді.

Алайда, бұл әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастардың қарапайым екенін білдірмейді. Әлеуметтік қамсыздандырудағы құқықтық қатынастардың басым көпшілігі күрделі де, екіжақты да, екі жақ субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің кешенімен де болады.

Материалдық құқықтық қатынастардың мазмұны болып азаматтың әлеуметтік қамсыздандырудың нақты бір түріне мемлекет белгілеген мерзімдегі және мөлшердегі субъективтік құқықтары және оларға сәйкес мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандырудың осы түрін беру туралы немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдау міндеті табылады. Мысалы, белгілі бір жасқа толған кезде азамат жасына байланысты зейнетақы алуға субъективтік құқығын иеленеді, мемлекеттің осы құқыққа сәйкес міндеті болып тұлғаға аталған зейнетақыны беру туралы немесе осындай зейнетақыны төлеуден бас тарту туралы шешімін қабылдауы табылады.

Процедуралық құқықтық қатынастардың мазмұны болып азаматтардың әлеуметтік қамсыздандырудың белгілі бір түріне құқықтың туындауы үшін қажетті заңды фактілерді белгілеуге қатысты субъективтік құқықтары және мемлекеттің оларға сәйкес мәселені мәні бойынша шешу міндеті, яғни тексеру жүргізу және азаматтың субъективтік құқығын қанағаттандыру не олардан бас тарту туралы шешім қабылдау міндеті табылады. Мысалы, азамат асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға қатысты субъективтік құқыққа ие, мемлекеттің осыған сәйкес міндеті болып азаматқа аталған зейнетақыға құқықты беретін заңды фактінің бар-жоқтығын тексеруі және оған аталған зей-

нетақыны беру не аталған зейнетақыны төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдауы табылады.

Процессуалдық құқықтық қатынастардың мазмұны болып азаматтардың бұзылған құқықты қалпына келтіруге қатысты субъективтік құқықтары және мемлекеттің осыған сәйкес дауды мәні бойынша шешу және шешім қабылдау міндеті табылады. Мысалы, азамат еңбекке қабілеттігі қалпына келгенге дейін мүгедектігі бойынша зейнетақы алуға қатысты құқығын бұзған лауазымды тұлғаның, мемлекеттік органның шешімін шағымдауға қатысты субъективтік құқықты иеленеді. Мемлекеттің тиісті міндеті болып дауды мәні бойынша қарауы және мүгедектігі бойынша зейнетақы төлемдерін төлеуді жалғастыру туралы немесе аталған зейнетақыны төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдауы табылады.

Заңды фактілер. Әлеуметтік қамсыздандырудағы заңды фактілер – бұл құқықтық қатынастардың туындауымен, өзгеруімен немесе тоқтатылуымен байланысты нақты объективтік оқиғалар мен әрекеттер. Заңды фактілер құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына негіз болып табылады.

Заңды фактілер жалқы болуы мүмкін. Мысалы, зейнеткердің қайтыс болу фактісі зейнетақы төлеуге қатысты құқықтық қатынастардың тоқтатылуына әкеп соғады. Алайда, әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әкеп соғатын заңды фактілердің ерекшелігі мынада – олар күрделі заңды құрамнан туындайды, бұл құрамға бір емес, екі не одан да көп заңды фактілер кіреді. Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әкеп соғатын заңды фактілердің жиынтығы заңды құрам деп аталады. Мысалы, мүгедектігі бойынша зейнетақы алу үшін құқық қабілетті тұлға әлеуметтік қамсыздандыру органына өтінішпен жолданады, бұл орган, өз кезегінде, мүгедектің тұлғасын, оның кәсібін, мүгедектігінің тобын, мүгедектігінің себептерін анықтайды және зейнетақының осы түрін тағайындау туралы шешім қабылдайды. Аталған жағдайларды: мүгедектің тұлғасын, оның кәсібін, мүгедектігінің тобын, мүгедектігінің себептерін анықтау нақты тұлғаның мүгедектігі бойынша зейнетақы алуға құқығының туындауын анықтайтын заңды құрамды белгілеу болып табылады.

Әлеуметтік қамсыздандырудағы құқықтық қатынастар ұзақ мерзімді сипатқа ие. Сол себепті, оларды өзгерту негіздері туралы мәселе үлкен

мәнге ие. Мұндай қатынастардың өзгеруіне негіз болып күрделі заңды құрамдар, яғни заңды фактілердің жиынтығы – азаматтың ерік білдіруі және мемлекеттік органның құқықтық қатынастарды өзгерту туралы шешім қабылдауы табылады. Мысалы, зейнеткерді зейнетақының бір түрінен екіншісіне ауыстыру үшін келесі заңды фактілер қажет: азаматтың өтініші, мұндай өзгеруге мүмкіндік беретін оқиғаның болуы, құзыретті органның ауыстыру туралы шешімі. Құқықтық қатынастардың өзгеруі белгілі бір тұлғада жаңа құқықтың көрініс табатынын растайтын жаңа заңды фактілер туындаған кезде орын алады, яғни қамсыздандырылатын тұлғаның құқық қабілеттілігінде өзгерістер туындайды.

Әлеуметтік қамсыздандырудағы құқықтық қатынастар қамсыздандырылатын тұлғаның өлімімен немесе құзыретті органның арнайы шешімімен (мысалы, егер мүгедектің еңбекке қабілеттігі қалпына келді деп танылса) не заңда белгіленген мерзімнің өтуімен тоқтатылады (мысалы, асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алатын кәметке толмаған тұлға 18 жасқа толған кезде аталған зейнетақыны төлеу тоқтатылады).

6-ТАРАУ

ЕҢБЕК СТАЖЫ

Еңбек стажы. Еңбек стажының түсінігі, түрлері және оларға енетін кезеңдер

Еңбек стажы – бұл зейнетақы төлеу кезінде есепке алынатын жұмыспен өзге де қызмет кезеңдерінің қосынды ұзақтығы. Алайда, еңбек стажы тек ұзақтығымен ғана емес, сонымен қатар жұмыстың сипатымен және еңбек қызметі өткен жағдайлармен де (зияндылық, қауіптілік және т.б.) сипатталады.

Еңбек қызметінің ұзақтығына және сипатына қарай еңбек стажы жалпы, арнайы және үздіксіз болуы мүмкін. Еңбек стажын бұлайша түрлерге бөлу зейнетақының әртүрлі түрлерін тағайындауға сай келеді. Әрине, қазіргі заманғы жағдайларда үздіксіз стаж өзінің бұрынғы мәнін жоғалтты, бірақ, жалпы және арнайы еңбек стажының рөлі өсті, себебі жалпы негіздер бойынша жасына байланысты зейнетақыны тағайындау кезінде жалпы еңбек стажы талап етіледі, ал жеңілдікті жағдайларда зейнетақы тағайындау үшін арнайы еңбек стажы талап етіледі.

Жалпы еңбек стажы – бұл жұмыс орнына, уақытына және орын алған үзілістерге қарамастан адамның бүкіл өміріндегі еңбек қызметінің жалпы (жиынтық) ұзақтығы. Жалпы еңбек стажының маңызы өте зор. Ол әрбір қызметкерді зейнетақылық қамсыздандырудағы басты жағдай болып табылады. Тағайындалатын зейнетақылардың мөлшері оның ұзақтығына тәуелді болады.

Арнайы еңбек стажы – бұл белгілі бір жағдайлардағы (ауыр, зиянды, қауіпті және т.б.), белгілі бір лауазымдардағы, белгілі бір табиғи-климаттық жағдайлардағы, радиоактивтік ластануға ұшыраған аумақтардағы және жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақылармен жеңілдетілген қамсыздандыруға жататын кезеңдердегі жұмыстың ұзақтығы. Арнайы еңбек стажы жұмыстың жалпы стажынан ажыратылады. Арнайы еңбек стажының жеңілдетілген жағдайларда, еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақылар тағайындауда маңызы зор. Зейнетақыға шығудың мейлінше жеңілдікті жағдайлары жер астында, зиянды еңбек жағдайларында, ыстық цехтарда жұмыс істеген тұлғалар үшін белгіленеді.

Үздіксіз еңбек стажы – бұл қызметкердің бір жұмыстан екіншісіне ауысқан кездегі үзіліс заңдарда белгіленген мерзімдерден аспаған және қызметтен босату қызметкердің кінәсынан болмаған жағдайдағы үздіксіз еңбек қызметінің ұзақтығы. Алайда, қазіргі кезде үздіксіз еңбек стажы зейнетақылар тағайындау кезде үлкен рөлді иеленбейді.

Еңбек стажына енетін жұмыс кезеңдері.

Зейнетақы тағайындау үшін *еңбек стажын* есептеу кезінде мыналар есепке алынады:

1) еңбек шарты(келісім-шарт) бойынша жеке және заңды тұлғалар ақы төлейтін жұмыс;

2) әскери қызмет;

3) құқық қорғау органдарындағы қызмет;

4) мемлекеттік қызмет;

5) кәсіпкерлік қызмет;

6) I-топтағы, II-топтағы жалғызділікті мүгедекке және өзгенің жәрдем көрсетуіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ 80 жасқа толған қарт адамдарға күтім жасаған уақыт;

7) атом сынақтары, экологиялық апаттар салдарынан зардап шеккен не иммундық тапшылық вирусын жұқтырған не ЖҚТБ-мен ауыратындарға, 16 жасқа дейінгі мүгедекке күтім жасаған уақыт;

8) жұмыс істемейтін анасының жас балаларды бағып-күткен, бірақ әрбір баласы 3 жасқа толғаннан аспайтын жалпы жиынтығы 12 жыл шегіндегі уақыт;

9) қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тартылған және қуғын-сүргінге ұшыраған, бірақ кейін ақталған азаматтардың қамауда болған, бас бостандығынан айыру және жер аудару орындарында жазасын өтеген уақыты;

10) еңбекке жарамды азаматтардың бұрынғы КСРО-ның уақытша оккупацияланған аумағында және Ұлы Отан соғысы кезеңінде өздері басқа мемлекеттердің аумағына зорлықпен апарылған адамдардың (жасына қарамастан) сонда болған, фашистік концлагерьлерде (геттоларда және соғыс кезеңінде мәжбүрлеп ұстайтын басқа да орындарда ұсталған уақыты), егер аталған кезеңдерде бұл адамдар Отанға қарсы қылмыс жасамаса;

11) жұмыс істемейтін соғыс мүгедектердің және оларға теңестірілген мүгедектердің мүгедек болған уақыты;

12) бұрынғы кеңес мекемелерінің, Қазақстан Республикасы мекемелері мен халықаралық ұйымдардың қызметкерлері әйелдерінің

(жұбайларының) шетелде тұрған кезеңі, бірақ жалпы алғанда 10 жылдан аспауға тиіс;

13) офицерлік құрамдағы адамдар, прапорщиктер, мичмандар және мерзімнен тыс атқаратын әскери қызметшілер әйелдердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен бірге тұрған кезеңі, бірақ 10 жылдан аспауға тиіс;

14) Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, училищелерде, мектептерде және кадрлар даярлау, біліктілігін арттыру және қайта мамандандыру курстарында, аспирантурада, докторантурада және клиникалық ординатурада, сондай-ақ күндізгі жоғары және орта діни оқу орындарында оқу;

15) әскерилендірілген күзетте, арнаулы байланыс органдарында және кен-кұтқару бөлімдерінде олардың ведомстволық бағыныстылығына және арнаулы немесе әскери атағының болуына қарамастан;

16) әлеуметтік сақтандыруға қаржы төлеген жағдайда өзге де жұмыс.

Стаж – еңбек қызметінің іс жүзіндегі ұзақтығымен, яғни қызметкер жұмысқа алынған күннен бастап жұмыстан босатылған күніне (қандай да бір негіздермен жеке еңбек шартының бұзылуы) дейін есептеледі. Алайда, заңдарда стаждың жеңілдетілген жағдайда да есептелетін кездері көзделген. Орталықтан зейнетақы тағайындау үшін еңбек стажын жеңілдікпен есептеу кезінде мыналар да есепке алынады:

1) ұрыс қимылдары кезеңінде майдандағы әскер құрамындағы, оның ішінде әскери борышын өтеу кезіндегі әскери қызмет, сондай-ақ ұрыс қимылдары кезеңінде партизан отрядтары мен құрамаларында болу, сондай-ақ әскери жарақат салдарынан емдеу мекемелерінде емдеуде болған уақыт – әскери қызметшілерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындаған кезде осы қызметтің мерзімін есеп үшін белгіленген тәртіппен;

2) әскери бөлімдеріндегі жұмыс, оның ішінде еркін жалдамалы құрам ретіндегі жұмыс және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қызмет – екі есе мөлшерде;

3) Ұлы Отан соғысы жылдарында 1941 жылғы 8 қыркүйектен бастап 1944 жылғы 27 қаңтарға дейінгі қоршау кезеңінде Ленинград қаласындағы жұмыс – екі есе мөлшерде;

4) 12 жастан бастап және одан үлкен жастағы азаматтардың 1941 жылғы 8 қыркүйектен бастап 1944 жылғы 27 қаңтарға дейінгі қоршау кезеңінде Ленинград қаласында болған уақыты – екі есе мөлшерде;

5) Ұлы Отан соғысы кезінде басқа мемлекеттердің аумағына зорлықпен апарылған адамдардың сонда болған уақыты, фашистік концлагерьлерде (геттоларда және соғыс кезеңінде мәжбүрлеп ұстайтын басқа да орындарда ұсталған уақыты), егер аталған кезеңдерде бұл адамдар Отанға қарсы қылмыс жасамаса – екі есе мөлшерде;

6) заңсыз қылмыстық жауапқа тартылған және қуғын-сүргінге ұшыраған, кейіннен ақталған азаматтардың қамауда болған, бас бостандығынан айыру, жер аудару орындарында жазасын өтеу, бас бостандығын шектей отырып мәжбүрлеп еңбекке тартылған, арнаулы қоныстандыру орындарында ұсталған және психиатрлық мекемелерде мәжбүрлеп емдеуде болған уақыты – екі есе мөлшерде;

7) Семей сынақ полигонына жапсарлас жатқан аудандардағы 1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейінгі кезеңде жұмыс істеп, әскери қызмет атқару – үш есе мөлшерде; 1963 жылғы 6 шілдеден бастап 1992 жылғы 1 қаңтарға дейінгісі – бір жарым есе мөлшерде;

8) алапеске және обаға қарсы мекемелерде, иммундық тапшылық вирусын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауырған адамдарды емдеу жөніндегі жұқпалы аурулар мекемелеріндегі жұмыс – екі есе мөлшерде; сот медициналық сараптама мекемелеріндегі және емдеу мекемелерінің патология-анатомиялық бөлімдеріндегі жұмыс – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жұмыс тізбесі бойынша бір жарым есе мөлшерде;

9) толық навигациялық кезең ішінде су көлігіндегі жұмыс бір жыл істеген жұмыс үшін есептеледі;

10) ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, өнеркәсіптің маусымдық салалары кәсіпорындарындағы толық маусым ішіндегі жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізім бойынша бір жылғы жұмыс стажына есептеледі.

Зейнетақыны тағайындау үшін қажет стаждың болуын растау. Зейнетақы тағайындау үшін қажет стаждың болуы не құжаттармен, не куә көрсетулерімен дәлелденеді.

Қазақстан Республикасының «ҚР-дағы еңбек туралы» заңының 13-бабына сәйкес қажет **еңбек стажын растайтын құжаттар** болып мыналар табылады: еңбек кітапшасы (болған жағдайда), жеке еңбек шарты, жұмысқа алу және одан босату туралы бұйрықтардан выписка.

ҚР «ҚР-дағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңының 12-бабына сәйкес 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге Орталықтан зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек стажы еңбек кітапшасымен расталады.

Кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың барлық қызметкерлері үшін еңбек кітапшалары 1939 жылдан, ал ұжымдық ауыл шаруашылық кәсіпорындарының (ұжымдық шаруашылықтардың) барлық мүшелері үшін – 1965 жылдан бастап толтырыла бастады.

Еңбек кітапшасына жұмысқа қабылдау туралы, басқа тұрақты жұмысқа ауыстыру туралы, барлық негіздер бойынша жұмыстан босату туралы жазбаларды жұмыс беруші (басшылық) құжаттардың (бұйрықтар, өкімдер) негізінде және соларға сілтеме жасай отырып жазады.

Еңбек кітапшасына енетін жазбалар шимайсыз, өзгертусіз, тазалаусыз және т.б. жазылуы қажет. Егер еңбек кітапшасына жұмыстың мерзімі және сипаты туралы және т.б. мәліметтер туралы қате жазбалар енгізілсе, онда қате не дәл емес жазба енгізген кәсіпорын, мекеме, ұйым ғана еңбек кітапшасына өзгертулер енгізу құқығына ие болады. Түзетулер бұйрықтың не өкімнің түпнұсқасына дәл сәйкес келуі тиіс және белгіленген тәртіпте куәландырылуы тиіс. Куә көрсетулері осының алдында енгізілген жазбаларды өзгерту үшін негіз бола алмайды. Жоғарыда атап өткеніміздей, өзгертулер тек құжаттардың – бұйрықтардың, өкімдердің және т.б. негізінде енгізіле алады.

Еңбек кітапшасы жоқ немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде еңбек стажы жұмыс туралы мәліметтерді растайтын құжаттардың негізінде не сот шешімінің негізінде анықталады.

Кәсіпкерлік қызметпен не өзге де қызметті жүзеге асырған азаматтардың еңбек стажы Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін сақтандыру жарналарын төлегені туралы құжаттармен расталады.

Аталған құжаттар болмаса немесе оларға жазбалар дұрыс енгізілмесе, онда еңбек стажының болғандығын растаудың қажеттігі туады. Дәлелдемелер ретінде өзге құжаттар немесе куәлардың көрсетулері ұсынылуы мүмкін.

Еңбек стажының болғандығын құжаттық тұрғыдан растау үшін мыналар ұсынылуы мүмкін:

1. жинақтаушы зейнетақы қорынан анықтамалар, жеке шоттар және жалақыны беруге қатысты ведомостытер, мінездемелер және жұмыс кезеңі туралы мәліметтерге ие өзге де құжаттар;

2. жеке еңбек қызметімен айналысқан, тіркеу куәліктеріне немесе патенттеріне ие тұлғалардың жұмыс уақыты қаржы органдарының олардың өз қызметінен тапқан табысына салық төлеуі туралы анықтамаларымен анықталады;

3. 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке еңбек қызметімен айналысқан тұлғалардың жұмыс уақыты жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті және ерікті жарналар төлегені туралы анықтамаларымен белгіленеді;

4. жоғары, арнайы орта және кәсіби-техникалық оқу орындарында, аспирантурада, докторантурада және клиникалық ординатурада, кадрларды дайындау, біліктілікті көтеру және біліктілігін ауыстыру мектептері мен курстарында оқыған уақыт оқу кезеңдері туралы ақпаратқа ие архив мәліметтерінің негізінде берілген дипломдармен, куәліктермен, анықтамалармен және өзге де құжаттармен расталады;

5. егер емдеу мекемесінің қорытындысы бойынша бұл тұлғалар басқа тұлғаның көмегін қажет ететін болса, I топ мүгедегіне, 16 жасқа дейінгі мүгедекке күтім жасаған уақытты әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі орган күтім жасалған тұлғаның тұрғылықты жері бойынша анықтайды;

6. жұмыс істемейтін анасының жасы кіші балаларына күтім жасаған уақыты баланың тууын куәландыратын құжаттармен (туу туралы куәлік) және оның 3 жасқа толуымен (неке туралы куәлік, балалар мекемелерінен, тұрғын үйге қатысты органдардан алынатын анықтамалар) расталады.

Куәлардың еңбек стажының болғаны туралы көрсетулері. Еңбек стажының болғаны туралы құжаттар болмаған не оларды алу мүмкін болмаған, сонымен қатар архив мәліметтері болмаған жағдайда еңбек стажы өтініш берушіні бірге жұмыс істеген жылдары бойынша білетін және өтініш берушінің жұмыс істегеніне қатысты көрсету беріп отырған кезеңдегі өз жұмысы туралы құжаттарға ие екі немесе одан да көп куәлардың көрсетулерінің негізінде анықталады.

Бұл ретте заңдар құжаттардың жоқ болуының, сақталмауының себептерін екі негізгі топқа бөледі:

1. әскери әрекеттермен, табиғат зардаптарымен, апаттарымен және өзге де төтенше жағдайлармен байланысты;

2. кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның таратылуымен немесе өзге де себептер бойынша архив мәліметтерінің жоқ болуына байланысты.

Бірінші жағдайда еңбек стажы және оның ұзақтығы белгілі бір кезеңде бір кәсіпорында, мекемеде, ұйымда немесе бір жүйеде бірге істеген жұмысы бойынша өтініш берушіні білетін кем дегенде екі куәнің жеке көрсетулері бойынша анықталады.

Екінші жағдайда еңбек стажы және оның ұзақтығы бір кәсіпорында, мекемеде, ұйымда немесе бір жүйеде бірге істеген жұмысы бойынша өтініш берушіні білетін және аталған орында және аталған кезең-

дегі өз жұмысы туралы құжаттарға ие кем дегенде екі куәнің жеке көрсетулері бойынша анықталады.

Куәлардың көрсетулері бойынша анықталған еңбек стажының ұзақтығы зейнетақыны тағайындау үшін талап етілетін стаждың жартысынан аспауы тиіс.

Жекелеген азаматтарда, діни ұйымдарда, ферма (шаруа) қожалықтарында жеке еңбек қызметі жағдайында істелген жұмыс уақыты куәлардың көрсетулерімен дәлелденбейді.

Сонымен қатар, тіпті, жалпы еңбек стажын растайтын құжаттардың бар екендігіне қарамастан, жеңілдетілген жағдайларда және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алу құқығын беретін жұмыстар да куәлардың көрсетулерімен дәлелденбейді.

Куәлардың көрсетулерімен анықталған жұмыс стажы зейнетақы алу құқығын анықтау кезінде де, сонымен қатар оның мөлшерін еңбек стажының ұзақтығына қарай есептеу кезінде де ескеріледі.

7-ТАРАУ

ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР: ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Зейнетақылар. Жалпы сипаттама. Түрлері. Тағайындау тәртібі

«Зейнетақы» сөзінің орысша баламасы «пенсия» сөзі төлем деген мағынаны білдіреді. С.И. Ожеговтың орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «зейнетақы» сөзіне мынадай анықтама берілген: «еңбек сіңірген жылдары үшін, мүгедектігіне, еңбекке жарамсыздығына және т.б. байланысты ақшалай ақысыздандыру».

Кеңестік кезеңнің заң әдебиетінде «зейнетақы» сөзіне түрліше анықтама берілген. Алғаш рет зейнетақы сөзіне 1946 жылы Е.И. Астрахан анықтама берді. Оның пікірінше, зейнетақы – бұл «қызметкерді, жұмысшыны не оның отбасын оның еңбек қызметінің белгілі бір үлкен циклының аяқталуына немесе оның толыққанды қызметкерлер қатарынан өмір бойына немесе ұзақ мерзімге шығуына орай материалдық қамсыздандыру мақсаттарында әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мерзімдік төлемдер».

«Зейнетақы» сөзінің өзге де анықтамалары негізінен «зейнетақы алу құқығы туындау үшін алғышарт болып тұрақты немесе ұзақ мерзімдік еңбекке жарамсыздық табылады, сол себепті өмір сүрудің негізгі көзі ретіндегі жалақының орнына ақшалай төлемдер төленеді» деген пікірлерге негізделеді.

Қазіргі кезде зейнетақы қандай да бір себептермен еңбекке қабілетін жоғалтқан, белгіленген жасқа толуына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына және т.б. себептерге орай еңбек міндеттерін орындауды тоқтатқан немесе оны тоқтату құқығына ие тұлғалар үшін тағайындалады. Басқаша айтар болсақ, зейнетақыны тағайындау объективтік, сонымен қатар субъективтік сипаттағы белгілі бір талаптармен байланысты.

Біздің пікірімізше, зейнетақыны мемлекеттің сыйы ретінде, қайырымдылық әрекеті ретінде қарастыруға болмайды. Зейнетақы – бұл әрбір азаматтың еңбегімен табылған жеке меншігі, оның зейнетақыға қатысты құқығы заңдармен қорғалады. Зейнетақы мынадай қағидаға жауап беруі тиіс: адам өз өмірінде қалай жұмыс істесе, ол солай зейнетақы алуы тиіс.

Одан әрі еңбек зейнетақыларын алудың жағдайларын өзгерту көзделуде – белгілі бір жасқа толумен қатар қандай да бір зейнетақы қорына зейнетақы жарналарын міндетті түрде төлеу қажет болады.

Сонымен, зейнетақы – бұл тұлғаларға заңдарда белгіленген жасқа толған жағдайда, сонымен қатар еңбек сіңірген жылдары үшін, мүгедектігіне байланысты, асыраушысынан айырылған жағдайда Орталықтан немесе жинақтаушы зейнетақы қорларынан өмір сүрудің негізгі көзі ретіндегі ақша қаражатын ұзақ мерзімге ай сайын төлеу.

Қазақстан Республикасында зейнетақылардың келесі түрлері төленеді:

1. еңбек зейнетақылары;
2. әлеуметтік зейнетақылар.

Еңбек зейнетақылары, өз кезегінде, келесі түрлерге бөлінеді:

- жасына байланысты зейнетақылар;
- мүгедектігі бойынша зейнетақылар;
- еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақылар;
- асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақылар.

Жасына байланысты еңбек зейнетақысы және мүгедектігі бойынша еңбек зейнетақысы екі бөліктен тұрады: негізгі және жинақтаушы.

Еңбек зейнетақысы – бұл азаматтарға жалақасын немесе өзге де табысын өтеу мақсаттарында төленетін ай сайынғы ақшалай төлем. Еңбек зейнетақысына қатысты құқық зейнетақы заңдарының шарттарымен және нормаларымен анықталады.

Еңбек зейнетақысына қатысты құқықты Қазақстан Республикасының азаматтары ҚР «ҚР-да зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңның шарттарын сақтаған жағдайда иеленеді.

Жоғарыда аталған азаматтардың отбасыларының еңбекке жарамсыз мүшелері заңдарда көзделген жағдайларда асыраушысынан айырылуына байланысты еңбек зейнетақысына құқықты иеленеді.

Егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар да зейнетақы алуға құқылы.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әртүрлі зейнетақылар алуға құқығы бар азаматтарға олардың таңдауы бойынша бір зейнетақы тағайындалады.

Зейнетақыларды тағайындау тәртібі. Жасына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты және еңбек сіңірген жыл-

дары үшін төленетін зейнетақылар осы тұлға белгіленген жасқа толған кезде және еңбек стажы (жалпы немесе арнайы) болған жағдайда, сонымен қатар жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеген жағдайда тағайындалады.

Еңбек және өзге де қоғамға пайдалы қызметпен байланысты зейнетақылар орташа белгіленген нормалар бойынша жалақыдан есептеледі. Зейнетақы қатаң сомада тағайындалады.

Әлеуметтік зейнетақылар қандай да бір себептермен зейнетақының өзге түрлерін алу құқығын иеленбеген азаматтар үшін тағайындалады. Әдетте, әлеуметтік зейнетақылар зейнетақылық жасқа жеткен, бірақ қажетті еңбек стажы жоқ тұлғаларға тағайындалады. Мұндай жағдайда, зейнетақы жалақыдан есептеле алмайтындықтан, ол тиісті зейнетақы ең төменгі мөлшерінде белгіленеді.

Зейнетақылық қамсыздандыруды халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы арыз зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қажетті стажы мен табысын растайтын құжаттармен қоса азаматтың тұрғылықты жері бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органға беріледі.

Орталықтан зейнетақы төлемдері зейнетақы тағайындауға өтініш берілген күннен бастап тағайындалады. Арыз бен қажетті құжаттарды зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органға бір мезгілде берген күн Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш берген күн болып есептеледі. Арыз бен қажетті құжаттарды поштамен жіберген жағдайда Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш берген күн болып бұларды поштадан жіберген күн есептеледі.

Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауды зейнетақы төлемдерін тағайындаушы орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға арналған құжаттарды қарауды халықты әлеуметтік қорғау органы құжаттар табыс етілген күннен бастап 10 күн мерзімнен кешіктірмей жүзеге асырады. Зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органы тиісті шешім шығарылғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей бұл туралы арыз берушіге хабарлайды.

Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тартылған жағдайда зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органы бас тартудың себептерін жазбаша түрде негіздеп, табыс етілген құжаттарды арыз берушіге қайтаруға міндетті.

Зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органның шешіміне сот тәртібімен шағымдануға болады.

Зейнетақы төлемдерін төлеудің жалпы ережелері

Орталықтан зейнетақы төлемдері өткен ай үшін төленеді. Зейнетақының мөлшері өзгеруі мүмкін. Зейнетақы мөлшерінің көтерілуіне құқық туындаған жағдайда немесе оның мөлшерін азайтуға әкелетін жағдайлар туындаған жағдайда, сонымен қатар оның мөлшерін жоғарылату не азайту туралы шешім қабылданған жағдайда зейнетақының жаңа мөлшерін төлеу зейнеткерге зейнетақының мөлшерін көбейту туралы арызына барлық қажетті құжаттарды ұсына отырып берген айынан кейінгі келесі айдың бірінші күнінен бастап төленеді. Зейнетақының мөлшері азайтылған жағдайда зейнетақының жаңа мөлшері тиісті жағдайлар туындаған айдан кейінгі келесі айдың бірінші күнінен бастап төленеді.

Зейнеткер уақтылы алмаған зейнетақы бүкіл өткен уақыт үшін, алайда зейнетақы алу үшін жолданғаннан 3 жыл бұрынғы уақытқа ғана төленеді.

Егер зейнетақы әлеуметтік қамсыздандыру органдарының кінәсі бойынша уақтылы төленбеген болса, онда ол бүкіл өткен уақыт үшін қандай да бір мерзіммен шектелместен төленеді.

Зейнетақы төлемдері нотариат куәландырған сенімхат бойынша төленуі мүмкін.

Зейнеткер қайтыс болған жағдайда оның өліміне орай алынбаған зейнетақы төлемдері зейнеткердің мұрагерлеріне жалпы негіздер бойынша төленеді. Қайтыс болған зейнеткердің жерлеуін ұйымдастырған оның отбасы мүшелеріне жерлеуге қатысты ақша олар мұрагерлікті қабылдаған кезде төленеді.

Егер зейнеткер әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінде (қарттар үйінде) тұратын болса, онда оған тағайындалған зейнетақының 25%-дық бөлігі төленеді. Тағайындалған және төленген зейнетақының арасындағы айырмашылық әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі мемлекеттік мекемеде тұратын зейнеткерлердің өмір сүру жағдайын жақсарту үшін осы мекеменің бюджетіне жіберіледі.

Зейнетақы тағайындау кезіндегі қателіктер салдарынан артық төленген сомаларды зейнетақы төлемдерін алушының өтініші негізінде ұстап қалатын жағдайлардан, сондай-ақ сотталғандардың, бас бостандығынан айырылғандардың табысынан ұстап қалатын жағдайлардан басқа,

зейнетақыдан ұстап қалу атқарушылық іс жүргізу тәртібімен жасалуы мүмкін.

Зейнетақыдан ұстап қалу төленуге тиісті сомдан жасалады. Зейнетақыдан төленуге тиісті соманың 50 %-дан астамын ұстап қалуға болмайды.

Зейнетақылық қамсыздандыру құқығы келесі тұлғаларға тиесілі:

- Қазақстан Республикасының азаматтарына;
- азаматтығы жоқ тұлғаларға;
- Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтарға (арнайы халықаралық келісімдер болған жағдайда);
- отбасына (асыраушысынан айырылған жағдайда).

Орталықтан зейнетақы төлемдері өмір бойына тағайындалады және төленіп отырады.

8-ТАРАУ

ЕҢБЕК ЗЕЙНЕТАҚЫЛАРЫ

Еңбек зейнетақыларының түсінігі

Қазіргі кезде зейнетақы – бұл мемлекеттің сыйы не қайырымдылық шарасы емес. Кеңестік Одақтан бізге мұраға қалған толыққанды зейнетақылық қамсыздандыру әлі күнге дейін әрекет ететіндіктен, адамдар өзінің еңбек қызметінің бүкіл ғұмырында өздерінің еңбек зейнетақыларын табады деп тұжырымдау дұрыс болар. Және зейнетақы мынадай қағидаға жауап беруі тиіс: адам еңбекке жарамды жасында қалай жұмыс істесе, кәрілігінде де зейнетақымен солай қамсыздандырылады. Қазіргі кездегі зейнетақылық қамсыздандыру жүйесі дәл осы қағидаға жауап беретін болады. Бұлай болмайтын болған күннің өзінде де, о баста осылайша ойластырылған болатын.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде зейнеткерлердің қатарында ең көп бөлігін жасына байланысты еңбек зейнетақысын алу құқығына ие тұлғалар әрқашан құраған. Барлық елдерде зейнеткерлердің бұл санаты зейнеткерлердің жалпы санының 80%-ын құрайды.

Еңбек зейнетақысының мөлшері толық еңбек стажы болған жағдайда орташа республикалық жалақының 60%-ын құрауы тиіс (еркектер үшін 25 жыл еңбек стажы, ал әйелдер үшін – 20 жыл еңбек стажы). Зейнетақының дәл осындай мөлшері зейнеткерлер үшін жақсы өмірді қамтамасыз ете алады.

Зейнетақыларды тағайындау, олардың мөлшерін қайта есептеу және төлеу тәртібі

Зейнетақыларды тағайындауды, олардың мөлшерін қайта есептеуді және төлеуді зейнеткерлердің тұрғылықты жерлеріндегі әлеуметтік қамсыздандыру органдары жүзеге асырады. Зейнеткер тұрғылықты жерін ауыстырған жағдайда оның жаңа тұрғылықты жері бойынша зейнетақы төлемдерін төлеу зейнетақылық істің және тіркеу туралы құжаттардың негізінде жүргізіледі.

Зейнетақыларды тағайындау үшін қажет құжаттардың тізімі, зейнетақыны тағайындауға, оның мөлшерін қайта есептеуге, зейнетақының

бір түрінен екіншісіне ауысуға қатысты жолдану тәртібі, зейнетақы құжаттарын толтыру заңдарда белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Зейнеткердің қалауы бойынша зейнетақы зейнеткердің есепшотына ауыстырылуы мүмкін немесе заңдарда белгіленген тәртіпте берілетін сенімхат бойынша төленуі мүмкін. Зейнеткердің зейнетақы алатын жері жыл сайын расталатын болса, мерзімі бір жылдан асатын сенімхат бойынша зейнетақы төлеу сенімхаттың әрекет ететін бүкіл мерзімінде жүзеге асырылады.

Зейнетақыларды тағайындау мерзімдері

Еңбек зейнетақысы зейнетақының көрсетілген түріне өтініш берген күннен бастап, бірақ ол осы зейнетақыны алуға құқық туындағаннан соң ғана тағайындалады.

Арыз бен қажетті құжаттарды зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органға бір мезгілде берген күн Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш берген күн болып есептеледі. Арыз бен қажетті құжаттарды поштамен жіберген жағдайда Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш берген күн болып бұларды поштадан жіберген күн есептеледі.

Еңбек зейнетақыларын тағайындау мерзімдері

Еңбек зейнетақылары келесі мерзімдерге тағайындалады:

- 1) жасына байланысты еңбек зейнетақысы – өмір бойына;
- 2) мүгедектігіне байланысты еңбек зейнетақысы – мүгедек деп тану мерзіміне;
- 3) асыраушысынан айырылуына байланысты еңбек зейнетақысы – бұл зейнетақыны алушы еңбекке жарамсыз болған бүкіл кезеңге.

Зейнетақыларды төлеуді тоқтата тұру

Зейнетақыларды төлеу келесі жағдайларда тоқтатыла тұрады:

- 1) егер зейнеткер зейнетақыны қатарынан алты ай алмаса – зейнетақыны алмаған бүкіл кезеңге, аталған мерзім өткен айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап;
- 2) егер мүгедек белгіленген мерзімде қайта куәландырудан өтуге

келмесе – зейнетақыны төлеу тоқтатылады, ал бұл тұлғаны қайтадан мүгедек деп таныған жағдайда зейнетақы тоқтатылған күннен бастап, бірақ 1 айдан аспайтын мерзімге төленеді .

Қайта куәландырудан өту мерзімдерін себепті жағдайлармен өткізіп алған жағдайда, зейнетақыны төлеу қайта куәландырудан өту күнінен бастап, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімге төленеді.

Егер мүгедекке зейнетақы төлеу еңбекке қабілетінің қалпына келуіне немесе қайта куәландыруға себепсіз жағдайлармен келмеуіне байланысты тоқтатылса, онда кейін бұл тұлғаны мүгедек деп таныған жағдайда, зейнетақы төлеуді тоқтатқан күннен 5 жыл уақыт аспаса, зейнетақы төлеу мүгедектікті белгілеген күннен бастап қалпына келтіріледі. Егер 5 жыл уақыт асып кетсе, онда зейнетақы жалпы негіздер бойынша тағайындалады.

Зейнетақыдан ұстап қалу

Зейнеткерлердің басым көпшілігі үшін зейнетақы өмір сүрудің негізгі, кейде жалғыз көзі болып табылады. Сол себепті, зейнетақыдан ұстап қалу тек заңдарда көзделген жағдайларда ғана орын алуы мүмкін.

Зейнетақы тағайындау кезіндегі қателіктер салдарынан артық төленген сомаларды зейнетақы төлемдерін алушының өтініші негізінде ұстап қалатын жағдайлардан, сондай-ақ сотталғандардың, бас бостандығынан айырылғандардың табысынан ұстап қалатын жағдайлардан басқа, зейнетақыдан ұстап қалу атқарушылық іс жүргізу тәртібімен жасалуы мүмкін.

Зейнетақыдан ұстап қалу төленуге тиіс сомадан жасалады. Бұл ретте зейнетақыдан ұстап қалудың шектері белгіленген. Зейнетақыдан төленуге тиісті соманың 50 проценттен астамын ұстап қалуға болмайды. Зейнетақыдан ұстап қалу мыналарға бағытталуы мүмкін: отбасы мүшелерін бағуға (алименттер), кәсіпорынның немесе ұйымның мүлкін ұрлағаннан келтірілген зияндарды өтеуге, артық алынған жалақыны қайтаруға және т.б. Басқаша зейнетақыдан ұстап қалуға жол берілмейді.

Еңбек зейнетақысын төлеуді тоқтату

Еңбек зейнетақысын төлеу келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) зейнеткер қайтыс болған жағдайда, сонымен қатар белгіленген тәртіп бойынша оны қайтыс болды немесе хабар-ошарсыз кетті деп

жариялаған жағдайда – зейнеткер қайтыс болған немесе оны қайтыс болды, не хабар-ошарсыз кетті деп жариялау туралы шешім күшіне енген айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап;

2) зейнеткер өзіне тағайындалған еңбек зейнетақысын алу құқығын жоғалтқан жағдайда, аталған зейнетақыны алу үшін ұсынылған мәліметтердің шынайылығын жоққа шығаратын мән-жайлар немесе құжаттар табылған жағдайда – мән-жайлар немесе құжаттар табылған айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап;

3) тұлғаны мүгедек деп танудың мерзімі өткен жағдайда;

4) асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алушы тұлғаның еңбекке қабілетті болуы – еңбекке қабілеттілік туындаған айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап;

5) қайтыс болған асыраушы тұлғаның 8 жасқа толмаған балаларына, аға-інілеріне, апа-қарындастарына немесе немерелеріне күтім жасауына байланысты асыраушысынан айырылуы жөніндегі зейнетақы алуға құқылы тұлғалардың жұмысқа орналасуы;

6) қайтыс болған асыраушының балалары 18 жасқа толған соң, оқитындары – 23 жасқа толған соң – кәмелеттік жасқа немесе 23 жасқа толған айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап.

9-ТАРАУ

ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ

Жасына байланысты зейнетақының түсінігі

Жасына байланысты зейнетақы ретінде азаматтардың белгілі бір жасқа толған кезде және онда қажетті еңбек стажы болған жағдайда алатын зейнетақыны атайды. Еңбек зейнетақысын алуға құқық беретін жас және еңбек стажының ұзақтығы заңдарда анықталған.

Зейнетақылық жасқа толу азаматқа жұмыс берушімен еңбек қатынастарын тоқтату құқығын береді, ал мемлекетте мұндай азаматты өмір сүру құралы – жасына байланысты зейнетақымен қамтамасыз ету қажеттігі туындайды.

Сонымен, жасына байланысты еңбек зейнетақысына екі белгі тән: зейнетақылық жасқа толу және белгілі бір ұзақтықтағы еңбек стажының болуы. Бұл ретте еңбек зейнетақысын тағайындағаннан кейін көптеген зейнеткерлердің өзінің еңбекке қабілетін сақтап, еңбек қызметін әрі қарай жалғастыруына рұқсат беріледі. Яғни, оларға одан кейінгі бүкіл өміріне төленетін зейнетақы тағайындалады: олар жұмыс істеп жүрген кезге де, жұмыс істей алмайтын кезге де.

Бұдан шығатын қорытынды, жасына байланысты еңбек зейнетақысының тағы да бір айрықша белгісі болып мына жағдай табылады – бұл зейнетақыны тағайындау адамның еңбекке қабілеттігіне тәуелді болмайды, ал, мысалы, мүгедектігі бойынша зейнетақы азаматтың еңбекке қабілеттігімен тығыз байланысты. Еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақының жасына байланысты зейнетақыдан айырмашылығы мынада: жасына байланысты зейнетақыны алу құқығын иелену үшін белгілі бір жасқа толу және белгілі бір еңбек стажының болуы қажет, ал еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы қандай да бір жасқа толумен байланысты емес.

Яғни, жасына байланысты еңбек зейнетақысы – бұл зейнетақылық жасқа толған және белгілі бір ұзақтықтағы еңбек стажына ие тұлғалар үшін өмір сүрудің негізгі көзі болып табылатын, өмір бойы ай сайын төленетін ақшалай төлем.

Жасына байланысты зейнетақылар КСРО-да 20-жылдардың соңында енгізілді. Дәл осы уақыттан бастап белгілі бір жасқа толу тоқыма

өнеркәсібінің жұмысшылары үшін, ал содан кейін халық шаурашылығының барлық жұмысшылары мен қызметкерлері үшін зейнетақылық камсыздандырудың дербес негізіне айналды.

Жасына байланысты зейнетақылардың түрлері. Жасына байланысты зейнетақылар еңбек жағдайларына, еңбек стажының ұзақтығына және бірқатар өзге де жағдайларға қарай өз ішінде түрлерге бөлінеді.

Мұндай түрлерге мыналар жатады:

- жалпы негіздер бойынша жасына байланысты зейнетақы;
- жеңілдетілген негіздер бойынша жасына байланысты зейнетақы;
- арнайы заңды негіздерге негізделген жасына байланысты зейнетақы.

Жалпы негіздер бойынша жасына байланысты зейнетақыны тағайындау үшін, жоғарыда атап өткеніміздей, белгілі бір жасқа толу және белгілі бір ұзақтықтағы еңбек стажының болуы қажет.

Жеңілдетілген негіздер бойынша жасына байланысты зейнетақы еңбек стажының жалпы ұзақтығы болған жағдайда немесе жасқа да, еңбек стажының ұзақтығына да талаптар бір мезетте төмендетілген жағдайда зейнетке заңда көзделгеннен ертерек шығуға мүмкіндік береді. Жеңілдетілген зейнетақылық камсыздандыру құқығын бес және одан да көп балаларды туған және оларға 8 жасқа толғанға дейін күтім жасаған көпбалалы аналар иеленеді. Бұл ретте аталған құқық тек туған балаларға қатысты ғана туындайды. Асырап алған балалар туған балаларға теңестіріледі. Ал өгей ұлдар мен өгей қыздар туған балаларға теңестірілмейді.

Жасына байланысты зейнетақыларды тағайындау үшін арнайы заңды негіздер азаматтардың кейбір санаттарына, мысалы Чернобыль апатынан, Семей полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтарға бағытталған.

Орталықтан жасына байланысты зейнетақыларды толық көлемде тағайындау жағдайлары

Орталықтан жасына байланысты зейнетақылар толық көлемде келесідей жасқа толған кезде және келесідей жағдайлар болған жағдайда тағайындалады:

1) 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап – еркектерге 61 жасқа толғанда, кемінде 25 жыл еңбек стажы болғанда; әйелдерге 56 жасқа толғанда, кемінде 20 жыл еңбек стажы болғанда;

2) 1998 жылғы 1 шілдеден бастап – еркектерге 61,5 жасқа толғанда, кемінде 25 жыл еңбек стажы болғанда; әйелдерге 56,5 жасқа толғанда, кемінде 20 жыл еңбек стажы болғанда;

3) 1999 жылғы 1 шілдеден бастап – еркектерге 62 жасқа толғанда, кемінде 25 жыл еңбек стажы болғанда; әйелдерге 57 жасқа толғанда, кемінде 20 жыл еңбек стажы болғанда;

4) 2000 жылғы 1 шілдеден бастап – еркектерге 62,5 жасқа толғанда, кемінде 25 жыл еңбек стажы болғанда; әйелдерге 57,5 жасқа толғанда, кемінде 20 жыл еңбек стажы болғанда;

5) 2001 жылғы 1 шілдеден бастап – еркектерге 63 жасқа толғанда, кемінде 25 жыл еңбек стажы болғанда; әйелдерге 58 жасқа толғанда, кемінде 20 жыл еңбек стажы болғанда.

Толық емес көлемдегі жасына байланысты зейнетақы төлемдері жоғарыда аталған азаматтардың 1997 жылғы 1 қаңтарда нақты еңбек стажының болуына қарай Орталықтан толық көлемінде зейнетақы төлемдерін алу құқығы болмаған жағдайда тағайындалады.

Байқап отырғанымыздай, әлеуметтік қорғау құқығы еркектер мен әйелдер үшін зейнетақы жасы мен еңбек стажының болуын түрліше көздеген. Бұл айырмашылық 5 жылды құрайды.

Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу

Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін толық көлемінде есептеу орташа айлық кірістің 60 пайызы есебінен жүргізіледі.

Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу жұмыста болған үзілістерге қарамастан, қатарынан кез келген 3 жыл жұмыс үшін орташа айлық табыс негізге алына отырып, 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылады.

1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін орташа айлық табыстың мөлшері жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган анықтайтын тәртіппен белгіленеді.

1998 жылғы 1 қаңтарға дейін қажетті еңбек стажынан тыс жұмыс істеген әрбір толық жыл үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1 процентке өсіріледі, бірақ ол зейнетақыны есептеу үшін ескерілетін табыстың 75 процентінен аспауға тиіс.

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектердің, әскери қызметшілердің, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің және зейнетақы 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдардың және көрсеткіштердің № 1 тізімі бойынша және жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері бойынша жеңілдікті шарттарда тағайындалған адамдардың зейнетақы төлемдері мөлшерін қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшері тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 25 еселенген айлық есептік көрсеткіштің 75 процентінен аса алмайды.

Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табысты анықтау

Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеуге арналған табысқа еңбекке ақы төлеудің барлық түрлері және тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін өзге де табыстар енгізіледі.

Зейнетақы төлемдерін есептеу үшін 3 жылғы жұмыс ішіндегі табыс қатарынан 36 күнтізбелік айдағы жұмыс ішіндегі табыстың жалпы сомасын отыз алтыға бөлу арқылы анықталады.

Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеуге арналған табыс тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін он бес еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

10-ТАРАУ

АСЫРАУШЫСЫНАН АЙЫРЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақылардың түсінігі және ерекшеліктері

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақының түсінігі қайтыс болған асыраушысының отбасының еңбекке жарамсыз мүшелерін материалдық қамсыздандырудың қажеттігімен байланысты. Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы ретінде асыраушысының қайтыс болуына орай қайтыс болған тұлғаның асырауында болған, оның отбасының еңбекке жарамсыз мүшелеріне тағайындалатын ай сайынғы төлемдерді атауға болады. Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақының мөлшері қайтыс болған тұлғаның жалақысына пара-пар келеді.

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақының басты айырмашылығы – ол тірі кезінде отбасының асыраушысы болған қайтыс болған тұлғаның зейнетақы алуға құқығына тәуелді. Өлім бұл тұлғаның отбасын оның жұмысынан түсетін табыстардан айырады. Осындай кезде мемлекет адамгершілік көрсете отырып, асыраушысынан айырылуына байланысты өмір сүру көзінен айырылған отбасына зейнетақы түрінде көмек көрсетеді. Отбасы мүшелерінің зейнетақыларының мөлшері қайтыс болған тұлғаның жалақысына байланысты болады. Бұл ретте асыраушының қоғамға пайдалы қызметі өз сипаты бойынша әртүрлі болуы мүмкін, алайда ол зейнетақылық қамсыздандырудың талаптарына жауап беруі тиіс (яғни, бұл еңбек қызметі, әскердегі, ішкі істер органдарындағы қызмет, оқу, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, азаматтық борышты орындау және т.б. болуы мүмкін). Аталған жағдайларда заң қайтыс болған асыраушының еңбек қызметінің ұзақтығына, әскердегі, ішкі істер органдарындағы қызметіне белгілі бір талаптар қояды. Асыраушының өлімінің де, кейбір кездері өлім уақытының да мәні болады.

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға құқылы

тұлғалар санаттары және мұндай зейнетақыны тағайындау жағдайлары заңдарда анықталған. Ескеріп өтетін жайт, біздің елімізде асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақылық қамсыздандыруға жататын отбасы мүшелерінің ең кең тізімдерінің бірі таралған. Көптеген шетелдерде асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға құқылы тұлғалардың қатарына қайтыс болған тұлғаның ері (зайыбы) мен балалары ғана жатқызылған.

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақылар қайтыс болған тұлғаның асырауында болған, оның отбасының еңбекке жарамсыз мүшелеріне қатысты тағайындалады. Бұл ретте ескеріп өтетін бір жайт, қайтыс болған тұлғаның әкесі, анасы, әйелі, күйеуі қайтыс болған тұлғаның асырауында болмаса да, зейнетақылық жасқа толған кезде аталған зейнетақыны алу құқығын иеленеді. Егер тұлғаның хабар-ошарсыз кеткені белгіленген тәртіп бойынша дәлелденсе, хабар-ошарсыз кеткен асыраушысының отбасы қайтыс болған асыраушының отбасына теңестіріледі.

Асыраушысынан айырылуына байланысты еңбек зейнетақысы асыраушының еңбек стажының ұзақтығына, оның өлімінің себебіне және уақытына (тұлғаның қасақана қылмыстық әрекетті жасаған немесе өз денсаулығына қасақана зиян келтірген жағдайларын қоспағанда) қарамастан тағайындалады. Мұндай жағдайларда асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік зейнетақы тағайындалады.

Аталған зейнетақыларды алу құқығы бар тұлғалар

Еңбекке жарамсыз болып, яғни *аталған зейнетақыларды алу құқығына ие болу мына тұлғалар болып табылады:*

- 18 жасқа толмаған балалары (солардың ішінде, асырап алған балалары, өгей ұлдары мен өгей қыздары), аға-інілері, апа-қарындастары және немерелері;

Осындай зейнетақы алу құқығына ие кәмелетке толмаған тұлғалар басқа тұлғалармен асыранған жағдай да бұл құқығын сақтап қалады;

- әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес зейнетақылық жасқа толған әкесі, анасы (соның ішінде, асырап алушылары); сонымен қатар зейнетақылық жасқа толған және асыраушысы қайтыс болған күні ол мүгедек болып табылса ері немесе әйелі де асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алу құқығын иеленеді;

- қайтыс болған тұлғаның 8 жасқа толмаған балаларына, аға-інілеріне,

апа-қарындастарына немесе немерелеріне күтім жасаушы және жұмыс істемейтін ата-анасының бірі немесе жұбайы, атасы не әжесі, аға-інісі немесе апа-қарындасы – жасына және еңбекке жарамдылығына қарамастан;

- зейнетақылық жасқа жеткен атасы және әжесі – егер заң бойынша оларды күтуге міндетті тұлғалар болмаса және аталаған тұлғалардың өмір сүруінің өзге көзі болмаса.

18 жастан асқан азаматтар мұндай зейнетақы алу құқығын орта білім беру жүйесінің оқу мекемесін аяқтағанға дейін, сонымен қатар, егер олар жоғары және орта арнайы білім беру жүйесінде күндізгі бөлімде оқыса – 23 жасқа дейін сақтайды.

Егер қайтыс болған асыраушының отбасының мүшелері оның толық асырауында болса немесе одан тұрақты түрде және олар үшін өмір сүрудің негізгі көзі болып табылатын көмек алып отырса, аталған тұлғалар оның асырауында болды деп саналады.

Екі ата-анасынан да айырылған балалар үшін тағайындалған мұндай зейнетақы олардың заңды өкілдеріне (асыраушыларына, қорғаншыларына) төленеді.

Егер сәби оның анасымен некеде тұрған тұлға қайтыс болған соң өмірге келсе, асыраушы қайтыс болған күннен сәби өмірге келгенге дейін тоғыз айдан артық уақыт өтпесе, қайтыс болған тұлға оның әкесі деп жазылуы мүмкін.

Кейіннен жарамсыз деп танылған некеде туған балалар тіркелген некедегі балаларға теңестіріледі, және солардың құқықтарын иелене алады (мысалы, асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақыны алу құқығына қатысты). Сонымен қатар, тіркелмеген некеде тұрған ата-аналарынан туған, алайда қайтыс болған тұлға тиісті мәліметтер бойынша АХАЖ-да әкесі ретінде жазылған балалар да асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алу құқығын иеленеді.

Әкелікті АХАЖ органдарында немесе сот тәртібімен анықтаған жағдайда, баланың туған уақытына қарамастан, бұл балалар да тіркелген некеде туған балалар сияқты асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алу құқығын иеленеді. Өзін баланың әкесі ретінде таныған және баланы күтіп-бағуға және тәрбиелеуге қатысқан тұлға қайтыс болған жағдайда бұл тұлғаны әке ретінде тану фактісі сотта ерекше өндіріс тәртібімен жүргізіледі.

Бұл жағдайлардың барлығында тиісті құжаттар АХАЖ органдарына берілуі тиіс, бұл органдар, өз кезегінде, баланың туу туралы куәлі-

гіне тиісті жазбалар жазады (ата-анасының өтінішінің не сот шешімінің негізінде), содан кейін бұл құжаттар зейнетақы тағайындайтын органға жіберіледі.

Ата-анасының екеуін де, не олардың біреуін ата-аналық құқықтардан айырған жағдайда, олар қайтыс болса, балалар асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алу құқығын жоғалтпайды.

Асырап алған балалар үшін де туған балаларға сияқты зейнетақы тағайындалады, бірақ олардың өздерінің туған (биологиялық) ата-анасы қайтыс болған жағдайда, бұл балалар туған ата-анасының қайтыс болуына байланысты зейнетақы алу құқығын иеленбейді. Алайда, егер мұндай зейнетақы оларды басқа тұлға асырағанға дейін тағайындалса, бұл құқық бұдан кейін де сақталады. Асырап алынған, туған (биологиялық) әкесінің немесе анасының қайтыс болуына орай зейнетақы алушы бала асырап алушы әкесі не анасы қайтыс болғаннан кейін не туған ата-анасының, не асырап алушыларының қайтыс болуына орай зейнетақыны таңдауы тиіс.

Егер бұл фактілер сот тәртібімен дәлелденсе, қайтыс болған асыраушылардың отбасыларына қатысты барлық ережелер хабар-ошарсыз кеткен тұлғалардың немесе қайтыс болды деп жарияланған тұлғалардың отбасыларына да таралады.

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақыларды тағайындау жағдайлары

Заңдарда асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы тағайындаудың негізгі үш шарты көзделген:

- асыраушысынан айырылу;
- отбасы мүшелерінің еңбекке жарамсыздығы;
- қайтыс болған асыраушының асырауында болу.

Аталған үш шарттың барлығы құжатты түрде дәлелденуі тиіс.

Бірінші шартқа – асыраушысынан айырылуына – белгіленген тәртіпте анықталуы тиіс өлім, хабар-ошарсыз кету жатады.

Өлім фактісі АХАЖ органдары берген өлу туралы куәлікпен куәландырылады, әскери қызметшілер үшін – әскери комиссариат, әскери бөлім немесе өзге де әскери мекеме берген құжатпен куәландырылады. Өлім фактісін медициналық тұрғыдан дәлелденген соң өтініш АХАЖ органына жеті күннен, ал зорлап өлтіру, өзін-өзі өлтіру, қайғылы оқиғадан өлу, сонымен қатар, қайтыс болған тұлғаның мәйіті табылған

кезде – өлім орын алған немесе мәйіт табылған күннен бастап бес күннен кешіктірмей берілуі тиіс. Өлімді тіркеу қайтыс болған тұлғаның тұрғылықты жері бойынша немесе ол қайтыс болған жердегі АХАЖ органдарында жүргізіледі. Соттың тұлғаны қайтыс болды деп тану туралы немесе өлім фактісін анықтау туралы шешімдерін тіркеу шешім шығарылған орын бойынша жүргізіледі.

Хабар-ошарсыз кету фактісі сотпен куәландырылады және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларымен реттеледі. Егер азаматтың тұрғылықты жері бойынша не ол туралы, не оның қайда жүргені туралы мәліметтер болмаса, сот бұл азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тануы мүмкін. Соттан немесе тергеуден қашып жүрген тұлғаларды мемлекеттік органдар іздеуді жалғастырса, онда бұл тұлғаларды хабар-ошарсыз кетті деп тануға болмайды.

Сонымен қатар, егер азамат тұрғылықты жері бойынша және оның туыстарына, жақындарына және достарына оның қай жерде екені бір жылдан астам белгісіз болса, және ол өміріне қауіп төндіруі мүмкін немесе оның қайғылы оқиғадан қайтыс болуына әкеп соғуы мүмкін жағдайларда жоғалып кетсе, онда сот тәртібімен бұл азамат қайтыс болды деп жариялануы мүмкін. Жоғалып кеткен тұлғаның қайтыс болған күні ретінде оны қайтыс болды деп таныған сот шешімінің күшіне енген күні саналады.

Хабар-ошарсыз кеткен тұлға немесе қайтыс болды деп танылған тұлға табылған немесе ол өзі келген жағдайда, сот өз шешімінің күшін жояды және қаулының көшірмесін жазбаларға тиісті өзгертулер енгізу және өлім туралы жазбаның күшін жою үшін өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша орналасқан АХАЖ органына жібереді.

Асыраушының хабар-ошарсыз кетуіне немесе қайтыс болды деп жариялануына байланысты зейнетақы жалпы негіздер бойынша тағайындалады. Ал асыраушы табылған, не ол өзі келген жағдайда, мұндай зейнетақыны төлеу тоқтатылады.

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақыны төлеудің екінші шарты болып оның отбасы мүшелерінің еңбекке жарамсыздығы табылады. Бұл жағдайда еңбекке жарамсыздық тұлғалардың және әлеуметтік құбылыстардың әртүрлі санаттарын қамтиды. ҚР 1997 жылғы 18 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» заңында мұндай зейнетақыларды алуға құқылы тұлғалардың өте үлкен шеңбері көрсетілген. Соған қоса, тұлғалардың

әрбір санаты үшін асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақыларды алуға қатысты қосымша шарттар белгіленген. Мысалы, егер қайтыс болған асыраушының 18 жастан асқан балалары, аға-інілері, апа-қарындастары және немерелері осы жасқа толғанға дейін мүгедек болса және олардың еңбекке қабілетті ата-аналары болмаса, онда олар асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алу құқығын иеленеді. Егер олардың ата-анасының кем дегенде біреуі еңбекке қабілетті болса, яғни оларда асыраушы бар, мұндай жағдайда бұл тұлғалар асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алу құқығын иеленбейді.

Егер асыраушының жұбайы (күйеуі немесе әйелі) оның қайтыс болған күніне дейін зейнетақы жасына толса немесе мүгедек болса, яғни еңбекке жарамсыз болса, онда олар асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алу құқығын иеленеді. Асыраушысынан айырылуына байланысты мұндай зейнетақылар аталған тұлғаларға жаңа некеге тұрғаннан кейін де сақталады. Алайда, мұндай зейнетақы жаңа некеге тұрғанға дейін тағайындалмаса, онда жаңа некеге тұрғаннан кейін бұл зейнетақыны тағайындауға болмайды.

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы тағайындау үшін асырауда болған уақыттың мәні жоқ. Сонымен қатар, асыраушының өмірінің соңғы кезеңінде асырау орын алған-алмағаны да ескерілмейді. Өртүрлі жағдайларға орай асыраушыдан бөлек тұрған, оның асырауында қысқа уақыт болған немесе асыраушының өліміне дейін аз уақытқа дейін, мысалы, оның науқастануына не іссапарға кетуіне орай одан көмек алуды тоқтатқан тұлға оның асырауында болған деп танылуы мүмкін.

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алу құқығын иеленудің үшінші шарты болып асырауда болу табылады. Басқаша айттар болсақ, асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға үміткер тұлға тек еңбекке жарамсыз ғана емес, сонымен қатар асыраушының тірі кезінде оның толық асырауында болуы немесе одан тұрақты сипатқа ие және өмір сүрудің негізгі көзі болып табылатын көмек алып тұруы тиіс.

Кәмелетке толмаған балалар бірге немесе бөлек тұратынына қарамастан, ата-анасының екеуінің де асырауында деп саналады. Жұмыс істемейтін ананың балалары да оның асырауында деп саналады.

Ата-ананың асырауында болуы тиісті анықтамалармен расталады. Мұндай анықтамалар болмаған және оларды қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда белгілі бір тұлғаның асырауында болу фактісін сот анықтайды.

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақыны тағайындаудың қосымша шарттарына өлімнің уақыты мен себебі жатады. Бұл зейнетақы асыраушының жұмыста не жұмыстан кейін, не жұмыс тоқтатылғаннан кейін қайтыс болғанына қарамастан тоқтатылады. Егер өлім еңбек жарақатының немесе кәсіптік аурудың салдарынан орын алса, онда асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы асыраушының еңбек стажына қарамастан тағайындалады.

Жәрдемақы тағайындалатын кезең

Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы, қайтыс болған тұлғаның, отбасының мүшесі еңбекке жарамсыз болып саналған кезеңге тағайындалады. Отбасының зейнетақы жасындағы мүшелеріне мұндай зейнетақы өмір бойына тағайындалады.

Отбасының мұндай зейнетақы алу құқығына ие барлық мүшелеріне бір ортақ жәрдемақы тағайындалады. Алайда, отбасы мүшесінің талабы бойынша оның үлесі бөлініп, оған бөлек төленуі мүмкін. Жәрдемақының үлесін бөлу, оны бөлуге қатысты жолданған күннен бастап жүзеге асырылады.

Отбасы мүшелерінің саны өзгерген жағдайда, жәрдемақының мөлшері осындай жәрдемақы алу құқығына ие отбасы мүшелерінің санына қарай тиісті азайтылады немесе көбейтіледі.

Отбасы мүшелерінің біріне жәрдемақы төлеу тоқтатылған жағдайда немесе жәрдемақы төлеу тоқтатылған соң, қайта төленетін жағдайда да жәрдемақының мөлшерін өзгерту мәселесі қаралады.

Асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақының мөлшері

Асыраушысынан айырылуына байланысты айлық зейнетақының ең жоғарғы мөлшері, қайтыс болған тұлғаның отбасының барлық еңбекке жарамсыз мүшелері үшін 10 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

Отбасының мұндай зейнетақы алуға құқы кем дегенде бір мүшесі болған жағдайда, асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақының мөлшері 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады.

Ал:

- отбасының кем дегенде екі мүшесі болған жағдайда – отбасының

әрбір еңбекке жарамсыз мүшесі үшін 3,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

- отбасының кем дегенде үш мүшесі болған жағдайда – отбасының әрбір еңбекке жарамсыз мүшесі үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

- отбасының кем дегенде төрт мүшесі болған жағдайда – отбасының әрбір еңбекке жарамсыз мүшесі үшін 2,5, айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

- отбасының кем дегенде бес мүшесі болған жағдайда – отбасының әрбір еңбекке жарамсыз мүшесі үшін 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады.

Отбасының кем дегенде алты және одан да көп еңбекке жарамсыз мүшелері болған жағдайда, олардың әрқайсысына зейнетақының мөлшері 10 айлық есептік көрсеткіштен теңдей үлес ретінде саналады.

Ата-анасының екеуін де жоғалтқан жағдайда айлық жәрдемақы әрбір бала үшін 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ал отбасының қалған еңбекке жарамсыз мүшелері үшін 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бірақ отбасының барлық еңбекке жарамсыз мүшелері үшін 15 айлық есептік көрсеткіштен аспайтындай мөлшерде тағайындалады.

11-ТАРАУ

МҮГЕДЕКТИГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ

Мүгедектіктің түсінігі. Мүгедектікті анықтау шарттары

«Мүгедектік» сөзінің орысша баламасы «инвалидность» сөзі латынның «invalidus» сөзінен туындаған және «әлсіз, күші жоқ» деген мағынаны білдіреді.

С.Т.Ожеговтың сөздігінде мүгедек «аурудың, жарақаттың салдарынан еңбекке қабілетін жоғалтқан адам» деп анықталған* (Ожегов С. Т. Соч. С.214). В.Дальдың сөздігіне сәйкес, мүгедек – бұл «қызметке қабілетсіз әлсіз, жарақаттанған адам»* (Даль В. Тольковый словарь живого великорусского языка. М.9164., т.2. С.99). Шетелдік сөздері сөздігінде мүгедек «аурудың, жарақаттың немесе дамуындағы туа біткен кемшіліктердің салдарынан өз кәсібі бойынша жұмыс істеуге қабілетсіз адам» ретінде анықталған* (Словарь иностранных слов.М. 1988, с.190). Медициналық әдебиеттерде мүгедектік ретінде «еңбекке қабілеттің созылмалы аурудың, жарақаттың немесе патологиялық жағдайдың салдарынан бұзылуы немесе мардымсыз шектелуі» түсініледі* (Краткая медицинская энциклопедия в 3 тома. \Под ред.Б.В.Петровского. М., 1989, т.1 с.523).

Сонымен, медицина өкілдерінің пікірінше, созылмалы аурудың, жарақаттың немесе патологиялық жағдайдың салдарынан адам толығымен немесе ішінара еңбекке жарамсыз болуы мүмкін, яғни жоғарыда аталған себептердің нәтижесінде адам өзінің еңбек, кәсіби міндеттерін орындай алмайды. Мұндай жағдайларда медицина органдары тұлғаға мүгедектікті тағайындайды.

Бұдан шығатын қорытынды, мүгедектік ретінде медициналық органмен куәландырылған, өмір сүруді шектеуге әкеп соққан қандай да бір аурудың, жарақаттың немесе кемшіліктің салдарынан адамның денсаулығының тұрақты түрде бұзылуы. Бұл ретте өмір сүруді шектеу ретінде ағзаның келесідей функцияларын толығымен немесе ішінара жоғалтуы түсініледі:

- еңбек қызметіне қатысты қабілеттер, яғни өзі дербес, өз әрекеттері арқылы және лауазымдық талаптарға сәйкес еңбек міндеттерін орындау қабілеті;

- өзі дербес жүріп-тұру қабілеті, яғни тұрмыстық және еңбек жағдайларында тепе-теңдікті ұстай отырып, кеңістікте бөтеннің көмегінсіз жүріп-тұру қабілеті;

- өзіне-өзі қызмет көрсету қабілеті, яғни бөтеннің көмегінсіз өмірлік қажеттіктерді, ағзаның физиологиялық функцияларын және санитария мен гигиена талаптарын дербес қанағаттандыру қабілеті;

- қарым-қатынасқа түсу қабілеті, яғни адамдармен мақсатты байланыстарды орнықтыру, ақпаратты беру, қабылдау және түсіну қабілеті;

- өз жүріс-тұрысына бақылау жасау қабілеті, яғни әлеуметтік-тұрмыстық нормаларды ескере отырып, сыртқы және ішкі тітіркендіргіштерге мақсатты түрде жауап беру қабілеті.

Мүгедектікті тағайындауды медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссия (МӘСК) жүзеге асырады. Медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссияға өмір сүрудің және еңбекке қабілеттің тұрақты түрде шектелуінің белгілеріне ие және әлеуметтік қамсыздандыруды қажет ететін тұлғалар жібереді. Медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссия ағза функцияларының, аурудың, жарақаттың немесе туа біткен кемшіліктің салдарынан тұрақты түрде бұзылуын дәлелдейтін диагностикалық емдеу, сауықтыру шараларының негізінде ағзаның жағдайын жалпы бағалаудан да жүргізіледі.

Медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссияға науқас адамдарды денсаулық қорғау мекемелері немесе халықты әлеуметтік қорғау органдары жолдайды. Жолдамада науқас адамның денсаулық жағдайы туралы, ағза функцияларының бұзылуы туралы және жүргізілген емдеудің нәтижелері туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссия келесі міндеттерді орындауы тиіс:

- мүгедектікті, оның себептерін және туындау уақытын анықтау;

- еңбек жарақатының немесе кәсіптік аурудың салдарынан еңбекке қабілетті жоғалтудың дәрежесін анықтау.

Медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссия тұлғаның тұрғылықты жері бойынша немесе денсаулық қорғау мекемесіне бекітілген жерде жүргізіледі.

Егер медициналық көрсетулер бойынша азамат куәландыруға өзі дербес келе алмайтын болса, онда медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссия куәландырылатын тұлғаның үйінде немесе ол емделуде жатқан емдеу мекемесінде жүргізіледі.

Мүгедектіктің себептерінің қатарында жалпы науқастану, еңбек жа-
рақаты немесе кәсіптік ауру, туғаннан орын алған мүгедектік, әскери
қызметшілер үшін – Отанды қорғау немесе әскери қызметтің өзге де
міндеттерін орындау кезінде алынған жаралану, зақым немесе соғыста бо-
луымен байланысты ауру және т.б. орын алуы мүмкін.

Мүгедектікті белгілеу үшін негіздер болып мыналар табылады:

1) аурудың, жарақаттың немесе кемшіліктердің салдарынан ағза
функцияларының тұрақты түрде бұзылуы,

2) өмір сүру қабілетінің толығымен немесе ішінара бұзылуы, яғни
қабілеттердің немесе еңбекпен айналысу мүмкіндіктерінің шектелуі,
сонымен қатар өзіне-өзі қызмет көрсету, жүріп-тұру, қарым-қатынасқа
түсу, оқу, өзіне-өзі бақылау жасау, кеңістікте қозғалу және т.б. қабілет-
терін жоғалту немесе бұл қабілеттердің шектелуі;

3) әлеуметтік қамсыздандыру шараларын алудың қажеттігі.

Аталған негіздердің тек біреуінің болуы мүгедектікті белгілеу үшін
жеткілікті негіз бола алмайды.

Мүгедектікті белгілеген күн болып, азаматтың барлық қажетті құжат-
тарды қоса отырып, өтінішін медициналық санитарлық сараптамалық
комиссияға берген күні саналады.

Мүгедектік топтары

Еңбекке қабілетін жоғалтуының және өмір сүруін шектеуінің дәре-
желеріне қарай мүгедектік үш топқа бөлінеді.

Мүгедектік тобын белгілеу еңбекке қабілетін жоғалтудың дәре-
жесіне байланысты.

Мүгедектіктің I тобын белгілеу үшін негіз болып жалпы аурудың,
жарақаттың немесе туа біткен кемшіліктердің салдарынан еңбекке қабі-
леттің айқын және тұрақты түрде бұзылуы және бұлар кәсіптік еңбекті
тоқтату немесе еңбек жағдайларын елеулі түрде өзгерту қажеттігіне алып
келген жағдай, сонымен қатар дербес жүріп-тұру, қозғалу, оқу, өзіне-
өзі қызмет көрсету, өзінің жүріс-тұрысына бақылау жасау, адамдармен
қарым-қатынастарға түсу мүмкіндігінің болмауы және басқа адамдар-
дың көмегін, күтімін, қадағалауын қажет ететін жағдайлар табылады.

Мүгедектіктің II тобын белгілеу үшін негіз болып аурудың, жара-
қаттың немесе кемшіліктердің салдарынан еңбекке қабілеттің айқын
бұзылуы және бұлардың дербес еңбек ету, қозғалу, оқу, адамдармен
қарым-қатынасқа түсу, өзіне-өзі бақылау жасау және т.б. мүмкіндіктерді

қиындатуы, алайда соған қарамастан бөтен көмекті, күтімді және қадалауды қажет етпейтін жағдайлар табылады.

Мүгедектіктің III тобы аурудың, жарақаттың немесе кемшіліктердің салдарынан ағза функцияларының бұзылуына орай өмір сүру қабілеті шектелген тұлғалар үшін тағайындалады. Аталған жағдайлар мұндай тұлғалардың еңбекке қабілетін елеулі түрде шектесе де, олар одан әрі еңбек ете алады. Жұмыс берушілер III топ мүгедектері болып табылатын тұлғаларды денсаулық жағдайына қарай жеңіл жұмысқа немесе көлемі аз жұмысқа не жоғары біліктілікті талап етпейтін жұмысқа ауыстыруға міндетті.

Мүгедектердің санаттары

Мүгедектігі бойынша зейнетақы алу құқығын еңбекке жарамсыз болған барлық азаматтар иеленеді. Заңдарда оны тағайындаудың тек бір ғана негізі – мүгедектік белгіленген.

Заңдардағы ережелер бойынша мүгедектің себептеріне қарай мүгедектік бойынша зейнетақының және оны алуға құқылы тұлғалардың келесі түрлері бар:

а) жалпы аурудың, еңбек жарақатының немесе кәсіптік аурудың салдарынан орын алған мүгедектік бойынша зейнетақы;

ә) 16 жасқа дейінгі мүгедек-балалар;

б) туғаннан мүгедек жандар;

в) әскери қызметті өтеу барысында орын алған жарақат, контузия, жазым, науқастың салдарынан мүгедектігі туындаған мерзімді қызметті атқаратын әскери қызметшілер қатарындағы мүгедектер; ядролық объектілердің, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердің не ядролық объектілердегі апатты жағдайлардың салдарын жою кезінде мүгедектігі туындаған тұлғалар;

г) әскери қызметшілер (мерзімді қызметті атқаратын әскери қызметшілерден басқасы), ішкі істер органдары мен ҚР бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің басқарушы және қатардағы құрамындағы қызметшілері – әскери қызметтегі міндеттерді орындауға қатысы жоқ қайғылы оқиғаның немесе әскери және қызметтік борышты орындауға қатысы жоқ аурудың салдарынан орын алған жарақаттың нәтижесінде мүгедектікке ұшырағанда;

ғ) әскери қызметшілер (мерзімді қызметті атқаратын әскери қызметшілерден басқасы), ішкі істер органдары мен ҚР бұрынғы Мем-

лекеттік тергеу комитетінің басқарушы және қатардағы құрамындағы қызметшілері – әскери қызметтегі міндеттерді орындау кезінде немесе әскери және қызметтік борышты орындау кезінде орын алған жарақаттың, контузияның, аурудың нәтижесінде мүгедектікке ұшырағанда;

д) төтенше экологиялық жағдайлардың, соның ішінде ядролық жарылыстарды өткізу не оларды сынақтан өткізу кезінде радиациялық әсер етудің салдарынан мүгедек болғандар – себепті байланыс анықталған жағдайда.

Мүгедектік еңбек жарақатынан туындады деп, мына жағдайларда саналады:

- еңбек міндеттерін орындау кезінде, сонымен қатар ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің мүддесіне байланысты қандай да бір әрекеттер жасаған кезде;

- жұмысқа бара жатқан немесе жұмыстан қайтып келе жатқан жолда;

- жұмыс уақыты барысында кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның аумағында немесе өзге де жұмыс орнында, сонымен қатар жұмысқа дейін не одан кейін;

- мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау кезінде;

- өмірді сақтауға, мемлекеттік, ұжымдық немесе жеке меншікті қорғау кезінде, сонымен қатар құқықтық тәртіпті сақтау кезінде;

- өндірістік тәжірибеден, өндірістік оқудан өту кезінде немесе тәжірибе сабақтары уақытында.

Еңбек жарақаты салдарынан мүгедектігі бойынша зейнетақы тағайындау үшін негізгі құжат болып қайғылы оқиға туралы акт немесе өзге де ресми құжат табылады, бұл құжатта еңбек жарақатының жұмыспен байланыстылығы көрсетілуі тиіс.

Сонымен қатар, өндірістегі қайғылы оқиғаны растайтын құжат болып соттың үкімі, еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың және өзге де лауазымды тұлғалардың қайғылы оқиғаның себептері туралы қорытындысы, қайғылы оқиғаның орын алғаны үшін кінәлі тұлғаларды тәртіптік жазалау туралы бұйрық та табылуы мүмкін.

Жұмыспен байланысты қайғылы оқиға фактісі сот тәртібімен де анықталуы мүмкін. Егер өндірістегі қайғылы оқиға туралы құжаттарды беруге міндетті органдар бұны істеуден бас тартса немесе жоғалтылған құжаттарды қалпына келтіру мүмкін болмаса, сот қайғылы оқиға фактісін анықтау туралы өтінішті қарауға қабылдайды.

Кәсіптік ауру еңбек жарақатына теңестіріледі. Кәсіптік ауру ретінде осы кәсіпке тән еңбек жағдайларының, зиянды өндірістік факторлар-

дың адам ағзасына зиянды әсер ету салдарынан туындаған ауру танылады. Еңбек жарақатына қарағанда, кәсіптік ауру осы кәсіпке тән зиянды факторлардың жүйелі түрде және ұзақ әсер етуінің нәтижесінде баяу, біртіндеп, байқалмай дамиды. Медициналық әлеуметтік сараптамалық комиссия науқастанған тұлға қызмет еткен еңбек жағдайларының ерекшеліктерін ескере отырып, аурудың сипатын анықтайды, аурудың кәсіппен байланыстылығына негіздеме және біліктілік қорытындысын береді. Бұл қорытындыға сәйкес кәсіптік ауру еңбек жарақатына теңестіріледі және мүгедектігіне байланысты зейнетақы алу құқығын береді.

Еңбек жарақаты немесе кәсіптік ауру салдарынан орын алған мүгедектікке қатысты зейнетақы еңбек стажына қарамастан тағайындалады. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық өндірістерде еңбек қатынастары тәртібінде жұмыс істейтін тұлғалардың барлығы аталған зейнетақыны алу құқығын иеленеді. Бұл ретте еңбек жарақатын алған және кәсіптік ауруға ұшырыған адамның уақытша, маусымдық немесе тұрақты жұмыста, негізгі жұмысында не басқа қызметті бірлесе істегені ескерілмейді.

Мүгедектігі бойынша зейнетақы мүгедектіктің себебіне, еңбек стажының бар-жоқ екендігіне немесе оның ұзақтығына. Сонымен қатар, мүгедектің жұмыс уақытында, жұмысқа орналасқанға дейін немесе жұмыс аяқталған соң орын алғанына қарамастан тағайындалады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, мүгедектігіне байланысты зейнетақы мүгедектіктің себебіне қарамастан, тіпті қасақана әрекетті жасау себепті немесе өз денсаулығына қасақана зиян келтіруі себепті мүгедектіктің орын алуы сот тәртібімен дәлелденген жағдайда да тағайындалады.

Жоғарыда аталған жағдайларда, мүгедек тұлғада еңбек стажы болмаған кезде оған мүгедектігі бойынша әлеуметтік зейнетақы тағайындалады. Мұндай жағдайда мүгедекте жинақталған зейнетақы қаражаты болса (олар жасына байланысты зейнетақының жинақтаушы бөлігі ретінде танылады), жасына байланысты зейнетақының жинақтаушы бөлігі бұл тұлғаға, заңдарда белгіленген жасқа толған кезде, ал туғанынан II және III топ мүгедектері үшін – зейнетақы жасына қарамастан тағайындалады.

Мүгедектігі бойынша зейнетақының мөлшері

Мүгедектігі бойынша зейнетақының мөлшері оның ауырлығына, яғни мүгедектік тобына байланысты болады.

1. а), ә), б), в) – тармақтарында аталған мүгедектер үшін мүгедектік келесідей мөлшерде тағайындалады:

- I топ мүгедектері үшін – тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 7 айлық есептік көрсеткіш;
- II топ мүгедектері үшін – 5 айлық есептік көрсеткіш;
- III топ мүгедектері үшін – 3 айлық есептік көрсеткіш;
- 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін – 4 айлық есептік көрсеткіш;
- туғанынан I топ мүгедектері үшін – 7 айлық есептік көрсеткіш;
- туғанынан II топ мүгедектері үшін – 5,5 айлық есептік көрсеткіш;
- туғанынан III топ мүгедектері үшін – 4 айлық есептік көрсеткіш.

2. г), ғ) – тармақтарында аталған мүгедектер үшін мүгедектік келесідей мөлшерде тағайындалады:

- I топ мүгедектері үшін – 9 айлық есептік көрсеткіш;
- II топ мүгедектері үшін – 7 айлық есептік көрсеткіш;
- III топ мүгедектері үшін – 5 айлық есептік көрсеткіш.

3. д) – тармағында аталған мүгедектер үшін мүгедектік келесідей мөлшерде тағайындалады:

- I топ мүгедектері үшін – 16 айлық есептік көрсеткіш;
- II топ мүгедектері үшін – 11 айлық есептік көрсеткіш;
- III топ мүгедектері үшін – 7 айлық есептік көрсеткіш.

Егер Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан және жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін жинақталған зейнетақы төлемдерінің мөлшері мүгедектердің тиісті санаты үшін белгіленген мүгедектігіне байланысты айлық зейнетақының мөлшерінен аз болса, онда төлем мүгедектердің осы санаты үшін белгіленген мөлшерге қосымша төлемдер қосыла отырып төленеді.

12-ТАРАУ

ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ЖЫЛДАРЫ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫ

Еңбек сіңірген жылдары арнайы стаж ретінде

Еңбек сіңірген жылдары – бұл қызметкерлердің жекелеген санаттарының арнайы еңбек стажының ерекше түрі, олар кәсіптік (жалпы емес) еңбекке қабілеттің жоғалуына және заңдарда белгіленген жасқа дейін зейнетке шығуына байланысты тұлғаға жеңілдетілген жағдайларда зейнетақылық қамсыздандыруға құқық береді.

Еңбек сіңірген жылдарға да жалпы еңбек стажының сипаттары тән, алайда еңбек стажының бұл түрінің өзінше бір ерекшеліктері де бар.

Еңбек сіңірген жылдарын есепке алу кезінде зейнетақы белгілі бір жасқа толумен байланысты емес, ал қызметкерлердің кейбір жекелеген санаттарының белгілі бір уақыттан соң өздерінің кәсіптік қасиеттерін жоғалтуына және белгіленген зейнетақы жасына дейін өз мамандығы бойынша толыққанды жұмыс істей алмауына орай тағайындалады. Сол себепті, оларға зейнетақы мамандығы бойынша жоғалған кәсіптік еңбекке қабілетін ішінара өтеу ретінде тағайындалады.

Еңбек сіңірген жылдары бойынша мемлекеттік зейнетақылық қамсыздандыру бұрыннан бар. Еңбек стажының бұл түрі шамамен алғанда ХХ-ғасырдың 20-жылдарының ортасында, кәсіптік әскери қызмет пайда болған кезеңде енгізілген.

Қазіргі кезде норма-жеңілдік ретіндегі еңбек сіңірген жылдары қызметкерлердің көптеген санаттарына, алайда негізінен әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және т.б. қатысты қолданылады. Бұл жөнінде төменде толығырақ айтып өтеміз.

Еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы алу құқығына ие тұлғалар

Әскери қызметшілердің (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқа), арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитеті, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар:

1) арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметте кемінде 25 жыл болса, еңбек сіңірген қызметте тұрудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекті жасына жеткен;

2) арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметте кемінде 25 жыл стажы болса, штаттың қысқартылуы немесе денсаулық жағдайы бойынша босатылған;

3) арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының офицерлері, прапорщиктері (мичмандары), орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдары, сондай-ақ арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын, келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген, әскери қызметте және ішкі істер органдарындағы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі комитетінде, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекті жасына жетуі бойынша, штатты қысқарту немесе денсаулық жағдайы бойынша қызметтен босатылған, жиырма бес жыл және одан да көп жалпы еңбек стажы бар, оның кемінде он екі жыл алты айында үздіксіз әскери қызмет және ішкі істер органдарында қызмет атқарған адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

Әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының, Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі органдарының, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің, прокуратураның, қаржы (салық) полициясы органдарының, кеден органдарының, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі органдарының қызметкерлері арасынан зейнеткерлерді әскери (арнайы) атақ, сыныптық шен бере отырып, мемлекеттік қызметке алғанда зейнетақы төлеу қызметке тағайындалған күннен бастап тоқтатылады.

Еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақының мөлшері

Орталықтан толық көлемінде төленетін зейнетақы төлемдері әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының және Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару комитетінің қызметкерлеріне ақшалай қаражаттың елу проценті есебінен төленеді.

Орталықтан толық емес көлемде төленетін зейнетақы төлемдері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еңбек сіңірген жылдарының және еңбек стажының әр жылға шаққанда ақшалай қаражаттың екі проценті есебінен белгіленеді.

Зейнетақы төлемдері әскери қызметтегі, ішкі істер органдарындағы және Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетіндегі қызметте жиырма бес жылдан астам еңбек сіңірген жылдарының әр жылы үшін екі процентке, еңбек стажының әр жылы үшін бір процентке көбейтіледі.

Еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақының жалпы мөлшерін ақшалай қаражаттың алпыс бес процентінен асыруға болмайды. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне айлық зейнетақы төлемдерінің ең жоғарғы мөлшерін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес еселенген мөлшерінен асыруға болмайды.

Ақшалай қаражат мөлшеріне лауазымдық айлық ақысы, әскери (арнаулы) атағы бойынша айлық ақысы (қосымша ақысы) кіреді.

Еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы тағайындау және төлеу мерзімдері

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының және Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару комитетінің қызметкерлеріне тағайындалған зейнетақы төлемдерін республикалық бюджет қаражаты есебінен төлеу қызметтен босаған (жеке құрам тізімнен шығарылған) күннен бастап, бірақ оларға ақшалай қаражат төленген күннен кейін жүзеге асырылады.

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының және Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару комитетінің қызметкерлеріне тиісті қызметтерді ұстауға көзделген қаражат есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру алушылардың еңбекақысы немесе басқа да табысы болуына қарамастан толық жүргізіледі.

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының және Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару комитетінің қызметкерлеріне жеке жинақтаған зейнетақы қаражатының есебінен зейнетақы төлемдері зейнетақы шартына сәйкес жүргізіледі.

Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының және Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің қызметкерлерін зейнетақылық қамсыздандыруды жүзеге асыратын органдар. Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының және Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің қызметкерлеріне зейнетақы төлемдерін тағайындауды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі және Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және т.б. тиісті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырады.

Жоғарыда аталған зейнеткерлер санатын жинақтаушы зейнетақы қорларына салынатын міндетті және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақылық қамсыздандыру Қазақстан Республикасының «ҚР-да зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

13-ТАРАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР

Әлеуметтік зейнетақының түсінігі

Әлеуметтік зейнетақылар – бұл еңбек зейнетақысын алуға құқығы жоқ тұлғалардың өмір сүруінің негізгі көзі ретінде мемлекеттік бюджеттен төленетін ай сайынғы ұзақ мерзімдік төлемдер.

Әлеуметтік зейнетақылар әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңдарға алғаш рет 1991 жылғы 1 қаңтардағы «КСРО азаматтарын зейнетақылық қамсыздандыру туралы» заңымен енгізілді.

Әлеуметтік зейнетақы зейнетақылардың мемлекеттің бюджеттен қаржыландырылатын кепілденген түрі болып табылады. Әлеуметтік зейнетақыны енгізудің негізгі мақсаты еңбек стажының жоқтығына байланысты еңбек зейнетақысына құқықты иеленбеген тұлғаларды мемлекетпен кепілденген ең төменгі ақшалай көмекпен қамсыздандыру болып табылады. Осы себепті әлеуметтік зейнетақылар еңбек стажына және жалақаның мөлшеріне қандай да бір талаптарды қоймастан тағайындалады.

Әлеуметтік зейнетақыларды берудің құқықтық режимі зейнетақы алушылардың санатына қарай, субъективтік белгіге қарай түрлерге бөлінеді: зейнетақы жасындағы тұлғалар, барлық топтағы мүгедектер, туғанынан мүгедек жандар, сонымен қатар еңбек зейнетақысын алу құқығын қандай да бір себептермен иеленбеген өзге де тұлғалар.

Әлеуметтік зейнетақыны тағайындау үшін негіз болып, еңбекке жарамсыздық және еңбек зейнетақысын алу құқығының болмауы табылады.

Әлеуметтік зейнетақы алатын тұлғалар

Әлеуметтік зейнетақы алу құқығын келесі еңбекке жарамсыз тұлғалар иеленеді:

1. мүгедектер, мүгедек балалар, туғанынан мүгедек жандар;
2. ата-анасының біреуінен не екеуінен да айырылған 18 жасқа толмаған балалар;
3. еңбек стажының болмауына байланысты еңбек зейнетақысын алу құқығын иеленбеген тұлғалар.

Әлеуметтік зейнетақының мөлшері. Еңбек зейнетақымен салыстырғанда әлеуметтік зейнетақы жалақыдан есептелмейді, бұл зейнетақы еңбекке жарамсыз азаматтардың әртүрлі санаты үшін түрліше қатаң бекітілген сомада тағайындалады.

Әлеуметтік зейнетақының мөлшері өмір сүру деңгейінің ең төменгі мөлшерінің кем дегенде 80 %-ын құрауы тиіс. Бұл зейнетақыны зейнетақылық жасқа толған, бірақ қандай да бір себептермен жұмыс істемеген не қажетті еңбек стажын иеленбеген және зейнетақы қорларында жинақталған зейнетақы қаражаты жоқ тұлғалар алуы тиіс. Әлеуметтік зейнетақы мұрагерлік жолымен берілмейді.

14-ТАРАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ЖӘРДЕМАҚЫЛАР

Жәрдемақылардың түсінігі, ерекшеліктері және түрлері

Зейнетақылар азаматтарға не заңдарда белгіленген жасқа толған кезде, не олар өмір сүрудің негізгі көзі ретіндегі жалақыны жоғалтқан кезде, заңдарда белгіленген жағдайлар орын алғанда беріледі.

Алайда, азаматтардың еңбекке қабілетін жоғалтпай-ақ және өмір сүруі шектелместен де, тіпті одан әрі еңбек ету мүмкіндігін иелене отырып та, яғни жалақысын жоғалтпастан да материалдық көмекті қажет ететін кездері болады. Мысалы, ауырған кезде, бала туған кезде және т.б. Мұндай жағдайларда мемлекет өз азаматтарына жәрдемақы түрінде көмек береді.

Жәрдемақылар заңдарда көзделген жағдайларда беріледі. Олар, әдетте, әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған тұлғаларға негізінен бюджеттік қаражат есебінен немесе жұмыс берушілердің қаражаты есебінен беріледі.

Әлеуметтік қамсыздандырудағы жәрдемақылар – бұл заңдарда көзделген жағдайларда берілетін, азаматтарға мемлекеттік көмек көрсету сипатына ие мерзімдік ақшалай әлеуметтік төлемдер.

Жәрдемақылар, әлеуметтік көмек сияқты, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде маңызды орынды иеленген. Біздің мемлекетіміздің тарихында жәрдемақылардың кейбір отбасылардың өмір сүруінің жалғыз көзі болып табылған кездері болған. Бұл 90-жылдарда әлеуметтік күйзеліс пен жұмыссыздық белең алған кезде, әсіресе, көпбалалы жас отбасылар үшін аса қажет болды.

Жәрдемақылар ақшалай нысанда беріледі, олар көмекке мұқтаж отбасылар мен азаматтардың табыстарын реттеуге бағытталған. Жәрдемақылардың негізгі мақсаты отбасылар мен азаматтар заңдарда көзделген кезеңдерде, мұқтаждыққа ұшыраған кезде мемлекеттің оларға материалдық көмек көрсетуінен тұрады.

Жәрдемақылардың белгілері

Жәрдемақылар бірқатар айрықша белгілерге ие, бұл белгілер оларды зейнетақылардан, өтемақылардан, материалдық көмектен ерекшелендіреді. Мұндай белгілерге мыналар жатады:

1) жәрдемақы алуға құқылы тұлғалар шеңбері. Егер зейнетақы алу құқығын негізінен жұмыс істемейтін азаматтар иеленсе, жәрдемақылар барлық тұлғаларға бағытталған;

2) жәрдемақылардың мақсатты бағыттылығы. Жәрдемақылар уақытша жоғалтылған жалақыны толығымен, не ішінара орнын толтыру немесе заңдарда көзделген жағдайларда отбасының қосымша шығындарының орнын толтыру мақсатында төленеді;

3) жәрдемақыларды төлеу мерзімдері. Жәрдемақылар, жоғарыда атап өткеніміздей, уақытша жоғалтылған жалақының немесе қосымша шығындардың орнын толтыру үшін тұрақты түрде емес, уақытша төленеді. Ал зейнетақы, мысалы, тұрақты түрде төленеді.

Жәрдемақылардың түрлері

Жәрдемақылардың түрлерінің көптігі оларды белгілі бір белгілері, мақсаттары және міндеттері бойынша түрлерге бөлу, топтастыру қажеттігін туғызады.

Біздің көзқарасымызша, жәрдемақыларды топтастырудың басты белгісі болып, жәрдемақыларды берудің әлеуметтік-құқықтық негіздері және мақсатты бағыттылығы табылады. Бұл белгі жәрдемақылардың мақсатты бағыттылығын ғана емес, сонымен қатар оны алуға құқылы тұлғалардың құрамын және оны төлеудің ұзақтығын анықтайтындықтан да, біз оны (белгіні) басты деп атап отырмыз. Осы саладағы заңдарға талдау жасау, жәрдемақылардың келесі түрлерін анықтауға мүмкіндік береді.

1) Жәрдемақылардың бірінші тобының негізіне еңбекке уақытша жарамсыздық жатқызылған. Оларға мыналар жатады: ауырған жағдайдағы, отбасының науқстанған мүшесін күту қажеттігімен байланысты, туберкулезбен немесе кәсіптік аурумен науқстануға байланысты, басқа жұмысқа ауысумен байланысты, протездік-ортопедтік стационарға жатқыза отырып, протездеумен байланысты жәрдемақылар. Жәрдемақылардың бұл түрлерінің барлығы құжаттық куәландыру кезінде беріледі, жәрдемақының өзі де осыған орай төленеді. Әдетте, бұл жәрдемақы-

лардың мөлшері жалақының мөлшеріне байланысты болады және оларды төлеу жалақыдан айырылған бүкіл кезең бойы жүзеге асырылады;

2) Жәрдемақылардың екінші тобына бала туумен және кәмелетке толмаған балалармен байланысты жәрдемақылар жатады. Бала туу, балалар мен аналарға материалдық қолдау көрсету қажеттігін туғызады. Мұндай жағдайға қатысты жәрдемақылар алуан түрлі болып келеді: жүктілігіне және бала тууға байланысты жәрдемақылар, бала туу кезіндегі бір жолғы жәрдемақылар және т.б.;

3) Жәрдемақылардың үшінші тобына жалақыдан айырылған кездегі кезеңге өмір сүру көзін қамтамасыз етуі тиіс жәрдемақылар жатады. Олардың негізі болып, азаматтарға тәуелсіз жағдайлардан орын алған жұмыссыздық табылады. Бұл топтың жәрдемақылары Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңына сәйкес төленеді. Бұл жәрдемақының мөлшері жәрдемақыны алушы нақты тұлғаларға қарай әртүрлі болуы мүмкін;

4) Жәрдемақылардың төртінші тобына ерекше жағдайларда – отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда, оны жерлеу қажеттігі туған кезде, табиғи апаттар орын алғанда және т.б. кездерде отбасына материалдық қолдау көрсету мақсатында берілетін жәрдемақылар жатады. Бұл жәрдемақылардың мөлшері оны алушыда жалақының бар-жоқтығына және оның мөлшерінің қандай екеніне тәуелді болмайды.

Жәрдемақылардың маңызды белгісі болып, оларды төлеудің ұзақтығы да табылады. Жәрдемақылар осы белгісі бойынша бір жолғы, мерзімдік және ай сайынғы.

1) Бір жолғы төлемдерге бала туған кезде, оралмандарға берілетін, жерлеуге және т.б. қатысты берілетін жәрдемақылар жатады. Олар әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі заңдарда көзделген жағдайлар орын алғанда, азаматтардың қосымша шығындарын өтеу үшін арналған;

2) Мерзімдік жәрдемақыларға белгілі бір уақытта төленетін жәрдемақылар жатады (мысалы, ауырған кезде, жүктілігіне және босануына байланысты және т.б. жағдайларда төленетін жәрдемақылар). Мерзімдік жәрдемақылардың мақсаты болып, заңдарда көзделген жағдайлар орын алған жағдайда, жалақыдан айырылу кезінде, оны толығымен немесе ішінара орнын толтыру табылады. Мерзімдік жәрдемақылардың біржолғы жәрдемақылардан айырмашылығы – олар уақытта белгілі бір ұзақтыққа ие болады, алайда олар ай сайынғы жәрдемақыларға айналмайды;

3) Ай сайынғы жәрдемақылар ұзақ уақыт бойы, белгілі бір уақыт ішінде тұрақты түрде төленеді. Бұл жәрдемқыларды төлеудің ұзақтығы заңдарда анықталған және жәрдемақы түріне тәуелді болады. Аталған жәрдемақылардың қатарына мүгедек баланы 16 жасқа дейін күтуге, оқушыларды 23 жасқа дейін күтуге қатысты және т.б. жәрдемақылар жатады.

Жәрдемақылар, сонымен қатар, жәрдемақының қандай да бір түрі төленетін тұлғалар шеңбері бойынша да түрлерге бөлінеді. Жәрдемақылар осы белгісі бойынша келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы;
- 2) жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақы;
- 3) бала туған кезде берілетін жәрдемақы;
- 4) жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақы;
- 5) балалары бар азаматтарға берілетін жәрдемақы;
- 6) оралмандарға берілетін жәрдемақы;
- 7) қолайсыз аудандарда тұратын азаматтарға берілетін жәрдемақы;
- 8) азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін өзге де жәрдемақылар.

Жәрдемақылардың мөлшері

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі заңдарында жәрдемақылардың мөлшерін анықтаудың бірыңғай тәртібі анықталмаған, сол себепті жәрдемақылардың мөлшерін анықтау үшін бірнеше тәсілдер көзделген.

1-тәсіл – жәрдемақының мөлшерін негіздік сомада анықтау. Бұл тәсілмен, негізінен, уақытша жоғалтылған жалақыны өтеуге бағытталған және табыстың өзге көздерімен бірге төленетін жәрдемақылардың мөлшері анықталады (мысалы, бала тууға байланысты, жүктілігіне және босануына байланысты және т.б. жәрдемақылар).

Жәрдемақының мөлшерін анықтау үшін негіздік сома ретінде айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады. Мысалы, бала туған кездегі жәрдемақының мөлшері 15 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

2-тәсіл – жәрдемақының мөлшерін өмір сүру деңгейінің ең төменгі мөлшеріне немесе кедейліктің шегіне қарай анықтау. Мемлекет жәрдемақылардың жекелеген түрлерінің мөлшерін, өмір сүру деңгейінің ең төменгі мөлшеріне қарай анықтайды. Бұл жәрдемақылар көмекке мұқтаж азаматтарды қандай да бір өмір сүру көзімен қамтамасыз ету

мақсатында беріледі. Мысалы, тұлғаға немесе отбасына берілетін атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері адам басына келетін табыстың және облыстарда, Алматы және Астана қалаларындағы кедейлік шегінің арасындағы айырмашылығы түрінде есептеледі.

3-тәсіл – бұл жәрдемақының мөлшерін оны алушының жалақысына қарай анықтау. Осы тәсіл арқылы жәрдемақы алушының уақытша жоғалтылған жалақысын толығымен немесе ішінара өтеуі тиіс жәрдемақылардың мөлшері анықталады. Мысалы, жұмыс істейтін азаматтарға еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты, жәрдемақылар орташа айлық жалақы есебінде төленеді. Бұл ретте еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты, айлық жәрдемақының мөлшері Қазақстан Республикасының тиісті жылдың республикалық бюджетіне арналған заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он бес еселік мөлшерінен аспауы тиіс.

Жәрдемақыларды төлеу көздері

Әлеуметтік жәрдемақылар міндетті әлеуметтік қамсыздандыруға жататын тұлғалардың негізгі жұмыс орны бойынша, келесі кезектілікпен төленеді:

- мемлекеттік мекемелермен – тиісті ерекшеліктер бойынша, бұл ретте есеп беру кезеңінен есептелген әлеуметтік салық сомасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, осы кезеңге тағайындалған еңбекке уақытша жарамсыздығына, жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақылардың сомасына (еңбекке ақы төлеу қорының 1,5 % мөлшерінде) азайтылады;

- өзге жұмыс берушілермен – өз қаражаты есебінен, яғни жиынтық жылдық табысы салық төлеушілердің уақытша жарамсыздыққа, жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақыларды (еңбекке ақы төлеу қорының 1,5 % мөлшерінде) төлеуге кеткен шығындарының сомасына дейін азайтылады.

15-ТАРАУ

ЖҮКТІЛІГІНЕ ЖӘНЕ БОСАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖӘРДЕМАҚЫЛАР

Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақының түсінігі

Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақылар – азаматтарға бала туған кезде берілетін жәрдемақылардың бір түрі, әйелге жүктілігі және босануы бойынша, еңбек демалысы кезінде төленетін ақшалай соманы білдіреді.

Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақыларды алу құқығын, жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұрған барлық әйелдер ұйымда істеген жұмысының ұзақтығына қарамастан иеленеді.

Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақыларды төлеу кезеңдері

Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақыларды төлеу, жүктілігіне және босануына байланысты еңбек демалысының бүкіл кезеңіне төленеді. Әйелдерге жүктілігі мен босануы бойынша, босанғанға дейін ұзақтығы 70 күнтізбелік күнге, босанғаннан кейін 56 (ауыр босанған немесе екі не одан да көп бала туған жағдайда жетпіс) күнтізбелік күнге демалыс беріледі. Есептеу жиынтықтап жүргізіледі және демалыс әйелдің ұйымда жұмыста істеу ұзақтығына қарамастан, жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүктілігіне және босануы бойынша осы кезеңге төленген жәрдемақыны босанғанға дейін нақты пайдаланған күндердің санына қарамастан оған толық беріледі.

Босанғанға дейінгі еңбек демалысының басталу күнін дәрігер анықтайды. Босанғанға дейінгі еңбек демалысы заңдарда көрсетілген мерзімнен асып кетуі де не оған жетпеуі де мүмкін. Мұндай жағдайларда жүктілігіне және босануына байланысты еңбек демалысының дұрыс анықталмаған мерзімі ұзартылмайды, себебі бұл демалысты есептеу босанғанға дейінгі күндерді пайдаланған-пайдаланбағанына қарамастан жиынтықтап жүргізіледі.

Босанғаннан кейінгі еңбек демалысының мақсаты – ананың денсаулығы мен күшін қалпына келтіру және жаңа туған нәрестеге күтім жа-

сау. Сондықтан, мұндай еңбек демалысы тек бала туған әйелдерге ғана емес, сонымен қатар жаңа туған нәрестелерді тікелей перзентханадан асырап алған әйелдер мен еркектерге де беріледі. Мұндай жағдайда жаңа туған нәрестелерді тікелей перзентханадан асырап алған әйелдерге (еркектерге) бала асырап алған күннен бастап, сәбидің дүниеге келген күнінен 56 күнге толғанға дейін кезеңге (ата-анасының біріне) демалыс беріліп, оның ұйымда жұмыс істеу ұзақтығына қарамастан, жұмыс берушінің қаражаты есебінен оған осы кезеңге жәрдемақы төленеді. Босанғаннан кейінгі еңбек демалысына шығу құқығын, жаңа туған нәрестесі қайтыс болған әйелдер де иеленеді. Егер жүктілік кезеңінде әйелде түсік болса, онда бұл әйелге еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты еңбек демалысы беріледі.

Жүктілікті жасанды жолмен тоқтатуға қатысты, жәрдемақы уақытша еңбекке жарамсыз болған алғашқы 2 күн үшін төленеді.

Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақының мөлшері

Жұмыс істейтін әйелдерге жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақылар, жүктілігіне және босануына байланысты еңбек демалысының бүкіл кезеңіне жалақының 100 проценті мөлшерінде төленеді. Жәрдемақының мөлшері жинақталып есептеледі және әйелдерге босанғанға дейін іс жүзінде пайдаланған күндердің санына қарамастан толық көлемде (яғни, 126 күнтізбелік күн үшін) төленеді.

Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақылар тағайындау және төлеу үшін негіз болып, белгіленген тәртіпте берілетін еңбекке уақытша жарамсыздық қағазы табылады. Еңбекке уақытша жарамсыздық қағазын жоғалтып алған жағдайда, жәрдемақы оның көшірмесі бойынша беріледі (*Қазақстан Республикасының денсаулық қорғау істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2000 жылғы 29 желтоқсандағы № 859 «Азаматтарға еңбекке жарамсыздығы туралы қағаздарды беру ережелерін бекіту туралы» бұйрығы*).

Жәрдемақыны төлеу мерзімі

Жұмыс істейтін әйелдерге жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақылар еңбек демалысының бүкіл уақытына беріледі. Жүктілігіне және босануына байланысты еңбек демалысының күндері,

босанғаннан кейінгі еңбек демалысының күндерімен біріге жинақталып есептеле отырып, 126 күнтізбелік күнді құрайды және бұл кездегі төленетін жәрдемақы біржолғы болып табылады. Ауыр босанған немесе екі не одан да көп бала туған жағдайда жәрдемақы 140 күнтізбелік күн үшін төленеді.

Баласы үш жасқа толғанға дейін жалақысы сақталмайтын еңбек демалысын алған және осы кезеңде жұмысқа шықпаған әйелдер босанған жағдайда, оларға босануына және жүктілігіне байланысты жәрдемақы төленбейді. Егер бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге арналған еңбек демалысы аяқталған жағдайда жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақыны алу құқығы туындаса, онда жәрдемақы жалақысы сақталмайтын еңбек демалысы аяқталған бірінші күннен бастап төленеді.

Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақыны төлеудің жалпы тәртібі

Әйелдерге жүктілігіне және босануына байланысты еңбек демалысы, әйелдерге кеңес беру немесе өзге де емдеу мекемелері белгіленген тәртіпте беретін еңбекке уақытша жарамсыз қағазының негізінде беріледі. Жалпы, ереже бойынша аурухана қағазы жүктіліктің 28-аптасынан бастап беріледі. Әйелдердің кейбір санаттары үшін (мысалы, көпбалалы жүктілік және т.б.) аурухана қағазы аталған мерзімнен ертерек берілуі мүмкін.

Аурухана қағазы бір мезетте 126 аптаға (босанғанға дейінгі 70 күнтізбелік күн және босанғаннан кейінгі 56 күнтізбелік күн). Ауыр босанған жағдайда 14 күнтізбелік күндік ұзақтықты көздейтін қосымша аурухана қағазы беріледі.

Әйел адам жүктіліктің 30-аптасына дейін босанып, тірі бала туған жағдайда әйелді босандырған емдеу мекемесі жүктілігіне және босануына байланысты жарамсыздық қағазын 126 күнтізбелік күнге береді.

Әйел адам баланы күтуге байланысты еңбек демалысында немесе жалақысы сақталмайтын қосымша еңбек демалысында болған кезеңде, жүктілігіне және босануына байланысты еңбек демалысы туындаған жағдайда еңбекке жарамсыздық қағазы жалпы негіздер бойынша беріледі.

Ұйымның жұмысы уақытша тоқтаған кезде, өндірістің уақытша қысқартылуына орай жалақысы сақталмайтын еңбек демалысына еріксіз шыққан кезде, жүктілігіне және босануына байланысты еңбек демалысы

сы туындаған кезде, әйелдерге жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақы аталған кезең туындағанға дейін жалақыдан есептеледі және жүктілігіне және босануына байланысты еңбек демалысы кезеңіндегі бүкіл күндер үшін толық көлемде төленеді.

Егер әйел адамның кінәлігі анықталса, жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақы қамауда, сот-медициналық сараптамада болған кездері үшін, сонымен қатар, соттың ұйғарымы бойынша мәжбүрлі түрде емдеуде болған (жүйке ауруына шалдыққандардан басқалары) кездері үшін төленбейді.

Қызметтен босатудың дұрыстығы туралы дау кезінде, қызметкер жұмысқа қайта алынса, жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақы оған құқық туындаған бірінші күннен бастап төленеді.

16-ТАРАУ

БАЛА ТУУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖӘРДЕМАҚЫ

Бала тууға байланысты жәрдемақының түсінігі

Бұл жәрдемақы бала туған кезде берілетін бір жолғы ақшалай соманы білдіреді. Ол отбасының бала туған кездегі қосымша шығындарын жабуға бағытталған.

Бала тууға және (оны асырап алуға) құқылы тұлғалар

Бала тууға (оны асырап алуға) байланысты жәрдемақы алу құқығын ата-аналарының бірі немесе олардың орнындағы тұлғалар иеленеді. Екі немесе одан да көп бала туған жағдайда жәрдемақы әрбір балаға бөлек беріледі. Өлі бала туылған жағдайда аталған жәрдемақы тағайындалмайды.

Жәрдемақы тағайындау үшін қажетті құжаттар

Жәрдемақыны тағайындау үшін негіз болып келесі құжаттар табылады:

- 1) жәрдемақы тағайындау туралы өтініш;
- 2) АХАЖ органдары берген туу туралы куәлік;
- 3) егер ата-аналары жұмыс істесе немесе оқу оқыса, онда жұмыс (оқу) орнынан мұндай жәрдемақының тағайындалмағаны туралы анықтама беріледі.

Ата-анасының орнын алмастырушы тұлғаның бала тууға байланысты жәрдемақы тағайындау туралы өтінішіне балаға қорғаншылық немесе қамқоршылықты тағайындау туралы шешімнің үзіндісі бірге ұсынылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру органдарына бала туған күннен 12 айдың ішінде бала тууға байланысты жәрдемақы тағайындау үшін жолдану қажет.

Бала тууға байланысты жәрдемақының мөлшері

Бала тууға байланысты жәрдемақының мөлшері 15 айлық есептік көрсеткішке тең келеді.

17-ТАРАУ

ЕҢБЕККЕ УАҚЫТША ЖАРАМСЫЗДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖӘРДЕМАҚЫЛАР

Еңбекке уақытша жарамсыздықтың жағдайлары

Еңбекке уақытша жарамсыздықты қызметкердің науқастануына, еңбек жаракатын алуына орай немесе заңдарда әлеуметтік деп танылған өзге де себептер орын алған жағдайда еңбекке қабілетінің жоғалуына немесе төмендеуіне байланысты өзінің еңбек міндеттерін орындай алмауы ретінде түсінуге болады. Еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақыны берудің мақсаты болып еңбекке қабілетті қалпына келтіру, сонымен қатар қызметкердің қызметтестерінің және оның отбасы мүшелерінің денсаулықтарын қорғау мақсаттарында созылмалы аурулардың, қызметкерде қандай да бір аурудың туындауының немесе дамуының алдын алу.

Еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақылар төмендегідей жағдайларда тағайындалады және төленеді:

- еңбекке қабілетін жоғалтумен байланысты ауру (жарақат) орын алған жағдайда;
- жүктілікті жасанды жолмен тоқтатқан кезде;
- отбасының науқастанған мүшелерін күту кезінде;
- карантин кезінде;
- туберкулезбен немесе кәсіптік аурумен ауыруына орай басқа жұмысқа уақытша ауысу кезінде;
- өзге де жағдайларда.

Еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақылардың түрлері:

- қызметкердің еңбекке қабілетінің жоғалуына не төмендеуі әкеп соққан ауру не жарақат кезіндегі;
- отбасы мүшесінің науқастануы және оны күтуге қажеттік туған кездегі;
- туберкулезбен немесе кәсіптік аурумен ауыруына орай басқа жұмысқа уақытша ауысу кезіндегі;

- карантин кезіндегі;
- протездік-ортопедтік кәсіпорынға орналастыра отырып протездеу кезіндегі;
- жүктілікті жасанды жолмен тоқтату кезіндегі.

Уақытша жарамсыздық қағазы

Еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақыларды тағайындау және төлеу үшін негіз болып белгіленген тәртіпте берілетін еңбекке уақытша жарамсыздық қағазы табылады. Еңбекке уақытша жарамсыздық қағазын жоғалтып алған жағдайда, жәрдемақы оның көшірмесі бойынша беріледі (*Қазақстан Республикасының денсаулық қорғау істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2000 жылғы 29 желтоқсандағы № 859 «Азаматтарға еңбекке жарамсыздығы туралы қағаздарды беру ережелерін бекіту туралы» бұйрығы*).

Еңбекке уақытша жарамсыздық қағазы (аурухана қағазы) еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы төлеуге негіз болып табылатын жалғыз қаржылық құжат болып табылады. Ол үш функцияны атқарады:

1. есеп, бақылау және статистикалық есеп беру;
2. еңбек міндеттерін орындаудан уақытша босату;
3. еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы алу құқығын береді.

Еңбекке уақытша жарамсыздық қағазы, стационарлық емдеу мекемелерінде емделген кездерді есептемегенде, еңбекке уақытша жарамсыздық анықталған күні беріледі.

Әртүрлі емдеу мекемелері бере алатын анықтамалар еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы алу үшін негіз бола алмайды.

Өндірістік жарақат

Еңбекке уақытша жарамсыздық қағазында бекітілген еңбекке қабілетінен айырылу тек аурудың нәтижесінде ғана емес, еңбек жарақатының нәтижесінде де орын алуы мүмкін.

Өндірістегі қайғылы оқиғаның нәтижесінде орын алған еңбекке уақытша қабілетсіздікке байланысты жәрдемақы әлеуметтік қамсыздандыру жекелеген түрі болып табылады.

Еңбек жарақаты ретінде өндірістегі қайғылы оқиғаның нәтижесінде қызметкердің денсаулығына келтірілген зақым танылады. Еңбек жарақатының өзіне тән белгілері болып әртүрлі механикалық (зақым, жарақат, контузия, аяқ-қолдың сынуы, күйу және т.б.), химиялық (улану, химиялық күйу және т.б.), жылулық (күйу, үсу және т.б.) әсер етудің нәтижесінде денсаулыққа зиян келудің және еңбекке қабілеттің жоғалуының аяқ асты болуы табылады.

Өндірістік жарақат – еңбекке қабілеттің жоғалуының кең таралған себептерінің бірі. Өндірістегі қайғылы оқиғалар қызметкерлер денсаулығының толық немесе ішінара жоғалуына әкеп соғады. Өкінішке орай, өндірістік жарақат алғандардың саны азаятын емес.

Өндірістік жарақаттардың себептері өте көп, бірақ олардың ішінде ең кең таралғаны – қауіпсіздік техникасының және жұмыс орындарында еңбекті қорғаудың бұзылуы, сонымен қатар жабдықтардың тозуы және ескіруі, еңбек және өндірістік тәртіптің төмен деңгейі. Жұмыссыздық кең етек алған қазіргі жағдайда қызметкер жұмысынан айырылып қалу қаупінен қорқып, еңбектің қауіпсіз жағдайлары қамтамасыз етілмеген жұмыстарды орындауға да келіседі.

Көптеген жұмыс берушілер табысты арттыру мақсатында еңбекті қорғауға қатысты қаражатты үнемдеп қалғысы келеді, еңбекті қорғау мәселелерін шешуді оған құзыретті емес тұлғаларға жүктейді.

Жәрдемақыларды төлеу мерзімдері

Ауырған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы еңбекке жарамсыздық орын алған бірінші күннен бастап еңбекке қабілет қалпына келген күнге дейін немесе медициналық әлеуметтік сараптамалық комиссия (МӘСК) мүгедектікті тағайындағанға дейін төленеді. Бірақ, еңбекке уақытша қабілетсіздіктің барлық жағдайларында жәрдемақы қатарынан 2 айдан артық төленбейді. Туберкулезбен ауыру салдарынан туындаған еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайында жәрдемақы тұлға жазылғанға дейін төленеді, алайда оны төлеу қатарынан 10 айдан ұзақ болмауы және екі күнтізбелік жыл ішінде жалпы алғанда 12 айдан аспауы тиіс.

Еңбекке уақытша жарамсыздық туындаған жағдайда ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы кезінде қызметкерге жәрдемақы төленбейді. Егер еңбекке жарамсыздық еңбек демалысы аяқталған соң да жалғаса берсе, онда жәрдемақы еңбек демалысы аяқталған күннен бастап төленеді.

Егер қызметкер қолданыстағы заңдарға сәйкес жұмысынан (лауазымынан) аластатылған кезеңде еңбекке уақытша жарамсыздық туындаса, онда бұл тұлғаға жәрдемақы төленбейді. Егер қызметкер қызметке қайтадан алынған соң да еңбекке жарамсыздық жалғаса берсе, жәрдемақы жұмысқа алынған күннен бастап төленеді.

Егер күтімнің болмауы отбасының науқастанған мүшесінің өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін болса және отбасының науқастанған мүшесін белгілі бір себептермен ауруханаға жатқызу мүмкін болмаса және отбасы мүшелерінің арасында оны күтіп-бағуға қабілетті басқа адам болмаса, отбасының науқастанған мүшесін күтуге қатысты еңбек демалысы кезінде еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы жалпы негіздер бойынша төленеді. Әйел адамның 2 жасқа толмаған баласы науқастанған кезде, науқас баланы күтіп-бағуға қабілетті отбасы мүшесінің бар-жоқ екендігіне қарамастан, оның анасына еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы беріледі.

Кезекті немесе қосымша еңбек демалысындағы, жалақысы сақталмайтын еңбек демалысындағы қызметкерге немесе жұмысшыға отбасының науқастанған мүшесін күтіп-бағуға қатысты жәрдемақы берілмейді.

Қызметкер жұкпалы аурумен науқастанған жағдайда санитарлық эпидемиологиялық қызмет органдары бұл қызметкерді жұмысынан шеттетсе, оған карантин кезіндегі еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы төленеді.

Туберкулезбен немесе кәсіптік аурумен науқастанған жағдайда қызметкер еңбекке уақытша қабілетсіз болады, алайда егер медициналық көрсетулер бойынша ол емдеудің қалыпты барысын бұзбастан басқа жұмысты орындай алатын болса, онда жұмыс беруші қызметкердің келісімімен оның денсаулық жағдайына нұқсан келтірмейтін басқа жұмысқа ауыстыруға міндетті. Қызметкер басқа жұмысқа ауысудан бас тартқан жағдайда немесе ұйымда тиісті жұмыс болмаған жағдайда еңбек шарты бұзылады.

Қызметкерді протездік-ортопедтік ұйымға стационарға жатқызған кезде жәрдемақы стационардағы бүкіл уақыт үшін және стационарға барып-қайтқан уақыт үшін, алайда 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге төленеді.

Қызметтен босатудың дұрыстығы туралы дау кезінде, қызметкер жұмысқа қайта алынса, еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы оған құқық туындаған бірінші күннен бастап төленеді.

Еңбекке жарамсыздық әскери оқу жиын немесе өндірістен қол үзбестен оқу орнында оқумен байланысты берілген қосымша еңбек демалысы кезеңінде туындаса еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы аталған кезең аяқталған соң еңбекке уақытша қабылетсіздіктің бірінші күнінен бастап төленеді.

Егер қызметкер қолданыстағы заңдарға сәйкес жұмысынан (лауазымынан) алыстатылған кезеңде еңбекке уақытша жарамсыздық туындаса, онда бұл тұлғаға жәрдемақы төленбейді. Егер қызметкер қызметке қайтадан алынған соң да еңбекке жарамсыздық жалғаса берсе, жәрдемақы жұмысқа алынған күннен бастап төленеді.

Заңдарда көзделген жағдайларда қызметкерлерге қатысты мезгілдік медициналық тексеру жүргізу кезінде жәрдемақылар төленбейді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 маусымдағы № 731 «Жұмыс берушінің есебінен әлеуметтік қамсыздандыруға байланысты жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібі туралы нұсқауды бекіту туралы» қаулысы).

Жәрдемақының мөлшері

Еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы негізгі жұмыс орны бойынша жұмыс берушінің қаражаты есебінен төленеді. Негізгі жұмыс орны ретінде еңбек кітапшасы (мұнда орындалатын жұмыс туралы жазбалар болуы тиіс) жатқан жұмыс саналады.

Еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақылар жұмыс істейтін азаматтарға орташа жалақы есебінен төленеді. Бұл ретте еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты айлық жәрдемақының мөлшері Қазақстан Республикасының тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңында белгіленген он бес есе айлық есептік көрсеткіштен аса алмайды.

Еңбекке мерзімдік ақы төлеу кезінде жәрдемақыны есептеу үшін негізгі айлық жалақы алынады. Егер қызметкер толық емес лауазымдық жалақы алатын болса, онда жәрдемақы да іс жүзінде алынатын жалақы бөлігімен есептеледі.

Еңбекке кесімді ақы төлеу кезінде жәрдемақы еңбекке жарамсыздық туындаған айға дейінгі соңғы 2 күнтізбелік айдағы орташа жалақыдан есептеледі.

Егер еңбекке уақытша жарамсыздық алдыңғы тоқсанда басталып, ағымдағы тоқсанда да жалғасын тапса, онда жәрдемақыны есептеу және

оның мөлшерін айлық тұрғыдан шектеу тиісті тоқсанға сәйкес айлық есептік көрсеткішті қолдана отырып есептеледі.

Қызметкердің еңбек жарақатымен немесе кәсіптік ауруымен байланысты еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақыны жұмыс беруші еңбекке жарамсыздық туындаған күннен бастап ол жазылып, жұмысқа шыққанға дейін немесе еңбекке тұрақты түрдегі жарамсыздығы анықталғанға дейін не мүгедектікті белгілегенге дейін орташа жалақының жүз проценттік мөлшерінде төлейді.

Еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы келесі жағдайларда төленбейді:

- заңдарда белгіленген жағдайларда қызметкерлерге қатысты медициналық тексеру өткізу кезінде, сонымен қатар, әскери қызметке шақыру кезінде, соның ішінде, емдеу мекемесінің стационарына жатқызған кезде;

- қызметкерге жалақы төлеуді тоқтата отырып, оны жұмысынан (лауазымынан) шеттету кезінде;

- жұмысты немесе өзге де міндеттерді орындаудан жалтару үшін өз денсаулығына қасақана зиян келтірген кезде;

- қызметкерді соттың ұйғарымы бойынша мәжбүрлеп емдеу кезінде (жүйке ауруына шалдыққандарды есептемегенде);

- қызметкердің қамауда болған және сот-медициналық сараптамадан өткен кезі (оның кінәлілігі дәлелденсе);

- қызметкердің алкоголь ішімдіктерін, есірткіні пайдаланудың және уланудың, сонымен қатар мастанумен байланысты әрекеттердің салдарынан туындаған аурулардан немесе жарақаттардан еңбекке уақытша жарамсыз болған кезі.

Еңбек жарақаты салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы

Біздің ойымызша, жәрдемақының бұл түрін бөлек қарастырған жөн.

Еңбекке қабілетінен айырылу тек науқастанудың ғана емес, сонымен қатар еңбек жарақатының да салдарынан орын алуы мүмкін. Еңбек жарақаты ретінде өндірістегі қайғылы оқиғаның салдарынан денсаулыққа зақым келу түсініледі. Аурумен салыстырғанда қайғылы оқиғаға денсаулықтың жарақат (механикалық әсер ету сипатындағы – жара, жазым

болу, сыну және т.б., химиялық әсер ету сипатындағы – улану және т.б. не жылулық сипаттағы – күйу, үсу және т.б.) салдарынан бірден зақымдануы тән.

Өндірістік жарақат – бұл елдің еңбекке жарамды азаматтарының еңбекке қабілетін жоғалтуының негізгі себептерінің бірі. Өндірістердегі жарақаттар, зақымдар, қайғылы оқиғалар адамдардың денсаулығының толығымен немесе ішінара жоғалтуына әкеп соғады. Және өкінішті бір жайт, өндірісте жарақат алған адамдардың саны азаятын емес.

Өндірістік жарақаттардың себебі көп, бірақ солардың ішінде ең кең таралғаны – жұмыс орындарында қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау ережелерінің бұзылуы, сонымен қатар жабдықтардың тозуы және ескіруі, еңбек және өндірістік тәртіптің төмендігі. Осылардың барлығы жұмыссыздық етек алған жағдайда орын алуда, мұндай жағдайда қызметкер жұмысынан айырылып қалудан қорыққаны соншалық, қауіпсіз еңбек жағдайлары қамтамасыз етілмеген жұмыстарды орындауға да келіседі.

Көптеген жұмыс берушілер табысты арттыру мақсатында еңбекті қорғау құралдарын негізсіз үнемдеуге тырысады, еңбекті қорғау мәселелерін шешуді құзыретті емес тұлғаларға тапсырады, еңбекті қорғау талаптарын сақтамайды. Қауіпсіз еңбек жағдайлары үшін кәсіпорынның басшысы жауапкершілікте болатынымен, кәсіпорынның бірінші басшысы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жағдайларына бақылау жасауға, бағынысты қызметкерлерден қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауын талап етуге міндетті.

Заңдарда қайғылы оқиғаның өндірісте орын алуын растайтын жалпы себептер анықталған.

Жұмыс беруші мердігерлік және тапсырма шарттарына сәйкес жұмыс істейтін жұмысшылар мен қызметкерлердің денсаулығына жұмыс берушінің аумағында және одан тыс жерде келген зиян үшін материалдық жауапкершілікте болады. Басқаша айтар болсақ, егер қайғылы оқиға кезінде зардап шеккен тұлға кәсіпорынның өндірістік қызметімен байланысты болса және оның оқиға болған жерде болуы еңбек міндеттерін орындаумен байланысты болса, онда мұндай қайғылы оқиға өндірісте орын алды деп саналады.

Егер еңбек жарақаты жұмыс берушінің қалыпты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етпеуі (еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария ережелерін сақтамау және т.б.) салдарынан орын алса, онда бұл еңбек жарақаты жұмыс берушінің кінәсінен туындады деп саналады.

Өндірістегі барлық қайғылы оқиғалар есепке алынып, тергелуі тиіс. Тергеудің мақсаттарының бірі болып зәбір шеккен тұлғаны еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақымен қамсыздандыру, сонымен қатар денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу табылады. Алайда, тәжірибеде қайғылы оқиғаны тергеу кезінде әртүрлі қиындықтар жиі орын алып жатады. Мысалы, «жұмысқа бару және одан келу жолы» ретінде жұмыс орнына бару немесе жұмыстан келу жаяу немесе көліктің кез келген түрінде қозғалуды білдіреді. Мұндай жағдайда жолдың бағыты емес, жұмысқа бару, не одан қайту фактісінің ғана заңды мәні болады.

Жұмыс берушінің келтірілген зиян үшін жауапкершілігінің және оның кінәсінің дәлелі болып құжаттар мен куә көрсетулері, соның ішінде, мыналар табылуы мүмкін:

- өндірістегі қайғылы оқиға туралы акт;
- соттың үкімі, шешімі, прокурордың, анықтама және алдын-ала тергеу органының қаулысы;
- еңбекті қорғау жағдайына және еңбек туралы заңдардың сақталуына қадағалауды және бақылауды жүзеге асыратын еңбек инспекторының немесе өзге де лауазымды тұлғалардың (органдардың) денсаулыққа келтірілген зиянның себептері туралы қорытындысы;
- кәсіптік ауру туралы медициналық қорытынды;
- кінәлі тұлғаларға әкімшілік немесе тәртіптік шаралар тағайындау туралы шешім;
- әлеуметтік сақтандыру органының жұмыс берушінің қызметкерге немесе жұмысшыға еңбек жарақатына орай еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы төлеуге шығындарды өтеуі туралы қаулысы.

Кәсіпорындар өндірісте зардап шеккен қызметкерлерге немесе қызметкер қайтыс болған жағдайда осы құқықты иеленуші тұлғаларға келтірген зиян үшін материалдық жауапкершілікте болады.

Кәсіпорын немесе оның құқықмирасқоры өндірістегі қайғылы оқиғаның немесе кәсіптік аурудың салдарынан еңбекке қабілетін толығымен не ішінара жоғалтқан қызметкерге немесе қызметкер қайтыс болған жағдайда осы құқықты иеленуші тұлғаларға келтірген зиян үшін бір жолғы жәрдемақы төлейді және қызметкердің денсаулығына не оның өлімімен келтірілген зиянды заңдарда көзделген тәртіпте және мөлшерде өтейді.

Бір жолғы жәрдемақының мөлшері ұжымдық шартпен және Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталады және мыналардан кем болмауы тиіс:

- қызметкер өндірістегі қайғылы оқиғаның немесе кәсіптік аурудың салдарынан қайтыс болған жағдайда оның жылдық жалақысынан 10 еседен;

- еңбек жарақаты немесе кәсіптік ауруының салдарынан I немесе II топ мүгедегі деп танылған қызметкердің жылдық жалақысынан 5 еседен;

- еңбек жарақаты немесе кәсіптік ауруының салдарынан III топ мүгедегі деп танылған қызметкердің жылдық жалақысынан 2 еседен;

- қызметкерге мүгедектік тағайындалмастан еңбекке қабілеттігі жоғалды деп танылған кезде – оның жылдық жалақысынан.

Жылдық жалақыны есептеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

Егер қызметкер мұндай көмек түрлеріне мұқтаж деп танылса, кәсіпорын зәбір шеккен қызметкерге емделуге, протездеуге, медициналық және әлеуметтік көмектің өзге де түрлеріне кеткен шығындарын өтейді. Қажет болған жағдайда кәсіпорын медициналық қорытындыға сәйкес зәбір шеккен қызметкердің кәсіптік сауығуын, қайта дайындықтан өтуін және жұмысқа орналасуын қамтамасыз етеді немесе осы мақсаттардағы шығындарды өтейді.

Еңбекті қорғау нормаларының талаптарын бұзғаны үшін кінәлі немесе қадағалау және бақылау қызметтеріне кедергі келтіруші лауазымды тұлғалар заңдарда белгіленген тәртіпте әкімшілік, тәртіптік, материалдық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Сонымен қатар, қызметкерлер де еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

18-ТАРАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫЛАРДЫҢ БАСҚА ТҮРЛЕРІ

Атаулы әлеуметтік көмек. Бұл – жұмыссыздарға арналған арнайы әлеуметтік көмек. Бұл төлемдер жұмыссыз ретінде тіркелген, отбасының адам басына шаққандағы табысы белгіленген мөлшерден аспайтын тұлғаларға белгілі бір мерзімде төленетін төлемдер.

Жәрдемақының аталған түрі жұмыссыз, көмекке мұқтаж тұлғаларды материалдық қамсыздандырудың жаңа түрі болып табылады. Мұндай жәрдемақымен қамсыздандырудың жағдайлары мен тәртібі Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 маусымдағы «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңымен реттеледі, бұл заң жұмыссыздарды материалдық қамсыздандыру жүйесін түбірімен өзгертті.

Атаулы әлеуметтік көмекті алу құқығын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, босқын мәртебесіне ие тұлғалар, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты түрде тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар иеленеді.

Зандарда жәрдемақының отбасының жалпы табысына тәуелділігі белгіленген. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері және оны алу мүмкіндігінің өзі, отбасының жиынтық табысына және отбасының әрбір мүшесіне тиесілі сомаға тәуелді болады. Бұл ретте жиынтық табысқа барлығы кіреді: тіпті заттай көмек те – балаларға берілетін сыйлық, тегін түстік ас, бау-бақшадан, малдан түсетін табыс және т.б. Мысалы, Жамбыл облысында бұл жәрдемақы алу үшін бастапқы деңгей 2004 жылы 1800 теңгені құрады.

Көмек жұмыссыз, бірақ халықты жұмыспен қамсыздандыру туралы уәкілетті органдарда тіркелмеген тұлғаларға тағайындалмайды. Бұл ретте мына тұлғаларға аталған ереже таралмайды: мүгедектерге және стационарлық емделуде бір айдан артық болған тұлғаларға, күндізгі оқу бөлімінде оқитын оқушылар мен студенттерге, тыңдаушылар мен курсанттарға, соның ішінде магистратура мен аспирантурада оқитындарға, сонымен қатар I және II-топтағы мүгедектерді, 80 жастан асқан тұлғаларды, 7 жасқа дейінгі балаларды күтуші азаматтарға.

Себепсіз жағдайлармен ұсынылған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан бас тартқан, қоғамдық жұмыстарға қатысудан, оқудан неме-

се қайта оқудан өз еркімен бас тартқан жұмыссыз тұлғалар атаулы әлеуметтік көмекті алу құқығынан алты айға бас тартады.

Мүдделі тұлғалар жәрдемақының бұл түрін алу үшін өз атынан немесе отбасы атынан атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін тұрғылықты жеріндегі уәкілетті органға әлеуметтік жеке кодтың нөмірін көрсете отырып, белгіленген үлгідегі өтінішті бере отырып жолданады. Өтінішпен бірге келесі құжаттарды да ұсыну қажет:

- отбасы құрамы туралы мәліметтер;
- отбасы мүшелерінің табыстары туралы мәліметтер;
- өзіндік қосалқы шаруашылықтың бар-жоқтығы туралы мәліметтер.

Атаулы әлеуметтік көмек отбасының оны алуға құқылы әрбір мүшесіне тағайындалады. Оны алушылар құрамына мыналар енбейді:

- толығымен мемлекеттік қамсыздандырудағы балалар;
- үй-интернаттарда тұрақты түрде тұратын қарттар мен мүгедектер;
- мерзімдік әскери қызметтегі тұлғалар;
- бас бостандығынан айыру, мәжбүрлеп емдеу орындарындағы

тұлғалар.

Атаулы әлеуметтік көмек ағымдағы тоқсанға тағайындалады және ай сайын төленеді.

Атаулы әлеуметтік көмекті алу құқығы тоқсан сайын табыстар туралы құжаттарды ұсыну арқылы расталып отырады.

Бұл құжаттардың негізінде атаулы әлеуметтік көмекті алуға мүдделі тұлғаның немесе отбасының жиынтық табысы анықталады. Отбасының жиынтық табысына белгіленген уақыт кезінде ақшалай немесе заттай түрде іс жүзінде алынған тұрғын үйлік және атаулы әлеуметтік көмектен басқа, табыстардың барлық түрі енеді.

Отбасындағы әрбір адамға шаққандағы орташа табыс, осының алдындағы тоқсандағы жиынтық табысы отбасы мүшелерінің санына бөлу арқылы анықталады.

Тұлғаға (отбасына) берілетін атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері осы жердегі адам басына шаққандағы орташа табыстың және кедейлік деңгейінің айырмашылығына тең келеді.

Атаулы әлеуметтік көмекті алушы тұлға он бес күн ішінде уәкілетті органды атаулы әлеуметтік көмектің мөлшеріне не оны алу құқығына әсер ететін жағдайлар туралы хабарландыруы тиіс.

Отбасының құрамы немесе табыстардың мөлшері өзгерген жағдайда атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері қайта есептеледі. Артығымен төленген сомалар ерікті түрде қайтарылуы тиіс, ал бұдан бас тартқан жағдайда – мәселе сот тәртібімен шешіледі.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек жергілікті бюджеттер есебінен төленеді.

Жерлеуге берілетін жәрдемақы

Жерлеу – бұл адам қайтыс болған жағдайда оның денесін ұлттық салт-дәстүрге сәйкес жерлеуге қатысты дәстүрлі әрекеттер. Жерлеу мәйітті (оның қалдықтарын) жерге, суға көму, өртеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі заңдары әрбір адамға ол қайтыс болған жағдайда оның еркін ескере отырып, жерлеуді кепілдейді. Ерік білдіру куәлардың қатысуымен ауызша нысанда не жазбаша нысанда көрініс табуы мүмкін. Қайтыс болған тұлғаның еркін орындаушылар болып ерік білдіруде көрсетілген тұлғалар (олардың келісімімен) табылады, ал олар болмаған жағдайда немесе олар бұдан бас тартқан жағдайда қайтыс болған тұлғаның еркін білдірушілер ретінде оның ері (зайыбы) немесе өзге де жақын туыстары не заңды өкілдері танылады.

Заңдарда көмекке мұқтаж азаматтардың қатарындағы жұмыссыздарды жерлеуге материалдық көмек көрсету көзделген. Мұндай жағдайда материалдық көмек жерлеуді жүзеге асырған отбасына немесе тұлғаға көрсетіледі.

Жерлеуді қайтыс болған адамның туыстары немесе өзге де азаматтар жерлеу істері жөніндегі арнайы мекемелердің көмегімен жүзеге асырады. Қайтыс болған адамның туыстары немесе оны жерлеуге ниет білдірген тұлғалар болмаған жағдайда жерлеуді тиісті мекемелер мемлекет есебінен жүзеге асырады.

Қазіргі кездегі заңдар әрбір адамға ол қайтыс болған жағдайда оның еркін және оның халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын ескере отырып жерлеуді кепілдейді.

Қайтыс болған адамды жерлеуші тұлғалар өз қалауы бойынша жерлеуге берілетін жәрдемақыны алуға мүмкіндігі бар немесе ақысыз түрде жерлеуге қатысты бірқатар қызметтерді пайдалана алады. Егер олар ақысыз көрсетілетін қызмет қажет деп шешсе, онда жерлеуге қатысты жәрдемақы берілмейді, ол мәйітті көмуге қатысты шығындарды жабу үшін аталынған қызметті жүзеге асыратын мекемелерге аударылады.

Жерлеуге қатысты қызмет түрлеріне мыналар кіреді: жерлеу үшін қажет құжаттарды ресімдеу, жерлеу үшін қажет табытты немесе өзге де

заттарды беру және жеткізу, қайтыс болған адамның денесін зиратқа жерлеуге апару.

Егер жерлеуді арнайы мекемелер жүзеге асырса, онда қайтыс болған адамның жақындарына жәрдемақы төленбейді, бұл жәрдемақы аталған мекемелердің шығындарын жабуға жіберіледі.

Егер жерлеу қайтыс болған адамның туыстарының немесе өзге азаматтардың есебінен жүргізілсе, онда оларға жерлеуге қатысты бір жолғы жәрдемақы төленеді. Бұл жәрдемақының мөлшері жерлеуге қатысты кепілденген қызмет түрлерінің құнына тең болуы тиіс. Жерлеуге қатысты кепілденген қызмет түрлерінен асатын қызметтердің құнын төлеу қайтыс болған адамды жерлеуді өз мойнына алған тұлғаның есебінен жүргізіледі. Жәрдемақыны төлеу адамның қайтыс болғаны туралы куәліктің негізінде өтініш берген күні жүргізіледі.

Ішкі істер органдары жеке басын анықтай алмаған қайтыс болған адамдарды жерлеуді арнайы жерлеу мекемелері заңдарда анықталған мерзімдерде осы үшін арнайы бөлінген қоғамдық зираттар учаскелерінде жерлеу жолымен жүзеге асырады.

Мүгедек-балаларды үйде тәрбиелеу үшін де арнайы жәрдемақы көзделген (Алматы қалалық әкімшілігінің 2002 жылғы маусымдағы № 3/390 қаулысы). Бұл жәрдемақы мүгедек-бала 18 жасқа толғанға дейін – тоқсан сайын жергілікті бюджет есебінен, отбасының өзге қандай-да бір жәрдемақы алатыны-алмайтынына қарамастан төленеді. Әрбір мүгедек-балаға төленетін жәрдемақының мөлшері – 6,5 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Жәрдемақы алу үшін қалалық білім беру департаментінің психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясынан өту қажет. Өтініш тұлғаның тұрғылықты жеріндегі еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органына беріледі. Сонымен қатар, мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- МӘСК-да куәландыру актісінің көшірмесі;
- мүгедек-баланы үйде тәрбиелеу және оқытудың қажеттігі туралы білім беру департаментінің ПМПК берген анықтама;
- отбасының құрамы туралы анықтама.

19-ТАРАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУДАҒЫ ӨТЕМАҚЫЛАР МЕН ЖӘРДЕМАҚЫЛАР

Әлеуметтік қамсыздандырудағы өтемақылар мен жәрдемақылардың түсінігі

Әлеуметтік жәрдемақыларды өтемақылық төлемдерден ажырата білген жөн, себебі өтемақылар оған тәуелсіз жағдайлар бойынша әлеуметтік қолдау мен көмекті қажет ететін тұлғалардың тар шеңберіне арналған.

Өтемақылар – бұл азаматтарға олардың жалақысы немесе өмір сүрудің өзге де көзінің бар-жоқтығына қарамастан, заңдарда көзделген жағдайларда қосымша материалдық көмек көрсету үшін тағайындалатын ақшалай төлемдер. Өтемақыларды әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша ретінде қарастырған жөн.

Өтемақыларға мыналар жатады:

- еңбекке жарамсыз азаматтарды күтуді жүзеге асыратын тұлғаларға берілетін өтемақылар;
- отбасылық типтегі балалар үйіндегі балаларға берілетін өтемақылар;
- бастауыш және орта арнайы оқытумен айналысатын мемлекеттік мекемелерде оқитындардың тамақтануына берілетін өтемақылар.

Еңбекке жарамсыз азаматтарды күтетін тұлғаларға берілетін өтемақылар

Өмірде еңбекке жарамды азаматтардың емдеу мекемесінің қорытындысы бойынша тұрақты түрде бөтеннің көмегін қажет ететін I топ мүгедегін немесе қарт адамды немесе 80 жастан асқан қарт адамды, сонымен қатар 18 жасқа толмаған мүгедек-баланы күтуіне байланысты жұмыс істемейтін кездері болады. Мұндай азаматтарға төлеу тәртібі заңдарда анықталған өтемақылық төлемдер төленеді.

Аталған өтемақылар еңбекке жарамсыз азаматтар санаттарының зейнетақыларына қосу арқылы жүргізіледі, бұлар еңбекке жарамсыз азаматтарды іс жүзінде күтуші, жұмыс істемейтін еңбекке қабілетті тұлғаға олардың туыстық қатынастарына және бірге тұру-тұрмауына қарамастан төленеді.

Өтемақылардың бұл түрін тағайындау үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1. еңбекке жарамсыз тұлғаны күтуші азаматтың жеке куәлігі;
2. еңбекке жарамсыз тұлғаны күтуші азаматтың күтуді бастаған күнін көрсеткен өтініші;
3. еңбекке жарамсыз тұлғаны күтуші азаматтың еңбек кітапшасы;
4. еңбекке жарамсыз тұлғаны күтуші азаматтың тұрғылықты жеріндегі халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі органның аталған тұлғаның зейнетақы алмайтыны жөніндегі анықтамасы;
5. аталған тұлғаның атаулы әлеуметтік көмек алмайтыны туралы анықтама;
6. еңбекке жарамсыз азаматтың еңбек кітапшасы;
7. МӘСК-ның мүгедектіктің I-тобын белгілеу туралы анықтамасы, 18 жасқа дейінгі баланы мүгедек деп тану туралы медициналық қорытындысы, емдеу мекемесінің еңбекке жарамсыз тұлғаның бөтен адамның көмегіне тұрақты түрде мұқтаж екендігі туралы қорытындысы;
8. еңбекке жарамсыз тұлғаның өзін күтуші тұлғаның күтетіндігін растайтын өтініші.

Бұл құжаттар еңбекке жарамсыз азаматқа зейнетақы төлейтін органға беріледі.

Ай сайынғы ақшалай өтемақыны тағайындаудан бас тартқан жағдайда, мұндай шешімді қабылдаған орган бас тартудың себептерін және шешімге шағымдану тәртібін көрсете отырып, өтініш берушіні жазбаша хабарландырды.

Ай сайынғы ақшалай өтемақыны тағайындау туралы мәселе шешілген соң өтініш берушіге еңбек кітапшасы мен жеке куәлігі қайтарылады, олардың көшірмелері іске қосылады.

Ай сайынғы ақшалай өтемақыларды төлеу келесі жағдайларда тоқтатылады:

- еңбекке жарамсыз азамат не оны күтуші тұлға қайтыс болған жағдайда;
- еңбекке жарамсыз тұлғаны күтуші тұлғаға зейнетақының (оның түріне қарамастан) немесе жәрдемақының қандай да бір түрінің тағайындалуы;

- не еңбекке жарамсыз тұлғаның, не оны күтуші тұлғаның жұмысқа тұруы;

- еңбекке жарамсыз адамды күтудің тоқтатылуы, бұл еңбекке жарамсыз азаматтың немесе оның заңды өкілінің тиісті өтінішімен расталуы қажет;

- мүгедектіктің I тобы белгіленген мерзімнің өтуі;

- мүгедек-баланың 18 жасқа толуы, егер бұл балаға осы жасқа толғанда I топ мүгедектігі белгіленбесе;

- еңбекке жарамсыз азаматтың толығымен мемлекеттік қамсыздандырылуға ауысуы;

- мүгедек-баланы 18 жасқа дейін күтуші ата-анасының ата-аналық құқықтардан айырылуы;

- еңбекке жарамсыз азаматтың тұрғылықты жерін ауыстыруы, бұл оған зейнетақы төлейтін органның ауысуына әкеп соғады.

Еңбекке жарамсыз азамат тұрғылықты жерін ауыстырған жағдайда оның жаңа тұрғылықты жерінде зейнетақы төлейтін тиісті орган еңбекке жарамсыз азаматты күтуші тұлғаның не оның өзінің өтініші бойынша ай сайынғы ақшалай өтемақыны төлеуді оны төлеу тоқтатылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жалғастырады. Бұл ретте аталған орган қажет болған жағдайда еңбекке жарамсыз тұлғаны күтуші азаматтан немесе оның өзінен жекелеген немесе барлық құжаттарды қайтадан беруді талап ете алады.

Уақытында алынбаған ай сайынғы өтемақының сомасы бүкіл өткен уақыт үшін, бірақ оны алуға өтініш берген күнге дейінгі үш жылдан аспайтын уақытқа төленеді. Ай сайынғы ақшалай өтемақы оны тағайындайтын не төлейтін органның кінәсі бойынша уақтылы төленбесе, онда ол бүкіл өткен уақыт үшін қандай да бір мерзімдік шектеусіз төленеді.

Бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік білім беру жөніндегі мемлекеттік мекемелерінде оқитын тұлғаларға төленетін өтемақылық төлемдер. Бұл төлемдер бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік білім беру жөніндегі мемлекеттік мекемелерінде тамақтану құнының қымбаттауын ішінара өтеуге бағытталған ақшалай сомаларды білдіреді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында жоғары оқу орындарында және орта кәсіптік оқу мекемелерінде күндізгі бөлімде оқитын студенттерге оқу жылы барысында темір жол көлігімен және қалалық жолаушылар көлігімен (таксиден басқасы) жеңілдікпен жүру құқығы берілетіні көзделген.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығындағы жеңілдіктердің түсінігі және олардың түрлері

Жеңілдіктер – бұл азаматтардың жекелеген санаттары немесе отбасыларына, қандай да бір қолайсыз салдар мен жағдайлардың нәтижесінде ерекше әлеуметтік қорғауды қажет еткен жағдайда қоғам тарапынан көрсетілетін артықшылықтар немесе көмек беру болып табылады.

Жеңілдіктер туралы сөз қозғай отырып, ескеріп өтетін бір жайт, олардың келесі түрлерін ажырата білген жөн: әлеуметтік негіздер және себептер бойынша берілетін әлеуметтік жеңілдіктер (әлеуметтік жағдайдың нашарлығы, кәрілік, науқастану, көп балалық, мүгедектік және т.б.) және өзге де жағдайлардың негізінде (қызмет түрі, қызметтік жағдай – судьялар, депутаттар, әскери қызметшілер және т.б.) берілетін жеңілдіктер.

Әлеуметтік жеңілдіктер екі негіз бойынша беріледі:

1) әлеуметтік жағдайдың нашарлығы (бұларға ардагерлер, зейнеткерлер, мүгедектер, көп балалы отбасылар және т.б. жатады);

2) Отан алдындағы ерен еңбегі үшін (Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ері, Халық Қаһарманы, Ұлы Отан соғысының мүгедектері және қатысушылары және т.б.). Кейде аталған екі негіз де бір тұлғаға тиесілі болуы мүмкін.

Жеңілдіктерді нысаны бойынша материалдық және материалдық емес деп бөлуге болады. Материалдық сипаттағы жеңілдіктердің мәні мынада: жеңілдікті алушы қандай да бір тауар не қызмет үшін жалпы төлемді төлеуден босатылады немесе оларды арнайы, жеңілдетілген баға бойынша төлейді. Материалдық емес сипаттағы жеңілдіктер кезектілікті қажет ететін жерлерде кезексіз немесе алғашқы кезектілік құқығын пайдаланудан немесе қандай да бір құқықты пайдаланудағы артықшылықты мүмкіндіктен көрініс табады.

Жеңілдіктерді мазмұны бойынша келесі түрлерге бөлуге болады:

- қоғамдық, көлікте, темір жол, су және ауа көлігінде жүруге қатысты жеңілдіктер;

- тұрғын үйге, коммуналдық төлемдерді және жанармайды төлеуге қатысты жеңілдіктер;

- тұрғын үймен қамсыздандыруға қатысты жеңілдіктер;

- тұрғын үй құрылысын жүргізуге қатысты несиені жеңілдетілген жағдайларда алу құқығы;

- телефонды орнатуға және оны пайдалануға қатысты жеңілдіктер;

- санаторийлық-курорттық емделуге жолдама алуға қатысты жеңілдіктер;
- медициналық және әлеуметтік көмекті, дәрі-дәрмектерді алуға қатысты жеңілдіктер;
- көлік құралдарымен қамсыздандыру, сонымен қатар оларды күту және қызмет көрсету;
- әртүрлі кооперативтерге (тұрғын үй, саяжай, бау-бақша және т.б. кооперативтері) енудегі артықшылықты құқық;
- өзге де жеңілдіктер.

20-ТАРАУ

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІН, ҚАТЫСУШЫЛАРЫН, МҮГЕДЕКТЕРІН ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН ТҰЛҒАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА БЕРІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ

Құқықтық мәртебе және нормативтік база

Ардагерлердің құқықтық мәртебесінің мәселесі күрделі әрі әрқилы болып келеді. Ардагерлердің құқықтық мәртебесінің негізін адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары құрайды.

Ардагерлердің мәртебесі қарапайым азаматтың мәртебесінен бірқатар ерекшеліктермен ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер азаматтарды соғыс, еңбек немесе әскери қызмет ардагері деп тану негіздерінен және олардың әлеуметтік қорғалуының тәсілдерінен көрініс табады.

Ардагер мәртебесіне ие азаматтың әлеуметтік қорғалуы адамның материалдық және рухани қажеттіктерін қанағаттандыратын маңызды құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік жеңілдіктер мен кепілдіктердің, құқық нормаларының жүйесін білдіреді.

Әлеуметтік қорғау туралы заңнамада ардагерлердің – соғыс мүгедектері мен қатысушыларының және еңбек ардагерлерінің құқықтық мәртебесін реттейтін бірқатар арнайы нормативтік құқықтық актілер бар. Аталған мәселеге қатысты мынадай заңдар қабылданған: ҚР «Ұлы Отан соғысының қатысушыларын, мүгедектерін және оларға теңестірілген тұлғаларды әлеуметтік қорғау және оларға берілетін жеңілдіктер туралы» заңы, ҚР «Әскери қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» заңы, ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңы, ҚР «Ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңы және т.б.

Әлеуметтік қорғау туралы заңдар ардагерлердің екі санатын ажыратады: соғыс ардагері және еңбек ардагері.

Соғыс ардагерлері, Ұлы Отан соғысының мүгедектері, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғалардың түсінігі.

Соғыс ардагерлері ретінде Отанды қорғауға немесе өзге мемлекеттердің аумағындағы соғыс әрекеттеріне қатысқан тұлғалар танылады. Мұндай тұлғаларға соғыс әрекеттерінің қатысушылары, соғыс мүгедектері, соғысқа қатысушылар жатады.

Ұлы Отан соғысының мүгедектері ретінде бірінші дүниежүзілік, азаматтық және Ұлы Отан соғысы кезінде әскер мен флоттың, партизандар мен жасырынып жұмыс істеушілер қатарында болған тұлғалар, сонымен қатар бірінші дүниежүзілік, азаматтық және Ұлы Отан соғысы кезеңдерінде әскери әрекеттер аумағында, соғысқа жақын темір жол учаскелерінде, қорғаныс жерлерінде, әскери-теңіз базаларында және аэродромдарда алған жарақаттары, контузиялары, зақымдары немесе аурулары салдарынан мүгедек болған және зейнетақылық қамсыздандыруы бойынша әскери қызметшілерге теңестірілген, тиісті санаттар қызметкерлері мен жұмысшылары танылады.

Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар болып мыналар табылады:

- бұрынғы КСРО-ны қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін орындау кезінде және өзге де кезеңдерде орын алған жарақаттардан, контузиялардан, зақымнан немесе соғыста, сонымен қатар Ауғанстанда не әскери әрекеттер орын алған өзге де мемлекеттерде болуымен байланысты аурудан мүгедек болған әскери қызметшілер;

- соғыста болуымен байланысты немесе әскери әрекеттер орын алған мемлекеттерде қызметтік міндеттерді орындауымен байланысты аурудың салдарынан немесе қызметтік міндеттерді орындау кезінде алған жарақаттары, контузиялары, зақымдары салдарынан мүгедек болған, бұрынғы КСРО-ның ішкі істер органдары мен мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшылық және қатардағы құрамындағы тұлғалар;

- 1944 жылғы 1 қаңтардан 1951 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Украина КСР-нің, Латыш КСР-нің, Литва КСР-нің, Эстония КСР-нің аумақтарында халықты қорғау взводтары мен отрядтарының, жойғыштар батальонындарының құрамында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерді орындауы кезінде жарақаттар, контузиялар немесе зақымдар алуы салдарынан мүгедектер болған жауынгерлер және командирлер қатарындағы тұлғалар;

- өзге елдердегі әскери контингентке қызмет көрсетуші және соғыс әрекеттерін жүргізу кезінде алған жарақаттары, контузиялары, зақымдары немесе аурулары салдарынан мүгедек болған, тиісті санаттардың қызметкерлері мен жұмысшылары;

- Чернобыль АЭС-дегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі өзге де радиациялық апаттардың, ядролық қару сынақтарының салдарынан мүгедек болған тұлғалар және мүгедектігі ата-анасының біреуінің радиациялық сәулелерге ұшырауымен генетикалық тұрғыдан байланысты балалары.

Ұлы Отан соғысына қатысушылар ретінде бірінші дүниежүзілік, азаматтық және Ұлы Отан соғысы кезінде, сонымен қатар бұрынғы КСРО-ны қорғауға байланысты өзге де әскери операциялар кезінде әскер мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда және мекемелерде әскери қызметте болған әскери қызметшілер, азаматтық және Ұлы Отан соғысының партизандары мен жасырынып жұмыс істеушілері танылады.

Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген тұлғалар ретінде мыналар танылады:

- Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметтің қорғанысына қатысу 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін әскери қызметшілер үшін жеңілдетілген жағдайда зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары ретінде саналған қалаларда өткізген, бұрынғы КСРО-ның ішкі істер органдары мен мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшылық және қатардағы құрамындағы тұлғалар;

- Ұлы Отан соғысы кезінде әскердің құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдарды иеленген немесе әскери қызметтің қорғанысына қатысу 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін әскери қызметшілер үшін жеңілдетілген жағдайда зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары ретінде саналған қалаларда өткізген, бұрынғы КСРО-ның ішкі істер органдары мен мемлекеттік қауіпсіздік органдарының, Кеңес Әскерінің, Әскери-Теңіз флотының, әскердің ерікті жалданбалы құрамында болған тұлғалар;

- Ұлы Отан соғысы кезінде әскер мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдердің, штабтардың және мекемелердің құрамында полк ұлдары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған тұлғалар;

- екінші дүниежүзілік соғыс кезінде шетел мемлекеттерінің аумағында партизандық отрядтардың, жасырын топтардың және өзге де фашистерге қарсы құрылымдардың құрамында фашистік Германияға қарсы соғыс әрекеттеріне қатысқан тұлғалар;

- Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына ауыстырылған және әскер мен флоттың мүдделері үшін майдандар шеңберінде, флоттардың жедел аймақтарында міндеттерін орындаған Жол бай-

ланасы жөніндегі халық комиссариатынан, Байланыс жөніндегі халық комиссариатынан, өнеркәсіптік және көлік кемелерінің жүзушілерінен және авиацияның ұшушы құрамынан, бұрынғы КСРО-ның Балық өнеркәсібі жөніндегі халық комиссариатынан, Теңіз және өзен флотынан құралған арнайы құрылымдардың жұмысшылары, сонымен қатар Ұлы Отан соғысының басында өзге мемлекеттердің порттарында жинақталған көлік флоты кемелерінің экипажының мүшелері;

- Ленинград қаласының блокадасы кезінде қаланың кәсіпорында-рында, мекемелерінде және ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Блокадалық Ленинградтың тұрғыны» белгісімен марапатталған азаматтар;

- екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер және олардың одақтастары құрған концлагерьлерде, геттода және мәжбүрлеп қамауға арналған өзге де орындардың бұрынғы кәметке толмаған тұтқындары;

- өзге мемлекеттердің, соның ішінде мыналардың аумағындағы соғыс әрекеттерінің қатысушылары:

бұрынғы КСРО-ның үкімет органдарының шешіміне сәйкес өзге мемлекеттердің аумағындағы соғыс әрекеттеріне қатысқан Кеңестік Әскердің, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСРО-ның Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басшылық құрамында болған тұлғалар (солардың ішінде, әскери мамандар мен кеңесшілер), оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға соғыс әрекеттері кезінде кеткен әскери міндетті тұлғалар, бұрынғы КСРО аумағынан Ауғанстанға әскери тапсырмалармен ұшқан ұшқыштар құрамындағы әскери қызметшілер; Ауғанстандағы әскери контингентке қызмет көрсеткен, контузиялар немесе зақымдар алған не соғыс әрекеттерін қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСРО-ның ордендерімен және медальдарымен марапатталған жұмысшылар мен қызметкерлер;

- 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-дағы, сонымен қатар ядролық сынақтар мен оқу жиындарында өзге де радиациялық апаттардың салдарын жоюға қатысқан тұлғалар.

Соғысқа қатысушыларға теңестірілген тұлғалардың өзге де санаттары. Мұндай тұлғалар ретінде мыналар танылады:

1) қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары, нақты айтар болсақ:

- бұрынғы КСРО-ны қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін (қызметтік міндеттерді) орындау кезінде алған жарақаттары, кон-

тузиялары немесе зақымдары салдарынан немесе майданда болуымен байланысты аурудың салдарынан қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілердің, партизандардың, жасырын жұмыс істегендердің отбасылары;

- Ұлы Отан соғысы кезінде жергілікті әуеге қарсы қорғаныс өзін-өзі қорғау объектілері мен командалары құрамында болған, қайтыс болған тұлғалардың отбасылары, Ленинград қаласының госпитальдары мен ауруханаларында қайтыс болған жұмысшыларының отбасылары;

- қоғамға қарсы көріністері бар төтенше жағдайлар кезінде, қоғамдық тәртіпті қорғауға байланысты міндеттерді орындау кезінде қайтыс болған, бұрынғы КСРО-ның ішкі істер органдарының және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының, Қорғаныс министрлігінің жиынға шақырылған әскери міндетті тұлғаларының, басқарушы және қатардағы құрамындағы тұлғалардың, әскери қызметшілердің отбасылары;

- бейбіт кезде әскери қызметтен өту барысында қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары;

- Чернобыль АЭС-дағы және азаматтық, әскери мақсаттағы объектілердегі өзге де радиациялық апаттардың салдарын жою кезінде қайтыс болған тұлғалардың отбасылары;

- қайтыс болған мүгедектердің немесе сәулеге ұшыраудан қайтыс болған тұлғалардың, сонымен қатар өлімі Чернобыль АЭС-дағы және азаматтық, әскери мақсаттағы объектілердегі өзге де радиациялық апаттардың әсерінен орын алғаны анықталған тұлғалардың отбасылары.

Жеңілдіктер алу құқығы берілетін отбасы мүшелеріне мыналар жатады:

1) қайтыс болған (өлген, хабар-ошарсыз кеткен) адамның балалары және асырауында болған өзге де тұлғалар, бұларға осы орайда асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төленеді;

- ата-аналары;

- қайта некеге тұрмаған зайыбы (ері).

2) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген мүгедектердің зайыптары (ерлері), сонымен қатар жалпы аурудың, еңбек жарақатының немесе өзге де себептердің (құқыққа қайшыларынан басқа) нәтижесінде мүгедек деп танылған, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Блокадалық Ленинградтың тұрғыны» белгісімен марапатталған қайтыс болған азаматтардың, партизандардың, жасырын жұмыс істеушілердің қайта некеге тұрмаған зайыптары (ерлері);

3) Ұлы Отан соғыс жылдарында тылдағы ерен еңбегі үшін және мінсіз әскери қызметі үшін, бұрынғы КСРО-ның ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғалар, сонымен қатар 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-дағы апатты жоюға қатысқан, бұл аймақтардан Қазақстан Республикасына көшірілген (өз еркімен кеткен) тұлғалар (соның ішінде, көшкен күні анасының жатырында болған балалар);

4) Соғыс әрекеттері болып жатқан мемлекеттерге және 1979 жылғы 1 желтоқсаннан 1989 жылғы желтоқсанға дейінгі кезеңде Ауғанстанға жұмыс істеуге жіберілген жұмысшылар мен қызметкерлер;

5) Ауғанстанның аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектелген контингентінің құрамына кірмеген, бұрынғы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жұмысшылары мен қызметкерлері.

Соғысқа қатысушының құқықтық мәртебесі Ұлы Отан соғысы жылдарында, бұрынғы КСРО-ны қорғауға қатысты әскер операциялар кезінде әскер қатарында болғанын, Чернобыль АЭС-дағы апаттың және азаматтық, әскери мақсаттағы объектілердегі өзге де радиациялық апаттардың зардабының салдарын жоюға қатысқанын, сонымен қатар ядролық сынақтар мен оқу-жаттығу жұмыстарына қатысқанын растайтын анықтаманың, әскери билеттің, жарақаттар, мүгедектік туралы анықтамалардың, сот-медициналық қорытындының негізінде анықталады.

Аталған құжаттардың негізінде соғысқа қатысушының куәлігі беріледі. Соғысқа қатысушының куәлігін ҚР Қорғаныс министрлігінің органдары, ал соғыс мүгедегінің куәлігін халықты әлеуметтік қорғау органдары береді. Оларға жеңілдіктер және кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың зейнетақы құжаттарына белгі соғылады.

Соғысқа қатысушыларға, мүгедектерге және оларға теңестірілген тұлғаларға әлеуметтік жеңілдіктерді беру тәртібі және жеңілдіктердің түрлері. Жеңілдіктерді белгілі бір тұлғаға қандай да бір артықшылықтар беру, белгіленген ережелерден, міндеттерден босату немесе оларды орындау шарттарын жеңілдету ретінде түсіну қажет. Әдетте жеңілдіктер азаматтардың қандай да бір санаттарына заңдарда көзделген жағдайларда берілетін айрықша құқықтармен және артықшылықтармен байланысты.

Жеңілдіктердің болу қажеттігі қоғам алдындағы ерекше еңбекпен байланысты. Жеңілдіктер бұл еңбектің қоғамдық тұрғыдан танылуын көрсетеді және әлеуметтік мәселелерді қандайда бір дәрежеде шешуге мүмкіндік береді. Жеңілдіктер әлеуметтік қорғауды қажет ететін белгілі бір әлеуметтік топтар үшін арналған.

Әрине, жеңілдіктер ақысыз түрде берілетіне қарамастан, тұтынушылық құн сапасына ие. Бірақ, жеңілдіктер экономикалық тұрғыдан мемлекет үшін тегін болып табылмайды, себебі олар әлеуметтік қамсыздандыруға кеткен шығындардың біршама басым бөлігін құрайды.

Соғысқа қатысушылар үшін жеңілдіктер туралы алғашқы нормативтік құқықтық актілер соғыс аяқталғанға дейін де пайда болды. Біртіндеп соғысқа қатысушылар мен мүгедектердің жағдайын жақсартуға бағытталған жеңілдіктер жүйесі кеңейе берді. Әсіресе, бұрынғы КСРО-да 60-жылдардың соңында және 70-жылдарда соғысқа қатысқандар мен мүгедектерге жеңілдіктер беруге қатысты көптеген шешімдер қабылданды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында соғысқа қатысқандар мен мүгедектердің жеңілдіктер алу құқығы заңдар деңгейіне көтерілген. Заңдарда мүгедектер үшін белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды алу құқығы мүгедектік фактісімен, ал берілетін жеңілдіктердің көлемі – мүгедектік тобымен тығыз байланысты. Мүгедектіктің тобын белгілеу кезінде, оның себебі анықталады, мүгедектің әлеуметтік қорғануға құқығы – зейнетақыға және оның мөлшеріне, сонымен қатар жеңілдіктерге қатысты құқығы аталған себепке байланысты болады.

Жеңілдіктердің түрлері. Заңдарда соғысқа қатысқандар мен соғыс мүгедектері үшін белгіленген жеңілдіктердің барлық түрлерін шартты түрде бірнеше топтарға бөлуге болады: зейнетақылық жеңілдіктер, протездеуге және арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге қатысты жеңілдіктер, медициналық қызмет көрсетуге қатысты жеңілдіктер, еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақыны төлеуге қатысты жеңілдіктер мен кепілдіктер, тұрғын үй-коммуналдық жеңілдіктер, салықтар мен алымдарға қатысты жеңілдіктер, көлікте жүруге қатысты жеңілдіктер.

Зейнетақылық жеңілдіктер соғыс мүгедектеріне зейнетақы мөлшерін арттыру нысанында берілуі мүмкін, ал зейнетақылық жасқа толған және белгілі бір еңбек стажына ие мүгедектер мүгедектігіне байланысты зейнетақыдан жасына байланысты зейнетақыға ауысуға және мүгедектігіне байланысты зейнетақыны жасына байланысты зейнетақыға үстеме ретінде төмен мөлшерде алуға құқылы.

Протездеуге және арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге қатысты жеңілдіктер, тісті кезектен тыс протездеу, өзге де протездермен және протездік-ортопедтік құралдармен кезектен тыс қамсыздандыру нысынында беріледі.

Протездеу – бұл жаракаттың, контузияның немесе аурудың салдарынан жоғалтылған ағза функцияларын ішінара, кейде толығымен өтейтін арнайы құралдармен қамсыздандыру. Олар көптеген мүгедектерге тек дербес, бөтеннің көмегінсіз тұрмыста өзіне-өзі қызмет көрсетуіне ғана емес, сонымен қатар өз шамасы келетін еңбекпен айналысуына да мүмкіндік береді.

Соғыс мүгедектерін протездік-ортопедтік құралдармен, жүріп-тұруға арналған арнайы құралдармен қамсыздандыруды халықты әлеуметтік қорғау органдары жүзеге асырады. Мүгедектерге протездің әртүрлі түрлерін, аппараттарды денсаулық қорғау мекемелері береді.

Соғыс мүгедектері протездік-ортопедтік құралдардың және жүріп-тұруға арналған арнайы құралдардың барлық түрлерінің құнын төлеуден толығымен босатылған. Жүріп-тұруға арналған арнайы құралдар мүгедектерге ақысыз өзіндік пайдалануға беріледі.

Медициналық қызмет көрсетуге қатысты жеңілдіктер. Зандарда соғысқа қатысқандарға және соғыс мүгедектеріне медициналық көмек көрсетудің бірнеше түрі көзделген: дәрігерлердің рецептері бойынша дәрілерді тегін алу, амбулаторлық-клиникалық мекемелерде алғашқы кезекпен қызмет көрсету және емдеу мекемелеріне кезектен тыс жатқызу, білікті медициналық көмек, зейнетке шыққан жағдайда осыған дейін еңбек еткен кезде өзі тіркелген емханаларда емделу құқығы, жыл сайын медициналық қызметті пайдалану құқығы, әлеуметтік қорғау мекемелеріне кезектен тыс тұру, сонымен қатар әлеуметтік қорғау органдарының үйде қызмет көрсетуін пайдалану.

Соғысқа қатысқандар мен соғыс мүгедектеріне медициналық қызмет көрсету нысандарының бірі болып, санаторийлық-курорттық емдеу табылады. Зандарда соғысқа қатысқандар мен мүгедектерінің санаторийлық-курорттық емдеуге қатысты тегін кезектен тыс тәртіппен қамсыздандырылатыны көзделген.

Жұмыс істейтін мүгедектер жұмыс орнында санаторийларға, профилакторийларға, демалыс үйлеріне бару жолдамаларымен қамсыздандырылады. Жұмыс істемейтін мүгедектерге санаторийлық-курорттық емделуге жолдаманы халықты әлеуметтік қорғау органдары, ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚР Ішкі істер министрлігі және олардың тұрғылықты жерлеріндегі өзге де органдар береді. Соғыс мүгедектерінің қалауы бойынша санаторийлық-курорттық емделу жолдамасының орнына тиісті ақшалай өтемақы берілуі мүмкін. Ақшалай өтемақы санаторийлық-курорттық емделуіне тыйым салынған (денсаулық жағдайы бойынша) мүгедектерге беріледі.

Еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақыны төлеуге қатысты жеңілдіктер мен кепілдіктер. Аталған тұлғалар санаттары еңбек стажына қарамастан жалақысының 100 %-ы мөлшерінде еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы алу құқығын иеленеді. Сонымен қатар, олар күнтізбелік жылда қатарынан төрт немесе бес ай еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы алу құқығын иеленеді. Жолдаманы кім және кімнің есебінен бергеніне қарамастан, соғыс мүгедектеріне санаторийға барып-қайтуына және емделуіне қажет күндер санына аурухана қағазы берілуі мүмкін. I және II топ мүгедектеріне жыл сайын ұзақтығы 15 жұмыс күніне пара-пар қосымша, ақы төленетін еңбек демалысы беріледі.

Тұрғын үй-коммуналдық жеңілдіктер. Зандарда соғысқа қатысқандар мен мүгедектерінің тек үй алуға қатысты ғана емес, сонымен қатар оны пайдалануға қатысты да жеңілдіктер белгіленген. Соғысқа қатысқандар мен мүгедектерде әлеуметтік қорғау шаралары ретінде келесідей жеңілдіктер беріледі:

1) жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың меншік нысанына қарамастан тұрғын үймен бірінші кезекте қамсыздандырылу;

2) тұрғын үй-құрылыс және өзге де кооперативтерге (серіктестерге) кірудегі бірінші кезекті құқық;

3) жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін алуда бірінші кезекті құқық, олардың төлем қабілеттігін ескере отырып, бастапқы салымсыз 30 жылға бес пайыздық жеңілдетілген несие беру;

4) тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің үй салуы үшін бастапқы салымсыз 30 жылға бес пайыздық жеңілдетілген несие алу құқығы;

5) олардың мемлекеттік және ұжымдық тұрғын үй қорындағы үйлері жеке меншікке беріледі;

6) соғысқа қатысқандарды өзге тұрғын үй берместен, қызметтік тұрғын үйінен шығаруға болмайды;

7) тұрғын үйді күтуге кететін шығындарды, коммуналдық шығындарды (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық су) төлеу үшін арнайы мемлекеттік жәрдемақы беріледі.

I және II топтағы соғыс мүгедектері өз пәтерлерінде телефонды кезектен тыс тегін орнау құқығына ие, ал телефон байланысын пайдалануға байланысты шығындарды жабу үшін оларға арнайы жәрдемақы төленеді.

Мүгедектерге көлікте жүруге қатысты берілетін жеңілдіктер. Соғысқа қатысқандар мен мүгедектеріне жалпы пайдаланудағы қала-

лық жолаушы көліктерінің барлық түрінде (таксиден басқа) жүруге қатысты жеңілдіктер мен артықшылықтар белгіленген, бұл үшін оларға шығындарды жабу үшін арнайы мемлекеттік жәрдемақы беріледі. Сонымен қатар, соғыс мүгедектеріне жанармайға, көліктің қосалқы бөлшектеріне, автокөліктерді және мотоциклдерді жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге кететін шығындарды жабу үшін, жылына бір рет темір жол, әуе, су және халықаралық автомобиль көлігінде тегін жүру үшін, сонымен қатар I топ мүгедегінің жанында жүретін тұлғаның шығындарын жабу үшін арнайы мемлекеттік жәрдемақы беріледі.

Соғысқа қатысқандарға теңестірілген тұлғалар үшін белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар. Соғысқа қатысқандарға теңестірілген тұлғалар үшін белгіленген жеңілдіктердің сипаты мен түрлері ұқсас болып келеді.

Алғаш рет мұндай тұлғаларға берілетін жеңілдіктер 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде әскер құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда және мекемелерде және өзге уақыттарда басқа да әскери операциялар кезінде әскери қызметте болған әскери қызметшілер мен еркін жалданбалы құрамның қатарындағы тұлғаларға ғана берілетін.

Жеңілдіктер мен артықшылықтарды алу құқығын анықтайтын негізгі шарт болып, Отанды қорғауға қатысты әскери әрекеттерге қатысу фактісі табылады. Сонымен, «соғысқа қатысқандарға теңестірілген тұлғалар» түсінігі тұлғалардың әлдеқайда кең шеңберін құрайды, сол себепті осы тұлғалар санаты үшін белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар, тұлғалардың әлдеқайда кең шеңберіне таралады.

Тұлғалардың осы санаты үшін белгіленген барлық жеңілдіктер мен кепілдіктердің тізімі Қазақстан Республикасының «Ұлы Отан соғысына қатысқандар, мүгедектер және оларға теңестірілген тұлғаларды әлеуметтік қорғау және оларға берілетін жеңілдіктер туралы» заңында келтірілген. Бұл заңда соғысқа қатысқандарға, соғыс мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар мен соғысқа қатысқандарға жеңілдіктер бойынша теңестірілген өзге де тұлғалар санаттары үшін белгіленген жеңілдіктер мен кепілдіктер ерекше бөлініп көрсетілген.

Соғысқа қатысқандар мен мүгедектерімен ортақ жеңілдіктер және кепілдіктермен қатар, тұлғалардың аталған санаты, осы заңға сәйкес жоғары және орта арнайы оқу орындарына және тиісті мамандық курстарына конкурстан тыс түсу құқығын және өзге де бірқатар жеңілдіктерді иеленеді.

Заңдарда Отан алдында ерекше еңбек еткен тұлғалар шеңбері көрсетілген. Мұндай тұлғалар ретінде Кеңес Одағының Батырлары, «Ерлігі үшін» алқасымен төрт және одан көп рет марапатталған тұлғалар, сонымен қатар Социалистік Еңбек Ері атағын Ұлы Отан соғысы жылдарында иеленген тұлғалар танылады.

Ерен еңбегі үшін танылған тұлғалар жеңілдіктердің үлкен көлемін иеленеді. Азаматтардың бұл санаты үшін зейнетақының әлдеқайда жоғары мөлшері белгіленген, тегін емделуге, санаторийлық-курорттық емделуге қатысты бірқатар жеңілдіктер көзделген. Олар тұрғын үй жағдайын жақсарту құқығын иеленеді – оларға 20 шаршы метрді құрайтын қосымша тұрғын үй көлемі беріледі. Бұл тұлғалар үшін әскери құрмет көрсете отырып, тегін жерлеу құқығы да көзделген.

21-ТАРАУ

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНАН ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақымен қамсыздандырудың түсінігі

Жоғарыда атап өткеніміздей, жинақтаушы зейнетақы қорлары елдің зейнетақы жүйесінің тек бір деңгейі ғана емес, сонымен қатар оның орталық буыны да болып табылады.

Зейнетақы жүйесін реформалау мақсаттарында біздің мемлекетіміз Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорын Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа өзгертті және жинақтаушы зейнетақы қорларының жүйесін құрды. Жинақталатын жеке зейнетақы қаражаттарын қалыптастыру үшін жинақтаушы зейнетақы қорларының екі түрі құрылды: мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры (МЖЗҚ) және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры (МЕЖЗҚ).

1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша, кем дегенде алты айлық еңбек стажына ие азаматтар зейнетақыны толыққанды жүйеден де (пропорционалды еңбек стажы бойынша) және егер зейнетақылық жарналарды төлеп отырса, жинақтаушы зейнетақы қордан да алатын болады. Жинақтаушы жүйеге толығымен ауысу. Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық төлемдерді төлеуді тоқтатқан кезде, тек 2045 жылға қарай ғана орын алуы мүмкін. Бұл кезге дейін азаматтардың басым көпшілігі зейнетақыны Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан да, өздерінің жинақтаушы зейнетақы қорынан да алады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақымен қамсыздандырудың ерекшеліктері

Зейнетақымен қамсыздандырудың қазіргі кездегі жүйесінің ерекшеліктері болып мыналар табылады:

- зейнетақылық төлемдер бұрынғыдай ұрпақтар арасында емес, бір ұрпақтың өз ішінде ғана көзделген, яғни әрбір азамат еңбекке қабілетті жасында өз қаражатынан болашақ зейнетақыға жарналар салады;

- зейнетақы қоры жинақ қорларына, инвестицияларға және зейнетақы төлемдеріне өзі билік жасайды;

- мемлекет әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж тұлғаларға тек әлеуметтік зейнетақыларды береді, бюджет қызметкерлері үшін зейнетақы жарналарын есептейді және жеке зейнетақы жүйесінің заңды жұмысының кепілдігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының зейнетақы реформасында келесідей өзгерістер орын алды:

- барлық артықшылықты зейнетақылар жойылды. Зейнетақыны алуға қойылатын талаптар, барлық азаматтар үшін бірдей болды;

- зейнетке шығу жасы еркектер үшін 63 жасқа дейін, әйелдер үшін 58 жасқа дейін өсті;

- жинақтаушы зейнетақы қорында әрбір қызметкерге жеке зейнетақы шот ашылады (ӘЖК-пен шатастыруға болмайды), бұл шотқа қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары және инвестициялық табысы аударылады;

- мемлекеттік емес зейнетақы қорлары жабық түрдегі акционерлік қоғамдар түрінде құрылады және екі түрде болуы мүмкін – ашық және корпоративтік.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары елдің зейнетақы жүйесінің тек бір деңгейі ғана емес, сонымен қатар, оның орталық буыны да болып табылады. Жоғарыда атап өткеніміздей, 2045 жылға қарай Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан барлық төлемдердің токтатылуы және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне толығымен ауысу жоспарлануда, бұл кезде зейнетақылар тек жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшылармен – болашақ зейнеткерлермен жұмысты ұйымдастырады, олармен зейнетақы шарттарын жасасады, зейнетақы жарналарын жинауды жүзеге асырады, зейнетақы жарналарына және инвестициялық табысқа жеке есеп жүргізеді. Қордың салымшылар алдындағы міндеттемелері зейнетақы шарттарынан көрініс табады, бұлар, өз кезегінде, зейнетақылық жасқа толған кезде де, заңдарда көзделген жағдайларда да жинақталған зейнетақы қаражатын алу құқығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қор өз қызметі үшін комиссиялық сыйақы алады, өз салымшыларының және мемлекеттік органдардың алдында есеп береді, зейнетақы төлемдерін төлейді. Соған қоса, қор халықтың алдында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, шағымдар мен өтініштерді қарайды, салымшының өліміне, оның шетелге шығуына байланысты мәселелерді шешеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшылардың ақшаларына билік

жүргізе алмайды. Олардың ақшалары банк-кастиоданда сақталады. Зейнетақы активтерімен жасалатын кез келген операциялар мен мәмілелер, олардың меншік иелерінің, яғни салымшылардың мүддесі үшін жасалуы тиіс.

Банк-кастиоданның тікелей мақсаты – салымшылардың бағалы қағаздары мен ақшалай қаражаттарын сақтау, зейнетақы активтерімен жасалатын мәмілелердің жүргізілуінің заңдылығына бақылауды жүзеге асыру. Банктің зейнетақы қорының алдындағы зейнетақы активтерінің сақталуына байланысты жауапкершілігі банктің өз капиталымен кепілденеді.

Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу. Қазақстан Республикасының жұмыс істейтін әрбір азаматы міндетті зейнетақы жарналарын төлеу үшін бір ғана жинақтаушы зейнетақы қорын таңдап алуға және онымен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарының салымшысына міндетті зейнетақы жарналары есебінен, зейнетақымен қамсыздандыру туралы бір мезгілде екі және одан да көп шарт жасасуға, сол сияқты салымшының міндетті зейнетақы жарналарын іс жүзінде екі және одан да көп жинақтаушы зейнетақы қорына енгізуіне, не жарнаны бір қорға төлеп, жинақталған зейнетақы қаражатының бір бөлігін басқа жинақтаушы зейнетақы қорында сақтауына жол берілмейді.

Заңды және жеке тұлғалар міндетті зейнетақы жарналарын салымшының жалақысынан немесе өзге де табысынан ұстап қалады және оларды көрсетілген жинақтаушы зейнетақы қорына салымшының әлеуметтік жеке кодына аударады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы салымдарын төлеу міндетті болып табылады және олар Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасымен төленеді.

Міндетті зейнетақы жарналарын басқа адамдардың пайдасына төлеуге болмайды.

Міндетті зейнетақы жарналары қызметкердің ай сайынғы жалақысының 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Ерікті зейнетақы жарналарын төлеу. Қызметкер жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарымен қатар ерікті зейнетақы салымдарын да төлеуі мүмкін. Салымшы-жеке тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті зейнетақы жарналарын, олар-

мен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жағдайда өз пайдасына өз табысы есебінен енгізеді.

Ерікті зейнетақы салымдары үшінші тұлғалардың пайдасына төлеуі мүмкін.

Алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарының салымшылары, оларды салық салынғаннан кейінгі табыс есебінен жүзеге асырған жағдайда жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін.

Ерікті зейнетақы жарналарын төлеуді салымшылардың өздері жүзеге асырады.

Ерікті зейнетақы жарналарының ставкасы, оларды төлеу тәртібі, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін төлеу тәртібі ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді.

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражаты бар тұлғаларға жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда төленеді.

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақыларды төлеу, зейнетақы алу жасына толғанда, қажетті еңбек стажы болған жағдайда, сонымен қатар, егер алушы еңбек етуді тоқтатып, 55 жасқа толған жағдайда, жарналарды төлеу мерзімі кемінде 35 жылды құраған жағдайда және жинақталған зейнетақы қаражатының мөлшері уәкілетті орган бекіткен шаманы құраған жағдайда жүзеге асырылады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдеріне салық заңдарына сәйкес салықтар салынады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін алу құқығын, жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған зейнетақы қаражаты бар тұлғалар иеленеді. Зейнетақы төлемдері келесідей тәртіппен жүргізіледі:

- 1) 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап – еркектерге 61 жасқа толғанда, әйелдерге 56 жасқа толғанда;
- 2) 1998 жылғы 1 шілдеден бастап – еркектерге 61,5 жасқа толғанда, әйелдерге 56,5 жасқа толғанда;
- 3) 1999 жылғы 1 шілдеден бастап – еркектерге 62 жасқа толғанда, әйелдерге 57 жасқа толғанда;

4) 2000 жылғы 1 шілдеден бастап – еркектерге 62,5 жасқа толғанда, әйелдерге 57,5 жасқа толғанда;

5) 2001 жылғы 1 шілдеден бастап – еркектерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 жасқа толғанда.

Төтенше және барынша радиациялық қатерлі өңірлерде 1949 жылғы 29 тамыздан 1963 жылғы 5 шілдеге дейін, кемінде 10 жыл тұрған азаматтар Қазақстан Республикасының «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңына сәйкес:

- еркектер – жалпы жұмыс стажы 25 жылдан кем болмаған жағдайда 50 жасқа жеткенде;

- әйелдер - жалпы жұмыс стажы 20 жылдан кем болмаған жағдайда 45 жасқа жеткенде зейнетақы тағайындалуына құқылы.

5 және одан да көп бала туып, оларды 8 жасқа дейін тәрбиелеген әйелдер 50 жасқа толғанда, жасына байланысты толық көлемде зейнетақы алуға құқылы, аталған зейнетақы жасы 1998 жылғы 1 шілдеден бастап жыл сайын 6 айға өсіп отырады, бірақ тұтас алғанда 3 жылдан аспауға тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған зейнетақы қаражаты бар адамдардың:

1) ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңының 9-бабының 1-3 тармақтарында көзделген жағдайлар басалғанда;

2) елу бес жасқа толғанда және жинақталған зейнетақы қаражаты ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз ету үшін жеткілікті болғанда;

3) егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленсе, I және II-топтағы мүгедектердің;

4) әскери қызметшілердің (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқа), арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитеті, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар:

- арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы және Қазақ-

стан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметте кемінде 25 жыл еңбек сіңірген жыл, қызметте тұрудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекті жасына жеткен;

- арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметте кемінде 25 жыл еңбек сіңірген жыл, штаттың қысқартылуы немесе денсаулық жағдайы бойынша босатылған;

- арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының офицерлері, прапорщиктері (мичмандары), орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдары, сондай-ақ арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын, келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген, әскери қызметте және ішкі істер органдарындағы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі комитетінде, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекті жасына жетуі бойынша, штатты қысқарту немесе денсаулық жағдайы бойынша қызметтен босатылған, жиырма бес жыл және одан да көп жалпы еңбек стажы бар, оның кемінде он екі жыл алты айында үздіксіз әскери қызмет және ішкі істер органдарында қызмет атқарған адамдардың;

5) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен, кету ниетін немесе кету фактісін растайтын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құжаттарды табыс еткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

Жинақтаушы зейнетақы қорында міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражаты бар адам қайтыс болған жағ-

дайда, олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдеріне, жинақтаушы зейнетақы қорларында жинақталған зейнетақы қаражаты бар мына адамдардың құқығы пайда болады:

- елу бес жасқа толған адамдардың;
- мүгедектердің;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен, кету ниетін немесе кету фактісін растайтын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құжаттарды табыс еткен адамдардың.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған зейнетақы қаражаты бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Т І Р К Е М Е
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ

Конституция 1995 жылы 30 тамызда
республикалық референдумда қабылданды

(1998 жылғы 7 қазандағы Қазақстан Республикасының
№ 284-І Заңымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар)

(Үзінді)

28-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде, оған ең төмен жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермелеп отырады.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы.

3. Мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдарда ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

30-бап

1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.

2. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІ МЕН СУДЬЯЛАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ

**Қазақстан Республикасының 2000 жылғы
25 желтоқсандағы № 132-11 Конституциялық Заңы
(Үзінді)**

55-бап Жерлеуге жұмсалатын шығыстардың өтемақысы

Қайтыс болған немесе қаза тапқан судьялар мен судья қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлерді жерлеу үшін судья қайтыс болған сәттен тиісті лауазымы бойынша, судьяның үш айлық жалақысы мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы төленеді.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОДЕКСІ

2001 жыл 30 қаңтар № 155-11

*Өзгертулер және толықтырулармен 2005 жылдың
1 сәуіріне берілген
(Үзінді)*

85-бап Медициналық қызмет көрсетудің кепілдік берілген көлемін орындамау

Медициналық қызметкердің азаматқа заң актілерімен кепілдік берілген медициналық көмек көлемін көрсету жөніндегі кәсіби міндеттерін орындамауы, егер мұндай іс-әрекет денсаулыққа орташа дәрежеде зиян келтірмесе және ауыр зардаптарға әкеп соқпаса, айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

88-бап Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасын бұзу

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген зейнетақы төлемдерін, аударымдар мен алып қоюларды белгіленген мерзімдерде уақтылы жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін орындамауы, лауазымды адамдарға айлық есептік керсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерін-

де, заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген зейнетақыны толық мөлшерде және белгіленген мерзімдерде төлеу жөніндегі міндеттерін орындамауы, айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жеке тұлғаның, жеке кәсіпкердің, жеке нотариустың, адвокаттың, заңды тұлғаның немесе оның лауазымды адамдарының:

- салық органдарына міндетті зейнетақы жарналары бойынша пайдасына берешек өндіріп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімдерін табыс етпеуі;

- салық органдарына әрбір жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша берешектердің жалпы сомасын көрсете отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларының тізімдерін табыс етпеуі;

- салық органдарына міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (есептеп қосылған) және аударылған сомалары жөнінде есептерді Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде табыс етпеуі.

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұсталған (есептеп қосылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын бастапқы есепке алуды жүргізбеуі;

- есептелген, ұсталған (есептеп қосылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді салымшыларға Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде табыс етпеуі;

- жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы және (немесе) толық есептемеуі, ұстамауы (есептеп қоспауы) және (немесе) төлемеуі (аудармауы) түрінде жасаған Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы не тиісінше орындамауы, жеке тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, адвокаттарға, лауазымды адамдарға – жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, – жеке

тұлғаға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, адвокаттарға, лауазымды адамдарға – қырықтан сексенге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

88-1-бап Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу

1. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры мен Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың лауазымды адамдарының кінәсінен Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарында белгіленген мерзімдерде әлеуметтік төлемдердің төленбеуі, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жеке кәсіпкердің, жекеше нотариустың, адвокаттың, заңды тұлғаның немесе оның лауазымды адамдарының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды аудару жөніндегі міндетті орындамауы немесе тиюінше орындамауы, – лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, адвокаттарға немесе заңды тұлғаларға – аударылмаған (уақтылы аударылмаған) әлеуметтік аударымдар сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІ 1999 жыл 13 шілде №411-І

*(ҚР 29.03.00 жс. № 42-11, 05.07.00 жс. № 75-11, 02.03.01 жс.
№ 162-11, 11.07.01 жс. № 238-11 06.11.01 жс. № 251-11, 24.12.01 жс.
№ 276-11, 09.08.02 жс. № 346-11, 05.05.03 жс. № 409-11,
02.07.03 жс. № 451-11, 09.07.03 жс. № 482-11, 10.03.04 жс.
№ 532-11 09.07.04 жс. № 583-11, 13.12.04 жс. № 11-111, 2004 28.12.
№ 24-111, 2005 23.02. № 33-111*

Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)

(Үзінді)

32-бап Талап қоюшының таңдауы бойынша соттың соттауына жатқызу

1. Тұрғылықты жері белгісіз не Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері жоқ жауапкерге талап, оның мүлкі орналасқан жер бойынша немесе оның ең соңғы белгілі тұрған жері бойынша қойылуы мүмкін.

2. Заңды тұлғаға да талап, оның мүлік орналасқан жер бойынша қойылуы мүмкін.

3. Заңды тұлға филиалының немесе өкілділігінің қызметінен туындайтын талап та филиалдың немесе өкілділігінің орналасқан жері бойынша қойылуы мүмкін.

4. Алименттер өндіріп алу туралы және әке болуды анықтау туралы талаптарды талап қоюшы өзінің тұрғылықты жері бойынша да қоя алады.

5. Мертігуден немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуынан келген зиянды өтеу туралы талаптарды да талап қоюшы өзінің тұрғылықты жері бойынша немесе зиян келтірілген жер бойынша қоя алады.

6. Орындалу орны көрсетілген шарттардан туындайтын талаптар да шарттың орындалатын жері бойынша қойылуы мүмкін.

7. Некені бұзу туралы талаптар, талап қоюшының кәмелетке толмаған балалары тұратын немесе денсаулық жағдайы бойынша талап қоюшының жауапкер тұратын жерге баруы, ол үшін қиындық келтіретін жағдайларда да оның тұрғылықты жері бойынша қойылуы мүмкін.

8. Жалақыны, зейнетақы және жәрдемақыны өндіріп алу туралы талаптар, сондай-ақ заңсыз соттаудан, қылмыстық жауапқа заңсыз тартудан, бұлтартпау шараларын заңсыз қолданудан не әкімшілік қамау түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудан азаматқа келтірілген зиянды өтеуге байланысты еңбек, зейнеткерлік және тұрғын үй құқықтарын қалпына келтіру туралы талаптар, талап қоюшының тұратын жері бойынша қойылуы мүмкін, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларға дау айту жөніндегі талаптар, талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша да қойылуы мүмкін.

9. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы талаптар талап қоюшының тұрғылықты жері не шарттың жасалу немесе орындалу жері бойынша қойылуы мүмкін.

10. Кемелердің соқтығысуынан келтірілген залалды өтеу туралы, сондай-ақ теңізде көмек көрсеткені және құтқарғаны үшін сыйақы алу туралы талаптар, жауапкер тұрған немесе кеме тіркелген порттың орналасқан жері бойынша қойылуы мүмкін.

11. Осы Кодекстің 33-бабында белгіленген істің соттылығын қоспағанда, талап қоюшы осы бапқа сәйкес іс соттауына жататын бірнеше соттың арасынан біреуін таңдап алады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІ

1997 жыл 13 желтоқсан № 206-1

*(Өзгертулер және толықтырулармен 2005 жылдың
1 сәуіріне берілген)*

(Үзінді)

94-бап Сот отырысының хатшысы мен соттың приставына қарсылық білдіру

1. Сот отырысының хатшысы мен соттың приставы:

1) осы Кодекстің 90-бабында көзделген мән-жайлардың кез келгені болған кезде;

2) олардың құзыретті еместігі байқалса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды.

2. Адамның сот отырысына сот отырысының хатшысы немесе соттың приставы ретінде оның алдында қатысуы, олардың сот отырысына тиісті сапада одан әрі қатысуын жоққа шығаратын мән-жай болып табылмайды.

3. Сот отырысының хатшысы мен соттың приставына қарсылық білдіру туралы мәселені істі қараушы сот шешеді.

95-бап Аудармашы мен маманға қарсылық білдіру

1. Аудармашы мен маман:

1) осы Кодекстің 90-бабында көзделген мән-жайлардың кез келгені болған кезде;

2) егер олардың құзыретті еместігі байқалса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды.

2. Адамның аудармашы немесе маман ретінде оның алдында қатысуы, олардың сот отырысына тиісті сапада одан әрі қатысуын жоққа шығаратын мән-жай болып табылмайды.

3. Аудармашы мен маманға қарсылық білдірілуі туралы мәселені қылмыстық процесті жүргізуші орган шешеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ
ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫ ТУРАЛЫ**
Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі
№ 336-ІІ Заңы

(20 12 2004 ж. № 13-ІІІ Заңымен енгізілген өзгерістерімен)
(Үзінді)

6 - ТАРАУ

**ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН
ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ**

18-бап **Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, оларды зейнетақымен және өзгедей қамтамасыз ету**

1. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің ақшалай үлесі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін бюджет қаражаты есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің біртұтас жүйесі негізінде белгіленеді және оған ақшалай қаражат пен қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген үстемеақы кіреді.

2. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің ақшалай қаражаты лауазымдық айлықақыдан және арнайы атағы үшін қосымша ақыдан тұрады.

3. Ведомстволық бағыныстағы мекемелер қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.

4. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері тегін нысанды және арнайы киім-кешекпен қамтамасыз етіледі, оның үлгілері мен тиесілік нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналған зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдарын есептеу, ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6. Асыраушысынан айырылған жағдайда және мүгедектігі бойынша қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау, ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналған Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

19-бап. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің демалыстары

1. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне ұзақтығы күнтізбелік отыз күн жыл сайынғы демалыс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында кезделген өзге де демалыстар беріледі.

2. Еңбек сіңірген жылдарына қарай (күнтізбелік есеппен) қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары он жылдан асса -ұзақтығы күнтізбелік бес күнге;

он бес жылдан асса – ұзақтығы күнтізбелік он күнге;

жиырма жылдан асса – ұзақтығы күнтізбелік он бес күнге ақы төленетін қосымша демалыс беріледі.

20-бап Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертіккен жағдайдағы кепілдіктер

1. Қаржы полициясы органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мертіккен жағдайда – оның өзіне, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға бюджет қаражаты есебінен біржолғы өтемақы төленеді.

Біржолғы өтемақы төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Қаржы полициясы органдарының қызметкері- қызметтік міндеттерін атқару кезінде не қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаты салдарынан қызметтен босатылғаннан кейін бір жылдың ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оның отбасына соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

3. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаты, жаралануы (контузия алуы), мертігуі, науқастануы салдарынан болған мүгедектік белгіленгенде, оларға;

1) I топтағы мүгедекке — отыз айлық ақшалай қаражат;

2) II топтағы мүгедекке — он сегіз айлық ақшалай қаражат;
3) III топтағы мүгедекке — алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

4. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке әкеп соқпаған, ауыр мертіккен (жарақат алған, жараланған, контузия алған) жағдайда, оларға бір жарым айлық ақшалай қаражат орташа мертігу жағдайында - бір айлық ақшалай қаражат жеңіл мертігу жағдайында жарты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

5. Егер қаржы полициясы органдары қызметкерінің қазасы (қайтыс болуы) жарақаты, жаралануы (мертігуі) науқастануы қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқаруға қатысы жоқ мән-жайларға байланысты болғаны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді.

6. Қаржы полициясы органдарының қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін үш айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

21-бап Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үй құқықтары

1. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан тұрғын-жаймен бірінші кезекте қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады.

2. Қаржы полициясы органдарында қызметте тұрған қызметкерлер өздері тұрып жатқан, қызметтік тұрғын үйге теңестірілген үйлерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жекешелендіре алады.

3. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері, сондай-ақ қаржы полициясы органдарының қаза тапқан қызметкерінің отбасы қызметтік тұрғын үйден немесе қызметтік тұрғын үйге теңестірілген үйден, басқа тұрғын үй берілмей тұрып, шығарылуға тиіс емес.

4. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамдардың отбасы олар қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын-жай алуға құқылы.

22-бап Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғаудың өзге де шаралары

1. Қаржы полициясы органдарының жедел-іздігі, тергеу, саптық бөлімшелерінің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша олармен бірге тұрып жатқан отбасы мүшелерін ескере отырып, тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызмет ақыларын төлеу үшін тиісті жылға арналған республикалық бюджетте белгіленген мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

2. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін әлеуметтік қорғаудың өзге де шаралары қолданылады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
Қазақстан Республикасының 2002 жылғы
7 наурыздағы № 299-ІІ Заңы**

*(20.12.2004 ж № 13-ІІІ ҚР Заңымен енгізілген
өзгерістерімен)
(Үзінді)*

6-ТАРАУ

**ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
ПЕРСОНАЛЫНА БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДІКТЕР МЕН
ӨТЕМДЕР, ОЛАРДЫ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

24-бап Дипломатиялық қызметті қаржылық және материалдық-шаруашылық жағынан қамтамасыз ету

1. Дипломатиялық қызметті және оның органдарын қаржылық жағынан қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Дипломатиялық қызмет органдары консулдық іс-әрекеттер жасаған кезде жұмсайтын күтілмеген шығыстар Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Консулдық жарғыда белгіленген тәртіппен өтелуге жатады.

3. Құрметті консул аппаратының қызметін және соған байланысты іс-шараларды қаржыландыру құрметті консул бөлетін қаражат есебінен жүзеге асырылады.

4. Дипломатиялық қызмет органдары көлікпен, қызметтік үй-жайлармен, байланыс құралдарымен және басқа да қажетті мүлікпен қамтамасыз етіледі.

5. Дипломатиялық қызмет органдарының Қазақстан Республикасының аумағы мен шет елден жылжымайтын және өзге мүлікті иелену, пайдалану және оларға билік ету тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес белгіленеді.

25-бап Дипломатиялық қызмет персоналына берілетін кепілдіктер мен өтемдер

1. Дипломатиялық қызмет персоналы мен отбасы мүшелерін материалдық және әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету, атқаратын қызметінің қиындығы, оған байланысты қауіп-қатер, сондай-ақ шет мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Шет елде болу дипломатиялық қызмет персоналына және отбасы мүшелеріне қандай да болсын зиян келтірмеуге тиіс.

Шет елден дипломатиялық қызмет персоналы мен отбасы мүшелеріне көмек көрсету мен қорғауға байланысты міндеттерді шет елден мекеменің жетекшісі орындайды.

Шет елдегі қызметі кезінде дипломатиялық қызметтің қызметкері немесе жұмыскері не оның отбасы мүшелері ауырған, қайтыс болған, отбасында бала туылған жағдайда, дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе жұмыскерінің және (немесе) оның отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерде жәрдемақы алуға құқығы бар.

2. Дипломатиялық қызмет персоналы мен отбасы мүшелері бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің кепілдік берілетін көлемімен қамтамасыз етіледі.

3. Шет елдегі мекемеде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет персоналының және бірге тұратын отбасы мүшелерінің жыл сайынғы ақылы демалыс берілуіне не отбасы мүшелерінің бірі қайтыс болуына байланысты барып-қайту көлік шығыстарының төленуіне құқығы бар.

4. Дипломатиялық қызмет персоналы өзімен бірге тұратын отбасы мүшелерінің саны, лауазымдық жағдайы, жерлікті мән-жай және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін нормативтер ескеріле отырып, шет елде тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Тұрғын үйді ұстауға төлейтін нақты шығыс Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалардан асып кеткен жағдайда, ол бюджет қаражаты есебінен өтелуге тиіс.

5. Шет елдегі жұмыс кезеңінде дипломатиялық қызмет персоналының балаларына жалпы орта білім беру бюджет қаражаты есебінен төленуге тиіс.

6. Шет елдегі мекемеде әкімшілік-техникалық бос қызмет орындары болған жағдайда, шет елдегі дипломатиялық қызмет персоналы отбасыларының мүшелеріне уақытша жұмысқа тұру құқығы берілуі мүмкін.

7. Қарулы немесе азаматтық жанжалдар жағдайында, не шет елдердегі мекемелер мен олардың персоналының қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда, сондай-ақ шет елдердегі мекемелер орналасқан жерлердегі төтенше жағдайлар кезінде Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық қызмет персоналы мен отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қорғау үшін қажетті шаралар қолданады.

Дипломатиялық қызметтің қызметкеріне немесе жұмыскеріне не оның отбасы мүшелеріне шет елде болу уақытында, өзінің қызметтік міндеттерін не солармен байланысты қызметті атқару кезінде келтірілген залал Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өтеледі.

8. Дипломатиялық қызметтің қызметкері немесе жұмыскері шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде не шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған жарақаттың салдарынан қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде қаза тапқан жағдайда, дипломатиялық қызметтің қайтыс болған қызметкерінің немесе жұмыскерінің отбасы мүшелеріне оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысы бойынша есептелетін алпыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде біржолғы өтем төленеді.

9. Дипломатиялық қызметтің қызметкері немесе жұмыскері шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамның отбасының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқығы бар.

10. Дипломатиялық қызметтің қызметкеріне немесе жұмыскеріне шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған жарақат, жаралану (контузия), мертігу, ауру салдарынан болған мүгедектік белгіленген кезде, оған оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысымен есептелген мөлшерде.

- 1) I топтағы мүгедекке — отыз айлық ақшалай қаражат;
- 2) II топтағы мүгедекке — он сегіз айлық ақшалай қаражат;
- 3) III топтағы мүгедекке — алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтем төленеді.

11. Дипломатиялық қызметтің қызметкері немесе жұмыскері шет елде қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүгедектікке әкеп соқпаған ауыр мертігу (жарақат, жаралану, контузия) жағдайында, оған оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша есептелетін – үш айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде, жеңіл мертігу жағдайында бір айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде біржолғы өтем төленеді.

12. Егер дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе жұмыскерінің қаза табуы (қайтыс болуы), жарақаттануы, жаралануы (мертігуі), ауыруы қызметтік міндеттерді орындауға байланысы жоқ жағдайларда болғаны белгіленген тәртіппен дәлелденсе, аталған сома төленбейді.

26-бап Жерлеуге жұмсалатын шығыстарды өтеу

1. Дипломатиялық қызметтің шет елде қайтыс болған (қаза тапқан) қызметкерін немесе жұмыскерін жерлеу үшін оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы қызметі бойынша лауазымдық айлықақысынан есептелетін үш айлық қаражат мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

2. Дипломатиялық қызметтің қайтыс болған (қаза тапқан) қызметкерінің немесе жұмыскерінің мәйітін Қазақстан Республикасына жеткізу және осыған байланысты шығыстар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

27-бап Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастарын реттеу

Дипломатиялық қызмет персоналының еңбек қатынастары осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Шет елдердегі мекемелерде қызметтерді қоса атқаруға немесе уақытша жоқ қызметкерлердің немесе жұмыскерлердің міндеттерін орындауға рұқсат етіледі.

Шет елден дипломатиялық қызмет персоналының еңбек жағдайларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

28-бап Дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу

Дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін еңбекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.

Шет елдегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбегіне ақы төлеу болатын елінің саяси, әлеуметтік-экономикалық және материалдық-тұрмыстық жағдайлары ескеріле отырып айқындалады.

29-бап Дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне ақшалай төлемдер жасау

Дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің дипломаттық дәрежесі үшін, шет тілдерін білгені үшін, мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтермен жұмыс істегені үшін ақшалай төлем алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өкілдік керек-жарағы құнының мөлшерінде жыл сайынғы ақшалай өтем алуға құқығы бар дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің өкілдік керек-жарағы туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі өкімдіктеріне бекітеді.

30-бап Жыл сайынғы демалыстар

1. Дипломатиялық қызметтің персоналына ұзақтығы отыз күнтізбелік күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі.

2. Дипломатиялық қызметтің шет елдердегі мекемелерде жұмыс істейтін қызметкеріне немесе жұмыскеріне кезекті еңбек демалысына шыққан кезде, сауықтыру үшін оның Сыртқы істер министрлігінде атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлық ақысының екі еселенген мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

31-бап Дипломатиялық қызметтің персоналын зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау

Дипломатиялық қызметтің персоналын зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2005 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ

2004 жылғы 2 желтоқсандағы № 3-III Қазақстан Республикасының Заңы

(Үзінді)

8-бап

2005 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері - 7 000 теңге;
- 2) зейнетақының ең төменгі мөлшері - 6 200 теңге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш 971 теңге мөлшерінде белгіленсін.

9-бап

2005 жылға арналған республикалық бюджетте бала тууға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүзеге асырылатын біржолғы мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге 3 422 775 мың теңге сомасында шығыстар көзделсін.

10-бап

2005 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметкерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), сондай-ақ Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру, тергеу және саптық бөлімшелерінің, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының, Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің, қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер көрсету шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 430 теңге сомасында белгіленсін.

МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246-ІІ Заңы

(20.12.2004 жс № 13-ІІІ ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерімен)

Осы заң халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге байланысты құқықтық қатынастарды реттейді.

1-бап Негізгі ұғымдар

Осы заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады

1) *мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек* (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек) – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) белгіленген кедейлік шегінен төмен адамдарға (отбасыларына) мемлекет ақшалай нысанда берілетін төлем,

2) *жиынтық табыс* – атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезінде ескерілетін табыс түрлерінің сомасы,

3) *жан басына шаққандағы орташа табыс* – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі,

4) *уәкілетті орган* – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық, аудандық маңызы бар қаланың) қаладағы ауданның атқарушы органы,

5) *учаскелік комиссия* – атаулы әлеуметтік көмек сұраған адамдардың (отбасылардың материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия),

6) *орталық атқарушы орган* – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган.

2-бап Атаулы әлеуметтік көмек алу құқығы

1. Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, босқын статусына ие адамдардың, шетелдіктердің, Қазақстан Республикасында

тұруға ықтиярхаты бар және тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар.

Мүгедектерді және стационарлық емделуде бір айдан астам уақыт кезеңінде болатын адамдарды магистратура мен аспирантураны қоспағанда, күндізгі оқыту нысанында оқитын оқушылар мен студенттерді, тыңдаушылар мен курсанттарды, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектерді, сексен жастан асқан адамдарды, жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмайды.

2. Ұсынылған жұмыстан немесе жұмысқа орналастырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, қоғамдық жұмыстарға қатысуды, оқуын немесе қайта оқуын өз бетімен тоқтатқан жұмыссыздар алты айға атаулы әлеуметтік көмек алу құқығынан айрылады.

3-бап Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш беру

1. Адам (бұдан әрі – өтініш беруші) атаулы әлеуметтік көмек тағайындауы үшін өз атынан немесе отбасы атынан әлеуметтік жеке кодының нөмірін көрсетіп, тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға белгіленген үлгіде өтініш жолдайды.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса тіркеледі:

- 1) отбасы құрамы туралы мәліметтер;
 - 2) өтініш берушінің отбасы мүшелерінің тапқан табысы туралы мәліметтер;
 - 3) Жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтер.
2. Өтініш беруші қажетті құжаттарды тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға, ал ауылдық жерде - кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкіміне табыс етеді.

3. Өтініш беруші өтініште көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді.

4. Атаулы әлеуметтік көмек алу құқығы тоқсан сайын табыстар туралы құжаттардың табыс етілуі арқылы расталады.

4-бап Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау тәртібі

1. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге арналған тиісті бюджетте көзделген сома шегінде уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі өтініш берушілерден құжаттарды қабылдап, оларды тіркейді және учаскелік комиссияның қорытындысымен қоса уәкілетті органға жібереді.

3. Уәкілетті орган өтініш берушілерден және кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдерінен қоса тіркелген құжаттарымен және учаскелік комиссиялардың қорытындыларымен бірге өтініштер қабылдайды, оларды қабылдаған күннен бастап он күн ішінде қарайды және атаулы әлеуметтік көмек тағайындау немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

4. Қажет болған жағдайда уәкілетті орган және кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі өтініш беруші мен оның отбасының материалдық жағдайын учаскелік комиссияның тексеруі туралы шешім қабылдауға құқылы.

Жүргізілген тексеру нәтижесі бойынша учаскелік комиссия адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы қорытынды жасап, оны уәкілетті органға табыс етеді.

5. Уәкілетті орган қажет болған жағдайда тиісті органдардан өтініш берушінің атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға құқығын растайтын мәліметтер сұратады.

6. Атаулы әлеуметтік көмек отбасының оны алуға құқығы бар әрбір мүшесіне тағайындалады.

Отбасының құрамына:

- 1) толық мемлекеттік қамсыздандырудағы балалар;
- 2) интернат-үйлерде тұрақты тұратын қарттар мен мүгедектер;
- 3) мерзімді әскери қызметтегі адамдар;
- 4) бас бостандығынан айыру орындарындағы, мәжбүрлеп емдеудегі адамдар кірмейді.

Атаулы әлеуметтік көмек ағымдағы тоқсанға тағайындалып, ай сайын төленеді.

7. Өтініш беруші мен алушы уәкілетті органның және оның қызметкерлерінің іс-әрекеттері мен шешімдеріне жоғары тұрған жергілікті атқарушы органдарға, сондай-ақ сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

8. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес атаулы әлеуметтік көмектің тағайындалуы мен оны төлеуді ұйымдастырудың дұрыстығы үшін жауапты болады.

9. Уәкілетті орган халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсету тәртібімен шарттары туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлап отыруға міндетті.

5-бап Учаскелік комиссиялар

1. Учаскелік комиссиялар уәкілетті органдарға және кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдеріне атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қызметте жәрдемдеседі.

Учаскелік комиссиялар атаулы әлеуметтік көмек берудің қажеттігі туралы қорытындылар әзірлейді.

2. Учаскелік комиссиялар жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативтерінің халықтың, ұйымдардың және білім беру денсаулық сақтау әлеуметтік қорғау саласы уәкілетті органдарының өкілдерінен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен құрылуы мүмкін.

3. Учаскелік комиссиялар өз қызметін жергілікті өкілді органдармен келісілген және облыстық (республикалық маңызы бар қалалалық, астаналық) атқарушы органдар бекітетін учаскелік комиссиялар туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қажет болған жағдайда учаскелік комиссиялар уәкілетті орган немесе кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі тапсырма берген күннен бастап бес күн мерзімде адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізеді, қорытындылар әзірлейді, оларға қол қойып, уәкілетті органға (кент, ауыл (село) әкіміне) табыс етеді.

Учаскелік комиссиялар уәкілетті органның (кент, ауыл (село) әкімінің) тапсырмасы бойынша табыс етілген құжаттарды іріктеп қайта тексеруі мүмкін.

5. Учаскелік комиссиялардың тексеру жүргізу үшін тиісті органдардан қажетті мәліметтерді сұратуға құқығы бар.

6-бап Жан басына шаққандағы орташа табысты есептеп шығару

1. Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтау орталық атқарушы орган белгілейтін тәртіппен, атаулы әлеуметтік көмек үшін өтініш жасаған кезде табыс етілетін құжаттар неізінде жүргізіледі.

Отбасының жиынтық табысына, тұрғын үй және атаулы әлеуметтік көмекті қоспағанда, белгіленген уақыт кезеңінде ақшалай және заттай нысанда нақты алынған табыстардың барлық түрі енгізіледі.

2. Жан басына шаққандағы орташа табыс атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсанда алынған жиынтық табысты отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу арқылы есептеп шығарылады.

7-бап Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін анықтау

1. Адамға (отбасына) атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін уәкілетті орган жан басына шаққандағы орташа табыс пен облыстарда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) отбасының әрбір мүшесіне есептелген кедейлік шегінің белгіленген айырмасы түрінде есептейді.

2. Атаулы әлеуметтік көмекті алушы уәкілетті органды, ал селолық-жерлерде – кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімін атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін өзгерту үшін негіз болатын немесе оны алуға құқық беретін мән-жайлар туралы он бес күн мерзімде хабардар етуге міндетті.

3. Отбасы құрамы және табыс мөлшері өзгерген жағдайда тағайындалған атаулы әлеуметтік көмек қайтадан есептеледі Артық төленген сомалар - өз еркімен, ал бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылуда тиіс.

4. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мен төлеу осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

8-бап Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мен төлеудің дұрыстығын бақылау

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мен төлеудің дұрыстығын бақылау, тиісті бюджеттің атқарылуын бақылау шегінде жүзеге асырылады.

9-бап Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 13-111 Заңымен алып тасталды.

10-бап Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

ОТБАСЫ ҮЛГІСІНДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЛЫ ЖӘНЕ ЖАСӨСПІМДЕР ҮЙЛЕРІ ТУРАЛЫ Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы № 113-11 Заңы

*(20.12.2004 ж. № 13-111 ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерімен)
(Үзінді)*

33-бап Тәрбиеленуші-балаларға арналған мемлекеттік кепілдіктер.

Тәрбиеленуші-балаларға арналған мемлекеттік кепілдіктер:

1) тәрбиеленуші-балалардың дене бітімі жағынан, санаткерлік, рухани және имандылық тұрғыдан дамуына жәрдемдесу, олардың бойына патриотизм мен азаматтықты сіңіру үшін құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасауды;

2) кәсіби бағдар жүйесін құруды, бастапқы кәсіби даярлықты қамтамасыз етуді және жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді;

3) балалардың білім алу, сондай-ақ қызметі балалардың дем алуына және оларды сауықтыруға бағытталған мекемелер желісін сақтау және дамыту арқылы олардың демалу және сауығу құқықтарын қамтамасыз етуді;

4) мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт саласында балалар мүдделері үшін мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды;

5) егер балалар ауылына немесе балалар үйіне жіберілгенге дейін тұрып келген тұрғын үйлерін оларға қайтарып беру мүмкін болмаса, азаматтардың осы санаты үшін көзделген тәртіппен тұрғын үй беруді;

6) мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және ұйымдармен бірлесе отырып, балаларды сауықтыру, дене тәрбиесі мен гигиеналық тәрбие жөнінде шаралар өткізу, балалар ауылдарының ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан балалар ауылдарындағы балалардың денсаулық жағдайларына бақылау жасау ісін жүзеге асыруды қамтиды.

34-бап Отбасылық үлгідегі балалар ауылдары мен Жасөспірімдер үйлерін дамытудағы мемлекеттік органдардың рөлі

Қорғаншы және қамқоршы органдар отбасылық үлгідегі балалар ауылдары мен Жасөспірімдер үйлеріне тәрбиеленуші-балалардың білім алуына және оларды тәрбиелеуде, емдеу-профилактикалық және психологиялық-диагностикалық жұмыста әдістемелік көмек көрсетуге, сондай-ақ олардың бағып-күтілуі, тәрбиеленуі мен білім алуы жағдайларына бақылау жасауды жүзеге асыруға, тәрбиеші-аналарға психологиялық-медициналық-педагогикалық мәселелер бойынша консультациялар беруге міндетті.

35-бап Тәрбиеленуші-балалар құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қаржыландыру

Тәрбиеленуші-балаларды әлеуметтік қорғаудың кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруға арналған шығыстар құрылтайшылар қаражаты және заңмен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүргізіледі.

Бір тәрбиеленушіні тамақпен, киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ жабдықтармен қамтамасыз ету нормалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

36-бап Мемлекеттік мекемелердегі тәрбиеленуші-балалар құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қаржыландыру

1. Атқарушы билік органдары балалар ауылдарында және Жасөспірімдер үйлерінде тәрбиеленуші-балалардың құқықтарын сақтау мен қорғау жөніндегі нысаналы бағдарламаларды әзірлеу мен орындауды бюджет қаражаты шегінде жүзеге асырады.

2. Тәрбиеленушілер мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын балалар ауылдарында (балалар үйлерінде) болған кездерінде оларға толық мемлекеттік қамтамасыз ету кепілдік беріледі.

3. Мемлекеттік мекемелер жанындағы Жасөспірімдер үйлерінде әлеуметтік бейімделуден өтіп жатқан адамдарға, олар күндізгі оқу нысанында кәсіби білім алғанға дейін, толық немесе ішінара мемлекеттік қамтамасыз ету кепілдігі беріледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 493-І Заңы

(ҚР 2001 жылғы 6 желтоқсандағы № 260-ІІ, 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 484-ІІ, 2004 жылғы 23 желтоқсандағы № 20-ІІІ Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)

85-бап Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау

Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақылар жалпы ауруларға байланысты (жарақат алуға, жүктілікті жасанды жолмен бұзуға, карантинге байланысты, туберкулез немесе кәсіптік ауру себебінен уақытша басқа жұмысқа ауыстырылған кезде) еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайларында және заңдарда белгіленген басқа да жағдайларда тағайындалады.

86-бап Жүктілік және босану бойынша әлеуметтік жәрдемақылар мен бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау

Жүктілік және босану бойынша әлеуметтік жәрдемақылар, сондай-ақ тікелей перзентханадан бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) әлеуметтік жәрдемақылар жүктілік пен босану бойынша бүкіл демалысқа немесе бала асырап алған күннен бастап, сәбидің туған күнінен елу алты күн өткенге дейінгі кезең үшін демалысқа тағайындалады.

87-бап Қызметкерлерге жұмыс берушінің қаражаты есебінен әлеуметтік жәрдемақылар төлеу

1. Қызметкерге жалпы ауруға, еңбекте мертігуге және кәсіптік ауруға байланысты, жүктілік және босану бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық жөнінде әлеуметтік жәрдемақыларды, сондай-ақ бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) әлеуметтік жәрдемақыларды жұмыс беруші өз қаражаты есебінен төлеуге міндетті.

2. Әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу тәртібі мен олардың мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Егер еңбекке уақытша жарамсыздық еңбекте мертігуге немесе кәсіптік ауруға байланысты болса, әлеуметтік жәрдемақыны жұмыс беруші еңбекке жарамсыздық орын алған бірінші күннен бастап, жұмысқа шыққанға дейін немесе мүгедектігі анықталғанға дейін орташа жа-laқысының жүз проценті мөлшерінде төлейді.

3. Жұмыс беруші әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу жөніндегі өзінің міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте жауаптылықта болады.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ТУРАЛЫ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы № 490-І Заңы

*(ҚР 2003 жылғы 4 шілдедегі № 471-ІІ, 2004 жылғы
20 желтоқсандағы*

№ 13-ІІІ Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)

(Үзінді)

12-бап Мүгедектерге арналған дене шынықтыру мен спорт

1. Дене шынықтыру мен спорт мүгедектерді дене бітімі және әлеуметтік жағынан оналту құралдары болып табылады.

2. Жергілікті атқарушы органдар мүгедектер үшін арнайы дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын, сондай-ақ жалпы пайдаланудағы ғимараттарда дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

3. Ақыл-есі кем және дене кемістігі бар мүгедектерді үздіксіз оңалту жүйесіндегі дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануды ұйымдастыру, кадрлар даярлау, әдістемелік, медициналық жағынан қамтамасыз ету, мүгедектердің дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына дәрігерлік бақылау жасау, білім беру денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру және спорт органдарына жүктеледі.

4. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган мүгедектердің дене шынықтыру-спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, республикалық жарыстар өткізуді, мүгедектер арасындағы спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларының халықаралық жарыстарға дайындалуы мен қатысуын ұйымдастырады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мүгедектердің дене шынықтыру-спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейіндегі спорттық іс-шаралар өткізуді, сондай-ақ олардың республикалық жарыстарға дайындалуы мен қатысуын ұйымдастырады.

17-бап Спорт мектептері мен мектеп-интернаттары

1. Қосымша білім беру мекемелері ретінде спорт мектептері, сондай-ақ спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес құрылады.

2. Мемлекет спорт мектептері мен спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қолда бар материалдық-техникалық базасын нығайту және жаңа базасын жасау үшін жағдай туғызады.

19-бап Кәсіпқойлық спортпен айналысу құқығы

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының келісім-шарт негізінде Қазақстан Республикасында да, басқа елдерде де ақы төленетін кәсіпқойлық спорт қызметімен айналысуға құқығы бар.

2. Кәсіпқой бірлестіктер құру тәртібі және олардың жұмыс істеу жағдайлары, кәсіпқойлық спорт сабақтарын ұйымдастыру, келісім-шарттар жасасу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

3. Спортшылардың, төрешілердің, жаттықтырушылардың және басқа мамандардың спорт жарыстарына дайындалу мен қатысуға байланысты және олардың табыс көзі болып табылатын кәсіпқойлық қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

6 - ТАРАУ

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР

29-бап Дене шынықтыру саласындағы жеңілдікпен көрсетілетін қызметтер

Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті жағдайларда пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі, сондай-ақ жеңілдіктердің мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарымен, аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) атқарушы органның және дене шынықтыру-сауықтыру және спорт бағытындағы ұйымдар әкімшіліктерінің шешімімен белгіленеді.

30-бап. Спортшылардың әлеуметтік қорғалуы

1. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган, дене шынықтыру-спорт бірлестіктері, жергілікті атқарушы органдар әр алуан спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командалары құрамына кірген немесе кіретін КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері», «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері», «КСРО-ның халықаралық дәрежедегі спорт шебері», «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағы бар аса көрнекті спортшыларға, олимпиада чемпиондарына, әлем чемпиондарына, олардың «Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» немесе «КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы бар жаттықтырушыларына тиісті бюджеттер, сондай-ақ заңда тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен ай сайын ақшалай қаржы төлей алады.

2. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган, дене шынықтыру-спорт бірлестіктері, жергілікті атқарушы органдар әр алуан спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойын түрлері бойынша командалар құрамында өнер

көрсететін спортшыларға, олардың жаттықтырушылары мен клуб командаларының басшыларына тиісті бюджеттер, сондай-ақ меншік нысандарына карамастан ұйымдардың қаражаты және заңда тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен ай сайын ақшалай қаржы төлей алады.

2-1. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының мүшелеріне олар республикалық жарыстарда жарақат алған және мертіккен жағдайда бюджет қаражаты есебінен өтемақы төлеуді жүзеге асырады.

3. Спортшының спорт қызметі туралы келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан (спорт клубынан) басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына (спорт клубына) немесе шетелдік дене шынықтыру-спорт ұйымына (шетелдік спорт клубына) ауысуға құқығы бар.

Егер спортшы басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына (спорт клубына) спорт қызметі туралы келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін ауысқан немесе келісім-шарт талаптарында көзделген міндеттемелерін орындамаған жағдайда, спортшының дене шынықтыру-спорт ұйымдарының (спорт клубтарының) өзара келісімімен ғана ауысуы мүмкін.

Спортшылардың ауысу тәртібі мен ережелерін дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

4. *30-баптың 4 тармағы ҚР 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 13-III Заңымен алып тасталды.*

30-1 -бап. Еңбек сіңірген спортшылар мен жаттықтырушыларды мемлекеттік әлеуметтік қолдау

1. Мемлекет спортшыларға, жаттықтырушыларға ай сайынғы материалдық қамсыздандыру (бұдан әрі – материалдық қамсыздандыру) түрінде өмірлік әлеуметтік қолдау жасайды, ол осы бапқа сәйкес төлемдер алуға құқығы бар спортшылар мен жаттықтырушыларға берілетін ай сайынғы төлемдер болып табылады.

2. Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының және (немесе) КСРО құрама командаларының құрамында болған және кемінде жиырма жыл еңбек стажы бар спортшыларға, жаттықтырушыларға материалдық қамсыздандыру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен төленеді және мынадай мөлшерде тағайындалады:

1) Олимпиадалық ойындардың чемпиондары және (немесе) жүлдегерлері және (немесе) спорттың олимпиадалық түрлері бойынша әлем чемпиондары атақтарын жеңіп алғандарға және «КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері» және (немесе) «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері» атағы барларға — 8,0 айлық есептік көрсеткіш;

2) «Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» және (немесе) «КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы бар және осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген спортшыларды даярлағандарға - 8,0 айлық есептік көрсеткіш.

3. *30-1 баптың 3 тармағы ҚР 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 13-III Заңымен алып тасталды.*

4. Осы баптың 2-тармағында белгіленген бірнеше негіздер бойынша материалдық қамсыздандыру алуға бір мезгілде құқығы бар адамдарға материалдық қамсыздандыру олардың қалауы бойынша сол негіздердің біреуі бойынша ғана төленеді.

31-бап. Спортшыларды сақтандыру

Жарыстар, жаттығулар мен жиындар кезінде спортшыларды жазатайым оқиғалардан сақтандыру тиісті спорт клубтарының, қоғамдарының және басқа да мүдделі ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командаларының мүшелерін ресми халықаралық жарыстарға даярлау және қатысу кезінде бюджет қаражаты есебінен сақтандыруды жүзеге асырады.

ЕҢ ТӨМЕН КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы № 474-І Заңы

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы ең төмен күнкөріс деңгейін анықтау және пайдалану үшін құқықтық негіз белгілейді.

1-бап. Ең төмен күнкөріс деңгейі

1. Ең төмен күнкөріс деңгейі — мөлшері бойынша ең төмен-тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс.

2. Ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшерін статистика жөніндегі уәкілетті орган мен еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі уәкілетті орган ең қажетті азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындардың белгіленген үлесі қосылған ең төмен азық-түлік себетінің құнын негізге ала отырып есептеп шығарады.

3. Ең төмен күнкөріс деңгейі республика бойынша және аймақ бойынша орта есеппен:

- 1) жан басына;
- 2) халықтың жыныстық-жас топтары бойынша тапқан сайын есептеп шығарылады.

2-бап. Ең төмен тұтыну себеті

1. Ең төмен тұтыну себеті тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің заттай және құн түріндегі ең төмен жиынтығы болып табылады.

2. Ең төмен тұтыну себеті:

- 1) азық-түлік себетінен;
- 2) азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін себетінен жұмсалатын шығындардан тұрады.

3. Азық-түлік себетін статистика жөніндегі уәкілетті орган-денсаулық сақтау жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормалары бойынша есептеп шығарады.

4. Азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындардың белгіленген үлесін Қазақстан Республикасының Үкіметі ең төмен азық-түлік себетінің құнына арақатынасы арқылы белгілеп отырады.

3-бап. Ең төмен күнкөріс деңгейінің белгіленуі

Ең төмен күнкөріс деңгейі жыл сайын:

- 1) тұрмыс деңгейін бағалау мен кедейлік шегін анықтауға;
- 2) әлеуметтік саясаттың бағыттарын анықтау мен халықты әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;
- 3) жалақының, зейнетақының, жәрдемақылардың және өзге де әлеуметтік төлемдердің белгіленетін ең төмен мөлшерін негіздеуге арналады.

4-бап. Кедейлік шегі

1. Кедейлік шегі — республикада экономикалық мүмкіндіктерге қарай белгіленетін, адамның ең төмен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті кіріс шегі.

2. Кедейлік шегі республика бойынша, сондай-ақ аймақтар деңгейінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен тоқсан сайын анықталып отырады.

3. Кедейлік шегі табысы аз азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету үшін өлшем болып табылады.

5-бап Айлық жалақы мен зейнетақының ең төмен мөлшерін белгілеген кезде ең төмен күнкөріс деңгейін қолдану.

Айлық жалақы мен зейнетақының ең төмен мөлшері оларды ең төмен күнкөріс деңгейінің көлеміне дейін кезең-кезеңмен көтеру принципіне сүйене отырып, ең төмен күнкөріс деңгейі негізінде жыл сайын заң актісімен бекітіліп отырады.

6-бап Ең төмен күнкөріс деңгейі мен кедейлік шегі туралы мәліметтерді жариялау

Тұтастай алғанда Қазақстан Республикасы бойынша орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы және халықтың негізгі жыныстық-жас топтары, кедейлік шегі және халықтың осы шектен төмен тұратын жігі жөніндегі күнкөріс деңгейі туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі уәкілет орган ресми жариялап отыруға тиіс.

7-бап Осы Заңның қолданысқа енгізілуі

Осы Заң 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ **Қазақстан Республикасының 1999 жылғы** **23 шілдедегі № 453-І Заңы**

(ҚР 2001 жылғы 4 маусымдағы № 204-ІІ, 2003 жылғы 11 наурыздағы № 393-ІІ, 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 484-ІІ Заңымен енгізілген өзгерістерімен)

(Үзінді)

5-ТАРАУ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

21-бап Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу

1. Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне төленетін ақы қызметтік міндеттерін сөзсіз және тиянақты атқаруы үшін жеткілікті материалдық

жағдайды қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдарды білікті және тәжірибелі кадрлармен жасақтауға жәрдемдесуге, олардың адал да бастамашыл еңбегін ынталандыруға тиіс.

2. Мемлекеттік саяси қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Еңбекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жалақысы республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржылары есебінен не Ұлттық Банк қаржысынан төленеді.

Бюджет қаржысының қысқаруы жалақыны, сондай-ақ осы Заңда көзделген өзге де кепілдіктерді, жеңілдіктерді және өтемақыларды қаржыландыруды азайту үшін негіз бола алмайды.

4. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жалақысы мен оларға төленетін басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен индекстелуге тиіс.

22-бап Мемлекеттік қызметшілердің демалысы

1. Мемлекеттік қызметшілерге сауықтыру үшін екі лауазымдық айлық ақысы мөлшерінде жәрдемақы төленіп, ұзақтығы отыз күнтізбелік күнге ақы төленетін жыл сайынғы демалыс беріледі.

2. Мемлекеттік қызметшілердің қалауы бойынша жыл сайынғы ақы төленетін демалыс оларға бөліп-бөліп берілуі мүмкін.

3. Мемлекеттік қызметшіге жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

4. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік орган басшысының шешімі бойынша жыл сайынғы немесе қосымша демалыстан шақыртылып алынуы мүмкін. Пайдаланылмаған демалыстың қалған бөлігі мемлекеттік қызметшіге тиісті жылдың басқа кез келген уақытында беріледі не келесі жылғы демалысына қосылады.

5. Мемлекеттік әкімшілік қызметші ауыстырылған жағдайда не мемлекеттік саяси қызметшінің басқа мемлекеттік лауазымға тағайындалуына байланысты егер мемлекеттік қызметші бұрынғы жұмыс орнында демалысын пайдаланбаған болса, жаңа жұмыс орнындағы ақы төленетін жыл сайынғы демалысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін берілуі мүмкін.

23-бап Мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу

1. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін:

- 1) біржолғы ақшалай сыйақы беру;
- 2) алғыс жариялау;
- 3) бағалы сыйлықтармен марапаттау;
- 4) сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген көтермелеудің өзге де нысандары арқылы көтермеленуі мүмкін.

2. Мемлекеттік қызметшілер ерекше еңбек сіңіргені үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталады.

24-бап Мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғау шаралары

1. Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

2. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесі тегін беріледі. Жер учаскесін беру шарттарын Республика Үкіметі белгілейді.

3. Мемлекеттік қызметшілер және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық қызмет көрсетуді пайдаланады.

4. Мемлекеттік орган таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік әкімшілік қызметшілер жаңадан құрылған не басқа мемлекеттік органда өздерінің біліктілігіне сай жұмыспен қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік әкімшілік қызметші жұмысқа орналасудан бас тартқан жағдайда, ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмыстан босатылады. Бұл орайда мемлекеттік органдарда кемінде үш жыл жұмыс стажы бар мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге төрт орташа айлық жалақысы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

Мемлекеттік органның штаты (саны) қысқарған жағдайда мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік органдардағы жұмыс стажы үш жылдан кем болмаған кезде төрт орташа айлық жалақысы мөлшерінде шығу жәрдемақысын төлеу жүргізіледі.

5. Мемлекеттік қызметші қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелеріне мемлекеттік органдағы соңғы қызмет орны бойынша үш орташа

жалақысы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді, бұл орайда жәрдемақының мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгеннен төмен болмауы керек.

25-бап Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру

Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

ЖЕРАСТЫ ЖӘНЕ АШЫҚ КЕН ЖҰМЫСТАРЫНДА, ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЕРЕКШЕ ЗИЯНДЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ АУЫР ЖҰМЫСТАРДА ІСТЕГЕН АДАМДАРҒА БЕРІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК АРНАЙЫ ЖӘРДЕМАҚЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 414-1 Заңы

*(ҚР 2002 жылғы 31 мамырдағы № 326-ІІ, 2004 жылғы
20 желтоқсандағы № 13-ІІІ Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)*

Осы заң 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жерасты және ашық кен жұмыстарында еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда осы Заңда белгіленген стажы бар азаматтарды әлеуметтік қорғауға бағытталған.

1-ТАРАУ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

***1-бап* Негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады

1) *мемлекеттік арнайы жәрдемақы* (бұдан әрі – жәрдемақы) – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда осы Заңда белгіленген жұмыс стажы бар адамдарға ақшалай берілетін төлем.

1-1) *уәкілетті ұйым* (бұдан әрі – Орталық) – Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заңның шарттарымен жәрдемақыларды төлеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берген заңды тұлға;

1-2) жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері;

2) орталық атқарушы орган - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін және жәрдемақы тағайындауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-бап Жәрдемақы төлеуге арналған қаражат

Осы Заңға сәйкес жәрдемақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3-бап Азаматтардың жәрдемақыға құқығы

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының осы Заңда және Қазақстан Республикасының соған сәйкес қабылданған өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен жәрдемақы алуға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар жәрдемақы алуға арналған құқықты Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей пайдаланады.

3. Жәрдемақы мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне кіреді және оларды алуға құқығы бар азаматтарға ай сайын ақша төлеуді білдіреді.

4. Бір уақытта бірнеше негіздемелер бойынша жәрдемақы алуға құқығы бар адамдарға жәрдемақы олардың қалауы бойынша тек бір негіздеме бойынша ғана төленеді.

4-бап Жәрдемақыға құқығы бар азаматтар

Жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтарға

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, сондай-ақ мәртебесі Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірден № 2247 заң күші бар жарлығының № 5-8 баптарында белгіленген жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылар мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

2) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары және екінші рет некеге тұрмаған жерлері;

3) Қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) әскери қызметшілердің отбасылары, атап айтқанда, Ауғанстанда немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе жаралану контузия алу, мертiгу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары, бейбiт уақытта әскери қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары, қаза тапқандардың (қайтыс болғандардың,

хабарсыз кеткендердің) балалары, асырауындағылар, қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары, ата-аналары, екінші рет некеге отырмаған әйелі (ері), Чернобыль АЭС-дағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі және басқа да апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары, сәуле апаттары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль атом электр станциясындағы апат және басқа да радиациялық апаттар, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілерде болған авариялар және ядролық сынақтар әсеріне белгіленген тәртіпте байланысты болған азаматтардың отбасылары;

4) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелі (ері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын әрекет жасаушылардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе “Қоршаудағы Ленинградтың тұрғынына” белгісімен марапатталған азаматтардың жалпы сырқаттанудың, еңбекте мертігудің және басқа да себептердің (құқыққа қарсыларын қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылғандардың екінші рет некеге отырмаған әйелі (ері);

4-1) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері.

5) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар;

6) 1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-дағы апаттың зардаптарын жоюға қатысушылардың, қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймағынан қоныс аударылғандардың (өз еркімен кеткендердің) және Қазақстан Республикасына қоныстанғандардың қатарындағы адамдар;

7) бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектер;

8) он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар;

8-1) он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші екінші, үшінші топтағы мүгедек балалар;

9) «Алтын алқамен», «Күміс алқамен» марапатталған немесе бұрын «Ардақты ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар;

10) бірге тұратын төрт және көп кәмелетке толмаған балалары (оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқып жүрген балалар – олар оқу орнын бітірген уақытқа дейін) бар көп балалы отбасылар;

11) саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар;

12) Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар жатады.

2-ТАРАУ

ЖӘРДЕМАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ЖӘНЕ ТӨЛЕУДІҢ ТӘРТІБІ

5-бап Жәрдемақы тағайындаудың тәртібі

1. Жәрдемақы тағайындау үшін өтініш жасау, қандай да болмасын мерзіммен шектелместен, жәрдемақы алуға құқық пайда болғаннан кейін кез келген уақытта жүзеге асырыла алады.

2. Жәрдемақы тағайындау туралы өтініш оны алуға құқығы бар адам тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін құжаттарды қоса беру арқылы, тұратын жері бойынша жәрдемақы төлеу жөніндегі органға береді.

2-1. 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында жұмыс істегені туралы мәліметтерді қамтитын еңбек кітапшасы немесе өзге де құжаттар жұмыс стажын растайтын құжат болып табылады.

Осы Заңның 4-бабының 5) тармақшасында аталған адамдардың 1941 жылғы 22 маусым 1945 жылғы 9 мамыр аралығында жұмыс істеген фактісін растайтын құжаттары болмаған жағдайда, жұмыс стажын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен құрылатын арнаулы комиссиялар белгілейді.

3-4. 5-баптың 3-4 тармақтары Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы № 145-ІІ Заңымен алып тасталды.

5. Жәрдемақының мөлшерін қайта қарау жыл сайын республикалық бюджет туралы заңмен бекітілетін айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне, сондай-ақ мүгедектік тобының өзгеруіне байланысты жүргізіледі.

6. *5-баптың 6-тармағы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы № 145-ІІ Заңымен алып тасталды.*

7. Жәрдемақы тағайындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6-бап Жәрдемақы төлеу тәртібі

1. Жәрдемақы тағайындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Жәрдемақы төлеу аяқталған ай үшін және жәрдемақы алуға құқық пайда болған кезден бастап жәрдемақы тағайындалған жағдайлар сақталған кезеңге жүргізіледі.

3. Мүгедектік тобы өзгерген жағдайда жәрдемақы төлеу жаңа мөлшерде жәрдемақы алуға құқық пайда болған кезден бастап, заңдарда мүгедектіктің тиісті тобы үшін белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.

4. Егер мүгедек заңдарда белгіленген мерзімде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесіне қайта куәландыру үшін келмесе, онда жәрдемақы төлеу оны қайтадан мүгедек деп таныған кезге дейін тоқтатыла тұрады.

Қайта куәландырудың мерзімін дәлелді себеп бойынша өткізіп алған жағдайда жәрдемақы төлеу, егер халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі оны осы кезеңге мүгедек деп таныса, төлем тоқталған күннен бастап қайта куәландыру күніне дейін, бірақ 6 айдан аспайтын уақытқа жүргізіледі. Бұл ретте, егер қайта куәландыру кезінде мүгедек мүгедектіктің басқа (неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен) тобына ауыстырылса, онда көрсетілген уақыт үшін жәрдемақы бұрынғы топ бойынша төленеді.

5. Осы Заңның күші қолданылатын екі және одан көп адамдар бірге тұрған жағдайда жәрдемақы олардың әрқайсысы үшін беріледі.

7-бап Жәрдемақы мөлшері

Жәрдемақы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жеңілдіктер тізбесін негізге ала отырып, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтарға тағайындалады.

Жәрдемақы тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы

заңда бекітілген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгерісін ескере отырып төленеді.

Жәрдемақы мынадай:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушыларға — 15 айлық есептік көрсеткіш;
2) Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне — 15 айлық есептік көрсеткіш;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдарға — 2,4 айлық есептік көрсеткіш;

4) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға — 2,7 айлық есептік көрсеткіш;

5) Ұлты Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге отырған жесірлеріне — 2,7 айлық есептік көрсеткіш;

6) қаза тапқан (қайтыс болған хабарсыз кеткен) әскери қызметшілердің отбасыларына Чернобыль АЭС-дағы апаттың зардаптары және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі және басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына, сәуле ауруы салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль атом электр станциясындағы апат және басқа да радиациялық апаттар азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілерде болған авариялар және ядролық сынақтар әсеріне белгіленген тәртіпте байланысты болған азаматтардың отбасыларына — 2,8 айлық есептік көрсеткіш;

7) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (ерлеріне) сондай-ақ қайтыс болып соғысқа қатысушылардың партизандардың астыртын әрекет жасаушылардың Ленинградты қорғағаны үшін медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинградтың тұрғынына» белгісімен марапатталған азаматтардың жалпы ауру-сырқаудың, жұмыста мертігудің немесе басқа да себептердің (құқыққа қарсыларын қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылғандардың екінші рет некеге отырмаған әйелдеріне (ерлеріне) 0,9 айлық есептік көрсеткіш;

7-1) Кеңес Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлеріне — 9,0 айлық есептік көрсеткіш;

8) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және

медальдарымен марапатталған адамдарға — 1,0 айлық есептік көрсеткіш, мемлекеттік наградалармен марапатталмаған соғыс жылдарында 1941 жылғы 22 маусым — 1945 жылғы 9 мамыр аралығындағы кезеңде кемінде алты ай жұмыс істеген тыл еңбеккерлеріне — 1,0 айлық есептік көрсеткіш;

8-1) 1988-1989 жылдары Чернобыль АЭС-сындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысушылар қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларды қоса алғанда оқшаулау және көшіру аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылғандар (өз еркімен кеткендер) қатарындағы адамдарға — 0,5 айлық есептік көрсеткіш;

9) бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге — 1,4 айлық есептік көрсеткіш;

10) үшінші топтағы мүгедектерге — 0,6 айлық есептік көрсеткіш;

11) он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға — 0,9 айлық есептік көрсеткіш;

11-1) он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға:

бірінші - екінші топтағыларға — 1,4 айлық есептік көрсеткіш;

үшінші топтағыларға — 0,6 айлық есептік көрсеткіш;

12) “Алтын алқамен”, “Күміс алқамен” марапатталған немесе бұрын “Ардақты ана” атағын алған I және II дәрежелі “Ана даңқы” ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары (оның ішінде олар кәмелетке толғаннан кейін жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқитын балалары – олар оқу орнын аяқтаған уақытқа дейін) бар көп балалы отбасыларына – 1,9 айлық есептік көрсеткіш;

13) жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын адамдарға – 1,0 айлық есептік көрсеткіш;

14) Қазақстан Республикасына ерекше еңбек сіңіргені үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға – 1,0 айлық көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады.

3-ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8-бап. Жәрдемақы тағайындаудан бас тарту, төлеуді тоқтату немесе тоқтата тұру

1. Жәрдемақы тағайындау үшін растайтын құжаттарды табыс етпеген немесе деректерді дұрыс емес құжаттарды табыс еткен адамдарға жәрдемақы тағайындалмайды.

2. Жәрдемақы төлеу оны тағайындау негіздемесі жойылған жағдайда немесе алушы қайтыс болған күннен бастап тоқтатылады.

3. Жәрдемақы төлеу жәрдемақы алушының сот тағайындаған бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны өтеу кезеңінде тоқтатыла тұрады. Егер мұндай жәрдемақы алушы осы Заңның 4-бабының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарға жататын болса, жәрдемақы отбасының оған құқығы бар басқа мүшесіне қайта ресімделуі мүмкін.

9-бап. Осы Заңды күшіне енгізу тәртібі

Осы заң 1999 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енгізіледі.

АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы
30 маусымдағы № 253-І Заңы

*(Өзгертулер және толықтырулармен 2005 жылдың
1 сәуіріне берілген)*

(Үзінді)

61-бап. Әлеуметтік сақтандыру жөніндегі жәрдемақыдан өндіріп алу

Еңбеке уақытша жарамсыздығы кезінде төленетін әлеуметтік сақтандыру жөніндегі жәрдемақыдан баланы күтуіне байланысты ішінара ақы төленетін демалыс кезеңінде әйелге берілетін жәрдемақыдан, сондай-ақ оқушылардың стипендиялары мен жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақыдан өндіріп алу соттың, алимент төлеу туралы және мертік-

тірумен немесе денсаулығын өзгедей зақымдаумен, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу туралы шешімі бойынша ғана жүргізілуі мүмкін.

62-бап. Өндіріліп алуға болмайтын ақша сомасы

Мыналардан:

1) мерткітірумен немесе денсаулығын өзгедей зақымдаумен, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуы салдарынан келтірілген залалды өтеу үшін борышкер алған сомалардан;

1-1) асыраушысынан айрылуына байланысты балаларға берілетін жәрдемақы түрінде борышкер алатын сомалардан;

1-2) мүгедек балаларға берілетін жәрдемақы түрінде борышкер алатын сомалардан;

2) адамдарға қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде мерткіткен (жарақаттанған, зақымданған, контузия алған) кезде оларға төленетін және олардың қаза табуына (қайтыс болуына) байланысты отбасы мүшелеріне төленетін сақтандыру сомалары мен бір жолғы жәрдемақыдан;

3) бала тууға байланысты, көп балалы және жалғыз басты аналарға, кәмелетке толмаған балалардың ата-анасын іздеу кезеңінде оларды асырауға, зейнеткерлер мен 1-топтағы мүгедектерді күтіп-бағуға төленетін жәрдемақыдан;

4) жәбірленушілердің қосымша тағамына, санаториялық-курорттық емдеу мен протездеуге және мерткітірумен не денсаулығын өзгедей зақымдаумен залал келтірілген жағдайларда оларды күтіп-бағу жөніндегі шығыстарға төленетін сомалардан;

5) зиянды немесе қысылтаяң жағдайлардағы жұмысқа төленетін өтемақылардан, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде экологиялық апаттан немесе радиациялық әсерден зардап шеккен азаматтарға төленетін ақша сомасынан;

6) төлем көзіне қарамастан, бір жолғы сипаттағы материалдық көмектен;

7)—8) *62-баптың 7)-8) тармақшалары Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 мамырдағы № 409-ІІ Заңымен алып тасталды.*

9) жерлеуге берілген жәрдемақыдан;

9-1) арнайы мемлекеттік жәрдемақылардан өндіріп алуға болмайды;

10) *62-баптың 10-тармақшасы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 мамырдағы № 409-ІІ Заңымен алып тасталды.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ТУРАЛЫ
Қазақстан Республикасының 1997 жылғы
20 маусымдағы № 136-1 Заңы

Осы Заң Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандырудың құқықтық және әлеуметтік негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, жеке және заңды тұлғалардың азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуға конституциялық құқығын іске асыруға қатысуын реттейді.

1 Бөлім
ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ НЕГІЗДЕРІ

1-тарау

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) *міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі — агент)* — Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаны қоса алғанда, жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын есептеп шығаратын, ұстап қалатын (есептеп қосатын) және аударатын шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, өкілдіктері;

2) *осы тұлғаның аффилирленген тұлғасы (аффилирленген тұлға)* — шешім белгілеуге және (немесе) осы тұлға қабылдайтын шешімге, соның ішінде шарт күшіне, ауызша шартты немесе өзге де мәмілені қоса алғанда, ықпал етуге тікелей және (немесе) жанама құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға (өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде осы тұлғаның қызметіне бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ осы тұлғаға қатысты осындай құқыққа ие болған кез келген жеке немесе заңды тұлға. Акционерлік қоғамның лауазымды адамдары, оның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін (халықтық акционерлік қоғам-

дар үшін бес және одан да көп процентін) иеленуші акционері міндетті түрде аффилиирленген тұлғалары деп танылады;

3) *кастодиан банк* — бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды тіркеу мен есепке алу, құжаттамалық бағалы қағаздарды сақтау және клиенттердің ақшасын есепке алу жөніндегі қызметті жүзеге асырушы банк;

4) *ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы* – ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес өзінің жеке қаражаты есебінен алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

5) *ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшысы* – ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес өзінің жеке қаражаты есебінен қызметкердің пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын салуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

6) *міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы* – міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан және жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоты бар жеке тұлға;

7) *сатып алу сомасы* — зейнетақы аннуитеті шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) сақтандыру ұйымынан алуға құқығы бар ақша сомасы;

8) *диверсификация* — зейнетақы активтерінің жоғалып кету қатерін азайту мақсатында оларды уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес қаржы құралдарына орналастыру;

9) *ерікті зейнетақы жарналары* – Қазақстан Республикасының заңдарында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленетін тәртіппен салымшылардың өз бастамасымен алушының пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы;

10) *ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары* – Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін кәсіптер тізбесі бойынша және Қазақстан Республикасының заңдарында және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген тәртіппен салымшылардың өз бастамасымен қызметкерлердің пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы;

11) *зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт* – зейнетақы жарналарымен, жинақталған қаражаттарымен және төлемдер алумен байланысты құқықтық қатынастарды белгілеу, өзгерту немесе тоқтату ту-

ралы, бір жағынан жинақтаушы зейнетақы қоры және екінші жағынан салымшы мен алушы жасасатын шарт (келісім);

12) *зейнетақылық аннуитет шарты* – сақтандыру шарты, оған сәйкес сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына жинақталған зейнетақы қаражатының сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) пайдасына өмір бойына немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді;

13) *инвестициялық кіріс* – жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижесінде алынатын ақша;

14) жеке зейнетақы шоты - салымшының (алушының) жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке атаулы шоты, онда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның міндетті не ерікті зейнетақы жарналары немесе ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары, инвестициялық кірісі, өсімпұл және өзге де түсімдер есепке алынады және содан зейнетақы төлемдері төленеді;

15) *кастодиандық шарт* – кастодиан банк пен оның клиенті жасасатын бағалы қағаздар мен ақшаны жауапкершілікпен сақтау және есепке алу туралы шарт;

16) *жинақтаушы зейнетақы қоры* – зейнетақы жарналарын тартуды және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

17) *міндетті зейнетақы жарналары* – осы Заңға сәйкес, жинақтаушы зейнетақы қорларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін тәртіппен салынатын ақша;

18) *зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым* – жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

19) *Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындайтын органдар* – уәкілетті мемлекеттік органдар;

20) *Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 13-III Заңымен I-баптың 20-тармақшасы алып тасталды;*

21) *зейнетақы активтері* – зейнетақы төлемдері мен аударымдарын, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларынан аударымдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары;

22) зейнетақы төлемдері:

Орталықтан – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша кемінде алты ай еңбек стажы бар жеке адамдарға заңдарда белгіленген тәртіппен еңбек стажына бара-бар түрде жүзеге асырылатын ақша қаражатын төлеу;

жинақтаушы зейнетақы қорларынан алушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу;

23) *жинақталған зейнетақы қаражаты* – індетті зейнетақы жарналарын ерікті зейнетақы жарналарын және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті өсімпұлды және шарттарға, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де түсімдерді қоса алғанда, салымшының (алушының) жекезейнетақы шоттарында есептелетін ақша;

24) *зейнетақы* – орталықтан, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы;

25) *баспасөз басылымы* – тізбесін уәкілетті орган белгілейтін мерзімді баспасөз басылымдары;

26) *зейнетақы төлемдерін алушы (бұдан әрі — алушы)* — Орталықтан зейнетақы төлемдері тағайындалған және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар жеке адам;

27) *пруденциалдық норматив* — жинақтаушы зейнетақы қорының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін экономикалық талаптар;

28) *жинақтаушы зейнетақы қорында бөлектеп есеп жүргізу* — заңды тұлға ретінде жинақтаушы зейнетақы қорының бухгалтерлік балансына зейнетақы активтерін енгізбеу;

29) *жинақталған зейнетақы қаражатының нақты құны* — жинақталған зейнетақы қаражатының Қазақстан Республикасы мемлекеттік статистикасының уәкілетті органы есептен шығаратын тұтыну бағалары индексіне үйлестірілген нақты құны;

30) *әлеуметтік жеке код* — азаматқа, сондай-ақ осы Заңға сәйкес зейнетақымен қамсыздандыру құқығы қолданылатын адамдарға берілетін тұрақты жеке код;

31) *ерікті зейнетақы жарналарының ставкасы* — жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленетін төлемнің мөлшері;

32) *ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының ставкасы* — жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта және осы Заңда белгіленген төлемнің мөлшері;

33) *міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы* — салымшының зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кірісіне проценттік қатынаспен көрсетілген жинақтаушы зейнетақы қорына төлем мөлшері;

34) *сақтандыру ұйымы (сақтандырушы)* — уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру шарттарының жасалуы мен орындалуы жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

35) *уәкілетті ұйым (бұдан әрі Орталық)* — осы Заңның талаптарындағы міндеттерді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген заңды тұлға;

36) *уәкілетті орган* — жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, кастодиан банктердің сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-бап Азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылу құқығы

1. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен зейнетақымен қамсыздандырылуға құқылы;

2. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады;

3-бап Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

*2002 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының
№ 369-ІІ Заңымен 4-бап алып тасталды*

5-бап Зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі мемлекеттік кепілдіктер

1. Мемлекет 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан азаматтарды зейнетақы төлемдерінің белгіленген мөлшерін сақтай отырып, 1999 жылғы 1 сәуірге дейін зейнетақымен қамсыздандыруға кепілдік береді, одан кейінгі кезеңдерде зейнетақы төлемдері осы Заңның 13-бабының 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2. Зейнеткерлік жасына жеткен және осы Заңның 9-бабының 1-тармағына сәйкес өзі зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін 1998 жылғы 1-қаңтардан кейін қалған мерзімнің кемінде төрттен үшіне тең кезең ішінде жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеген азаматтарға, егер зейнетақы мөлшері Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен болса, тиісті қосымша төлемдер түрінде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы беріледі.

3. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жыл сайын жүргізіледі.

4. Мемлекет – еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы алуға құқығы бар және осы құқығын зейнетақы тағайындайтын және/немесе оны төлеуді жүзеге асыратын органдарда 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тіркеген азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыруға кепілдік береді, бұл жағдайда оларға қызметтен кеткеннен кейін төлене бастайтын зейнетақы белгіленеді. Тағайындалған зейнетақыға осы баптың 1 және 3-тармақтарының және осы Заңның 13-бабының 4-тармағының ережелері қолданылады.

6-бап Жинақталған зейнетақы қаражатының сақталуына кепілдік

1. Мемлекет – алушыларға жинақтаушы зейнетақы қорларындағы міндетті зейнетақы жарналарының осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен анықталған, алушының зейнетақы төлемдерін алу құқығы кезіндегі инфляция деңгейін ескере отырып, іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

2. Жинақталған зейнетақы қаражатының сақталу кепілдігі, сондай-ақ:
- 1) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау;
 - 2) зейнеткерлік активтерді инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметін лицензиялау;
- 2-1) екінші деңгейдегі банктердің кастодиандық қызметін лицензиялау;
- 3) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар мен жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін пруденциалдық нормативтер белгілеу;
- 3-1) олардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін тиісті нормалар мен лимиттер белгілеу жолымен жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу;
- 4) жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың құрылтайшыларына, басшы қызметкерлері мен мамандарына, сондай-ақ олардың жарғылық капиталының мөлшері мен құрамына қойылатын талаптарды белгілеу;
 - 5) жинақтаушы зейнетақы қорларының ақша мен бағалы қағаздарды жинақтаушы зейнетақы қорларымен және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдармен аффилиирленбеген кастодиан банкте ғана сақтау талабын белгілеу;
 - 6) зейнетақы активтерін бір-біріне және кастодиан-банкке қатысы жағынан аффилиирленбеген тұлға болып табылмайтын банктерге депозиттерге орналастыру;
 - 7) жинақтаушы зейнетақы қорларының өз қаражаты мен зейнетақы активтерінің бөлек есебін жүргізу, сондай-ақ олардың мақсатты орналастырылуына бақылау орнату;
 - 8) *6-баптың 2-тармағының 8 тармақшасы 2002 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 369-ІІ Заңымен алып тасталды;*
 - 9) диверсификация және зейнетақы активтерін орналастыру кезінде тәуекелді азайту жөніндегі талаптарды белгілеу;
 - 10) жинақтаушы зейнетақы қорлары алатын комиссиялық сыйақы мөлшеріне шектеулер енгізу;
 - 11) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың жылдық қаржы есептеріне жыл сайын аудиторлық тексеру жүргізудің міндеттілігі;

12) жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың тиісті мемлекеттік органдар алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ұдайы қаржылық және статистикалық есеп беріп отыруы;

12-1) салымшы мен алушыға оның жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы жылына кемінде бір рет ақпарат беріп отыру;

13) алушыға өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорының екіншісіне ауыстыру мүмкіндігін беру, бірақ ол жылына екі реттен аспауы керек;

14) жинақталған зейнетақы қаражатын алушының таңдауы бойынша толық көлемінде немесе ішінара ерікті сақтандыру;

15) зейнетақы активтерін сақтандыру жүйесін құру арқылы қамтамасыз етіледі.

2 Бөлім ОРТАЛЫҚТАН ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

2-тарау

ОРТАЛЫҚТАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН АЛУ ҚҰҚЫҒЫ

7-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін алу құқығы

Азаматтарға осы Заңда белгіленген жағдайлар туған ретте Орталықтан зейнетақы төлемдерін алу құқығына кепілдік берілген.

Зейнет жасына жеткен зейнеткерлерге оларға еңбек сіңірген жылдары үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған зейнетақыларын қайта тағайындату құқығы беріледі.

8-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар азаматтар санаттары

1. Орталықтан зейнетақы төлемдері азаматтардың мынадай санаттарына:

1) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетақы алатындарына;

2) осы Заңның 9-бабына сәйкес зейнеткерлік жасына жеткен және 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек стажы бар адамдарға;

3) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар, арнайы атақтар берілген және Қазақстан Республикасының Заңдарымен ішкі істер органдары қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне еңбек стажына бара-бар мөлшерде төленеді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорларында жинақталған зейнетақы қаражаты жоқ зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына не оны жерлеген адамға жерлеуге арналған біржолғы төлем Орталықтан он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

3. Ұлы Отан соғысының қатысушысы немесе мүгедегі болған зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына не оны жерлеуді жүзеге асырған жеке немесе заңды тұлғаға Орталықтан отыз бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеуге арналған біржолғы төлем төленеді.

9-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындау

1. Орталықтан зейнетақы төлемдері:

1998 жылғы 1 қаңтардан бастап — еркектерге 61 жасқа толғанда, әйелдерге 56 жасқа толғанда;

1998 жылғы 1 шілдеден бастап — еркектерге 61,5 жасқа толғанда, әйелдерге 56,5 жасқа толғанда;

1999 жылғы 1 шілдеден бастап — еркектерге 62 жасқа толғанда, әйелдерге 57 жасқа толғанда;

2000 жылғы 1 шілдеден бастап — еркектерге 62,5 жасқа толғанда, әйелдерге 57,5 жасқа толғанда;

2001 жылғы 1 шілдеден бастап — еркектерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 жасқа толғанда тағайындалады.

2. Төтенше және барынша радиациялық қатерлі өңірлерде 1949 жылғы 29 тамыздан 1963 жылғы 5 шілдеге дейін кемінде 10 жыл тұрған азаматтар «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес:

еркектер — жалпы жұмыс стажы 25 жылдан кем болмаған жағдайда 50 жасқа жеткенде;

әйелдер — жалпы стажы 20 жылдан кем болмаған жағдайда 45 жасқа жеткенде зейнетақы тағайындалуына құқылы.

3. 5 және одан да көп бала туып, оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдер 50 жасқа толғанда жасына байланысты толық көлемде зейнетақы алуға құқылы, аталған зейнетақы жасы 1998 жылғы 1 шілдеден бастап жыл сайын 6 айға өсіп отырады, бірақ тұтас алғанда 3 жылдан аспауға тиіс.

4. Орталықтан жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық көлемінде осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген жасқа толғанда азаматтардың мынадай санаттарына:

1) еркектерге 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде 25 жыл еңбек стажы болғанда және осы Заңның 60-бабының 2-тармағында аталған адамдар арасынан еркектерге қызметінен босатылған кезінен бастап тағайында-

лады. Бұл ретте осы Заңның 60-бабының 2-тармағында аталған адамдар үшін еңбек стажына 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметтен босатылған кезіне дейінгі қызметі осы кезеңде жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жасалмаған жағдайда есептеледі;

2) әйелдерге 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде 20 жыл еңбек стажы болғанда және осы Заңның 60-бабының 2-тармағында аталған адамдар арасынан әйелдерге қызметінен босатылған кезінен бастап тағайындалады. Бұл ретте осы Заңның 60-бабының 2) тармағында аталған адамдар үшін еңбек стажына 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметтен босатылған кезіне дейінгі қызметі осы кезеңде жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жасалмаған жағдайда есептеледі.

5. Толық емес көлемдегі жасына байланысты зейнетақы төлемдері осы баптың бірінші бөлігінде аталған азаматтар санаттарына олардың 1997 жылғы 1 қаңтарда нақты еңбек стажының болуына қарай Орталықтан толық көлемінде зейнетақы төлемдерін алу құқығы болмаған жағдайда және осы Заңның 60-бабының 2-тармағында аталған адамдар үшін қызметтен босатылған кезінен бастап тағайындалады.

6. Жасына байланысты зейнетақының толық емес көлемдегі төлемдері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, толық зейнетақыдан 1998 жылғы 1 қаңтарда болған еңбек стажына барабар үлес ретінде есептеледі. Бұл орайда, осы Заңның 60-бабының 2-тармағында аталған адамдар үшін еңбек стажына 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметтен босатылған кезіне дейінгі қызметі осы кезеңде жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жасалмаған жағдайда есептеледі.

10-бап. Орталықтан зейнетақы төлемдерін төлеу кезеңі

Орталықтан зейнетақы төлемдері өмір бойына тағайындалады және төленіп отырады.

3-тарау

ОРТАЛЫҚТАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ЕҢБЕК СТАЖЫ

11-бан. Орталықтан зейнетақы тағайындау үшін еңбек стажын есептеу

1. Орталықтан зейнетақы тағайындау үшін еңбек стажын есептеу кезінде мыналар есепке алынады:

1) еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша жеке және заңды тұлғалар ақы төлейтін жұмыс;

2) әскери қызмет;

3) құқық қорғау органдарындағы қызмет;

4) мемлекеттік қызмет;

5) кәсіпкерлік қызмет;

6) I топтағы мүгедекке, II топтағы жалғызділікті мүгедекке және өзгенің жәрдем көрсетуіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ 80 жасқа толған қарт адамдарға күтім жасаған уақыт;

7) атом сынақтары, экологиялық апаттар салдарынан зардап шеккен не иммундық тапшылық вирусын жұқтырған не ЖҚТБ-мен ауыратындарға, 16 жасқа дейінгі мүгедекке күтім жасаған уақыт;

8) жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғаннан аспайтын жалпы жиынтығы 12 жыл шегіндегі уақыт;

9) қылмыстық жауапқа негізсіз тартылған және қуғын-сүргінге ұшыраған, бірақ кейін ақталған азаматтардың қамауда болған, бас бостандығынан айыру және жер аудару орындарында жазасын өтеген уақыты;

10) еңбекке жарамды азаматтардың бұрынғы КСРО-ның уақытша оккупацияланған аумағында және Ұлы Отан соғысы кезеңінде өздері басқа мемлекеттердің аумағына зорлықпен апарылған адамдардың (жасына қарамастан) сонда болған, фашистік концлагерьлерде (геттоларда және соғыс кезеңінде мәжбүрлеп ұстайтын басқа да орындарда ұсталған уақыты, егер аталған кезеңдерде бұл адамдар Отанға қарсы қылмыс жасамаса;

11) жұмыс істемейтін соғыс мүгедектері мен оларға теңестірілген мүгедектердің мүгедек болған уақыты;

12) бұрынғы кеңес мекемелерінің, Қазақстан Республикасы мекемелері мен халықаралық ұйымдардың қызметкерлері әйелдерінің

(жұбайларының) шетелде тұрған кезеңі, бірақ жалпы алғанда 10 жылдан аспауға тиіс;

13) офицерлік құрамдағы адамдар, прапорщиктер, мичмандар және мерзімінен тыс қызмет атқаратын әскери қызметшілер әйелдердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен бірге тұрған кезеңі, бірақ 10 жылдан аспауға тиіс;

14) Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, училищелерде, мектептерде және кадрлар даярлау, біліктілігін арттыру және қайта мамандандыру курстарында, аспирантурада, докторантурада және клиникалық ординатурада, сондай-ақ күндізгі жоғары және орта діни оқу орындарында оқу;

15) әскерилендірілген күзетте, арнаулы байланыс органдарында және кен-күтқару бөлімдерінде олардың ведомстволық бағыныстылығына және арнаулы немесе әскери атағының болуына қарамастан;

16) әлеуметтік сақтандыруға қаржы төлеген жағдайда өзге де жұмыс.

2. Орталықтан зейнетақы тағайындау үшін еңбек стажын жеңілдікпен есептеу кезінде мыналар да есепке алынады:

1) ұрыс қимылдары кезеңінде майдандағы армия құрамындағы, оның ішінде әскери борышын өтеу кезіндегі әскери қызмет, сондай-ақ ұрыс қимылдары кезеңінде партизан отрядтары мен құрамаларында болу, сондай-ақ әскери жаракат салдарынан емдеу мекемелерінде емдеуде болған уақыт – әскери қызметшілерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындаған кезде осы қызметтің мерзімін есеп үшін белгіленген тәртіппен;

2) әскери бөлімдеріндегі жұмыс, оның ішінде еркін жалдамалы құрам ретіндегі жұмыс және осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген әскери қызметтен басқа, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қызмет екі есе мөлшерде;

3) Ұлы Отан соғысы жылдарында 1941 жылғы 8 қыркүйектен бастап 1944 жылғы 27 қаңтарға дейінгі қоршау кезеңінде Ленинград қаласындағы жұмыс – үш есе мөлшерде;

4) 12 жастан бастап және одан үлкен жастағы азаматтардың 1941 жылғы 8 қыркүйектен бастап 1944 жылғы 27 қаңтарға дейінгі қоршау кезеңінде Ленинград қаласында болған уақыты – екі есе мөлшерде;

5) Ұлы Отан соғысы кезінде басқа мемлекеттердің аумағына зорлықпен апарылған адамдардың сонда болған уақыты, сондай-ақ фашистік концлагерьлерде (геттоларда және соғыс кезеңінде мәжбүрлеп ұстай-

тын басқа да орындарда) болған уақыты, егер аталған кезеңдерде бұл адамдар Отанға қарсы қылмыс жасамаса — екі есе мөлшерде;

6) заңсыз қылмыстық жауапқа тартылған және қуғын-сүргінге ұшыраған, кейіннен ақталған азаматтардың қамауда болған, бас бостандығынан айыру, жер аудару орындарында жазасын өтеу, бас бостандығын шектей отырып мәжбүрлеп еңбекке тартылған, арнаулы қоныстандыру орындарында ұсталған және психиатрлық мекемелерде мәжбүрлеп емдеуде болған уақыты — үш есе мөлшерде;

7) Семей сынақ полигонына жапсарлас жатқан аудандардағы 1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейінгі кезеңде жұмыс істеп, әскери қызмет атқару — үш есе мөлшерде, ал 1963 жылғы 6 шілдеден бастап 1992 жылғы 1 қаңтарға дейінгісі — бір жарым есе мөлшерде;

8) алапеске және обаға қарсы мекемелерде, иммундық тапшылық вирусын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауырған адамдарды емдеу жөніндегі жұқпалы аурулар мекемелеріндегі жұмыс — екі есе мөлшерде; сот медициналық сараптама мекемелеріндегі және емдеу мекемелерінің патология-анатомиялық бөлімдеріндегі жұмыс — Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жұмыс тізбесі бойынша бір жарым есе мөлшерде;

9) толық навигациялық кезең ішінде су көлігіндегі жұмыс бір жыл істеген жұмыс үшін есептеледі;

10) ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, өнеркәсіптің маусымдық салалар кәсіпорындарындағы толық маусым ішіндегі жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізім бойынша бір жылғы жұмыс стажына есептеледі.

***12-бап* Еңбек стажын растау**

1. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге Орталықтан зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек стажы еңбек кітапшасымен расталады.

2. Еңбек кітапшасы жоқ немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде еңбек стажы жұмыс туралы мәліметтерді растайтын құжаттардың негізінде не сот шешімінің анықталады.

3. Осы Заңның 11-бабының 1-тармағының 5) және 16) тармақшаларына сәйкес қызметті жүзеге асырған азаматтардың еңбек стажы Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін сақтандыру жарналарын төлегені туралы құжаттармен расталады.

4-тарау

ОРТАЛЫҚТАН ТӨЛЕНЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ЕСЕПТЕУ

13-бап Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу

1. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін толық көлемінде есептеу осы Заңның 14-бабына сәйкес белгіленетін орташа айлық кірістің 60 проценті есебінен жүргізіледі.

2. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу жұмыста болған үзілістерге қарамастан, қатарынан кез келген 3 жыл жұмыс үшін орташа айлық табыс негізге алына отырып, 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылады.

1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін орташа айлық табыстың мөлшері жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган анықтайтын тәртіппен белгіленеді.

3. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін қажетті еңбек стажынан тыс жұмыс істеген әрбір толық жыл үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1 процентке өсіріледі, бірақ ол зейнетақыны есептеу үшін ескерілетін табыстың 75 процентінен аспауға тиіс.

4. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, әскери қызметшілердің, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің және зейнетақы 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдардың және көрсеткіштердің № 1 тізімі бойынша және жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері бойынша жеңілдіктер, шарттарда тағайындалған адамдардың зейнетақы төлемдері мөлшерін қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшері тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 25 еселенген айлық есептік көрсеткіштің 75 процентінен аса алмайды.

14-бап Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табысты анықтау

1. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеуге арналған табысқа еңбекке ақы төлеудің барлық түрлері және тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін өзге де табыстар енгізіледі.

2. Зейнетақы төлемдерін есептеу үшін 3 жылғы жұмыс ішіндегі табыс қатарынан 36 күнтізбелік айдағы жұмыс ішіндегі табыстың жалпы сомасын отыз алтыға бөлу арқылы анықталады.

3. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеуге арналған табыс тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін он бес еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

5-тарау

ОРТАЛЫҚТАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ

***15-бап* Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш беру тәртібі**

1. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы арыз зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қажетті стажы мен табысын растайтын құжаттармен қоса азаматтың тұрғылықты жері бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органға беріледі.

2. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауды зейнетақы төлемдерін тағайындаушы орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

3. Зейнетақы төлемдерін тағайындаушы орган зейнетақы тағайындау мәселелері бойынша түсіндірме беруге және азаматтардың тиісті құжаттарды ресімделуіне көмек көрсетуге міндетті.

***16-бап* Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға арналған құжаттарды қарау мерзімдері**

1. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға арналған құжаттарды қарауды халықты әлеуметтік қорғау органы құжаттар табыс етілген күннен бастап 10 күн мерзімнен кешіктірмей жүзеге асырады.

2. Зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органы тиісті шешім шығарылғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей бұл туралы арыз берушіге хабарлайды.

3. Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тартылған жағдайда зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органы бас тартудың себептерін жазбаша түрде негіздеп, табыс етілген құжаттарды арыз берушіге қайтаруға міндетті.

4. Зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органның шешіміне сот тәртібімен шағымдануға болады.

***17-бап* Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындау мерзімдері**

1. Орталықтан зейнетақы төлемдері зейнетақы тағайындауға өтініш берілген күннен бастап тағайындалады.

2. Арыз бен қажетті құжаттарды зейнетақы төлемдерін тағайындаушы органға бір мезгілде берген күн Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш берген күн болып есептеледі.

6-тарау

ОРТАЛЫҚТАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДАН ҰСТАП АЛУ ТӘРТІБІ

18-бап Орталықтың ұйымдық-құқықтық нысаны және оның қызметінің негізгі бағыттары

1. Орталық мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылады, оның уәкілетті органын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2 Орталық:

1) осы Заңға сәйкес зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар азаматтарға бюджет қаражаты есебінен зейнетақы төлемдерін төлеуді;

2) азаматтарға әлеуметтік жеке кодтар беруді;

3) міндетті зейнетақы жарналарын дербес тұрғыдан есепке алуды;

4) міндетті зейнетақы жарналарын агенттерден жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуды;

5) мемлекет алдындағы салықтық міндеттемелердің орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы органға агенттердің Орталық есебіне аударған және Орталықтан агентке қайтарылған міндетті зейнетақы жарналарының сомалары бойынша тізілімдер мен төлем құжаттарын табыс етуді;

6) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

19-бап Орталықтан зейнетақы төлемдерін төлеу тәртібі

1. Орталықтан зейнетақы төлемдері өткен ай үшін төленеді.

2. Осы Заңның 13-бабының 4-тармағымен және 60-бабымен көзделген шектеулер мен жағдайларды ескере отырып, жұмыс істейтін зейнеткерлердің зейнетақыны толық мөлшерінде алуға құқығы бар.

3. Зейнетақы төлемдері нотариат куәландырған сенімхат бойынша төленуі мүмкін.

20-бап Өткен уақыт үшін зейнетақы төлемдерін алу

1. Есептелген, бірақ алушы талап етпеген зейнетақы төлемдерінің сомасы өткен уақыт үшін, бірақ оларды алуға өтініш беру алдындағы 3 жылдан аспайтын уақыт үшін төленеді.

2. Зейнетақы төлемдерін тағайындайтын немесе жүзеге асыратын органның кінәсінен уақытында алынбаған зейнетақы төлемдерінің сомасы өткен уақыт үшін мерзімі шектелмей төленеді.

21-бап Зейнетақыдан ұстап қалу

1. Зейнетақы тағайындау кезіндегі қателіктер салдарынан артық төленген сомаларды зейнетақы төлемдерін алушының өтініші негізінде ұстап қалатын жағдайлардан, сондай-ақ сотталғандардың, бас бостандығынан айырылғандардың табысынан ұстап қалатын жағдайлардан басқа, зейнетақыдан ұстап қалу атқарушылық іс жүргізу тәртібімен жасалуы мүмкін.

2. Зейнетақыдан ұстап қалу төленуге тиісті сомадан жасалады.

3. Зейнетақыдан төленуге тиісті соманың 50 проценттен астамын ұстап қалуға болмайды.

3 Бөлім

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНАН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ҰЙЫМДАРЫНАН ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

7-тарау

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНАН ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

22-бап Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу

1. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын осы Заңда белгіленген ставкалар бойынша төлеуге тиіс.

2. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы міндетті зейнетақы жарналарын төлеу үшін бір ғана жинақтаушы зейнетақы қорын таңдап алуға және онымен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға міндетті. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысына міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы бір мезгілде екі және одан да көп шарт жасасуға, сол сияқты салымшының міндетті зейнетақы жарналарын іс жүзінде екі және одан да көп жинақтаушы зейнетақы қорына енгізуіне, не жарнаны бір қорға төлеп, жинақталған зейнетақы қаражатының бір бөлігін басқа жинақтаушы зейнетақы қорында сақтауына жол берілмейді.

3. Осы Заңның 9-бабына сәйкес, зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

4. Міндетті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасымен төленеді.

5. Міндетті зейнетақы жарналарының және осы Заңның 22-4-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген өсімпұлдың толық және уақтылы төленуін бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық органдары жүзеге асырады.

6. Міндетті зейнетақы жарналарын басқа адамдардың пайдасына төлеуге болмайды.

7. 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке коды және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірі және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасасқан зейнетақы шарттары жоқ бұрынғы қызметкерлердің (Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп танылған) кірістерінен ұсталған міндетті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аударылады.

22-1-бап Міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларына төленуге тиісті міндетті зейнетақы жарналары қызметкердің осы баптың 3-тармағына сәйкес айқындалатын тәртіппен зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданып ай сайынғы табысының он проценті мөлшерінде белгіленеді. Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы кіріс ең төменгі айлық жалақының жетпіс бес еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

2. Адвокаттар жеке нотариустер мен жеке кәсіпкерлер үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына өз пайдасына төлеуге жатқызылған міндетті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген кірістің он проценті мөлшерінде белгіленеді, бірақ ең төменгі айлық жалақының он процентінен кем болмауға және ең төменгі айлық жалақының жетпіс бес еселенген мөлшерінен жоғары болмауға тиіс.

3. Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (есептеп қосудың) және аударудың тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

22-2-бап Ерікті зейнетақы жарналарының ставкасы

1. Салымшы-жеке тұлғалар жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті зейнетақы жарналарын олармен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жағдайда өз пайдасына өз табысы есебінен енгізеді.

2. Алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарының салымшылары оларды салық салынғаннан кейінгі табыс есебінен жүзеге асырған жағдайда жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін.

3. Ерікті зейнетақы жарналарының ставкасы, оларды төлеу тәртібі, сондай ақ зейнетақы төлемдерін төлеу тәртібі ерікті зейнетақы жарна-

лары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді.

22-3-бап Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының ставкасы

1. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу кәсіптерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қызметкердің пайдасына салымшылар өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.

2. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының ставкасы ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді, бірақ ол қызметкердің ай сайынғы табысының он процентінен жоғары болмауға тиіс. Бұл орайда ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы кіріс Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен анықталады.

22-4-бап Міндетті зейнетақы жарналарының уақтылы ұсталмағаны және аударылмағаны үшін жауапкершілік

1. Агент уақтылы ұстамаған (есептемеген) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының сомалары салымшы табысты нақты төлеген және алған жағдайда, оларды салық органдары өндіріп алады немесе оларды агенттер әрбір кешіктірілген күнге (Орталыққа төлейтін күнді қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 2,5 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен бірге міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының пайдасына аударуға тиіс.

2. Міндетті зейнетақы жарналары толық және (немесе) уақтылы аударылмаған жағдайда салық органдары міндетті зейнетақы жарналары бойынша жинақталып қалған берешек шегіндегі ақшаны агенттердің банктен шоттарынан өндіріп алуға құқылы.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен агентке жіберілетін хабарлама негізінде жүргізіледі.

3. Агент хабарлама алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салық органына:

1) міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек пайдасына өндіріліп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімдерін;

2) әр жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша берешектің жалпы со-

масын көрсете отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларының тізімдерін табыс етуге міндетті.

Агенттердің банк шоттарынан міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу салық органының инкассолық өкімі негізінде жүргізіледі.

Клиентке қойылатын талаптардың бәрін қанағаттандыру үшін банк шотында (шоттарында) ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда банк клиенттің ақшасын алып қоюды Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен жүргізеді.

4. Салық органдарының шешімі бойынша, егер агент міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек пайдасына өндіріліп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімін табыс етпесе және міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек болса, банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар агенттердің банк шотындағы (шоттарындағы) барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға және міндетті зейнетақы жарналары мен салық берешегін аударуға қатысты нұсқауларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орындауға міндетті.

Салық органының банк шоты (шоттары) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімінің күшін банк шоты (шоттары) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрудың себептері жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешім шығарған салық органы жояды.

5. Агенттің банк шоты болмаған жағдайда, салық органы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен агенттің қолма-қол ақшасынан өндіріп алады.

6. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын осы сомаларды агенттердің банк шоттарынан есептен шығаратын күні Орталық арқылы аударуға міндетті.

23-бап Міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері

1. Жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған зейнетақы қаражаты бар адамдардың:

1) осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарында көзделген жағдайлар басталғанда;

2) елу бес жасқа толғанда және жинақталған зейнетақы қаражаты ең

төмен зейнетақы мелшерінен кем емес төлемді қамтамасыз ету үшін жеткілікті болғанда;

3) егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленсе, I және II-топтағы мүгедектердің;

4) осы Заңның 60-бабының 1-тармағында аталғандардың;

5) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен, кету ниетін немесе кету фактісін растайтын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құжаттарды табыс еткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар. Бұл орайда, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кетер кезінде жинақталған зейнетақы қаражатын алып қойған адамға осы Заңның 5-бабы 2-тармағының нормасы қолданылмайды.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорында міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражаты бар адам қайтыс болған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

23-1-бан Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері

1. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдеріне жинақтаушы зейнетақы қорларында жинақталған зейнетақы қаражаты бар мына адамдардың:

1) елу бес жасқа толған адамдардың;

2) мүгедектердің;

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен және кету ниетін немесе кету фактісін растайтын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құжаттарды табыс еткен адамдардың құқығы пайда болады.

2. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған зейнетақы қаражаты бар адам қайтыс болған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

23-2-бан Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері

1. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдеріне:

1) елу жасқа толған;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен және кету ниетін немесе кету фактісін растайтын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құжаттарды табыс еткен адамдардың құқығы пайда болады.

2. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорында жинақталған зейнетақы қаражаты бар адам қайтыс болған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

23-3-бап Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражаты бар алушыларға оның жеке басын куәландыратын куәлігі болған жағдайда төленеді.

2. Осы Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарында аталған адамдардың өз таңдауы бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорынан белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдері түрінде не сақтандыру ұйымынан зейнетақы аннуитетінің шартына сәйкес жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен сақтандыру төлемдері түрінде алуға құқығы бар.

3. Алушыға Орталықтан тағайындалған ай сайынғы зейнетақы төлемдерінің және кесте бойынша төленетін зейнетақы төлемдерінің сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем болмауы керек.

Егер Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем болса, кесте бойынша төленетін зейнетақы төлемдері ең төмен зейнетақы мөлшері мен Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің сомасы арасындағы айырма ретінде жеке зейнетақы шотындағы жинақталған зейнетақы қаражаты таусылғанға дейін есептеледі.

4. Кесте бойынша төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Кесте бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезеңділігі (ай сайынғы, тоқсан сайынғы, жыл сайынғы) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес белгіленеді.

5. Міндетті зейнетақы жарналары, жинақтаушы зейнетақы қорла-

рынан ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатынан зейнетақы төлемдерін төлеуді жүзеге асыру ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақтардан зейнетақы төлемдерін төлеуді жүзеге асырудың тәртібі мен алушы табыс ететін құжаттардың тізбесі ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың талаптарымен анықталады.

24-бап Аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы мәліметтер беру

1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, агенттер салық органдарына міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (есептеп қосылған) және аударылған сомалары жөнінде есепті тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесіне дейінгі мерзімде табыс етіп отырады. Есептің нысанын және оны табыс етудің тәртібін халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен келісім бойынша мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуын салықтық бақылауды қамтамасыз ететін уәкілетті орган белгілейді.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, агенттер уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына салымшылардың аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей табыс етіп отыруға міндетті.

3. Агенттер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұсталған (есептеп қосылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарының бастапқы есебін жүргізуге міндетті.

4. Агент есептелген, ұсталған (есептеп қосылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді салымшыларға ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей табыс етіп отыруға міндетті.

25-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері: зейнетақы жарналары, инвестициялық кіріс, өсімпұл және жинақтаушы зейнетақы

қорларының комиссиялық сыйақыларын шегеріп тастағандағы залалдарды өтеу ретінде түскен қаражат есебінен қалыптасады.

1-1. Заңды және жеке тұлғалардың зейнетақы активтеріне құқығы осы Заңмен көзделген заттық құқықтар разрядына жатады.

2. Салымшының, алушының жинақтаушы зейнетақы қорының, кастодиан-банктің және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздары бойынша зейнетақы активтері осы аталған субъектілер таратылғанда және (немесе) банкротқа ұшырағанда өндіріліп алуға жатпайды.

2-1. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері тек мына мақсаттарға ғана жұмсалуды мүмкін:

1) тізбесін уәкілетті органдар белгілейтін қаржы құралдарына орналастыруға;

2) зейнетақы төлемдерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыруға;

3) зейнетақы жинақтарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына не зейнетақы аннуитеті бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымына аударуға;

4) қате есептелген зейнетақы жарналарын және өзге де қате есептелген ақшаны қайтаруға.

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақы төлемдерін төлеуді және жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеуге.

3. *25-баптың 2-тармағының 3-тармақшасы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 29 желтоқсандағы № 369-ІІ Заңымен алып тасталды.*

4. Алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына не алушыны жерлеген адамға жинақтаушы зейнетақы қорлары жерлегені үшін он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан аспайтын мөлшерде біржолы төлем жасайды.

26-бап. Зейнетақы активтерін кастодиан-банкте сақтау және есепке алу

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері кастодиан-банктерде кастодиандық шартқа сәйкес сақталады және шоттарда ескеріледі.

2. Кастодиандық шарт кастодиан банк, жинақтаушы зейнетақы қоры және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын

ұйым арасында жасалады. Егер зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жинақтаушы зейнетақы қоры дербес жүзеге асыратын болса, кастодиандық шарт кастодиан банк пен жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалады.

2-1. Үлгілік кастодиандық шарттың нысанын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

3. Кастодиан банк жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің нысаналы орналастырылуын бақылауды жүзеге асырады және олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайда, бұл туралы өкілетті орган мен жинақтаушы зейнетақы қорын дереу хабардар ете отырып, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның немесе жинақтаушы зейнетақы қорының (егер зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жинақтаушы зейнетақы қоры дербес жүзеге асыратын болса) тапсырмаларына шектеу қоюға (орындамауға) міндетті.

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін нысаналы орналастырылуына кастодиан-банктің бақылау жасауды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

4. Кастодиан-банк зейнетақы активтерін шоғырландыру, оларды орналастыру жөніндегі, инвестициялық табыс алу жөніндегі барлық операциялардың есебін жүргізеді және жинақтаушы зейнетақы қорын оның шоттарының жай-күйі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қызметі туралы ай сайын хабардар етіп отырады.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорының бір кастодиан-банкі болуға тиіс.

6. Кастодиандық шарт жинақтаушы зейнетақы қоры атқарушы органының тиісті шешімі негізінде кастодиан банк пен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым хабардар етіле отырып және зейнетақы активтерін жаңа кастодиан банкке және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға беру рәсімі аяқталғаннан кейін шартты бұзудың белгіленген күніне дейін жиырма күн мерзімде жинақтаушы қордың талап етуімен біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

7. Жаңа кастодиан банкпен кастодиандық шарт және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын жаңа ұйыммен инвестициялық басқаруға шарт жасасқан кезден бастап отыз күн мерзімде жинақтаушы зейнетақы қоры бұл туралы мемлекеттік тілде және орыс тілінде екі баспасөз басылымында тиісті жарияланымдар арқылы өз салымшылары мен агенттерін хабардар етеді.

8. Жинақтаушы зейнетақы қорымен арадағы кастодиандық шарт бұзылған кезден бастап алты айға дейінгі мерзімде бұрынғы және жаңа кастодиан банктер арасында бұрынғы кастодиан банктің оған келіп түсетін зейнетақы жарналарын жаңа кастодиан банкке аударуы туралы тиісті шарт жасалады.

27-бап. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жинақтаушы зейнетақы қорларының алушылары мен агенттердің құқықтары мен міндеттері

1. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары мен жинақтаушы зейнетақы қорлары алушыларының:

1) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу үшін жинақтаушы зейнетақы қорын таңдауға;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары (акционерлері), зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым мен кастодиан банк туралы уәкілетті орган анықтайтын көлемде ақпарат алуға;

3) жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпарат алуға;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының іс-әрекетіне сот тәртібімен шағым жасауға;

5) жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға;

6) өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне, бірақ жылына екі реттен асырмай, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен аударуға;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзінің жинақталған зейнетақы қаражатына өсиетхат қалдыруға;

8) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрғылықты тұруға кеткен кезде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жинақталған зейнетақы қаражатын алуға;

9) жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына аударуға;

10) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Агенттердің қызметкерден міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың көшірмесін талап етуге құқығы бар.

3. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары мен жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін алушылар:

1) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарына сәйкес бір мезгілде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы бір шарттың ғана тарабы болуға және тек қана бір жинақтаушы зейнетақы қорында міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражатының болуына;

2) жинақтаушы зейнетақы қорларына жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемелерін орындауға ықпал жасайтын барлық өзгерістер туралы осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға;

3) міндетті зейнетақы жарналарын аудару үшін міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың көшірмесін агентке табыс етуге;

4) осы Заңда көзделген жағдайларда зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға;

5) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарына және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт талаптарына сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

4. Агенттер жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзім мен тәртіп бойынша уақтылы есептеуге, ұстауға (есептеп қосуға) және төлеуге міндетті.

28-бап 2002 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 369-ІІ Заңымен алып тасталды.

29-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақылық ережелері

1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары:

1) зейнетақы шарттарын өзгерту немесе тоқтату тәртібін;

2) зейнетақы жарналары мен төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен ережелерін;

3) жинақтаушы зейнетақы қорларының алушылар мен салымшылар алдындағы міндеттемелері бойынша жауапкершілігін;

4) жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпарат беруді;

5) жинақталған зейнетақы қаражатын әр жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне аударудың ережелерін;

5-1) салымшыларға жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары (акционерлері), зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар мен кастодианбанк туралы мәліметтер беруді;

б) жинақтаушы зейнетақы қорлары, салымшылар мен алушылар арасындағы құқықтық қатынастардың, өзге де ерекшеліктерін қамтитын зейнетақы ережелерін белгілейді.

2. Зейнетақы ережелерін акционерлердің жалпы жиналысы уәкілеттік берген жинақтаушы зейнетақы қорының органы бекітеді және уәкілетті органмен келісіледі.

3. Зейнетақы ережелері жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) мүдделеріне қысым жасамауға және оған нұқсан келтірмеуге тиіс.

30-бап. Салымшының жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасасатын зейнетақы шарты

1. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы арасында міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарға сәйкес жазбаша түрде жасалады.

2. Міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шартты уәкілетті орган әзірлеп, бекітеді және онда мынадай мәліметтер мен талаптар қамтылады:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері;

2) салымшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), әлеуметтік жеке коды, мекен жайы (егер ол жеке тұлға болса) немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері (егер ол заңды тұлға болса);

3) шарттың мәні;

4) тараптардың құқықтары мен міндеттері;

5) зейнетақы жарналарын енгізудің тәртібі мен шарттары;

6) жеке зейнетақы шотының нөмірі;

7) жинақтаушы зейнетақы қорының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі жөнінде есеп беру тәртібі;

- 8) тараптардың міндеттемелерді орындамаған жағдайлардағы жауапкершілігі;
- 9) шарттың қолданылу мерзімі;
- 10) шартты өзгертудің және бұзудың тәртібі мен ережесі;
- 11) ерікті зейнетақы жарналарының немесе ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының алушысы туралы мәлімет болады.
- 12) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де мәліметтер болады.

31-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының және өзге де адамдардың жауапкершілігі

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің салымшы мен алушының алдындағы міндеттемелері бойынша өз мүлкімен ғана жауапты болады.

2. Салымшылар мен алушылар жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, дәл сол сияқты жинақтаушы зейнетақы қорлары да салымшылар мен алушылардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар мен кастадион банктер жауапкершілігінің талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен және шаралар мен белгіленеді.

4. Егер жинақталған зейнетақы қаражатын аудару немесе төлеу кезінде жеке зейнетақы шотындағы жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы, инфляция деңгейі ескеріле отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарнамаларының мөлшерінен аз болып қалса, ол жинақталған зейнетақы қаражатының кемуі жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және (немесе) кастодиан банктің кінәсінен болса, жинақтаушы зейнетақы қоры инфляция деңгейін ескере отырып, өз капиталы есебінен, жинақталған зейнетақы қаражатының шығынын нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының мөлшеріне дейін қалпына келтіруге міндетті.

5. Жинақталған зейнетақы қаражатын аудару және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды кешіктіруге кінәлі заңды тұлғалар құқықтары бұзылған адамның пайдасына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 еселенген мөлшерде есеппұл төлеуге міндетті.

7-тарау

САҚТАНДЫРУ ҰЙЫМДАРЫНАН ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

31-1-бап. Сақтандыру ұйымдарынан төленетін сақтандыру төлемдері

1. Осы заңның 9-бабының 1-3 тармақтарында аталған адамдар сақтандыру ұйымымен міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалана отырып, сақтану төлемдерін өмір бойы жүзеге асыру туралы зейнетақы аннуитеті шартын жасауға құқылы. Бұл тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем болмауы керек.

2. Осы заңның 23-бабының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында аталған адамдардың сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда жинақталған зейнетақы қаражатын алуға құқығы бар.

Осы тармақта аталған адамдарға сақтандыру ұйымы зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру төлемдерінің мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем болмаған жағдайда жасалады.

3. Осы заңның 23-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында аталған адамдардың міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан өзінің жинақталған зейнетақы қаражатының елу процетінен аспайтынын пайдалана отырып, зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда ғана осы Заңның 9-бабының 1-тармағында көрсетілген жасқа жеткенге дейінгі мерзімге жинақталған зейнетақы қаражатын алуға құқығы бар.

4. Осы Заңның 23-2-бабының 1-тармағында аталған адамдардың ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалана отырып, зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда ғана осы Заңның 9-бабының 1-тармағында көрсетілген жасқа жеткенге дейінгі мерзімге жинақталған зейнетақы қаражатын алуға құқығы бар.

31-2-бап. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу

1. Зейнетақы аннуитетінің үлгі шартын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

2. Зейнетақы аннуитеті шарты сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) мен сақтандыру ұйымы арасында шарт тараптарының келісімімен белгіленген мерзімге жасалады.

3. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасушы адам сақтандыру ұйымын таңдауға ерікті.

4. Зейнетақы аннуитеті шарты алушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

5. Зейнетақы аннуитеті шарты жинақтаушы зейнетақы қоры жинақталған зейнетақы қаражатының сомаларын сақтандыру ұйымына аударған кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

6. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан адамның оны жасасқан күннен бастап екі жыл ішінде бұзуға құқығы жоқ.

Басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда зейнетақы аннуитеті шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға болады. Зейнетақы аннуитеті шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда онда көзделген сатып алу сомасы, жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері мен сақтандыру ұйымының іс жүргізуге жұмсаған шығыстары шегеріліп төленген сақтандыру сыйлықақы сомасынан кем болмауға тиіс.

31-3-бап. Зейнетақы аннуитеті шарты тараптарының құқықта- ры мен міндеттері

1. Сақтанушының:

1) сақтандыру ұйымы жүргізген сақтандыру төлемдері мөлшерінің есеп-кисабымен танысуға;

2) сақтандыру ұйымынан төленетін сақтандыру төлемдері мөлшерінің есеп-кисабын жүргізу үшін тәуелсіз сарапшылар тартуға;

3) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда оның дубликатын алуға құқығы бар.

2. Сақтанушы:

1) зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде, осы шарттың түпнұсқасын табыс ете отырып, жинақтаушы зейнетақы қорын хабардар етуге;

2) басқа сақтандыру ұйымымен жаңа зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан кезде оны жасасқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде, бұрынғы сақтандыру ұйымына жаңа шарттың түпнұсқасын табыс ете отырып, бұрын жасасқан зейнетақы аннуитеті шарты бойынша міндеттемелерді орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға міндетті.

3. Сақтандыру ұйымының зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес жинақталған зейнетақы қаражатының сомасын бір рет және толық көлемде алуға құқығы бар.

4. Сақтандыру ұйымы:

1) сақтанушыны сақтандыру ұйымынан төленетін сақтандыру төлемдері мөлшерінің есеп-қисабымен таныстыруға;

2) зейнетақы аннуитеті шартын үш дана етіп ресімдеуге міндетті, оның екеуі сақтанушыға беріледі;

3) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын алған кезден бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде зейнетақы аннуитеті шартында аталған сақтандыру ұйымына сатып алу сомасын аударуға;

4) сақтандыру ұйымынан зейнетақы аннуитеті шартында көзделген сақтандыру төлемдері уақытылы жүзеге асырылмаған жағдайда сақтанушыға кешіктірілген әр күн үшін төленбей қалған соманың 1,5 проценті мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

5) сақтанушы қайтыс болған жағдайда отбасына, не қайтыс болған адамды жерлеуді жүзеге асырған адамға жерлеуге арналған жәрдемақы түрінде осы Заңда белгіленген мөлшерден кем болмайтын сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

31-4-бап Жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымына аударудың тәртібі

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры хабарламаны алған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде алушының жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымына аударуға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған міндеттемелердің орындалуын кешіктірген жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры алушы алдында осы Заңның 31-бабының 3-тармағына сәйкес жауапты болады.

31-5-бап Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша есеп-қисапты жүзеге асыру

1. Жинақталған зейнетақы қаражаты (сақтандыру сыйлықақысы) мен сақтандыру төлемдерінің есеп-қисабын уәкілетті орган белгілеген әдістемеге сәйкес сақтандыру ұйымы не тәуелсіз сарапшы жүзеге асырады.

2. Сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша іс жүргізуге арналған шығыстарының рұқсат етілетін деңгейін уәкілет орган белгілейді.

8-тарау

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

*32-бап 2002 жылғы 29 желтоқсандағы
Қазақстан Республикасының № 369-ІІ Заңымен алып тасталды*

33-бап Жинақтаушы зейнетақы қорларының түрлері

1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары:

1) ашық;

2) корпоративтік болуы мүмкін.

2. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорлары алушының жұмыс істейтін және тұратын жеріне қарамастан салымшылардан зейнетақы жарналарын қабылдауды жүзеге асырады.

3. Корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қорлары сол жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары және акционерлері болып табылатын бір немесе бірнеше ашық тұлғалардың алушы-қызметкерлері үшін құрылады.

4. Салымшының (алушының) заңды тұлғамен-акционермен еңбек шартын бұзуы, корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты бұзу, осы Заңның 23-бабы 1-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көзделген талаптар туындаған кезден еңбек шарты бұзылған жағдайлардан басқа реттерде, үшін негіз болады.

34-бап Жинақтаушы зейнетақы қорының ұйымдық-құқықтық нысаны

Жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғам нысанында құрылады.

35-бап Жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктері

Жинақтаушы зейнетақы қорлары уәкілетті органмен келісім бойынша, ол белгілеген тәртіппен филиалдар мен өкілдіктер ашуға құқылы.

36-бап Жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары мен акционерлері

1. Қазақстан Республикасының резиденттері — заңды және жеке

тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі ашық жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары мен акционерлері бола алады.

1-1 Рейтинг агенттіктерінің бірінің белгілі бір рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасы ашық жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы немесе акционері бола алады. Рейтинг агенттіктерінің тізбесі мен ең төмен рейтингті уәкілетті орган белгілейді.

Оффшорлық аймақта тіркелген коммерциялық ұйым мәртебесі бар заңды тұлғалар мен жарғылық капиталына оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғалар тікелей немесе аффилиирленген тұлғалар арқылы қатысатын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды. Оффшорлық аймақтардың тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

1-2 Шет ел қатысатын ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының жиынтық жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының барлық ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының жарияланған жиынтық жарғылық капиталының жиырма бес процентінен аспауы керек.

1-3 Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға қатысатын ашық жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі мен басқарма мүшелерінің кемінде үштен бірі Қазақстан Республикасының азаматтары болуы керек. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі мен басқармасының Қазақстан Республикасының резиденттері емес мүшелері қаржы рыногында қызметін жүзеге асырушы ұйымдарда үш жылдан кем емес басшылық жұмыста болған тәжірибесін куәландыратын құжаттарды табыс етуге міндетті.

1-4 Дауыс беретін акцияларының жиырма бес процентінен астамы жинақтық түрінде:

- 1) Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаның;
- 2) акцияларының (қатысушылары салымдарының) елу проценттен астамы Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың меншігінде және (немесе) басқаруында болған Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғаның;
- 3) Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың бағалы қағаздарын нақты ұстаушы болып табылатын Қазақстан Республикасы резиденттерінің меншігінде немесе басқаруында болған ашық жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының резиденті

емес тұлға қатысатын ашық жинақтаушы зейнетақы қоры болып табылады.

2. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорын құру кезеңінде бірде-бір тұлға тікелей немесе жанама түрде мұндай жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс құқығы бар акцияларының жалпы санының 25 процентінен астамын иеленуге, билік етуге және (немесе) басқаруға құқылы емес.

Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі кезеңінде, уәкілетті орган рұқсат еткен реттерді қоспағанда, бірде-бір тұлға тікелей немесе жанама түрде мұндай жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс құқығы бар акцияларының жалпы санының 25 процентінен астамын иеленуге, билік етуге және (немесе) басқаруға құқылы емес.

Аталған шектеулер корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қорына қолданылмайды.

3. Мемлекеттік кәсіпорын жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы немесе акционері бола алмайды.

4. Жинақталған зейнетақы қаражатының нақты құны кеміген жағдайда корпоративтік зейнетақы қорларының акционерлері бірдей жауапты болып, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіп бойынша инвестициялық кіріс ысырабының орнын толтырады.

5. Жинақтаушы зейнетақы қоры басқа жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы немесе акционері бола алмайды.

37-бап Жинақтаушы зейнетақы қорларын мемлекеттік тіркеу

Жинақтаушы зейнетақы қорларын мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әділет органдары жүзеге асырады.

Рұқсат берудің шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

38-бап Жинақтаушы зейнетақы қорының атауы

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының атауында «жинақтаушы зейнетақы қоры» деген сөздер болуға тиіс.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының өз атауында «ұлттық», «орталық» «үкіметтік», «кепілдік беретін», «кепілдік берілген», «сақтық», «сақтандырушы» немесе «сақтандырылған» деген сөздерді қандай тілде болса да толық және қысқартылған түрінде пайдалануына тыйым салынады. Жарғылық капиталдың жүз центі Қазақстан Республикасының

Үкіметіне тиесілі болған жағдайда ғана жинақтаушы зейнетақы қорының атауында «мемлекеттік» деген сөз қолданыла алады. Атауда салымшының (алушының) пайдасына жасалатын инвестициялардан алынатын кіріс ставкасының сақтандырылуы немесе оған кепілдік берілуі айтылуға немесе меңзелуге тиіс емес.

3. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ ешбір заңды тұлға жинақтаушы зейнетақы қоры болып атала алмайды және (немесе) өзін зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысушы ретінде сипаттай алмайды.

39-бап Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган лицензиялайды.

40-бап Жинақтаушы зейнетақы қорларында басшылық қызметтерді атқару тәртібі

1. Атқарушы органның басшысы мен оның орынбасарлары, бас бухгалтер мен оның орынбасарлары, филиал мен өкілділіктің бірінші басшысы мен бас бухгалтері жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы қызметкерлері болып табылады.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорына:

жоғары білімі жоқ;

заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

бұрын сол адамның басшылық еткен кезінде банкрот деп танылған немесе санкцияға, консервацияға ұшыратылған, мәжбүрлеп таратылған заңды тұлғада басшы қызметкер немесе лауазымды адам болған;

белгіленген тәртіппен біліктілік емтиханын тапсырмаған адам;

уәкілетті орган белгілеген тәртіппен келісуден өтпеген адам;

Қазақстан Республикасының азаматы емес адам басшы қызметкер бола алмайды.

2-1. Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерінің кандидатурасы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіппен онымен міндетті түрде келісілуге тиіс.

Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін сайлауға (тағайындауға) міндетті:

- 1) келісім беру негізінде дұрыс емес мәліметтер анықталған;
- 2) жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне байланысты бір жыл ішінде екі және одан да көп әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы деректердің болуы;
- 3) осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған негіздерде қайта қарауға құқылы.

3 40-баптың 3-тармағы 2002 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 369-ІІ Заңымен алып тасталды.

41-бап Жинақтаушы зейнетақы қорларының құқықтары, міндеттері және қызметін жүзеге асыру

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының:
 - 1) зейнетақы жарналарын жинауды жүзеге асыруға;
 - 2) өзінің қызметі үшін комиссиялық сыйақылар алуға;
 - 2-1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес берілетін лицензия негізінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті және бағалы қағаздар рыногындағы өзге де қызмет түрлерін дербес жүзеге асыруға;
 - 2-2) зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша сот органдарында салымшының жазбаша өтініші бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен оның мүдделерін білдіруге;
 - 3) зейнетақы шартының ережелеріне сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.
2. Жинақтаушы зейнетақы қорлары:
 - 1) алушыларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен зейнетақы төлеуге;
 - 2) жинақталған зейнетақы қаражаттары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асыруға;
 - 3) салымшы мен алушыға кемінде жылына бір рет, сондай-ақ оның сұрау салуы бойынша оның жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпарат беруге;
 - 4) алушының жинақталған зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етуге;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдары мен зейнетақы шартының ережелерін бұзғаны үшін жауап беруге;

6) салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне немесе сақтандыру ұйымына осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен аударуға;

7) жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болмаған жағдайда зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарттар жасасуға;

8) бұқаралық ақпарат құралдарында уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен қаржылық есептілікті және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өзге де есептілік пен өз қызметі туралы ақпаратты жариялауға міндетті. Бұл ретте жинақтаушы зейнетақы қорларына жарналар бойынша табысқа кепілдік немесе уәде қамтылған ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен жариялауға тыйым салынған өзге де мәліметтерді жариялауға жол берілмейді;

9) жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақы шартын жасасқан азаматтарға тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

10) *41-баптың 2-тармағының 10-тармақшасы 2002 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 369-ІІ Заңымен алып тасталды;*

11) салымшымен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға;

12) салымшымен ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға;

13) әрбір жеке адамның тұратын жеріне қарамастан олармен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу кепілдігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Салымшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорларына:

1) осы баптың 1-тармағында белгіленген қызмет түрлерін және осы тармақтың 2) және 5) тармақшаларында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметке;

2) өз мұқтаждары үшін сатып алған мүлікті сатып алу-сату мен жалға беруді және уәкілетті орган белгілейтін қаржы құралдарымен мәмілелерді қоспағанда, мүлікті сатып алу-сатуды жүзеге асыруға;

3) сақтандыру қызметіне;

- 4) зейнетақы активтерін кепілге беруге;
- 5) акциялардан басқа бағалы қағаздар шығаруға;
- 6) *41-баптың 3-тармағының 6-тармақшасы 2002 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 369-ІІ Заңымен алып тасталды.*

4. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық орнықтылығын және төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында сақталуы міндетті пруденциалдық нормативтер белгіленеді. Пруденциалдық нормативтердің тізбесін, олардың нормативтік мәнін, есеп-қисап әдістемесін, сондай-ақ тиісті есептілік нысандары мен оны табыс ету мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорының, онымен және оның құрылтайшыларымен аффилиирленген, жинақтаушы зейнетақы қоры қатысатын консорциумдар мен қарапайым серіктестіктерге қатысушы тұлғалар мен ұйымдардың қызметін реттеу шоғырландырылған негізде жүзеге асырылуы мүмкін. Реттеуді шоғырландырылған негізде жүзеге асыру ережесін уәкілетті орган белгілейді.

42-бап Уәкілетті орган қолданатын ықпал ету шаралары

1 Жинақтаушы зейнетақы қорлары Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайда уәкілетті орган мынадай ықпал ету шараларын қолдануға:

- 1) анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша ұйғарым беруге;
- 2) жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы қызметкерлерін қызметтен алу туралы акционерлер алдына мәселе қоюға;
- 2-1) осы Заңның 42-1, 42-2, 42-3, 42-4, 42-5 және 42-6-баптарында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен консервациялауды енгізуге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айыппұлдар салуға және өндіріп алуға;
- 4) лицензияны тоқтата тұруға не қайтарып алуға құқылы.

1-1 Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметке лицензиясының қолданылуын мынадай негіздердің:

- 1) лицензия берілгенде негізге алынған ақпараттың дұрыс болмауы;
- 2) лицензия берілген кезден бастап жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін бастауды бір жылдан астам кідірту;
- 3) жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру

туралы шарт бойынша міндеттемелерді үнемі (күнтізбелік он екі ай ішінде қатарынан үш және одан да көп рет) орындамауы немесе тиісінше орындамауы;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының лицензиар белгілеген нормативтерді және орындалуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді үнемі (күнтізбелік он екі ай ішінде қатарынан үш және одан да көп рет) бұзуы;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы ережесін және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін бұзуы не уәкілетті органның жазбаша нұсқамаларын орындамауы;

6) есептілік пен мәліметтерді табыс етпеу немесе көрінеу дұрыс емес есептілік пен мәліметтерді табыс ету негіздерінің кез келгені бойынша алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

1-2 Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тарту және бұрын тартылған салымшылар бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қызметті жүзеге асыру құқығын сақтай отырып, жаңа салымшылар тартуына тыйым салуға әкеп соқтырады.

1-3 Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметке лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру туралы қабылдаған шешімін жинақтаушы зейнетақы қоры екі баспасөз басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде хабарландыру жариялау арқылы салымшылар мен алушылардың назарына жеткізеді.

1-4 Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептерін жинақтаушы зейнетақы қорының белгіленген мерзімде жоймауы оны уәкілетті органның қайтарып алуына негіз болып табылады.

2 Уәкілетті орган өздеріне қатысты ықпал ету шараларын қолданған жинақтаушы зейнетақы қоры не тұлға оның іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

42-1-бан Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау ұғымы

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау уәкілетті органның шешімі бойынша әкімшілік, заң, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және басқа да іс-шаралар кешенін және жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайын оңалту мен жұмыс сапасын жақсарту мақсатында оған қатысты рәсімдерді мәжбүрлеп жүргізуді білдіреді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қоры осы Заңның 42-бабының 1-1-тармағының 3) б) тармақшаларында көрсетілген негіздердің бірі бойынша консервациялауға ұшырауы мүмкін.

3. Консервациялау режимін белгілеу уәкілетті органның шектелген мерзімге (бір жылға дейін) жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі уақытша әкімшілікті немесе жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны тағайындауды көздейді.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау жинақтаушы зейнетақы қорының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Уәкілетті органның консервациялауды жүргізу туралы шешіміне жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлері сот тәртібімен он күн мерзімде шағымдануы мүмкін. Көрсетілген шешімге шағымдану жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялауды тоқтатпайды.

42-2-бан Жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы)

1. Уәкілетті орган уақытша әкімшілікті (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны) оның қызметкерлерінің ішінен не оның қызметкерлері болып табылмайтын, осы Заңның 40-бабының 2-тармағында белгіленген ең төменгі талаптарға сай келетін адамдар ішінен тағайындайды.

2. Уақытша әкімшілікті (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) басшысының және оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ еңбекақы төлеу талаптары уәкілетті орган мен уақытша әкімшілікті (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) арасында жасалатын шартта белгіленеді.

3. Уәкілетті орган уақытша әкімшіліктің мүшелерін (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны) кез келген сәтте ауыстыруға құқылы.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорына келтірілген залал үшін уақытша әкімшілікті (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) басшысы мен оның мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады. Уақытша әкімшілікті басшысы мен оның мүшелеріне (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) әдеттегі өндірістік тәуекел санатына жатқызылуы мүмкін залал үшін жауапкершілік жүктеуге жол берілмейді.

42-3-бап Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорына консервация жүргізу туралы шешімі

1. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорына консервация жүргізу туралы шешімі:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының атауын және оның орналасқан жерін;

2) жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау туралы шешімнің негіздемесін;

3) консервациялауды қолданудың басталуын және мерзімін;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне салынған шектеулер тізбесін;

5) уақытша әкімшіліктің дербес құрамын;

6) консервациялау режиміндегі жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлеріне өз жұмысы туралы есепті әзірлеу жөніндегі нұсқаманы, кіріс туралы декларацияны, меншіктің бар екендігі және оның мөлшері және осы құжаттарды уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) ұсынуы туралы мәліметтерді;

7) уақытша (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) ұсынымдарын қамтуы тиіс.

2. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорына консервациялау жүргізу туралы шешімін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды.

42-4-бап Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау кезінде басқару ерекшеліктері. Жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) өкілеттіктері

1. Консервация жасалуы басталысымен және оның мерзімінде:

1) жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің оны басқару жөніндегі құқықтары тоқтатыла тұрады;

2) жинақтаушы зейнетақы қоры органдарының және оның басшы қызметкерлерінің өкілеттіктері тоқтатыла тұрады;

3) жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі бүкіл өклеттіктер уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) көшеді;

4) жинақтаушы зейнетақы қоры атынан және оның есебінен уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға)

мәлім етпестен және оның жазбаша келісімінсіз жасалған барлық мәмілелер жарамсыз деп танылуы мүмкін.

2. Уақытша әкімшілікті (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы):

1) осы Заңның 42-5-бабының талаптарын ескере отырып, жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің барлық мәселелері жөнінде дербес шешім қабылдауға;

2) жинақтаушы зейнетақы қоры атынан шарттарға және құжаттарға қол қоюға;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры атынан және оның мүддесіне орай талап қоюға;

4) жұмыстан босату, лауазымын төмендету немесе лауазымынан уақытша босату, жинақтаушы зейнетақы қоры қызметкерлерінің арасында міндеттерді бөлу туралы бұйрықтарды қоса алғанда, бұйрықтар шығаруға құқылы.

42-5-бап Жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) қызметін бақылау

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау мерзімі ішінде уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) қызметін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады, ол:

1) уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау кезеңіндегі іс-шаралардың негізгі бағыттары туралы ұсынымдар беруге;

2) уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) орындауға міндетті жазбаша нұсқамалар беруге;

3) уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) оның қызметі және жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы кез келген ақпаратты беруін талап етуге;

4) жасалған жұмыс туралы уақытша әкімшіліктің жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) есебін тыңдауға;

5) консервациялау мерзімін ұзартуға;

6) жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялауды аяқтау туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) қызметін егжей-тегжейлі регламенттеу және оның үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынастарының принциптері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

42-6-бап Консервациялауды тоқтату

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау мынадай негіздер бойынша тоқтатылады:

1) уәкілетті органның шешімімен белгіленген консервациялау мерзімінің өтуі;

2) уәкілетті органның консервациялауды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдауы.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайын оңалтуға және жұмыс сапасын жақсартуға байланысты жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялауды (оның ішінде мерзімінен бұрын да) тоқтату жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты уәкілетті орган немесе уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) белгілеген барлық шектеулердің күшін жоюға әкеп соғады. Бұл жағдайда консервациялау мерзімі ішінде құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органдары және қызметкерлер құрамы күшінде қалады.

3. Егер жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау оның қаржылық жағдайын оңалтуға және жұмыс сапасының жақсаруына әкеп соқпаған жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарында көзделген негіздер бойынша зейнетақы жарналарын тарту және жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке берілген лицензияны қайтарып алуға құқылы.

43-бап Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта құру

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта құру уәкілетті органның рұқсатымен акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша біріктіру, бөліп шығару жинақтаушы зейнетақы қорының корпоративтігі түрден ашық түрге өзгерту нысанында жүзеге асырылады. Рұқсат беру талаптары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының қайта құруды жүргізуге рұқсат алу туралы өтінішіне мынадай құжаттар қоса тіркеледі:

жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлері жалпы жиналысының оны қайта құру туралы шешімі;

жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастырудың көзделіп отырған шарттарын нысандарын, тәртібі мен мерзімдерін жазылатын құжаттар;

қайта құру нәтижелерінің қаржылық болжамы, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының және жинақтаушы зейнетақы қорын қайта құрудың нәтижесінде құрылатын заңды тұлғалардың оны қайта құрғаннан кейінгі есептік балансы;

Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорын қайта құруға рұқсат алу туралы өтінішті құжаттардың толық топтамасы табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде қарауға тиіс.

2. Қайта ұйымдастырылатын жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органның қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсатын алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде екі баспасөз басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде хабарландыру жариялау арқылы өзінің барлық салымшылары мен алушыларына алдағы өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің салымшылар мен алушыларды хабарландыруға қатысты талабы жинақтаушы зейнетақы қоры үшін оның атауы өзгерген жағдайда да міндетті болып табылады.

3. Бөлініп шыққан жинақтаушы зейнетақы қоры (қорлары) бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға жаңа лицензия алуға міндетті.

Қайта ұйымдастыру жағдайында мынадай жинақтаушы зейнетақы қорлары:

1) бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру кезінде өзінен екі және одан да көп заңды тұлға бөлініп шыққан жинақтаушы зейнетақы қоры;

2) біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру кезінде өзіне басқа жинақтаушы зейнетақы қорын қосып алған жинақтаушы зейнетақы қоры лицензиясының негізінде қайта ұйымдастырылған жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті қолда бар лицензиясы негізінде жүзеге асыруға құқылы.

Жинақтаушы зейнетақы қорын корпоративтік қордан ашық қор етіп түрін өзгерткен жағдайда қайта ұйымдастырылған жинақтаушы зейнетақы қоры да жаңа лицензия алуға міндетті.

44-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта құруға рұқсат беруден бас тарту

Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорын қайта құруға рұқсат беруден мына негіздердің кез келгені:

- 1) қайта құрылатын Жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлері жалпы жиналысының тиісті шешімдері болмауы;
- 2) көзделіп отырған қайта құрудың нәтижесінде салымшылар мен алушылардың мүдделеріне нұқсан келтірілуі;
- 3) көзделіп отырған қайта барудың нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңдары талаптарының бұзылуы бойынша бас тартылады.

45-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын тарату

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры:

- 1) уәкілетті органның өзі белгілеген тәртіппен берген рұқсаты болған кезде жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлері жалпы жиналысының шешімі бойынша;
- 2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

2. Ерікті және мәжбүрлеп тарату, тарату комиссиясының өкілетті осы Заңда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

3. Кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп тарату рәсімдеріне олардың қатысуымен шешім қабылдау мақсатында кредиторлар комитеті құрылады.

Ерікті немесе мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлар комитетінің құрамын жинақтаушы зейнетақы қорын тарату комиссиясының ұсынысы бойынша уәкілетті орган бекітеді.

Кредиторлар комитетін құрудың және оның қызметінің ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

4. *Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 10 шілдедегі № 483-ІІ Заңымен 45-баптың 4-тармағы алынып тасталды.*

5. Тарату комиссиясы таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін, оның зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша міндеттемелерін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен басқа жинақтаушы зейнетақы қорына тапсыру жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының алушылары мен салымшылары тарату комиссиясы белгілеген мерзімдерде басқа жинақтаушы зейнетақы қорын өздігінен таңдауға құқылы.

6. Тарату комиссиясы бекітілгеннен кейін жеті күн мерзімде тарату

баланстық есебін уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне табыс етуге міндетті.

Тарату комиссиясы жинақтаушы зейнетақы қорын таратуды аяқтаған кезде белгіленен тәртіппен құжаттарды сақтау үшін мұрағатқа тапсыруға және бұл жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

7. Жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен танылған талаптары Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген кезектілікпен қанағаттандырылады.

Тиісті кезектілік басталғаннан кейін кредитордың талабы оның келісімімен Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақшалай нысанда және (немесе) есеп айырысудың барабарлық принципіін сақтай отырып, мүлікті заттай нысанда беру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

Тарату ісін жүргізуге байланысты, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорын тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының негізгі функцияларын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайтын шығыстар кезектен тыс және тұрақты түрде жүзеге асырылады.

8. Жинақтаушы зейнетақы қорын тарату комиссиясының қызметін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

45-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде тарату

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті түрде таратылуға рұқсат алу туралы өтінішін уәкілетті орган тиісті түрде ресімделген құжаттарды алған күннен бастап бір ай ішінде қарауы тиіс.

Өтінішке мына құжаттар:

1) акционерлердің жалпы жиналысының ерікті түрде тарату туралы шешімі;

2) тарату туралы шешім қабылданған күнге зейнетақы активтерін бағалау;

3) зейнетақы активтерін тапсыру мерзімі мен кезеңдері туралы іс-шаралар жоспары және акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен жинақтаушы зейнетақы қорының өзінің қызметін тоқтатуға әзірлік жоспары;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының өз міндеттемелері бойынша есеп айырысуы үшін, оның қаражатының жеткілікті екенін куәландыратын баланстық есеп;

5) тарату комиссиясының мүшелеріне кандидаттардың, оның ішінде филиалдарда не өкілдіктерде құрылатын бөлімшелерінің тізімі;

6) басқа да қажетті мәліметтер қоса берілуге тиіс.

2. Уәкілетті орган ерікті түрде таратуға рұқсат беруден бас тартқан жағдайда өз шешімін негіздеуге және бас тартуды жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлері мен акционерлерінің назарына жеткізуге тиіс.

Уәкілетті органның ерікті түрде таратуға рұқсатын алған кезде жинақтаушы зейнетақы қоры филиалдар мен өкілдіктерді ескере атырып, тарату комиссиясын құрады.

3. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органның таратуға рұқсатын алған күннен бастап он күн ішінде салымшылар мен алушыларға Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын екі мерзімдік баспасөз басылымында хабарландыру жариялау арқылы жинақтаушы зейнетақы қорының таратылуы туралы хабарлауға міндетті.

4. Барлық кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаражат жеткіліксіз болған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры банкроттық негізі бойынша мәжбүрлеп таратылуға жатады.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуды аяқтаудың мүмкін болмауына байланысты уәкілетті орган оны мәжбүрлеп тарату туралы талап-арызбен сотқа шағымдануға құқылы.

45-2-бап Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп таратудың ерекшеліктері

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының банкрот болуына;

2) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарында көзделген негіздер бойынша жинақтаушы зейнетақы қоры лицензияларының кері қайтарылып алынуына;

3) уәкілетті мемлекеттік органдардың, жеке немесе заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін тоқтату туралы талап-арызына байланысты жүзеге асырылады.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорын тарату осы баптың 1-тармағының

3) тармақшасында көзделген негіздер бойынша осы Заңға сәйкес жүргізіледі.

3. Жинақтаушы зейнетақы қоры мәжбүрлеп таратылған жағдайда сот он күн ішінде жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы шешімнің көшірмесін уәкілетті органға жібереді.

Сот жинақтаушы зейнетақы қорын лицензияны кері қайтарып алуға байланыссыз негіздер бойынша мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның лицензиясын кері қайтарып алу туралы мәселені қарайды.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорының лицензиясын қайтарып алу туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган уақытша әкімшілікті тағайындайды.

Жинақтаушы зейнетақы қоры жұмысының, оның уақытша әкімшілігін тағайындаудың тәртібі, сондай-ақ уақытша әкімшіліктің өкілеттіктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігі өз қызметін уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясын тағайындағанға дейінгі кезеңде жүзеге асырады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы тағайындалғанға дейін уақытша әкімшіліктің қызметіне бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің есебі уәкілетті органға және жинақтаушы зейнетақы қорын тарату туралы шешім қабылдаған сотқа табыс етіледі.

Жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігі атқарған жұмыс туралы есепті сот бекітеді.

Уақытша әкімшілік тарату комиссиясын тағайындау туралы шешім қабылданған күннен бастан он күннен аспайтын мерзімде жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттары мен мүлкін тарату комиссиясына береді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттары мен мүлкін уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясының төрағасына беру төрт дана етіп жасалатын қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді және оны уәкілетті орган бекітеді. Бекітілген актінің бір данасы іс-материалдарына тігу үшін сотқа жіберіледі.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорының төлем қабілетсіздігі мен дәрменсіздігі сынылатын пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесін және сақталу міндетті өзге де нормалар мен лимиттер, жинақтаушы зейнетақы қоры капиталының мөлшерін ескере отырып, уәкілетті органның жасаған қорытындысымен белгіленеді.

Жинақтаушы зейнетақы қоры сот шешімімен белгіленген тәртіп бойынша ғана банкрот деп танылуы мүмкін. Дәрменсіз жинақтаушы зейнетақы

қорын оның кредиторларының және жинақтаушы зейнетақы қорының өз шешімі бойынша соттан тыс тарату рәсіміне жол берілмейді. Тараптардың жинақтаушы зейнетақы қорының банкроттығы туралы іс бойынша бітімгершілік келісім жасауына болмайды.

6. Сот жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы іс қозғаған күннен бастап:

1) жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары (қатысушылары), жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкіне билік етуге құқылы емес;

2) бұрын қабылданған сот шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

3) кредиторлардың жинақтаушы зейнетақы қорына кез келген талаптары, жинақтаушы зейнетақы қорын ұстауға арналған ағымдағы шығыстарға байланысты талаптарды қоспағанда, тарату ісін жүргізу барысында ғана қойылуы мүмкін;

4) кредиторлардың, салық органдарының, оның ішінде даусыз (акцептсіз) тәртіппен қанағаттандырылуға жататын талаптары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының банк шоттарынан ақша өндіріп алуға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкінен өндіріп алу жөнінде өтініш жасауына жол берілмейді;

5) жинақтаушы зейнетақы қорының лауазымды адамдарының өздеріне тиесілі жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын иеліктен шығаруына жол берілмейді.

7 Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы, оның ішінде банкроттық негіз бойынша шешім қабылданғаннан кейін сот тарату ісін жүргізуді қозғайды және оның филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясын құру жөнінде уәкілетті органға міндеттер жүктейді.

Мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссиясын тағайындау тәртібі және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Жинақтаушы зейнетақы қоры тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне және өзге де тартылған қызметкерлерге төленетін сыйақының ай сайынғы мөлшері олардың әрқайсысына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген он еселенген ең төменгі жалақы мөлшерінен аспауы тиіс.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының аралық тарату балансын және кредиторларының тізілімін уәкілетті орган бекітеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы уәкілетті органға атқарған жұмысы туралы есепті және оның жазбаша сұрауы бойынша өз қызметі туралы қосымша мәліметтерді және таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты деректерді ұсынуда міндетті.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін сатуды оның тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен жүргізеді.

Тарату тәртібі және мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссияларының жұмысына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

8. Тарату комиссиясы уәкілетті органмен келісілген тарату туралы есепті және тарату балансын сотқа ұсынады.

Сот тарату жөніндегі есепті және тарату балансын бекітіп, тарату ісін жүргізудің аяқталуы туралы ұйғарым шығарады.

Тарату комиссиясы сот ұйғарымының көшірмесін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын әділет органы мен уәкілетті органға жібереді.

Жинақтаушы зейнетақы қорын тарату аяқталған кезде тарату комиссиясы құжаттарды сақтау үшін белгіленген тәртіппен мұрағатқа тапсыруға және бұл жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

45-3-бан. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорларының таратылу процесіндегі бақылау өкілеттіктері

1. Ерікті және мәжбүрлеп, оның ішінде банкроттық негіз бойынша таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссиясының қызметіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті орган:

1) тарату комиссияларынан атқарған жұмысы туралы есепті, қажет болған жағдайда, қосымша ақпаратты алуға;

2) тарату комиссияларының есептерді және қосымша ақпаратты ұсыну нысанын, мерзімін және кезеңділігін белгілеуге;

3) тарату комиссияларының қызметіне тексеру жүргізуге;

4) тарату комиссияларының қызметінен Қазақстан Республикасының заңдарын, кредиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу анықталған жағдайда, құқық бұзушылықтарды жою жөнінде тарату комиссияларының орындауы міндетті жазбаша ұйғарым шығаруға, ұйғарымды орындау мерзімін белгілеуге;

5) тарату комиссиясы белгіленген мерзімде жазбаша ұйғарымды орындамаған жағдайда, кредиторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа не прокуратура органдарына жүгінуге құқылы.

2. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайда, тарату комиссиясының төрағасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

9-тарау

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ ӨЗ КАПИТАЛЫ

46-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталын құру

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының өз капиталы:

1) құрылтайшылар мен акционерлердің жарғылық капиталға салған салымдары;

2) комиссиялық сыйақылар;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де көздер есебінен құралады.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталы — жинақтаушы зейнетақы қоры міндеттемелерінің сомасын шегеріп тастағаннан кейінгі оның активтерінің құны.

47-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының жарғылық капиталын қалыптастыру ерекшеліктері

1 *47-баптың 1-тармағы 2002 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 369-ІІ Заңымен алып тасталды.*

2. Жинақтаушы зейнетақы қоры жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін оны қалыптастырудың тәртібі мен құрамын уәкілетті орган белгілейді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының ең төмен жарғылық капиталының мөлшеріне талаптар өскен жағдайларда, жинақтаушы зейнетақы қоры залалдың болғанына қарамастан акцияларды қосымша шығаруды жүзеге асырады.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының жарғылық капиталы ақшамен төленеді.

4. Құрылтайшылар немесе заңды тұлға акционерлер өз капиталының шегінде жарғылық капиталға ақша салады, жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын төлейді.

Құрылтайшылар немесе жеке тұлға акционерлер Қазақстан Республикасының салық заңдарында табысы мен мүлкі туралы декларация беру бөлігінде белгіленген талаптарды ескере отырып, жарғылық капиталға ақша салады, жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын төлейді.

5. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алу туралы өтініш берілген кезде жарғылық капитал Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен толық төленуге тиіс.

6. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары мен акционерлерінен құрылтай құжаттары мен қаржы есептілігін табыс етуді талап етуге, сондай-ақ мемлекеттік органдардан қажетті мәліметтерді сұратуға құқылы.

48-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақылары

1. Комиссиялық сыйақының шекті шамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) инвестициялық кірістің он бес процентінен;
2) айына зейнетақы активтерінің 0,05 процентінен аспайтын шекте белгілейді. Комиссиялық сыйақының шамасы жылына ең көбі бір рет өзгеруі және күнтізбелік жыл басталғанға дейін кемінде бір ай бұрын жариялануы мүмкін. Комиссиялық сыйақыны алудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының өз қаражатын пайдаланудан алынған табыстары көлемінде жинақтаушы зейнетақы қорына тиесілі болады.

10-тарау

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ ЕСЕБІ МЕН ЕСЕП БЕРІП ОТЫРУЫ, ЖИНАҚТАЛҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

49-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы есепке алу

1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есеп жүргізіп, жеке қаражаты және зейнетақы активтері бойынша бөлек қаржылық есеп береді.

2. Салымшылардың (алушылардың) жеке шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражатының есебі уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен бөлек жүргізіледі. Зейнетақы жарналары есебінің дұрыс жүргізілуіне және инвестициялық кірістің салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына есептелуіне уәкілетті орган бақылау жасайды.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорлары бухгалтерлік есепте және есеп беруді жасау кезінде пайдаланылатын құжаттардың есепке алынуы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Сақталуға жататын негізгі құжаттардың тізбесі мен олардың сақталу мерзімін уәкілетті орган белгілейді.

49-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының аудиті

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін уәкілетті органның лицензиясы болған жағдайда аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Жыл қорытындысы бойынша аудиторлық есеп жинақтаушы зейнетақы қорының жылдық қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайы туралы аудиторлық ұйымның аудиторлық есебі коммерциялық құпия болып табылмайды.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының аудитін жүзеге асыруға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

50-бап. Жинақталған зейнетақы қаражатының құпиясы

1. Жинақталған зейнетақы қаражаттарының құпиясы салымшылар (алушылар) туралы, салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы

шоттарындағы қалдықтар және ақша қозғалысы туралы мәліметтерді камтиды.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының жинақталған зейнетақы қаражатының құпиялылығына кепілдік береді.

2. Өзінің қызмет міндеттерін жүзеге асыру үшін жинақталған зейнетақы қаражатының құпиясы болып саналатын мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік алған жинақтаушы зейнетақы қорларының лауазымды адамдары, қызметкерлері және өзге де адамдар жинақталған зейнетақы қаражатының құпиясы болып саналатын мәліметтерді жариялауға құқылы емес және оларды жариялағаны үшін, осы баптың 3-5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

3. Жинақталған зейнетақы қаражатының құпиясы зейнетақылық жарна төлеуші салымшыға, алушыға, алушының Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша келісімі негізінде кез келген үшінші адамға ашылуы мүмкін.

4. Жеке зейнетақы шоттарындағы ақшаның қалдықтары мен өзгерісі туралы анықтамалар:

1) анықтау және алдын ала тергеу органдарына — олар жүргізіп отырған қылмыстық істер бойынша;

2) соттарға сот ұйғарымының негізінде олар жүргізіп отырған істер бойынша;

3. салық органдарына — тексеріліп отырған тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша.

4) уәкілетті органға — алушының өтінішіне байланысты туындаған мәселелер бойынша, не олардың жинақтаушы зейнетақы қорына тексеру жүргізуіне байланысты;

5) прокурорға — оның қарауындағы материал бойынша өз құзыреті шегінде тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;

6) салымшының (алушының) өкілдеріне — нотариатпен куәландырылған сенімхат негізінде;

7) жинақтаушы зейнетақы қорының жыл сайынғы міндетті аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымдарға берілуі мүмкін.

5. Алушының жеке зейнетақы шотының болуы туралы, олардағы ақшаның қалдықтары мен өзгерістері туралы анықтамалар алушы қайтыс болған жағдайда өсиетте аталған адамдарға, мұрагерлік істер бойынша іс жүргізуші соттарға, нотариаттық кеңселерге және шетелдік консулдық мекемелерге беріледі.

11-тарау

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ

51-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару тәртібі

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйым не қызметтің осындай түрімен айналысу құқығына тиісті лицензиясы болған кезде жинақтаушы зейнетақы қоры дербес, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

52-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым заңды тұлға, бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысы болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен акционерлік қоғам нысанында құрылады.

1-1. Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент емес жеке және заңды тұлғалары осы Заңда және уәкілетті органның өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды ескере отырып, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның құрылтайшылары немесе акционерлері бола алады.

1-2. Рейтинг агенттіктерінің бірінің белгілі бір рейтингін иеленген заңды тұлға қаржы ұйымы ғана Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым қызметін жүзеге асырушы ұйымдарда үш жылдан кем емес басшылық жұмыс та болған тәжірибесін куәландыратын құжаттарды табыс етуге міндетті.

1-5. Дауыс беретін акцияларының жиырма бес процентінен астамы жиынтық түрінде:

- 1) Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаның;
- 2) акцияларының (қатысушылары салымдарының) елу проценттен астамы Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың меншігінде немесе басқаруында жүрген Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғаның;

3) Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың бағалы қағаздарын нақты ұстаушы болып табылатын Қазақстан Республикасы резиденттерінің меншігіндегі немесе басқаруындағы зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйым, Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға қатысатын зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым болып табылады.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның атауында «зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым» деген сөздері болуға тиіс.

3. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін, оны құру тәртібі мен құрамын уәкілетті орган белгілейді.

4. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның мүлкі жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін оқшауланған болады.

53-бан. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлері

1. Атқарушы органның бірінші басшысы мен оның орынбасарлары, бас бухгалтер мен оның орынбасарлары, филиалдың (өкілдіктің) басшысы мен бас бухгалтері зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлері болып танылады.

2. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға:

жоғары білімі жоқ;

өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар;

бұрын осы адам басшылыққа өткен кезде банкрот деп танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері немесе лауазымды адамы болған;

уәкілетті орган белгілеген тәртіппен келісуден өтпеген адам басшы қызметкер бола алмайды.

3. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерінің кандидатурасы уәкілетті органмен оның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіп бойынша міндетті түрде келісілуге тиіс.

Уәкілетті орган зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерін сайлауға (тағайындауға) берілген келісімді:

1) келісім берілгенше негізге алынған мәліметтердің дұрыс еместігінің анықталуы;

2) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық қызметке байланысты құқық бұзушылық үшін бір жыл ішінде екі және одан да көп рет әкімшілік жауаптылыққа тартылғандығы туралы деректердің болуы;

3) осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмеуінің анықталуы бойынша қайта қарауға құқылы.

4. Уәкілетті орган белгіленген тәртіппен беретін тиісті біліктілік куәлігі болған жағдайда ғана азаматтың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкері лауазымына ие болуға құқығы бар.

54-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару оның таңдауы бойынша зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын бір және одан да көп ұйымдармен шарт негізінде және (немесе) уәкілетті орган беретін, қызметтің осындай түрімен айналысу құқығына тиісті лицензиясы болған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорымен дербес жүзеге асырылады.

2. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым бір мезгілде екі және одан да көп жинақтаушы зейнетақы қорларымен зейнетақы активтерін басқаруға шарт жасасуға құқылы.

3. *54-баптың 3-тармағы 2002 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 369-ІІ Заңымен алып тасталды.*

4. Зейнетақы активтерін басқаруға арналған шарт жазбаша нысанда жасалады, шарттың жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соғады.

5. Зейнетақы активтерін басқаруға арналған шартқа мүлікті сенімді басқару туралы шарттың ережелері қолданылады.

6. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорларының басқа жинақтаушы зейнетақы қорларымен олардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарт жасасуға құқығы жоқ.

55-бап. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның міндеттері мен қызметін шектеу

1 Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым:

- 1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялауды жүзеге асыруға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін ұдайы бағалап отыруға;
- 3) уәкілетті орган белгілеген мерзімде және тәртіппен өз қызметі туралы есеп беруге;
- 4) жинақтаушы зейнетақы қоры мен уәкілетті органның алдында өз қызметі туралы ұдайы есеп беріп отыруға;
- 5) уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен өз қызметі туралы ақпарат жарияланып отыруға;
- 6) уәкілетті орган мен зейнетақы активтерін басқару туралы шартпен белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

2. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында:

- 1) акциялардан басқа, бағалы қағаздардың өзге де түрлерін шығаруға;
- 2) банктерден үш айдан асатын мерзімге, өз капиталының мөлшерінен аспайтын мөлшерде заем қаражатын тартуға;
- 3) ұйымдастырылған рыноктардағы мәмілелер мен зейнетақы активтерін басқаруға шарттарды қоспағанда, аффилиирлендірілген тұлғалармен зейнетақы активтері есебінен мәмілелер жасау;
- 4) кез келген әдістермен заемдар беруге;
- 5) зейнетақы активтерінің құрамына кіретін бағалы қағаздарды қайта сатып алу міндеттемесі шартымен сатуға;
- 6) маржа бойынша кез келген бағалы қағаздарды сатып алуға;
- 7) жинақтаушы зейнетақы қорына тиесілі емес бағалы қағаздарды сату («қысқа сатулар») туралы шарттар, сондай-ақ эмиссиялық болып табылмайтын бағалы қағаздарды сатып алуға шарттар жасасуға;
- 8) кез келген түрде, кепілдер мен кепілдіктер беруге, зейнетақы активтерімен кепілдік мәмілелер жасасуға;
- 9) зейнетақы активтерінің инвестициялары бойынша табыстарға кепілдігі немесе уәдесі бар ақпарат жариялауға;
- 10) Осы Заңның 58-бабында көзделген қызмет түрлерін, сондай-ақ

өзінің жеке мүддесі үшін алған мүліктерді сауда-саттыққа салуды және жалға беруді қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

56-бап. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның өз капиталын қалыптастыруы

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның өз капиталын қалыптастыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

57-бап. Сақталуы міндетті пруденциалдық нормативтер

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы кепілдігін қамтамасыз ету үшін сақталуы міндетті пруденциалдық нормативтер белгіленеді.

Пруденциалдық нормативтердің тізбесін, олардың нормативтік мәндері мен есеп-қисап әдістемесін, сондай-ақ тиісті есептілік нысандары мен оны табыс ету мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді.

58-бап. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті лицензиялау

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган лицензиялайды.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым тиісті лицензиялары болған жағдайда бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіппен бағалы қағаздар рыногында қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

59-бап. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның жауапкершілігі

Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен жасалған шартты бұзу белгіленген күннен жиырма күн бұрын оған хабарлай отырып, бір жақты

тәртіппен бұзуға, сондай-ақ зейнетақы активтерін тиісті басқармаудан туындаған залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлкімен жинақтаушы зейнетақы қоры алдында жауап береді.

4 Бөлім
АРНАЙЫ АТАҚТАР БЕРІЛІП,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫМЕН
ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІП ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР
ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЛМЫСТЫҚ АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК
ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ ОРГАНДАРЫНЫҢ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН
ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

12-тарау

ЕҢБЕК СІЦІРГЕН ЖЫЛДАРЫ ҮШІН ЗЕЙНЕТАҚЫ
ТӨЛЕМДЕРІН АЛУ ҚҰҚЫҒЫ

60-бап. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығы

1. Әскери қызметшілердің (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқа), арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің:

1) арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметте кемінде 25 жыл еңбек сіңірген, қызметте тұрудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекті жасына жеткен;

2) арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметте кемінде 25 жыл еңбек сіңірген, штаттың қысқартылуы немесе денсаулық жағдайы бойынша босатылған;

3) арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының офицерлері, прапорщиктері (мичмандары), орта, аға және жоғары басшы құрамындағы адамдары, сондай-ақ арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын, келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген, әскери қызметте және ішкі істер органдарындағы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі комитетінде, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекті жасына жетуі бойынша, штатты қысқарту немесе денсаулық жағдайы бойынша қызметтен босатылған, жиырма бес жыл және одан да көп жалпы еңбек стажы бар, оның кемінде он екі жыл алты айында үздіксіз әскери қызмет және ішкі істер органдарында қызмет атқарған адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

4) *60-баптың 1-тармағының 4-тармақшасы 2002 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 369-ІІ Заңымен алып тасталды.*

2. Қызметтен босатылған және 1998 жылғы 1 қаңтарда он жыл және одан да көп жыл еңбек сіңірген, арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне, осы баптың 1-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақыға құқығы болмаған жағдайда Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері осы Заңға сәйкес, жалпы негіздерде тағайындалады.

3. Әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің, прокуратураның, қаржы (салық) полициясы органдарының, кеден органдарының Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі органдарының қызметкерлері арасынан зейнеткерлерді әскери (арнайы) атақ, сыныптық шен беріп отырып, мемлекеттік қызметке алғанда зейнетақы төлеу қызметке тағайындалған күннен бастап тоқтатылады.

61-бап. Еңбек сіңірген жылдары үшін Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері

1. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері:

1) осы Заңның 60-бабының 1-тармағында аталған негіздер бойынша зейнетақы төлемдеріне құқығы бар, арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын адамдарға, әскери қызмет стажы, ішкі істер органдарындағы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызмет стажы 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он жыл және одан да көп болған жағдайда толық көлемінде;

2) осы Заңның 60-бабының 1-тармағында аталған негіздер бойынша зейнетақы төлемдеріне құқығы бар, арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын адамдарға, әскери қызмет стажы, ішкі істер органдарындағы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызмет стажы 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он жылға жетпейтін жағдайда толық емес көлемде тағайындалады.

2. Орталықтан толық көлемінде төленетін зейнетақы төлемдері осы Заңның 63-бабына сәйкес белгіленетін ақшалай қаражаттың елу проценті есебінен белгіленеді.

3. Орталықтан толық емес көлемде төленетін зейнетақы төлемдері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еңбек сіңірген жылдарының және еңбек стажының әр жылға шаққанда осы Заңның 63-бабына сәйкес белгіленетін ақшалай қаражаттың екі проценті есебінен белгіленеді.

4. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы адамдарға қызметте жиырма бес жылдан астам еңбек сіңірген жылдарының әр жылы үшін осы Заңның 60-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес тағайындалған толық көлемдегі зейнетақы төлемдерінің мөлшері осы Заңның 63-бабына сәйкес белгіленетін ақшалай қаражаттың екі процентіне, еңбек стажының әр жылы үшін бір процентіне көбейтіледі. Жиырма бес жылдан астам жалпы еңбек стажының әр жылы үшін осы Заңның 60-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тағайындалған толық көлемдегі зейнетақы төлемдерінің мөлшері осы Заңның 63-бабына сәйкес белгіленетін ақшалай қаражаттың бір процентіне көбейтіледі.

5. Осы баптың 1-4-тармақтарына сәйкес есептеп шығарылған зейнетақы төлемдерінің жалпы мөлшерін осы Заңның 63-бабына сәйкес белгіленетін ақшалай қаражаттың алпыс бес процентінен асыруға болмайды. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне айлық зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшерін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес еселенген мөлшерінен асыруға болмайды.

62-бап. Еңбек сіңірген жылдарды есептеу

Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен есептеп шығарылады.

Бұл ретте зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, күнтізбемен есептеледі.

63-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру үшін ескерілетін ақшалай қаражатының мөлшері

1. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру үшін ескерілетін ақшалай қаражаты мөлшері қызметтен босаған (адам құрамының тізімінен шығарылған) күнге белгіленеді.

3. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру үшін ескерілетін ақшалай қаражаты мөлшері соңғы қызмет еткен жері бойынша тиісті қаржы органының белгіленген үлгідегі анықтамасымен расталады.

64-бап. Зейнетақы төлемдерін тағайындау және оны жүзеге асыру мерзімдері

1. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне тағайындалған зейнетақы төлемдерін бюджет қаражаты есебінен төлеу қызметтен босаған (жеке құрам тізімінен шығарылған) күннен бастап, бірақ оларға ақшалай қаражат төленген күннен кейін жүзеге асырылады.

2. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне тиісті қызметтерді ұстауға көзделген қаражат есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру алушылардың

еңбекақысы немесе басқа да табысы болуына қарамастан толық жүргізіледі.

3. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне жеке жинақтаған зейнетақы қаражатының есебінен зейнетақы төлемдері зейнетақы шартына сәйкес жүргізіледі.

4. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің, прокуратураның, кеден комитетінің, Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің қызметкерлері арасынан зейнеткерлерге бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдері жаңартылған кезде немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға Орталықтан зейнетақы қайта тағайындалған жағдайда зейнетақы еңбек сіңірген жылдары үшін берілетін зейнетақыны төлеу тоқтатылған кезде белгіленген мөлшерде, зейнетақы төлеу тоқтатылған кезең үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізілген индекстеу ескеріле отырып төленеді.

65-бап. Қаражат және зейнетақы төлеу тәртібі

1. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілер, ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары және бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері қатарынан 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққан адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру зейнетақының белгіленген мөлшері сақтала отырып, бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

2. 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 10 жылдан астам әскери қызмет немесе ішкі істер және Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті органдарындағы және бұрынғы Мемлекеттік

тергеу комитетіндегі қызмет стажы бар арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарындағы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы және бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

3. Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметте он жылға жетпейтін стажы бар, арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілер, ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері үшін бюджет қаражаты есебінен осы Заңның 63-бабының 2-тармағында белгіленген ақшалай қаражаттың жиырма проценті мөлшерінде жинақтаушы зейнетақы қорына салымшының таңдауы бойынша жеке зейнетақы шотына міндетті зейнетақы жарналарын аудару тәртібі енгізіледі.

Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне зейнетақы төлеу жеке зейнетақы жинақтары негізге алына отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларынан, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін тұңғыш рет қызметке кірген арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қыз-

меткерлері үшін осы баптың 3-тармағына сәйкес жинақталған зейнетақы қаражатын қалыптастыру тәртібі қолданылады. Оларға зейнетақы төлемдері жеке жинақтаған зейнетақы қаражатын негізге ала отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленеді.

66-бап Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлерін қамсыздандыруды жүзеге асыратын органдар

1. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлеріне зейнетақы төлемдерін тағайындауды тиісті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырады.

2. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлерін жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті және ерікті зейнетақылық жарналар есебінен зейнетақымен қамсыздандыру осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5 Бөлім

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

67-бап. Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты әлеуметтік зейнетақылар алуға құқығы барларға мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар

1. Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша тағайындалған зейнетақылар, әлеуметтік зейнетақылар 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар нысанында бюджет қаражаты есебінен төленеді.

2. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін алынған зейнетақының мөлшерінен кем болмауға тиіс.

3. Осы Заңның 9-бабында белгіленген жағдайлар болған ретте мүгедектігі бойынша жәрдемақы азаматтың тілегіне орай Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері ауыстырылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындаудың шарттары, тәртібі және мөлшері Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.

68-бап. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

69-бап. Осы Заңды күшіне енгізу тәртібі

Осы Заң 1997 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізіледі, бұған 1, 2-баптар, 4-баптың 1, 3, 4-тармақтары, 5, 7-21-баптар, 23-баптың 1, 2, 4, 5-тармақтары, 24-бап, 27-баптың 2-тармағының 1)-тармақшасы, 60-67-баптар қосылмайды, олар 1998 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізіледі.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК ТУРАЛЫ
Қазақстан Республикасының 1997 жылғы
19 маусымдағы № 135-1 Заңы

*(ҚР 08.12.97 ж. № 200-1; 29.11.99 ж. № 488-1;
24.12.01 ж. № 276-11
Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)*
(Үзінді)

32-бап. Жеке кәсіпкерді әлеуметтік қорғау

1. Жеке кәсіпкер әртүрлі әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелерін пайдалануға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес төлемдер төлеп тұрған жағдайда жеке кәсіпкерлік қызмет зейнетақы тағайындау үшін жұмыс стажына есептеледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
МҮГЕДЕКТИГІ БОЙЫНША, АСЫРАУШЫСЫНАН
АЙЫРЫЛУ ЖАҒДАЙЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ ЖАСЫНА
БАЙЛАНЫСТЫ БЕРІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК
ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ТУРАЛЫ
Қазақстан Республикасының 1997 жылғы
16 маусымдағы № 126-1 Заңы

*(ҚР 05.04.99 ж. № 366-1; 16.11.99 ж. № 482-1; 21.03.02 ж.
№ 308-11; 09.01.03 ж. № 382-11; 20.12. 2004 ж.
№ 13-111; 31.12. 2004 ж. № 28-111
Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)*
(Үзінді)

Ш т а р а у

АСЫРАУШЫСЫНАН АЙЫРЫЛУ ЖАҒДАЙЫ БОЙЫНША
ЖӘРДЕМАҚЫ

13-бап. Жәрдемақыны тағайындау шарттары

1. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алуға,

асыраушысы қайтыс болған отбасының еңбекке жарамсыз, оның асырауында болған мүшелерінің құқығы бар. Бұл орайда осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында аталған балалар мен адамдарға жәрдемақылар олар асыраушының асырауында болғандығына қарамастан тағайындалады.

2. Отбасының еңбекке жарамсыз мүшелері болып:

1) Егер 18 жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалса, 18 жасқа толмаған және осы жастан асқан балалары (оның ішінде асырап алған балалары, өгей ұлдары мен өгей қыздары), аға-інілері, апа-сіңлілері және немерелері есептеледі, бұл орайда аға-інілері, апа-сіңлілері және немерелері — егер олардың еңбекке жарамды ата-аналары болмаса, өгей ұлдары мен қыздары — егер олар ата-аналарынан алимент алмайтын болса есептеледі.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алуға құқығы бар кәмелетке толмағандар бұл құқықты өздерін асырап алған кезде де сақтайды;

2) егер зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес зейнеткерлік жасына жетсе, әкесі, шешесі (оның ішінде асырап алушылар), зайыбы, жұбайы;

3) егер қайтыс болған асыраушысының 8 жасқа толмаған балаларын, інілерін, қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысса және жұмыс істемейтін болса, жасы мен еңбекке жарамдылығына қарамастан ата-аналардың немесе жұбайлардың біреуі не атасы, әжесі, аға-інісі немесе апа-сіңлісі;

4) егер зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес зейнеткерлік жасына жетсе және заң бойынша асырауға міндетті адамдары болмаса және өмір сүру үшін басқа қаражат көздері жоқ болса, атасы мен әжесі есептеледі.

3. 18 жастан асқан оқитын азаматтар асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы орта білім беру жүйесінде, жоғары және арнаулы орта білім беру жүйесінің күндізгі оқу нысанында оқу орнын бітіргенге дейін, бірақ 23 жастан аспайтын шекте жәрдемақы алуға құқығы бар.

4. Қайтыс болған адамның асырауындағы отбасы мүшелері, егер олар оның толық асырауында болса немесе одан өздері үшін өмір сүрудің тұрақты және негізгі қаражат көзі болған көмек алып тұрса, оның асырауында болған деп есептеледі.

5. Ата-анасының екеуінен де айырылған балаларға (тұлдыр жетім-

дерге) тағайындалған жәрдемақылар олардың заңды өкіліне (асырап алушыға, қамқоршысына) төленеді.

6. Осы Заңның қайтыс болғандардың отбасына қатысты барлық ережелері, егер бұл фактілер сот тәртібімен белгіленген болса, тиісінше хабар-ошарсыз кеткендердің немесе қайтыс болды деп жарияланғандардың отбасына да қолданылады.

14-бап. Жәрдемақы тағайындалатын кезең

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы қайтыс болған адамның отбасы мүшесі осы Заңның 13-бабына сәйкес еңбекке жарамсыз деп саналатын бүкіл кезеңге, ал «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа жеткен отбасы мүшелеріне өмір бойына белгіленеді.

15-бап. Отбасының барлық мүшелеріне бір жәрдемақы тағайындау

1. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақыға құқығы бар отбасының барлық мүшелеріне ортақ бір жәрдемақы тағайындалады.

2. Отбасы мүшесінің талап етуі бойынша оның жәрдемақы үлесі бөлінеді және оған жеке төленеді.

3. Жәрдемақының үлесін бөлу оны бөлуге өтініш жасаған күннен бастап жүзеге асырылады.

4. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақымен қамсыздандырылған отбасы мүшелерінің саны өзгерген кезде жәрдемақының мөлшері жәрдемақыға құқығы бар отбасы мүшелерінің санына қарай тиюінше көбейтіледі немесе азайтылады.

5. Отбасының мүшелерінің біреуіне жәрдемақы төлеу тоқтатыла тұрған немесе жәрдемақы төлеуді тоқтата тұруға себеп болған жағдаяттар еткеннен кейін, оны төлеу қайта басталған жағдайларда да жәрдемақы мөлшерін нақ солайша қайта қарау белгіленеді.

16-бап Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақының мөлшері

1 Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақының ең жоғары мөлшері отбасының барлық еңбекке жарамсыз мүшелеріне 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады.

2. Отбасының асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақы алуға құқығы бар еңбекке жарамсыз бір мүшесі болған кезде жәрдемақы 5 айлық есептік көрсеткіш;

екеу болған кезде — отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне 4,3 айлық есептік көрсеткіш;

үшеу болған кезде — отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне 3,5 айлық есептік көрсеткіш;

төртеу болған кезде — отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне 2,8 айлық есептік көрсеткіш;

бесеу болған кезде — 2,3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады.

Отбасының еңбекке жарамсыз алты және одан да көп мүшелері болған кезде әркімге арналған жәрдемақының мөлшері он екі еселенген айлық есептік көрсеткіштен бірдей үлес ретінде есептеледі.

3. Ата-аналарының екеуінен де айрылған жағдайда балаларға (тұлдыр жетімдерге) айлық жәрдемақы әрбір балаға — бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, отбасының еңбекке жарамсыз өзге мүшелеріне — 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бірақ отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 15 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде тағайындалады.

4. Қызмет міндеттерін атқару немесе әскери қызметтен өту кезінде қаза тапқан немесе жаралану контузия, мертігу, ауруы салдарынан қайтыс болған әскер қызметшілердің, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақының мөлшері отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне бір айлық есептік көрсеткішке, бірақ отбасының барлық мүшелеріне 15 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде көбейтіледі.

5. Егер отбасының еңбекке жарамсыз мүшелерінің Орталық пен жинақтаушы зейнетақы қорларынан алатын жиынтық зейнетақы төлемдерінің мөлшері асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша алатын айлық жәрдемақының мөлшерінен кем болса, жәрдемақы төлеу зейнетақы төлемдеріне отбасының осы еңбекке жарамсыз мүшелері үшін белгіленген жәрдемақының мөлшеріне дейінгі тиісті қосымша төлем түрінде жүргізеді.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-І Заңы

*(ҚР 07.06.99 ж. № 391-І 16.11.99 ж. № 477-І, 10.07.01 ж.
№ 227-ІІ, 21.03.02 ж. № 308-ІІ 03.06.03 ж. № 427-ІІ,
2004 жылғы 5 шілдедегі № 568-ІІ
2004 жылғы 9 шілдедегі № 587-ІІ, 2004 жылғы
20 желтоқсандағы № 13-ІІІ,
Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)
(Үзінді)*

9 - т а р а у

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру

67-бап Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру шарттары

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үй, тұрғын үйге мұқтаж, осы елді мекендеп тұрақты тұратын (тұру мерзіміне қарамастан) және халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын табысы аз топтарына жататын Қазақстан Республикасы азаматтарының пайдалануына беріледі.

2. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй сондай-ақ тұрғын үйге мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге және сайланбалы мемлекеттік қызмет атқаратын адамдарға беріледі. Оларға берілетін тұрғын үй қызметтік тұрғын үйге теңестіріледі.

3. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй өздерінің жалғыз тұрғын үйі ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша ипотека нысанасы болған және оны Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңдарына сәйкес жергілікті атқарушы орган сатып алған Қазақстан Республикасының азаматтарына беріледі.

68-бап Халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын топтарына жататын азаматтар

Халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын топтарына:

- 1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар;
- 2) I және II топтағы мүгедектер (өздері жасаған қылмыс салдарынан мүгедек болған адамдарды қоспағанда);
- 3) мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары;
- 4) заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілетін аурулар тізімінде

аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар;

5) жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

6) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма жасқа жетпеген жетім балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;

7) репатрианттар,

8) экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

9) көп балалы отбасылар;

10) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары;

11) толық емес отбасылар жатады.

69-бап. Азаматтарды тұрғын үйге мұқтаж деп тану

Азаматтар егер:

1) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығымен өздерінің тұрғын үйі болмаса;

2) осы елді мекендеп мемлекеттік тұрғын үй қорынан, сондай-ақ меншіктің мемлекеттік емес нысанына негізделген заңды тұлғаларға тиесілі үйлерде, соның ішінде тұрғын үй (тұрғын үй-құрылыс) кооперативтерінің үйлерінде өздерінің тұрақпы пайдаланатын үйлері болмаса;

3) отбасы тұрып жатқан тұрғын үй нормативтік санитариялық және техникалық талаптарға сай келмесе;

4) оқшауланбаған, шектес тұрғын үй-жайларда екі және одан да көп отбасы тұрып жатса;

5) отбасы құрамында кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын науқастар болып (заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген аурулардың тізімі бойынша), бір үй-жайда (пәтерде) олармен бірге тұру мүмкін болмаса, тұрғын үйге мұқтаж деп танылады.

70-бап. Азаматтардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу құқығы

Ерлі-зайыптылардың әрқайсысында некеге тұрғанға дейін осындай тұрғын үйі болған жағдайларды қоспағанда, азамат (зайыбымен және кәмелетке толмаған балаларымен бірге) осы елді мекендесе, мемлекеттік тұрғын үй қорынан бір тұрғын үй алуға құқылы.

АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы № 87-1 Заңы

*(ҚР 22.12.98 ж. № 327; 23.06.00 ж. № 55; 15.06.04 ж.
№ 563-III; 20.12.2004 ж. № 13-III
Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)*

(Үзінді)

27-бап. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының тұрғын үй алу құқығы

1. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының құтқарушыларына және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген нормалар бойынша мемлекеттік және ведомстволық тұрғын үй қорының есебінен тұрғын үй-жай беріледі.

2. Тұрғын үй алуға (тұрған үй жағдайларын жақсартуға) мұқтаж болған, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының отбасылары, сондай-ақ құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге тартылған және аталған жұмыстарды жүргізу барысында қаза тапқан (қайтыс болған) ерікті авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының және құтқарушылар болып табылмайтын азаматтардың отбасылары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттар мен тәртіпте мемлекеттік тұрғын үй қорынан оны алу (тұрғын үй жағдайын жақсарту) құқығын сақтайды.

3. Кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының құтқарушылары пәтерлеріне телефондарды ақылы негізде бірінші кезекте орнатуға құқылы.

28-бап. Құтқарушылар мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктері

1 Құтқарушылар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес міндетті түрде жеке және әлеуметтік сақтандырылуға тиіс.

2. Құтқарушылар мемлекеттік органдар мен ұйымдардан шарттар негізінде келіп түскен қаражат есебінен де сақтандырылуы мүмкін.

3. Құтқарушы қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (өлген) не ол қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақаттың салдарынан бір жыл ішінде өлген жағдайда асырауындағы адамдарға оның соңғы атқарған қызметі бойынша бір жылдық жалақысының кемінде он есе мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді.

4. Құтқарушыға қызметтік міндетін атқару кезінде алынған зақым (жарақаттану, жаралану, контузия), сырқат салдарынан мүгедектік белгілеу кезінде оған:

I және II топтардағы мүгедекке — бір жылдық жалақысының бес еселенген мөлшерінде;

III топтағы мүгедекке — бір жылдық жалақысының екі еселенген мөлшерде бір жолғы жәрдемақы төленеді.

5. Құтқарушы қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүгедектік белгіленбей, еңбек қабілетін тұрақты жоғалтқан ауыр зақым (жарақаттану, жаралану, контузия), сырқат алған жағдайда оған бір жылдық жалақысынан кем емес мөлшерде бір жолғы жәрдемақы төленеді.

6. Егер құтқарушының қаза табуы (өлуі), жарақаттануы, жаралануы (зақымдануы), сырқаттануы қызметтік міндетін атқарумен байланысты емес мәнжайларға қатысты болғандығы белгіленген тәртіпте дәлелденсе, осы Заңның 3, 4, 5-тармақтарында белгіленген бір жолғы жәрдемақы төленбейді.

7. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының қайтыс болған немесе қаза тапқан құтқарушысын жерлеу үшін тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленетін мөлшерде жәрдемақы беріледі.

8. Осы баптың 3, 4, 5, 7-тармақтары бойынша жәрдемақы авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларын ұстайтын ұйымдардың қаражаты есебінен, төленіп, осы ұйымдардың шығындары залал келтірушінің есебінен кейіннен толық көлемінде өтеледі.

9. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша құтқарушылардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

29-бап. Авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары қызметкерлерінің қосымша құқықтық және әлеуметтік кепілдіктері

1. Еңбек жағдайы зиянды әрі қауіпті ұйымдарға қызмет көрсететін

кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының құтқарушыларына Қазақстан Республикасының заңдарымен осы ұйымдар үшін белгіленген құқықтық және әлеуметтік қорғау кепілдіктері мен жеңілдіктері қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 13-III Заңымен 29-баптың 2-тармағы алып тасталды.

30-бап Ерікті авариялық-құтқару құрамаларының құтқарушыларын, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тартылған құтқарушылар болып табылмайтын азаматтарды әлеуметтік қорғау кепілдіктері

Ерікті авариялық-құтқару құрамаларының құтқарушыларын, сондай-ақ құтқарушы болып табылмайтын азаматтарды авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге тартқан кезде олар міндетті жеке және әлеуметтік сақтандырылуға тиіс. Оларға осы Заңның 28 және 29-баптарында көзделген құқықтар, сақтандыру кепілдіктері мен жеңілдіктері қолданылады.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТЕРДІ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

**Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы
1996 жылғы 23 қаңтар № 2788**

(ҚР 20.12.96 ж. №51-1, 2.04.97 ж. № 88-1, 19.06.97 ж.

№ 134-1, 7.04.99 ж. № 374-1

Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)

«Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес қаулы етемін:

I. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

«Қазақ ССР-інде азаматтарды пенсиямен қамсыздандыру туралы» 1991 жылғы 17 маусымдағы Қазақ ССР Заңының 17-бабы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары 1991 ж., № 25, 328-құжат);

«Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін» берілетін зейнетақылар туралы ережені бекіту туралы 1992 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Қазақстан

Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж № 5 109-құжат, 1993 ж № 8, 159-құжат, 1994 ж , № 16-17 217-құжат);

II. Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулерге (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, қоқыс шығару, лифтілерге қызмет көрсету), отынға жұмсалатын шығындарды төлеу үшін, сондай-ақ жылына бір рет темір жолмен әуе жолымен қалааралық автомобиль көлігімен жол жүруге арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

III. Төрт және одан да көп бірге тұрып жатқан, кәмелетке толмаған балалары (соның ішінде, оқу орындарын бітірген кезге дейін, кәмелеттік жасқа толғаннан кейін жоғары және арнаулы оқу орындарында оқитын балалары) бар көп балалы отбасыларына тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет көрсетулер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, қоқыс шығару, лифтілерге қызмет көрсету) шығындарын төлеу үшін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

IV. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін:

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық атқарушы органдарының өздерінің осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік актілері мен нұсқаулықтарын қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз етсін.

V. Осы Жарлық 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

«ПРОКУРАТУРА ТУРАЛЫ»

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы

21 желтоқсандағы № 2709 Заңы

(ҚР 19.06.97 ж. № 134-1, 02.07.98 ж. № 266-1, 07.04.99 ж.

№ 374-1, 23.07.99 ж. № 454-1 29.03.00 ж. № 42-11, 05.05.00 ж.

№ 48-11, 10.10.01 ж. № 247-11 09.08.02 ж. № 346-11 10.07.03 ж.

№ 483-11, 20.12.04 ж. № 13-111 Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)

(Үзінді)

53-бап Прокуратура қызметкерлерін материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру

1. Прокуратура органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.

2. Прокуратура органдарының қызметкерлеріне жыл сайын күнтізбелік отыз күн мөлшерінде еңбек демалысы беріледі.

3. Прокуратура органдарының қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан бірінші кезекте тұрғын алаңмен қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады.

4. Күнтізбелік он жылдан астам қызмет атқаратын прокуратура органдары қызметкерлерінің тұрақты тұрып жатқан қызметтік үй-жайлары осы аталған қызметкерлердің қалауы бойынша оларға және олардың отбасыларына жалға алу шарты бойынша беріледі немесе жеке меншігіне қалдық құны бойынша сатылады.

5. Прокуратура органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері басқа үй-жай берілмейінше, қызметтік үй-жайларынан шығарылуға тиіс емес.

6. Прокуратура органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамның отбасы ол қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей, заңда белгіленген шарт пен тәртіп бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын алаң алуға құқылы.

7. 53-баптың 7-тармағы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қазандағы № 247-ІІ Заңымен алып тасталды.

8. Прокуратура органының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде немесе қызметтен босағаннан кейін бір жыл ішінде қызметтік міндетін атқару кезіндегі мертiгудiң немесе жарақаттың салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның асырауындағы адамдар мен мұрагерлеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен соңғы атқарған қызметіндегі алпыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтем төленеді.

Осы баппен көзделген бір жолғы өтемді есептеу үшін қолданылатын ақшалай қаражат лауазымдық айлықақыдан және сыныптық шешім үшін (әскери атағы бойынша) қосымша ақыдан (айлықақыдан) тұрады.

9. Прокуратура органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері Республика Үкіметі белгілеген тәртіппен медициналық қызмет пайдаланады.

10. Прокуратура органдарының мамандары мен жұмысшыларынан басқа қызметкерлерінің:

1) 53-баптың 10-тармағының 1 тармақшасы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қазандағы № 247-ІІ Заңымен алып тасталды;

2) қызметтік және іссапар куәлігін көрсете отырып, көліктің барлық түріне кезектен тыс жүріп-тұру құжаттарын және қонақүйлерде тұру үшін орын алуға құқығы бар.

11. Прокуратура органдары қызметкерінің лауазымынан зейнет демалысына шығып, қайтыс болған немесе қаза тапқан прокуратура органдарының қызметкерлерін жерлеу үшін олардың үш айлық үлесі мөлшерінде біржолғы ақшалай өтем төленеді.

12. Прокуратура органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

55-бап. Арнаулы қызмет стажы

1. Прокуратура органдарындағы қызмет (жұмыс) мемлекеттік қызметтің арнаулы түрі болып табылады. Арнаулы қызмет (жұмыс) стажына прокуратура органдарындағы қызметтен (жұмыстан) басқа:

1) Қарулы Күштердегі, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарындағы және басқа да құқық қорғау органдарындағы;

2) сот органдарындағы;

3) мемлекеттік қызметте болған қызмет (жұмыс);

4) заң мамандығы бойынша ғылыми және педагогтік жұмыс;

5) өкілді биліктің мемлекеттік органдарындағы сайланбалы лауазымдағы жұмыс уақыты есептеледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2707 Заңы

*Өзгертулермен 2005 жылдың 1 сәуіріне берілген
(Үзінді)*

VI та р а у

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

25-бап. Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау мемлекеттің міндеті болып табылады.

26-бап. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне еңбекке ақы төлеу, оларды зейнетақымен және өзгедей қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және ол қызметті өтеудің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ерекше жағдайлары үшін төленетін ақшалай қаражат пен үстеме ақыны қамтиды.

2. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің ақшалай қаражаты лауазымдық айлық ақыдан және арнаулы атағы үшін қосымша ақыдан тұрады.

3. *26-баптың 3-тармағы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қазандағы № 247-ІІ Заңымен алып тасталды.*

4. Ішкі істер органдарының қызметкерлері:

1) Үлгілері мен тиесілік нормаларын Республика Үкіметі белгілейтін тегін нысандық әрі арнаулы киім-кешекпен;

2) *26-баптың 4-тармағының 2 тармақшасы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қазандағы № 247-ІІ Заңымен алып тасталды.*

4-1. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қалауы бойынша оларға нысанды және арнайы киім-кешектің орнына ақшалай өтем төленуі мүмкін.

5. Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің:

1) *28-баптың 6-тармағының 1-тармақшасы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 сәуірдегі № 374-І Заңымен алып тасталды.*

2) іс-сапар куәлігін көрсеткен соң, барлық көлік түрінде жүріп-тұру құжаттарын және мейманханаларда тұру үшін орынды бірінші кезекте алуға құқығы бар.

27-бап. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің демалысы

1. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ұзақтығы отыз тәулік демалыс, сондай-ақ заңмен көзделген өзге де демалыс беріледі.

2. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қосымша ақы төленетін демалыс (күнтізбелік есеппен) қызмет өткерген жылдарына қарай:

1) он жылдан аса қызмет өткерген жылдары барларға – ұзақтығы бес тәулік;

2) он бес жылдан аса қызмет өткерген жылдары барларға ұзақтығы он тәулік;

3) жиырма жылдан аса қызмет өткерген жылдары барларға ұзақтығы он бес тәулік мерзімге беріледі.

3. Биік таулы жерлерде, климат жағдайы ауыр және қолайсыз жерлерде қызмет өткеріп жүрген ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, қызмет өткерген жылдарына қарамастан, ұзақтығы қырық бес тәулік кезекті демалыс беріледі.

3-1. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне кезекті, қысқа мерзімді, қосымша демалыстар, сырқаттануына байланысты, жүкті болуына және бала тууына байланысты демалыстар уақытында, демалысын өткізу орнына баратын және кері қайтатын жолға берілетін уақытты қоса алғанда, ақшалай ризық атқаратын лауазымы бойынша еңбек демалысына кеткен күніне алатын мөлшерде төленеді.

4. Ішкі істер органдарының жұмысшылары мен қызметшілерінің демалысы тиісті еңбек заңдарына сәйкес анықталады.

28-бап. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертліккен жағдайда берілетін кепілдіктер

1. Ішкі істер органдарының қызметкеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқарып жүрген кезеңінде мертліккен жағдайда, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтем алуға құқығы бар адамдарға бір жолғы өтем төленеді.

2. Бір жолғы өтемді төлеу тәртібін Республиканың Үкіметі белгілейді.

3. Ішкі істер органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындау кезінде не қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақат салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда асырауындағы адамдар мен мұрагерлеріне оның соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтем төленеді.

4. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезіндегі жарақаты, жаралануы (контузия алуы), зақымдануы, науқастануы салдарынан болған мүгедектік белгіленгенде оларға:

- 1) I топтағы мүгедекке — отыз айлық ақшалай үлесі;
- 2) II топтағы мүгедекке — он сегіз айлық ақшалай үлесі;
- 3) III топтағы мүгедекке — алты айлық ақшалай үлесі мөлшерінде бір жолғы өтем төленеді.

5. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке соқтырмайтын ауыр зақым (жарақат, жаралану, контузия) алған жағдайда оларға бір жарым айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде, жеңіл зақым алған жағдайда жарты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтем сақтандыру сомасы төленеді.

6. Ішкі істер органдары қызметкерінің қазасы (өлімі) жаралануы (мертігуі), науқастануы қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындауға қатысы жоқ жағдаяттарға байланысты болғаны белгіленген тәртіппен дәлелденсе, бір жолғы өтем төленбейді.

7. *28-баптың 7-тармағы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 сәуірдегі № 374-І Заңымен алып тасталды.*

8. Қызметтік міндеттерін не қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің балаларына олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін ведомстволық денсаулық сақтау мекемеле-

ріндегі медициналық және санаторий-курорттық қызмет керсетуге құқық сақталады.

29-бап. Жерлеу шығындарын өтеу

Ішкі істер органдарының қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін олардың үш айлық ақшалай табысы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

30-бап. Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үй құқығы

1. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан бірінші кезекте тұрғын үймен қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады.

2. Ішкі істер органдарының он күнтізбелік жылдан астам уақыт қызмет атқарған қызметкерлері тұрақты тұрып жатқан қызметтік тұрғын үй-жайларын өздерінің қалауына қарай жеке меншігіне сатып ала алады.

3. Егер басқа тұрғын үй-жайлар берілмесе, ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін қызметтік тұрғын үй-жайлардан шығаруға болмайды.

4. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тұрғын үй қорының тиістілігіне қарамастан тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулерге (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау) жұмсалатын шығындарды төлеуге ақшалай өтемақы республикалық бюджетте тиісті жылға белгіленген мөлшерде төленеді.

5. *30-баптың 5-тармағы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы № 476-І Заңымен алып тасталды.*

6. Ішкі істер органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамның отбасы ол қаза тапқан күннен бастап, бір жылдан кешіктірілмей заңмен белгіленген шарттар мен тәртіп бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын алаң алуға құқылы.

31-бап. Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғаудың өзге шаралары

1. Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне және олардың бірге тұратын отбасы мүшелеріне Республика Үкіметі белгі-

леген негізде, Республика Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілері мен зейнеткерлеріне заңмен белгіленетін жеңілдіктер мен артықшылықтар қолданылады.

2. Ішкі істер министрлігінің туберкулез және басқа мамандандырылған жұқпалы аурулар мекемелерінде қызмет атқаратын ішкі істер органдарының қызметкерлері аталған қызметкерлерге заңмен белгіленетін жеңілдіктерді пайдаланады.

32-бап. Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсету

Ішкі істер органдарының қызметкерлері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ ішкі істер органдарының зейнеткерлері тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық және санаторий-курорттық қызметті Республика Үкіметі белгілеген тәртіппен пайдаланады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН КОДЕКСІ
Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуіріндегі
№ 401-11 кодексі

(ҚР 10.07.03 ж. № 483-11; 9.07.04 ж. № 592-11
Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)
(Үзінді)

VII-тарау

КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫН
МАТЕРИАЛДЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

522-бап. Кеден органдарының лауазымды адамдарына еңбекақы төлеу

1. Кеден органдарының лауазымды адамдарына ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және оған Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін тәртіппен ақшалай қаражат, қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемеақы кіреді.

2. Кеден органы лауазымды адамдарының ақшалай қаражаты лауазымдық айлықақы мен арнаулы атақ үшін қосымша акыдан тұрады.

3. Еңбек сіңірген жылдарына қарай лауазымдық айлықақыға коэффициент белгілеу құқығын беретін қызмет стажына:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарында және басқа да құқық қорғау органдарында;

2) мемлекеттік қызметте;

3) соттарда;

4) Қазақстан Республикасының өкілді органдарында сайланбалы қызметтерде қызмет (жұмыс) істеген уақыты есептеледі.

523-бап Кеден органдарының лауазымды адамдарын көтермелеу

1. Қызмет міндеттерін үлгілі орындағаны және қызметтегі жоғары

көрсеткіштері үшін кеден органдарының лауазымды адамдарына көтермелеу мен наградалардың мынадай түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) бір жолғы ақшалай сыйақы беру;
- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) Құрмет грамотасымен марапаттау;
- 5) «Кеден органдарындағы үздік қызметі үшін» омырауға тағатын белгісімен марапаттау;
- 6) «Кеден қызметінің еңбек сіңірген қызметкері», Құрмет белгісімен марапаттау;
- 7) кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын беру;
- 8) атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген атақтан бір саты жоғары арнаулы атақ беру;
- 9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де көтермелеу нысандары көзделеді.

2. Көтермелеу ретінде бұрын берілген тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау қолданылуы мүмкін.

524-бан. Кеден органы лауазымды адамының демалысы

Кеден органдары лауазымды адамдарына екі лауазымдық айлық-ақысы мөлшеріндегі сауығуға арналған жәрдемақы төлене отырып, ұзақтығы күнтізбелік отыз күндік жыл сайынғы ақы төленетін демалыс беріледі.

525-бан. Кеден органдары лауазымды адамдарын зейнетақымен қамсыздандыру

Кеден органдарының лауазымды адамдарын зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

526-бан. Кеден органдары лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау

1. Кеден органдарының лауазымды адамдары мемлекеттік биліктің өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

2. Кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндетін орындауға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда қаза тапқан адамның отбасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайларда және тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын алаң алуға құқылы.

3. Кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін орындауға байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда — қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына немесе асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне):

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен республикалық бюджет есебінен қаза тапқан адамның атқарған соңғы қызметі бойынша алпыс айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде біржолғы өтем төленеді;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде және тәртіппен асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалады.

4. Кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін орындауына байланысты, өзінің кәсіби қызметін одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтіндей болып мертіккен, не денсаулығына өзге де зақым келген жағдайда, аталған адамға республикалық бюджет есебінен мынадай мөлшерде:

1) бірінші топтағы мүгедекке — отыз айлық ақшалай қаражат мөлшерінде;

2) екінші топтағы мүгедекке — он сегіз айлық ақшалай қаражат мөлшерінде;

3) үшінші топтағы мүгедектерге — алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде;

4) мүгедектік белгіленбей, еңбек қабілетін тұрақты жоғалтуы анықталған кезде – бір жарым айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтем төленеді.

5. Егер кеден органы лауазымды адамының қаза табуы (қайтыс болуы), жарақат алуы, жаралануы (мертігуі), ауруы қызметтік міндеттерін атқаруына қатысы жоқ жағдайларға байланысты болғандығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтем төленбейді.

**ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ МЕН
МҮГЕДЕКТЕРІНЕ ЖӘНЕ СОЛАРҒА
ТЕҢЕСТІРІЛГЕН АДАМДАРҒА БЕРІЛЕТІН
ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН ОЛАРДЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ**

**Қазақстан Республикасының 1995 жылғы
28 сәуірдегі № 2247 Заңы**

*(ҚР 31.07.95 ж. № 2394 Жарлығымен; 02.04.97 ж. №88-1;
19.06.97 ж. № 134-1; 07.04.99 ж. № 374-1; 16.11.99 ж.
№ 482-1; 20.12.2004 ж. № 13-III
Заңдарымен енгізілген өзгертулермен)*

Осы Заң Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға әлеуметтік кепілдіктер берудің ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық негіздерін белгілейді, сондай-ақ олардың құқықтық мәртебесін айқындайды.

1 тарау

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы заңдар

Соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы заңдар осы Заңнан, Қазақстан Республикасының осы саладағы қатынастарды реттейтін басқа заңдық және нормативтік актілерінен тұрады.

2-бап. Осы Заңның қолданылу орны мен аясы

Осы Заңның күші Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бұрын қабылданған заң актілеріне сәйкес құқықтар мен жеңілдіктерді осы Заң күшіне енгізілгенге дейін пайдаланып келген соғысқа қатысушыларға, соғыс мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға осы Заң күшіне

енгізілгеннен кейін көшіп келген азаматтарға және кейіннен соғысқа қатысушы, соғыс мүгедегі және соларға теңестірілген адам мәртебесі белгіленетін азаматтарға қолданылады.

3-бап. Жеңілдіктер туралы заңдарды бұзғандығы үшін лауазымды адамдардың жауапкершілігі

Соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға осы Заңда көзделген жеңілдіктер мен кепілдіктердің берілуін шектеген, оның берілуіне немесе жүзеге асырылуына кедергі жасаған мемлекеттік органдардың, сондай-ақ меншік нысаны мен шаруашылықты жүргізу нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

4-бап. Халықаралық шарттар мен келісімдер

Егер Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шартта немесе келісімде соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектері және соларға теңестірілген адамдар жөнінде жеңілдіктер мен кепілдіктердің ауқымы осы Заңда көзделгендегіден кең немесе басқадай нормада белгіленген болса, онда халықаралық шарт яки келісім нормалары қолданылады.

2 тарау

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ МЕН МҮГЕДЕКТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН КЕПІЛДІКТЕР ЖАҒЫНАН СОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН АДАМДАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ

5-бап. Ұлы Отан соғысына қатысушылар

Бірінші дүниежүзілік, азамат және Ұлы Отан соғыстары кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағын қорғау жөніндегі басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия флот құрамына кірген бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет еткен әскери қызметшілер, азамат және Ұлы Отан соғыстарының партизандары мен астыртын күрес жүргізушілері соғысқа қатысушылар деп танылады.

6-бап. Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар

Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар деп мыналар танылады:

қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді, қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар;

Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен әрі «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен марапатталған азаматтар;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде, Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылда-

рын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілер; 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар.

7-бап. Ұлы Отан соғысының мүгедектері

Бірінші дүниежүзілік, азамат және Ұлы Отан соғыстарында майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, партизандар мен астыртын күрес жүргізушілер қатарында болған адамдар, сондай-ақ бірінші дүниежүзілік, азамат және Ұлы Отан соғыстары кезінде майданда, ұрыс қимылдары жүргізілген аудандарда, майдан маңындағы темір жол учаскелерінде, қорғаныс шептерін, әскери-теңіз базалары мен аэродромдар салу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әрі зейнетақымен қамсыздандырылуы жағынан әскери қызметшілерге теңестірілген жұмысшылар мен қызметшілер соғыс мүгедектері деп танылады.

8-бап. Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар

Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар деп мыналар танылады:

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;

әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар;

1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин ССР-і, Беларусь ССР-і, Литва ССР-і, Лагыш ССР-і, Эстон ССР-і аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истре-

бительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқаруға кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар;

басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.

9-бап. Жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары

Жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары деп мыналар танылады:

1. Қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің басқа да міндеттерін (қызмет міндеттерін) атқару кезінде жаралану, контузия алу немесе зақымдану нәтижесінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын күрес жүргізгендердің, осы Заңның 5,6,7 және 8-баптарында көрсетілген адамдардың отбасы;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы;

бұрынғы КСР Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасы;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың,

зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы.

Жеңілдікке құқық берілетін отбасы мүшелеріне мыналар жатады:

қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен, қайтыс болған) адамның асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төленетін балалары мен асырауындағы басқа да жандар;

қайталап некеге отырмаған ата-ана, зайып (жұбай).

2. Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен марапатталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері).

3. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда.

4. 1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер.

5. Бұрынғы КСР Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауған-

станда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбеген жұмысшылары мен қызметшілері.

10-бап Соғысқа қатысушының, соғыс мүгедегінің және жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соларға теңестірілген адамдардың мәртебесін белгілеу

Соғысқа қатысушының, соғыс мүгедегінің және жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соларға теңестірілген адамдардың мәртебесі осы Заңға сәйкес анықталады және Ұлы Отан соғысы жылдарында, бұрынғы КСР Одағын қорғау жөніндегі ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия қатарында болғанын, Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқанын, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқанын растайтын анықтаманың, әскери билеттердің, жараланғаны, мүгедектігі туралы анықтаманың, сот-медицина қорытындыларының негізінде белгіленеді. Осы құжаттардың негізінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің органдары соғысқа қатысушының куәлігін, ал соғыс мүгедегінің куәлігін — Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау органдары береді. Жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соларға теңестірілген адамдардың зейнеткерлік құжаттарына белгі соғылады.

3 тарау

СОҒЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН СОҒЫС МҮҒЕДЕКТЕРІНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН КЕПІЛДІКТЕР ЖӨНІНЕН СОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН АДАМДАРҒА БЕРІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН КЕПІЛДІКТЕР

11-бап Соғысқа қатысушыларға берілетін жеңілдіктер мен кепілдіктер

Соғысқа қатысушыларға әлеуметтік қорғау шаралары ретінде мынадай жеңілдіктер мен кепілдіктер беріледі.

1. Егер Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңына сәйкес тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж деп танылса және бұрын бірінші кезекті пәтер алу құқығын пайдаланбаған болса, жергілікті атқарушы органдар, меншік нысанына қарамастан ұйымдар, оларды бірінші кезекте тұрғын үймен қамтамасыз етеді.

2. Тұрғын үй-құрылыс және басқа да кооперативтерге (серіктестіктерге) бірінші кезекте кіру құқығын иеленеді.

3. Жеке тұрғын үй салу үшін бірінші кезекте жер учаскелерін және төлем қабілетін ескере отырып, жинақ несие-жинақ шоттарында бастапқы қоры болмаса да 30 жылға бес проценттік жеңілдікті кредитпен несие алу құқын иеленеді.

4. Тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне үй салу үшін төлем қабілетін ескере отырып, несие-жинақ шоттарында бастапқы қоры болмаса да, 30 жылға бес проценттік жеңілдікті кредитпен несие алу құқығын иеленеді.

5. Мемлекеттік және ұжымдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі өзі тұрып жатқан пәтерлері осы Заңның 17-бабында белгіленген тәртіппен жеке меншігіне беріледі.

6-8. *11-баптың 6-8 тармақтары 1999 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 374-І Заңымен алып тасталды.*

9. Соғысқа қатысушылар басқа тұрғын үй берілмейінше қызмет бабындағы тұрғын үйден шығарылмайды.

10. Бау өсіретін серіктестіктердің мүшелері қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бау үйлерін сатып алуға және салуға бау учаскесін көркейтуге жеңілдікті шарттар негізінде несие алу құқығын иеленеді.

11. Бау өсіретін серіктестіктерге (кооперативтерге) кіруге артықшылық құқығы болады.

12. *11-баптың 12-тармағы 1999 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 374-І Заңымен алып тасталды.*

13. Байланыс қызметкерінің барлық түрін кезектен пайдалануға құқылы.

14-17. *11 баптың 14-17 тармақтары 1999 жылғы 7 сәуіріндегі Қазақстан Республикасының № 374-І Заңымен алып тасталды.*

18. Жұмыс істеп жүрген кезінде бекітілген емханаларды зейнеткерлікке шыққаннан кейін де пайдаланады.

19. Амбулаторлық-емхана мекемелерінің қызметін артықшылықпен пайдаланады және ауруханаға кезектен тыс жатқызылады.

20. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен көрсетілетін білікті медициналық көмек.

21. Протездермен (тіс протездерінен басқа) және протез-ортопедия бұйымдарымен тегін қамтамасыз ету.

21-1. Тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулерге (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, қоқыс шығару, лифтілерге қызме көрсету), отынға жұмсалатын, телефонды пайдалану, дәрі-дәрмекпен, оптикалық; көзілдірікпен қамтамасыз ету, жалпы жұрт пайдаланатын көліктің барлық түрімен (таксиден басқа) жүру жөніндегі шығындарды төлеу үшін, жергілікті мерзімді баспасөзге жазылу кезінде олардың біреуіне жазылуға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

22. *11-баптың 22-тармағы 1999 жылғы 7 сәуірдегі (Қазақстан Республикасының № 374-І Заңымен алып тасталды.*

23. Жыл сайынғы кезекті демалысын өзіне қолайлы уақытта пайдаланады, сондай-ақ жылына екі аптаға дейін жалақы сақталмайтын қосымша демалыс алуға құқылы.

24. Жалпы сырқаттануы салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша күнтізбелік жылда қатарынан төрт айға немесе бес айға дейін жәрдемақы алады.

25. Жұмыс стажына қарамастан жалақысының 10 (проценті мөлшерінде уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы алады.

26-29. *11-баптың 26-29-тармақтары 1999 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 374-І Заңымен алып тасталды.*

30. Моншаларға, мәдени ойын-сауық немесе спорт шараларына,

шаштараздарға осындай қызмет көрсететін кәсіпорындар мен мекемелердің есебінен осы Жарлықтың 17-бабында белгіленген тәртіппен бірінші кезекте және тегін барады.

31. Интернат-үйлерге бірінші кезекте және тегін орналастырылып, әлеуметтік қызметтің аумақтық орталықтары мен бөлімшелерінде қызмет көрсетіледі.

32. Отбасы мүшелеріне немесе жерлеуді ұйымдастырушы адамға 35 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеуге арналған жәрдемақы беріледі қайтыс болған (қайтыс болған зейнетақы төлемдерін алушыны қоспағанда).

33. Соғысқа қатысқан жалғыздікті адам қайтыс болғанда оны тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметі салт-жоралар рәсімін қолдана отырып жерлейді.

34. Салық салу жеңілдіктері қолданылып жүрген заңға сәйкес жүргізіледі.

12-бап. Соғыс мүгедектеріне берілетін жеңілдіктер мен кепілдіктер

Соғыс мүгедектеріне әлеуметтік қорғау шаралары ретінде осы Заңның 11-бабының 1-34 тармақтарына сәйкес жеңілдіктер мен кепілдіктер беріледі.

Сондай-ақ соғыс мүгедектеріне қосымша:

1. Санаторийге барып, емделу және кері қайту үшін, жолдаманы кім бергеніне және кімнің есебінен берілгеніне қарамастан, қажетті күндерге науқастану парағы, I және II топтардағы мүгедектерге жыл сайын ұзақтығы 15 жұмыс күніне дейін ақы төленетін қосымша демалыс беріледі.

2. А 12-баптың 2-4 тармақтары 1999 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 374-1 Заңымен алып тасталды.

5. Жеке тұрғын үй салу үшін өсіп тұрған ағаш жергілікті атқарушы органдар анықтайтын тәртіп бойынша беріледі.

6-7. 12-баптың 6-8 тармақтары 1999 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 374-1 Заңымен алып тасталды.

8. Тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулерге (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, қокыс шығару, лифтілерге қызмет көрсету), отынға жұмсалатын, телефонды пайдалану, дәрі-дәрмекпен, оптикалық көзілдірікпен қамтамасыз ету, жалпы жұрт пай-

даланылатын көліктің барлық түрімен (таксиден басқа) жүру жөніндегі шығындарды төлеу үшін, жергілікті мерзімді баспасөзге жазылу кезінде олардың біреуіне жазылуға, кресло, қоларба бөлуге, бензинге, қосалқы бөлшектерге, автомобильдер мен мотоарбаларды жөндеуге және оларға техникалық қызмет көрсетілуіне өтемдік төлемдерге, Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне темір жолда, әуе, су және қалааралық автомобиль көлігінде жылына бір рет жүру үшін, сондай-ақ I топтағы мүгедекті алып жүретін адамның жол шығындарына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

13-бап. Соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектері қатарындағы Кеңес Одағының Батыры, «Халық қаһарманы», Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған, Даңқ орденінің үш бірдей дәрежесімен және «Отан» орденімен марапатталған адамдарға берілетін қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер

Соғысқа қатысқан Кеңес Одағының Батыры, «Халық қаһарманы», Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған, Даңқ орденінің үш бірдей дәрежесімен, «Отан» орденімен марапатталған адамдарға қосымша мынадай жеңілдіктер мен кепілдіктер беріледі:

1. 20 шаршы метрге дейін қосымша пайдалы алаң алу құқығы.

2. *13-баптың 2-тармағы 1999 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 374-І Заңымен алып тасталды.*

3. Әскери сый-сияпат көрсетіліп, тегін жерленеді және қабірінің басына құлпытас қойылады.

14-бап. Жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен кепілдіктер

Жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша соғысқа қатысқандарға теңестірілген адамдарға әлеуметтік қорғау шаралары ретінде осы Заңның 11-бабының 1-5, 9, 10, 11, 13, 18-20, 23-25, 31, 33 және 34-тармақтарына сәйкес жеңілдіктер мен кепілдіктер беріледі, сондай-ақ, тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулерге (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау газбен жабдықтау қоқыс шығару лифтілерге қызмет көрсету), отынға жұмсалатын шығындарды төлеу үшін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

1-3. *14-баптың 1-3 тармақтары 1999 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 374-І Заңымен алып тасталды.*

4. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарына оқуға конкурстан тыс қабылданады және кәсіптік-техникалық оқу орындары мен тиісті кәсіптерге үйрету курстарына түсуде артықшылық құқығы беріледі.

5. Жаңа кәсіпті меңгеру кезінде (жаңа жұмысшыларды даярлау) бүкіл оқу кезеңіне жұмысшының тарифтік ставканың 100 проценті мөлшерінде еңбекақы төленеді.

6. Қайта даярлау, екінші мамандыққа үйрету және біліктілігін арттыру кезінде жұмыстан қол үзіп оқудың бүкіл кезеңіне бұрынғы кәсібі мен мамандығы бойынша орташа жалақысы сақталады.

15-бап. Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен кепілдіктер

Жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдарға әлеуметтік қорғау шаралары ретінде осы Заңның 11-бабының 1-5, 9-11, 13, 18-21, 23-25, 31, 33 және 34-тармақтарына, 14-бабының 4-6-тармақтарына сәйкес жеңілдіктер мен кепілдіктер беріледі, сондай-ақ, Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болып қалған, жыл сайынғы санаторий-курорттық емделу құқығын пайдаланбаған адамдарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулерге (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, қоқыс шығару, лифтілерге қызмет көрсету), отынға жұмсалатын, пәтер телефонын пайдалану жөніндегі, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету жөніндегі шығындарын төлеу үшін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

1. I және II топтардағы мүгедектерге олардың қалауымен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің аумағында теміржол көлігімен жылына бір рет тегін жол жүру (бару, қайту), әуе, су немесе қалааралық автомобиль көлігімен жол құнының 50 проценті мөлшерінде шегерім жасалып жол жүру құқы беріледі.

III топтағы мүгедектер үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің аумағында жылына бір рет қалааралық көліктің барлық түрлерімен жол жүру (бару, қайту) құнынан 50 процент шегерім жасалды.

Қалааралық жол жүру төлемінен жылына бір рет жасалатын 50 проценттік шегерімнің орнына олардың қалауы бойынша екі жылда бір рет тегін жол жүруге (бару, қайту) рұқсат етіледі.

2. Жоғары, орта арнаулы және кәсіптік-техникалық оқу орындарында оқитындарға жалпы белгіленген стипендия мөлшерінен 50 процент артық мөлшерде стипендия төленеді.

3. Ұрыс қимылдарында немесе әскери қызметтің басқа да міндеттерін атқару кезінде жаралану, контузия алу, зақымдану немесе ауруға шалдығу салдарынан мүгедек болған адамдар 11-баптың 1-тармағына сәйкес тұрғын алаңмен бірінші кезекте қамтамасыз етіледі.

16-бап. Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа санаттарына берілетін жеңілдіктер мен кепілдіктер

Осы Заңның 9-бабында көрсетілген адамдар, атап айтқанда:

1. Қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларының осы Заңның 11-бабының 1-5, 9-11, 13, 18-20, 23, 31, 33 және 34-тармақтарына, 12-бабының 5-тармағына сәйкес жеңілдіктер мен кепілдіктерге құқығы бар, сондай-ақ, Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болып қалған, жыл сайынғы санаторий-курорттық емделу құқығын пайдаланбаған адамдарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулерге (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, қоқыс шығару, лифтілерге қызмет көрсету), отынға жұмсалатын шығындарын төлеу үшін ақшалай өтемақы төлеудің орнына, әкімшілік аумақтық бөлініс (аудан, қала) шегінде жалпы жұрт пайдаланатын көліктің барлық түрлерінде (таксиден басқа) жүру үшін 1988-1989 жылдарда Чернобыль АЭС-індегі апат зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға бір жолғы материалдық көмек төлеудің орнына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді;

Ауғанстанда интернационалдық борышын өтеп жүрген кезінде жаралану, контузия алу, зақымдану немесе ауруға шалдығу салдарынан қаза тапқан немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің әйелдері немесе асырауында осы әскери қызметшілердің балалары бар басқа адамдар жұмыс орнынан осы балаларымен бірге демалу үшін демалыс үйлері мен пансионаттарға берілетін жолдамалармен артықшылықпен қамтамасыз етілуге, сондай-ақ аталған әскери қызметшілердің балалары үшін балалар сауықтыру мекемелеріне жолдамалар алуға құқығы бар;

Әскери қызметші қаза болған жағдайда оның отбасының (бірақ үш адамнан аспайтын) ол жерленген жерге тегін барып қайтуына, сондай-ақ таңдаған тұрғылықты жеріне көшіп баруға (әскери қызметші қайтыс болған күннен бастап алты ай ішінде) құқығы бар;

Ауғанстанда және ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, сондай-ақ жи-

ындарға шақырылған әскери міндеттілердің, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамы адамдарының отбасыларына «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» және «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген мөлшерде біржолғы жәрдемақы төленеді;

Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметші өзінің соңғы қызмет өткерген жерінде тегін жерленеді. Бейбіт уақытта әскери (азаматтық) борышын өтеу кезінде қаза тапқан немесе жалпы ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болған әскери қызметшінің мәйітін отбасының қалауы бойынша басқа жерлеу (қайта жерлеу) орындарына алып бару Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Республикалық ұланының шешімімен жүзеге асырылады;

Қайтыс болған генералдардың, адмиралдардың және осы әскери қызметшілер ішінен зейнеткерлердің асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алатын әйелдерінің, «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тиісті жеңілдіктерге деген құқығы өмірінің соңына дейін сақталады.

2. Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің, сондай-ақ соғысқа қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен марапатталған, жалпы ауру, еңбек жарақаты салдарынан және басқа себептермен (құқыққа қайшы келетіндерінен басқасы) мүгедек деп танылған азаматтардың қайта некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері).

3. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, сондай-ақ 1988-1989 жылдары Чернобыль АЭС-інде апаттың зардаптарын жоюға қатысушылар ішінен окшаулау және көшіру жүргізілген аймақтан Қазақстан Республикасына көшірілген (өз еркімен көшкен), көшірілген күні анасының құрсағында болған балаларды қоса, адамдарға:

- осы Заңның 11-бабының 9, 18, 23-тармақтарына сәйкес жеңілдіктер мен кепілдіктер, сондай-ақ:

- тұрғын үй салу, бау-бақша үйлерін сатып алу және тұрғызу әрі бау-бақша аумағын жайластыру үшін олардың төлем қабілетін ескере

отырып несие сақтау шоттарында бастапқы жинақ ақшасыз 30 жылға бес процентпен берілетін жеңілдікті несие;

- пәтерін жөндетуге, телефон орнатуға және бау-бақша серіктестіктеріне (кооперативке) қабылдануға бірінші кезекте құқық беріледі.

4. 1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүргізілген басқа елдерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілерге:

- жұмыс істеп жүрген кезінде тіркелген емханаларды зейнеткерлікке шыққаннан кейін пайдалану құқығы;

- жұмыс орны бойынша санаторийлерге, профилакторийлерге және демалыс үйлеріне жолдамалармен қамтамасыз етілуге артықшылықты құқық;

- жыл сайынғы кезекті еңбек демалысын өзіне ыңғайлы уақытта пайдалануға;

- жеке тұрғын үй салу үшін олардың төлем қабілетін ескере отырып; несие сақтау шоттарында бастапқы жинақ ақшасыз 30 жылға бес процентпен жеңілдікті кредит алуға;

- бау-бақша серіктестіктеріне (кооперативтерге) қабылдануға, телефон орнатуға артықшылықты құқығы бар.

Осы аталған адамдар басқа тұрғын үй берілмейінше қызметтік тұрғын үйлерден шығарылмайды.

5. Бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті құрамына еңбеген жұмысшылары мен қызметшілеріне:

- осы Заңда көзделген, кезектен тыс тегін протез жасату құқығы;

- жұмыс орны бойынша санаторийлерге, профилакторийлерге және демалыс үйлеріне жолдамалармен қамтамасыз етілуге, сондай-ақ бау-бақша серіктестіктеріне (кооперативтерге) қабылдануға артықшылықты құқық;

- жыл сайынғы кезекті еңбек демалысын өзіне ыңғайлы уақытта пайдалану, сондай-ақ жылына екі аптаға дейін еңбекақысы сақталмайтын қосымша демалыс алу құқығы;

11-баптың 1-тармағына сәйкес тұрғын алаңмен бірінші кезекте қамтамасыз етілу, ал ұрыс қимылдары кезінде немесе әскери қызметтің өзге де міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, ауруға шалдығуы салдарынан бірінші топтағы мүгедек болғандарға тұрғын алаңмен кезектен тыс қамтамасыз етілу құқығы беріледі;

- жеке тұрғын үй салу үшін олардың төлем қабілетін ескере отырып, несие сақтау шоттарында бастапқы жинақ ақшасыз 30 жылға бес процентпен берілетін жеңілдікті кредит алу құқығы;

- жоғары және орта арнаулы оқу орындарына конкурстан тыс қабылдану құқығы және кәсіптік-техникалық оқу орындары мен тиісті кәсіптерге оқыту курстарына түсуге артықшылықты құқық беріледі.

Осы аталған адамдар басқа тұрғын үй берілмейінше қызмет бабында алған тұрғын үйлерден шығарылмайды.

4 тарау

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17-бап. Жеңілдіктер мен әлеуметтік қорғауды қаржыландыру

Соғысқа қатысқандарға, соғыс мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғауды қаржыландыру бюджет қаражатының, сондай-ақ қайырымдылық қорларының есебінен жүзеге асырылады.

Ұйымдар аталған адамдарға материалдық көмек көрсетуге құқылы.

18-бап. Жеңілдіктер беру негіздері мен шарттары

Жеңілдіктер алуға құқығы бар адамның тұрақты тұратын жерінде 1992 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылған нысандар бойынша тиісті органдар берген куәліктер, сондай-ақ әскери комиссариаттар, әскери бөлімдер, архив мекемелері әскери қызметшінің, партизанның және өзге адамның қаза тапқандағы (хабар-ошарсыз кеткені), қайтыс болғаны туралы берген хабарламалары, анықтамалары, немесе зейнетақы тағайындаған органдар растаған зейнеткерлік куәліктері жеңілдіктер беру үшін негіз болып табылады.

Осы Заңның күші жүретін екі және одан да көп адамдар бірге тұрған кезде тұрғын үйді пайдалану шығыстарын, пәтерақы мен коммуналдық қызмет үшін ақы төлеу жөніндегі жеңілдіктер олардың әрқайсысы үшін белгіленген ережелерге және нормаға сәйкес беріледі, бұл ретте бірнеше негіздер бойынша осы жеңілдіктерге құқығы бар адамдарға (отбасыларына) берілетін жеңілдіктерді жинақтауға жол берілмейді.

19-бап. Жеңілдіктер алу құқығын кідірту және тоқтату

Осы Заңда көзделген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен кепілдіктерге деген құқық олар қайтыс болған күннен бастап тоқтатылады және бас бостандығынан айыру түрінде сот белгіленген қылмыстық жазасын өтеу уақытына кідіріледі.

20-бап. Жергілікті атқару органдары мен еңбек ұжымдарының соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға қатысты міндеттері

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың әкімдері, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың,

қоғамдық бірлестіктердің басшылары өз құқығы мен құзыры шегінде тиісті бюджеттер есебінен, қайырымдылық қорларының қаражатын тарта отырып, соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектерін және оларға теңестірілген адамдарды, олардың жесірлерін, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларын, тылда еңбек етіп, әскери қызмет өткерген азаматтарды әлеуметтік қорғау және олардың емделу орындарына жүру жолы (барып, қайту) жөнінде жеңілдіктер, сондай-ақ материалдық көмек пен көмектің басқа да түрлерін көрсету жөнінде қосымша шаралар белгілейді.

21-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Заңы

*(ҚР Президентінің 25.12.95 ж. № 2725
Заң күші бар Жарлығымен; ҚР
15.07.96 ж. № 31-І; 22.12.98 ж. № 327-І; 29.03.00 ж.
№ 42-ІІ; 16.03.01 ж. № 163-ІІ; 16.07.01 ж.
№ 244-ІІ; 19.02.02 ж. № 295-ІІ; 10.07.02 ж.
№ 338-ІІ; 09.08.02 ж. № 346-ІІ; 09.07.04 ж.
№ 592-ІІ; 2004.20.12. N 13-ІІІ; 2004.29.12 N 25-ІІІ
Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)
(Үзінді)*

VI Бөлім

ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ СУБЪЕКТІЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

22-бап. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар қызметкерлерін әлеуметтік және құқықтық қорғау

1. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде өкімет өкілдері болып саналады және мемлекет қорғауында болады. Оларға өздері штатына кіретін министрліктер мен ведомстволар қызметкерлерінің құқықтық және әлеуметтік қорғау кепілдіктері қолданылады. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдар қызметкерлерінің жұмыс ерекшеліктері ескеріле отырып оларға қосымша жеңілдіктер берілуі мүмкін.

2. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қызметкерлері өздерінің қызмет бабында заң талаптарын басшылыққа алады, әрі саяси партиялардың және саяси мақсаттарды көздейтін бұқаралық қоғамдық қозғалыстардың шешімдеріне байланысты болмайды.

3. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы қызметкерлер мен органдардың заңды іс-қимылына заңмен тікелей уәкілдік берілген адамнан басқа ешкімнің араласуына құқығы жоқ. Қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін бұйрық немесе нұсқау алған кезде олар заңды басшылыққа алуға міндетті.

4. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың басшылары өз қызметкерлерінің, олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының жеке басының қауіпсіздігін, мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдардың қызметкерлеріне қызмет міндеттерін лайықты орындау мақсатында арнаулы кәсіби даярлықтан өтуіне біліктілігін көтеруге және медициналық қызмет көрсетілуі үшін қажетті жағдайлар жасалады.

23-бап Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдарға жәрдемдесуші азаматтарды әлеуметтік және құқықтық қорғау

1. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдарға жәрдемдесетін азаматтар мемлекет қорғауында болады.

2. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдарға жәрдемдесуге келісім білдірген азаматтарға мемлекет осы Заңға, Қазақстан Республикасының басқа заңдарына және қалыптық құжаттарына сәйкес олардың құқықтарын қамтамасыз етуге және міндеттемелерді орындауға кепілдік береді.

3. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға жәрдемдесуіне байланысты азаматтардың өміріне, сондай-ақ олардың отбасы мен жақын туыстарының денсаулығына немесе мүлкіне, заңға қайшы қол сұғушылықтың анық қаупі төнген кезде, бұл органдар құқыққа қарсы әрекетті болдырмау, айыптыларды анықтап, оларды жауапқа тарту, сондай-ақ қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оларды қорғау жөнінде арнаулы жұмыстар жүргізу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

4. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдармен құпия негізде қызмет істейтін немесе қызмет істеген азаматтар туралы мағлұматтар мемлекеттік құпия болып табылады және олардың жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.

5. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдармен қызмет істейтін азаматтар сыйақы алуға құқылы.

6. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдармен азаматтардың айналысатын қызметінің негізгі түрі ретінде ақылы негізде келсім-шарт бойынша ынтымақтасып қызмет істеу кезеңі олардың жалпы еңбек өтіліне (стажына) кіреді. Олар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес және Үкіметі белгілеген тәртіппен зейнетақымен қамтамасыз етілуге қаза болған ретте олардың отбасы-

лары мен асырауындағы адамдар асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алуға құқылы.

7. Жедел-іздіксіз қызметін жүзеге асырушы органдармен ынтымақтасып қызмет істеген азамат жедел-іздіксіз шараларын жүргізуге қатысуына байланысты қаза болған жағдайда оның отбасына және асырауындағы адамдарға:

— ақылы негізде ынтымақтасып қызмет істеп, қаза болған адамның он жылдық ақшалай ақысы мөлшерінде;

— ақысыз негізде ынтымақтасып қызмет істеген адам үшін он жылдық ең төменгі жалақы сомасы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді.

8. Жедел-іздіксіз қызметін жүзеге асырушы органдармен ынтымақтасып қызмет істеген азамат өзінің қатысуымен болған жедел-іздіксіз шараларын жүргізген кезде мертіккен не денсаулығына өзге де зақым келген кезде оған:

— ақылы негізде ынтымақтасып қызмет істеген адамдар үшін бес жылдық ақшалай ақысы мөлшерінде;

— ақысыз негізде ынтымақтасып қызмет істеген адамдар үшін бес жылдық ең төменгі жалақы сомасы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді.

9. Жедел-іздіксіз шараларын жүргізуге қатысуға байланысты қаза болуға, мертігуге не денсаулықтың өзгедей зақымдануына орай келтірілген залалдың орнын толтыру Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен жедел-іздіксіз қызметін жүзеге асырушы органның қаржысы есебінен жүргізіледі

ЖАППАЙ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНДЕР ҚҰРБАҢДАРЫН АҚТАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі № 2143-ХІІ Заңы

*(ҚР Президентінің 20.03.94 ж. № 1612
Жарлығымен 2.04.97 ж. № 88-1 19.06.97ж. № 134-1, 22.07.97 ж.
№169-1, 17.12.98 ж. №323-1 7.04.99 ж. № 374-1, 30.11.2000 ж.
№ 108-11, 19.01.2001 ж. № 145-11
Заңдарымен енгізілген өзгерістермен)*

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жаппай саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған адамдарға қатысты әділеттілікті қалпына келтіруге батыл бел байлап, осы қуғын-сүргіндердің барлық құрбандарын ақтау, оларға тигізген моральдық және материалдық залалды қазіргі уақытта барынша мүмкін болатын өтеуді қамтамасыз ету мақсатында осы Заңды қабылдайды.

І Бөлім

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап

Осы Заңда саяси қуғын-сүргіндер ретінде мемлекеттік органдар немесе олардың өкілі болып табылатын лауазымды адамдары саяси себептер бойынша күзетпен қамауға алуды және психиатриялық мекемелерде күштеп емдеуді қоса алғанда өмірін жою немесе бас бостандығынан айыру, елден қуып жіберу және азаматтығынан айыру, өмір сүрген жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аластау (айдау немесе жер аудару), арнайы қоныс аударуға жіберу, бостандығын шектей отырып ықтиярсыз еңбекке тарту түрінде (соның ішінде «еңбек армияларында», «ішкі істер халық комиссариатының жұмысшы колонналарында» деп аталатындарға) жүзеге асырылатын көндіру шаралары, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін нақақтан айыптаумен, не саяси сенімдерінің белгілеріне, таптық, әлеуметтік, ұлттық, діни немесе басқа тегіне қарап, сот, соттан тыс не әкімшілік тәртібінде әлеуметтік қауіпті адамдар ретінде

қудалаумен ұштасқан басқа да құқықтары мен бостандығынан айыру немесе шектеу танылады.

Осы Заңда адамды сот тәртібінде немесе заңмен белгіленген басқа тәртіпте саяси қуғын-сүргіндердің құрбаны немесе саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен деп тану, оның бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, ол шеккен моральдық немесе материалдық залалдың орнын толтыру ақтау деп ұғынылады.

2-бап.

Осы Заңның күші бұрынғы КСР Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіндерге тікелей ұшыраған және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын адамдардың бәріне қолданылады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдармен қатар саяси қуғын-сүргіндер құрбандары ретінде Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады:

а) бұрынғы КСР Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың қолдануы;

б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы;

в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы;

г) қуғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: КСРО Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, СКРО Айрықша Бас саяси Басқарма алқасының, КСРО Ішкі істер халық комиссариаты — Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі — Ішкі істер министрлігі жанындағы айрықша кеңестің, КСРО Прокуратурасы мен КСРО ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Істері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы;

д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады.

Саяси қуғын-сүргіндер құрбандары ретінде сондай-ақ КСР Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақ-

станға және Қазақстаннан күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар да танылады.

Осы Заңда саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккендер ретінде ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары танылады.

3-бап.

Саяси себептер бойынша елден аласталған, тұрған жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аулақтатылған (айдауға немесе жер аударуға жіберілген), арнайы қоныс аударылған, бостандығын шектеп еңбекке ықтиярсыз тартылған, сондай-ақ әкімшілік тәртіппен құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе шектеулерге ұшыраған, әкімшілік тәртіпте немесе сот емес органдар шешімдері бойынша психиатриялық мекемелерде емдеуге күштеп жатқызылған адамдардың бәрі ақталған адамдар деп жарияланады.

Елден аластату, тұратын жерлерінен немесе мекен еткен аудандарынан аулақтатылу (айдауға немесе жер аударуға жіберу) арнайы қоныс аударуға жіберу түріндегі саяси қуғын-сүргіндердің қолданылғанын растайтын құжаттар болмаған жағдайда (олардың жойылып жіберілуіне байланысты), қуғын-сүргіндерді қолдану фактісін тану үшін негіз адамдардың қуғын-сүргіндер акцияларының салдарынан Қазақстанның аумағында нақты тұрғанын анықтау болып табылады.

4-бап.

Мынадай айыптары үшін сотталғандардың бәрі ақталған адамдар деп жарияланады:

а) революцияға қарсы үгіт-насихат жүргізгені;

б) шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы ережелерді бұзғаны (діни топтардың алым қаражаттарын күштеу арқылы жинағаны, діни құрыптарды атқаруға бөгет жасағаны үшін айыптау бойынша сотқа тарту жағдайларынан басқа реттерде), яғни 1958 жылғы 25 желтоқсандағы «Мемлекеттік қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» КСРО Заңы қабылданғанға дейін қолданылған РКФСР Қылмыстық кодексінің 58, 122, 123, 125, 126-баптары бойынша;

- в) кеңеске қарсы үгіт және насихат жүргізгені;
- г) мешіт пен шіркеуді мемлекеттен және мектепті мешіт пен шіркеуден бөлу туралы заңдарды бұзғаны;
- д) КСРО-ның қоғамдық құрылысын даттайтын қасақана өтірік қауесеттер таратқаны үшін, яғни Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 56, 130 (1992 жылғы 26 маусымдағы Қазақ КСР-інің Заңы қабылданғанға дейін қолданылған редакцияда) 170-1 баптары бойынша.

5-бап.

Мынадай саяси себептермен сотталған адамдардың бәрі ақталуға жатады:

- а) мемлекеттік және басқа қылмыстары үшін сотталғандар;
- ә) саяси қуғын-сүргіндермен байланысты жазасын өтеп жатқан бас бостандығынан айыру орындарынан, айдаудан, жер аударудан, арнайы қоныс аударудан, не бас бостандығын шектей отырып ықтиярсыз еңбекке тарту орындарынан қашып шыққаны үшін, сот емес органдар шешімдерімен сотталғандар немесе жазаланғандар;
- б) саяси тұтқындардың бас бостандығынан айыру орындарында қарсыласу қозғалысына қатысқаны үшін сот емес органдар шешімімен сотталғандар немесе жазаланғандар;
- г) Бүкілодақтық Төтенше Комиссия, Саяси бас басқарма — Айрықша Саяси бас басқарма, Ішкі істер халық комиссариаты басқармасы — Ішкі істер халық комиссариаты, Мемлекет қауіпсіздігі министрлігі, Ішкі істер министрлігі органдарының, прокуратура мен оның алқалары, «айрықша кеңестер», «екілік», «үштік», сот қызметін жүзеге асыратын басқа да органдар шешімдері бойынша қылмыстық жазаға тартылғандар.

6-бап.

Осы Заңның 5-бабында аталған, соттар негіздегі айыптаған, сондай-ақ сот емес органдардың шешімдерімен қылмыстық жазаға тартылған, істерінде мына төмендегі жасаған қылмыстары жеткілікті дәлелденген адамдар ақталуға жатпайды:

- а) шетелге қашып немесе ұшып кетуден басқа Отанды сатудың барлық формалары, қарулы көтеріліс немесе қарулы бандылар құрамында Республика аумағына революцияға қарсы мақсатта басып кіру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа да күш көрсету әрекеттеріне, тіміскілік, зорлық-зомбылық, бүлдіру әрекеттеріне қатысу;
- ә) жай халық пен әскери тұтқындарға қатысты күштеу әрекеттері,

сондай-ақ Ұлы Отан соғысы кезінде осындай әрекеттер жасауына басқыншылар мен Отанын сатқандарға дем берушілік;

б) қарулы бандыларды ұйымдастыру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа күштеу әрекеттеріне қатысу.

7-бап

Осы Заңның 5-бабында аталған адамдарға арналған істердің бәрі, сондай-ақ саяси себептер бойынша психиатриялық мекемелерге күштеп емдеуге жатқызылған адамдарға арналған істер осы Заң күшіне енген сәтінде соттардың күшін жоймаған шешімдерімен бірге міндетті түрде тексеруге жатады.

Осы адамдардың жалпықылмыстар жасағаны туралы істерде жеткілікті дәлелдер болған жағдайда аталған адамдар саяси себептер бойынша тартқан жазасы бөлігінде ғана ақталуға жатады.

II Бөлім

АҚТАУ ТӘРТІБІ

8-бап

Ақтау туралы өтінішті ақталушылардың өздері, сондай-ақ кез келген адамдар немесе мүдделі қоғамдық бірлестіктер қуғын-сүргіндерді қолдану туралы шешім қабылдаған органның немесе лауазымды адамның тұрған жері бойынша сот тәртібінде — прокуратура органдарына, әкімшілік не басқа тәртіпте — ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдарына береді.

9-бап

Ақтау туралы өтініш бойынша шешім қабылдау үшін мерзім қарауына жататын органға өтініш түскен күннен бастап үш айдан аспауы керек.

Қосымша ақпарат, құжаттар, анықтамалар алу қажеттігімен байланысты ерекше жағдайларда шешім қабылдау мерзімін жоғары тұрған прокуратура, ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдары, кідірту себептері мен мерзімдері туралы өтініш иесіне міндетті түрде хабарлай отырып, кемінде алты айға дейін ұзарта алады.

10-бап

Прокуратура органдары қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың не басқа адамдардың немесе мүдделі қоғамдық бірлестіктердің өтініштері бойынша ақтауға жататын адамдарға арналған барлық істерді осы Заң күшіне енгенге дейін соттардың күшін жоймаған шешімдерімен бірге тексеруге міндетті.

Мұндай істерді тексеру үшін прокуратура органдары ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік және денсаулық сақтау органдарын қатыстырады, олардан қажетті құжаттарды, материалдар мен басқа мағлұматтарды талап етеді.

Тексеру материалдары бойынша прокуратура органдары қорытынды жазып соның негізінде өтініш иесіне ақтау туралы анықтама береді.

Ақтау үшін негіздер болмаған жағдайда прокуратура органдары ақтау туралы анықтаманы беруден бас тартқаны жөнінде өтініш иесіне белгіленген мерзімде хабарлауға және қорытындымен қоса істі осы Заңның 13-бабына сәйкес сотқа жіберуге міндетті.

Прокуратура органдарына осы тұрғысына түскен өтініштерге қара-

мастан саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау жөнінде ұдайы жұмыс жүргізу жүктеледі.

Толық ақталған азаматтар туралы мағлұматтарды прокуратура органдары өтініш иелерінің талабы бойынша баспасөзге жариялау үшін береді.

11-бап

Ішкі істер органдары мен ұлттық қауіпсіздік органдары прокуратура органдарының тапсырмалары бойынша және осы Заңның 3,4-баптарына сәйкес адамның сөзсіз ақталу құқы туралы куәландыратын деректердің дәлелденгенін өтініш иелері мәлімдеген жағдайларда — әкімшілік немесе басқа да соттан тыс тәртіпте елден аластау өмір сүру немесе мекенді аудандарынан аулақтату (айдау, не жер аудару), арнайы қоныс аударып жіберу, азаматтардың бостандығын шектей отырып еңбекке ықтиярсыз тарту немесе құқықтары мен бостандықтарынан айырулары мен шектеулері, басқалай да зиян келтірулері фактілерін анықтауға міндетті.

Аталған фактілерді анықтаған жағдайда ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары іс жөніндегі материалдарды прокуратура органдарының атына жолдап, бұл жөнінде өтініш иесіне хабарлайды.

Осы баптың бірінші бөлігінде аталған фактілер анықталмаған жағдайда, не сөзсіз ақтау үшін негіздер болмаған жағдайда ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары қаралған материалдарды міндетті түрде өтініш иесіне хабарлай отырып, белгіленген мерзімде прокуратура органдарына жібереді.

12-бап

Өтініш иесі прокуратура органдарының ақтау туралы анықтаманы беруден бас тартқаны жөніндегі не ішінара ақтау жөніндегі шешіміне азаматтар құқықтарына қысым жасаған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың теріс әрекеттеріне шағымдану үшін көзделген тәртіпте сотқа шағым жасауға құқылы.

13-бап

Прокуратура органдары ақтауға негіздерді анықтамаған жағдайда ақтау мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды:

— сотталған адамдарға — соңғы сот шешімдерін шығарған соттар қабылдайды. Таратылған соттар мен әскери трибуналдар үкімдер,

ұйғарымдар мен қаулылар шығарған істер қолданылып жүрген заңдар бойынша осы істер өздеріне жататын соттардың қарауына беріледі. Ақтау туралы істердің аумақтық сотқа жататындығы соңғы сот шешімі шыққан жері бойынша анықталады;

— осы Заңның 3 және 4-баптарына сәйкес өздерінде сөзсіз ақтау жөнінде құжаттар болмаған жағдайда соттан тыс қуғын-сүргіндерге ұшырағандарға (психиатриялық мекемелерге күштеп жатқызылғандарды қоса алғанда) — қызмет көрсететін аумағында соттан тыс органдар әрекет етіп, лауазымды адамдар шешімдер қабылдаған тиісті облыстық, Алматы қалалық соттары қабылдайды.

Ісі сотқа жататындағы бойынша ақтау туралы істерді беру Қазақстан Республикасы қылмыстық істер жүргізу заңдарында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

14-бап.

Прокуратура органдарының теріс қорытындыларымен сотқа түскен істер қылмыстық істер бойынша қадағалау тәртібінде сот шешімдерін қайта қарау ережелері бойынша қаралады.

Сот азаматты толық ақталды деп таниды, бұрынғы шешімнің күшін жояды және істі қысқартады.

Сот азаматқа бұдан бұрын тағылған қылмыстың жекелеген құрамының немесе оқиғаның бір бөлігіне қатысты оны ақталды деп табады және бұрын қабылданған шешімге өзгеріс енгізе алады.

Сот азаматты ақтауға жатпайды деп тануға құқылы.

Соттың ұйғарымына (қаулысына) прокурор наразылық білдіре алады немесе өтініш иесі жоғары тұрған сотқа шағымдана алады.

15-бап.

Азамат толық ақталған жағдайда сот өтініш иесіне ақталғаны туралы анықтама береді.

Азаматты қылмыстың жекелеген құрамына немесе оқиғасына қатысты ақтаған немесе сот оны ақтауға жатпайды деп таныған жағдайда өтініш иесіне сот ұйғарымының (қаулысының) көшірмесі беріледі.

16-бап.

Толық ақталған азаматтар не олардың өкілдері, ал олар қайтыс болған жағдайда туған-туысқандары қысқартылған қылмыстық, немесе әкімшілік істердің материалдарымен танысуға сондай-ақ сақталған осы

істердегі қолжазбаларды, фотосуреттерді, басқа да жеке құжаттарды алуға құқылы.

Ақталған адам туысқандарының тек іс жүргізу емес сипаттағы ғана құжаттармен танысуға құқы бар.

Аталған материалдармен басқа адамдар мемлекеттік архивтер материалдарымен танысу үшін белгіленген тәртіпте танысады.

Материалдармен танысу нәтижесінде алынған мағлұматтарды іске қатысты адамдар мен олардың жақындарының құқықтарына және заңды мүдделеріне залал келтіріп, пайдалануға тыйым салынады.

Іс бойынша хатталған жеке заттарды, егер олардың сақталған орны анықталса, осы Заңның негізінде сот бойынша ақталған адам немесе оның туған-туысқандары талап ете алады.

17-бап.

Құғын-сүргіндермен байланысты архив материалдарын сақтауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар ЗАГС органдарына қайтыс болуы туралы куәлікті рәсімдеу үшін хабарлама жіберуге, сондай-ақ деректер болған жағдайда, өтініш иелерінің тілегі бойынша оларға ақталған адамның қайтыс болған уақытын, өлімінің себебін және жерленген орнын хабарлауға міндетті.

III Бөлім

АҚТАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

18-бап.

Осы Заңға сәйкес ақталған адамдарға ақталу туралы анықтамасын немесе сот ұйғарымының (қаулысының) көшірмесін ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте бірыңғай үлгідегі куәлік беріледі. Бұрынғы КСР Одағы мен оның құрамында болған одақтас республикалардың өкілетті органдары берген ақталу туралы құжаттардың, егер ақтау туралы шешім Қазақстан Республикасы Заңдарына қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасы аумағында күші бар деп танылады.

19-бап.

Қуғын-сүргіндерге ұшыраған және осы Заң белгілеген тәртіпте ақталған адамдардың қуғын-сүргіндермен байланысты айырылған әлеуметтік-саяси әрі азаматтық құқықтары, наградлары, құрметті, әскери әрі арнаулы атақтары қалпына келтіріледі.

Адам өзіне тағылған айыптың тек бір бөлігінде ақталған жағдайда оның саяси айыптаулармен байланысты бұзылған құқықтары қалпына келтіріледі.

20-бап.

Ақталған адамдардың өздері қуғын-сүргінге түскенге дейін тұрған жерлері мен елді мекендерде тұру құқы танылады. Бұл құқық қуғын-сүргін зобалаңы қолданылған сәтте оған ұшыраған адамдармен бірге тұрған олардың отбасы мүшелеріне және туған-туысқандарына қолданылады. Туған-туысқандарының қуғын-сүргіндер салдарынан қоныс аударуға мәжбүр болуы фактісінің құжаттық деректері болмаған жағдайда сот арқылы анықталуы мүмкін.

Егер қуғын-сүргіндерге ұшыраған адамдар қуғын-сүргіндерге байланысты тұрғын-жайға иелік құқынан айырылған және қазіргі уақытта тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж болған реттерде, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінде көзделген реттерде олар тұрғын үйді кезектен тыс алуға құқылы.

Селолық жерлерде тұратын адамдардың осы категориялары тұрғын үй салу үшін процентсіз қарыз алуға және құрылыс материалдарымен кезектен тыс қамтамасыз етілуге құқылы.

21-бап.

Осы Заңға сәйкес еркін ой-пікірін білдіруі жоқ азаматтығынан айрылған барлық ақталған адамдардың, сондай-ақ олардың ұрпақтарының «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы екінші бөлігінің ережелері негізінде өтініш беруі (тіркелу) тәртібінде Қазақстан Республикасы азаматтығы қалпына келтіріледі.

22-бап.

Қамауға алу, бас бостандығынан айыру, психиатриялық мекемелерге жатқызу, арнайы қоныс аударуға жіберу түрінде негізсіз қуғын-сүргіндерге ұшыраған, сондай-ақ шектеулі бостандық жағдайларында ықтиярсыз еңбекке (соның ішінде «еңбек армиялары», «ішкі істер министрлігінің жұмысшы колонналары» деп аталатындарда) тартылған және осы заңға сәйкес ақталған адамдарға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарында олармен бірге отырған балаларға әлеуметтік қорғау органдары тұрғылықты орындары бойынша ақтау туралы және аталған орындарда болған уақыты туралы құжаттардың негізінде республикалық бюджет қаржысынан олардың аталған орындарда болған әр айы үшін әлеуметтік қорғау органдарына өтініш жасаған сәтінде қолданылған Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрттен үш бөлігі есебінен, бірақ заңмен белгіленген 100 айлық есептік көрсеткіш есебінен ақшалай өтем төленеді.

Өтем біржолғы түрінде, сондай-ақ басқа тәртіпте, ақталған адам әлеуметтік қорғау органдарына өтініш жасағаннан кейінгі алғашқы үш ай ішінде жалпы соманың кемінде үштен бірі төленген жағдайда беріледі, ал қалған сомасы кемінде екі жыл ішінде төленеді.

Өтемнің есептелген сомалары айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне сәйкес индекстеледі.

Өтем есептеліп, бірақ оны ақталған адам қайтыс болуы себепті алмаған реттен басқа жағдайларда, мұрагерлерге төленбейді.

«Қызметтік міндеттерін атқару кезінде мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, сондай-ақ лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерімен азамат шеккен зиянның орнын толтыру туралы» 1981 жылдың 18 мамырындағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасы Жарлығының күші қолданылатын адамдарға өтем осы Жарлық негізінде төленген соманы шегеру арқылы төленеді.

КСРО-ның бұрынғы мемлекеттерінің — одақтас республикалары-

ның заңдары бойынша өтем алуға құқы бар ақталған азаматтарға өтем алу орнын таңдау құқы беріледі.

КСРО-ның бұрынғы мемлекеттерінде — одактас республикаларында өтем алған адамдарға өтемдер төленбейді немесе олардың мөлшері қайта есептелмейді.

23-бап.

Айыптың жекелеген құрамына немесе бір оқиғасына қатысты ақталған адамдардың осы Заңның 22-бабында көзделген өтемді алу құқын, осылардың талап ету жөніндегі өтініші бойынша, ақталу туралы шешім қабылдаған сот белгілейді.

24-бап.

Саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының, сондай-ақ осы Заңға сәйкес ақталған, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын осы Заңның 2-бабында аталған саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдардың:

қамауда болған, жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеген, айдауда болған, арнайы қоныстарда бостандығын шектей отырып, мәжбүрлеп еңбекке тартылған және психиатриялық мекемелерде мәжбүрлеп емделген уақыттарын зейнетақы алу үшін еңбек стажына — үш еселенген мөлшерде есептеуге;

кезекті еңбек демалысын өздеріне қолайлы уақытта алуға, сондай-ақ жылына екі аптаға дейінгі мерзімге жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс алуға;

жекешелендіру купондарын сақтай отырып, тұрғын үй-жайды меншікке тегін алуға;

бірінші кезекте телефон орнатуға;

бау-бақша қоғамдарына және тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне бірінші кезекте кіруге;

қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерге бірінші кезекте орналасуға, оларда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес толық мемлекеттік қамсыздандыру жағдайында тұруға;

протез-ортопедиялық бұйымдарымен жеңілдікті қамтамасыз етуге; ақталуға байланысты мәселелер бойынша адвокаттардан тегін кеңес алуға құқылы.

Саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына, мүгедек болып қалған және зейнеткер болып табылатын, саяси қуғын-сүргіндер салдарынан зардап

шеккен адамдарға тұрғын үйді ұстау, коммуналдық қызмет көрсетулер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, қоқыс шығару, лифтілерге қызмет көрсету) үшін, телефонды пайдаланғаны үшін, қалалық жолаушылар көлігінің барлық түрімен (таксиден басқа) жүруге және темір жолда, су, әуе, қалааралық көлікте жылына бір рет жүруге жұмсалатын шығындарды төлеу үшін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

Жоғарыда аталған жеңілдіктерді алу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген бірыңғай үлгідегі куәлік негіз болып табылады.

Басқа мемлекеттерде — КСР Одағының бұрынғы одақтас республикаларында саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған, бірақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын және оның азаматы болып табылатын ақталған адамдар осы бапта көзделген барлық жеңілдіктерді пайдаланады.

25-бап.

Осы Заңмен көзделген жеңілдіктер мен өтемдерді беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте республикалық бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

26-бап.

Осы Заңның 18-24-баптарының күші осы Заң күшіне енгенге дейін ақталған саяси қуғын-сүргіндердің құрбандарына қолданылады.

IV Бөлім

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

27-бап.

Егер Қазақстан Республикасы қатысушы болған халықаралық шартта осы Заңмен көзделгеннен өзгеше қалыптар мазмұндалатын болса, онда халықаралық шарттың қалыптары қолданылады.

28-бап.

Осы Заңның орындалуын бақылау үшін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау жөнінде комиссия құрады.

Комиссияға ақтау мәселелеріне қатысты материалдарды алу үшін Қазақстан Республикасы аумағындағы соттардың, әскери трибуналардың, прокуратураның, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істері органдары архивтеріне және басқа да архивтерге толық енуі камтамасыз етіледі, сондай-ақ ақтаумен айналысатын органдардан ақтау мәселелеріне қатысты кез келген ақпарат беруді талап ету құқы беріледі.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы № 1901-ХІІ Заңы

(ҚР Президентінің 12.04.94 ж. № 1652; 18.04.94 ж.

№ 1675; 05.10.95 ж. № 2488; 07.11.95 ж. № 2606

Жарлықтарымен; ҚР 19.06.93ж.; 19.10.93 ж.

№ 2453; 14.07.94 ж.; 02.04.97 ж. № 88-1; 7.04.99ж. № 374-1;

16.11.99 ж. № 476-1; 10.10.01 ж. № 247-11; 08.07.03 ж. № 478-11;

20.12.2004 ж. № 13-111

Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)

(Үзінді)

4-бап. Әскери қызметшілерді әлеуметтік және құқылық жағынан қорғау кепілдіктері

Мемлекет әскери қызметшілерді әлеуметтік және құқылық жағынан қорғауға кепілдік береді, оларды қажетті тұрмыс жағдайымен қамтамасыз етіп, қызметінің мемлекеттік қызметтің басқа түрлерінен ерекше сипатын ескере отырып, тиісті қызмет жағдайын жасайды.

Барлық әскери қызметшілер атқаратын қызметі мен әскери атағына қарамастан заң алдында тең. Әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттеріндегі, әскери қызметтен өту шарттарындағы, материалдық жағынан қамтамасыз етілуіндегі айырмашылықтар Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды іске асыру, олардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың басшылығына және өзге де мемлекеттік органдарға жүктеледі.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру жөніндегі міндеттерін сақтамағаны үшін кінәлі басшылары, командирлер мен бастықтар, басқа лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

Әскери қызметшілер құқығына және ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін заңсыз іс-әрекет жасаған бастықтардың үстінен тікелей сотқа шағым беруге құқылы.

9-бап. Қызмет уақыты және демалыс. Еңбек демалысы

Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) апта сайынғы қызмет уақытының жалпы ұзақтығы жұмысшылар мен қызметшілер үшін заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығынан аспауға тиіс, ал мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілер үшін ол әскери жарғылардың талаптарына сәйкес белгіленеді.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) аптасына кемінде бір тәулік, бірақ айына кемінде алты тәулік демалыс беріледі.

Тізбе құрылымында әскери қызметшілер әскери қызметте тұратын Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың басшылығы белгілейтін жауынгерлік кезекшілік (жауынгерлік қызмет), жағтығулар мен басқа шаралар қызмет уақытының жалпы ұзақтығы шектеусіз өткізіледі.

Әскери қызметшілер апта сайынғы қызмет уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс, сондай-ақ демалыс, мереке және жұмыс істемейтін күндері әскери қызмет міндетін атқаруға қатыстырылған жағдайда оларға командир (бастық) аптаның басқа күндерінде демалыс береді.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жыл сайынғы негізгі еңбек демалысы беріледі, оның ұзақтығы жалпы қызмет еткен жылына, әскери қызметтің ерекшеліктері мен жағдайларына байланысты болады және төмендегідей болып белгіленеді:

Әскери қызметте 10 күнтізбе жыл еңбек сіңірсе — 30 тәулік;

10 жылдан 15 жылға дейін — 35 тәулік;

15 жылдан 20 жылға дейін — 40 тәулік;

20 жыл және одан көп болса — 45 тәулік;

жауынгерлік кезекшілік атқарушы ұшу жұмысындағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тізбедегі орындарда әскери қызмет атқарушы адамдарға — 45 тәулік.

Еңбек демалысы ұзақтығына демалысын өткізу орнына беру мен қайтуға қажетті уақыт кірмейді.

Әскери қызметшілердің (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқа) демалысы әскери қызмет мүддесін және әскери қызметшінің тілегін ескере отырып, екі бөліп берілуі мүмкін.

Әскери қызметшілердің мына категорияларына:

өз міндетін денсаулыққа зиянды (ауыр) жағдайда атқарғаны үшін, қызметінің ерекше сипаты (ұзақ мерзімді іссапар, вахталық әдіспен жауынгерлік кезекшілік атқару және олардың тұрақты орналасқан орнынан тыс жерлерге ұзақ уақытқа жіберілген реттері) үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде;

экологиялық апат аймақтарында қызмет атқарғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қосымша еңбек демалысы (демалыс) беріледі.

Мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерге көтермелеу түрінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларында белгіленген тәртіппен қысқа мерзімді демалыс беріледі.

Әскери қызметшілерге қажет болған жағдайда сырқаттануына байланысты, отбасы жағдайына байланысты қысқа мерзімді демалыс, ал әскери (арнаулы) оқу орындарында оқитындарға каникул беріледі.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқасына) адъюнктураға, әскери докторантураға дайындалу және түсу емтихандарын тапсыру үшін, сондай-ақ жоғары оқу орындарына түсу емтихандарын тапсыру үшін оқу демалыстары беріледі, ал ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесіне талаптанушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша шығармашылық демалыстар беріледі.

Әскери қызметшілердің жұмыс істейтін зайыптарына (жұбайларына) жыл сайынғы демалыс олардың жұбайларының (зайыптарының) кезекті демалысымен бір мезгілде берілуге тиіс. Бұл орайда демалыстың ұзақтығы жалақысын сақтамай қосымша демалыс беру есебінен жұбайы (зайыбы) демалысының ұзақтығына тең болуы мүмкін.

10-бап. Ақшамен және материалдық жағынан қамтамасыз ету

Мемлекет әскери қызметшілерді азаматтардың әскери қызметке ынтанықтасын арттыратын мөлшерде ақша қаражатымен қамтамасыз етеді.

Әскери қызметшілерге ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді және ол қызметтен өтудің Қазақстан Рес-

публикасының заңдарымен белгіленген ерекше жағдайлары үшін төленетін ақшалай қаражат пен үстеме ақыны қамтиды.

Әскери қызметшілердің ақшалай қаражаты лауазымдық айлықақыдан және әскери атағы бойынша айлықақыдан тұрады.

Әскери қызметшілердің ақша қаражаты тіршілік құнының өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіпке сәйкес қайта қаралуға тиіс.

Әскери қызметшілер (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқасы) бір жерден екіншісіне көшуіне байланысты (соның ішінде әскери бөлім немесе бөлімше құрамында) қызметін ауыстырған жағдайда оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай үлес және онымен бірге көшкен әрбір отбасы мүшелеріне айлық ақшалай үлесінің жартысы көтерме жәрдемақы төленеді.

Әскери қызметшілер мемлекет есебінен заттай мүлікпен қамтамасыз етіледі.

Қазармалық жағдайдағы мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілердің, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарының, сондай-ақ ұшқыштар, ұшуларды дайындау жөніндегі инженерлік құрамның әскери қызметшілерінің қызметтен өту жағдайы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етіледі.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарына демалысқа кеткен кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар бойынша азық-түлік сыбағасының орнына ақшалай өтемақы төленеді.

Парашютпен секіруді жүзеге асыратын әскери қызметшілер, әскери кемелерде (катерлерде), әскери-қосымша кемелерде теңізде қызмет атқаратын, олардың база орындарында дауылға қарсы дайындық барысы кезінде іс-шараларды жүзеге асыратын, маяктарда, вахтада тұратын әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери қызметшілер әскери кезекшілікті атқарған, әскери эшелондарға ілесіп жүрген, дала іс-қимылдары шараларына қатысқан және стационарда емделуде болған кезде осы кезеңге Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген норма бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етіледі.

Шалғайдағы аудандарда орналасқан жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында және комендатураларда қызметтен өтіп жүрген әскери қызметшілер (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқа), олардың отбасы мүшелері ақылы азық-

түлікпен қамтамасыз етіледі. Азық-түлікпен қамтамасыз етудің тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Әскери қызметшілердің қалауы бойынша (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқасы) оларға киім-кешек орнына ақшалай өтем төленуі мүмкін.

11-бап. Меншік құқығы

Әскери қызметші Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес меншік иесі болуға, өз мүлкі мен басқа да меншік объектілерін иеленуге, пайдалануға және оларға билік етуге құқылы.

Әскери қызметшілердің меншігі олардың ақшалай және заттай үлес алуы (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқасы), жеке үй жанындағы шаруашылығын жүргізу, әскери қызметке шақырылғанға (кіргенге, белгілегенге) дейін алынған кірісі, мұрагерлік, сый ретінде көшкен мүлік, сондай-ақ осы Заңмен тыйым салынбаған басқа да қызмет есебінен құрылады және көбейтіледі.

Мемлекет әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде меншікті жекешелендіру процесінде одан басқа азаматтармен тең үлес алуға кепілдік береді.

12-бап. Тұрғын үй алу құқығы

Әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) мен олардың отбасы мүшелері мемлекет есебінен тұрғын жайлармен (пәтерлермен) қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) мен олардың отбасы мүшелеріне тұрғын жаймен (пәтермен) қамтамасыз етілгенге дейін уақытша тұру үшін қызметтік тұрғын үйлерге теңестірілген тұрғын үйлер, қызметтік тұрғын үйлер немесе жатақханаларда тұрғын жайлар міндетті түрде беріледі.

Әскери қызметшілерді (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жасы бойынша әскери қызметтен босатылғанға дейін үш жыл бұрын не денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттың қысқаруына байланысты әскери қызметтен босатылатын жылы әскери қолбасшылықтың ұсынысы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары олардың таңдаған тұрғылықты жері

бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй бөлу кезектілігінің тізіміне енгізеді.

Шетелге және климат жағдайы ауыр жерлерге әскери қызметтен өту үшін жіберілген әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) өздері тұратын тұрғын жайлары олардың шетелде және аталған жерлерде болған бүкіл уақытына сақталады.

Қызмет бойынша ауысқан кезде тұратын тұрғын жайы сақталатын әскери қызметшілерге жаңа қызмет орны бойынша қызметтік тұрғын үйлер беріледі.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жабық және оқшауланған әскери қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және комендатуралардағы орталықтандырылған жылуды қоспағанда, коммуналдық қызмет көрсету шығындарын төлеу үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген мөлшерде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен ақшалай өтемақы төленеді.

Жабық және оқшауланған әскери қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және комендатуралардағы тұрғын үйлерді ұстау мен орталықтандырылған жылуды беру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбелер бойынша мемлекет есебінен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік тұрғын үй қорының үйлерінен тұрғын жаймен қамтамасыз етілген әскери қызметшілер, жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында және комендатураларда орналасқан тұрғын жайларды қоспағанда, әскери қызметтен босатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оны меншігіне алуға құқылы. Әскери қызметтен босатылған және күнтізбелік есеппен 20 және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар әскери қызметшілер тұратын тұрғын жайын өтеусіз меншігіне алуға құқылы.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарын тұрғылықты жері немесе жұмыс орны бойынша тұрғын жай (пәтер) алуға кезектілік тізімінен шығаруға болмайды және олардың әскери қызметке шақырылғанға немесе әскери (арнаулы) оқу орнына түскенге дейін тұрған тұрғын жайы сақталады.

Тұрғын жай сатып алу үшін немесе жеке тұрғын үй салу үшін кредит алған әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызмет-

шілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде және тәртіппен кредит сомасы өтеледі.

Асыраушысынан айрылған әскери қызметшілердің отбасыларын, оларға тұрмысқа жайлы тұрғын жайды өтеусіз бермейінше өздері тұратын тұрғын жайдан шығаруға болмайды.

13-бап. Өмір мен денсаулықты сақтау. Медициналық қамтамасыз ету

Әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтауға қамқорлық жасау - командирлердің (бастықтардың) міндеті. Оларға жаттығулар, басқа да жауынгерлік әзірлік шараларын өткізу, қызмет ету, қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалану кезінде, жұмыс жүргізген және күнделікті қызмет кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жүктеледі.

Әскери қызметшілердің әскери-медициналық бөлімшелерде, бөлімдер мен мекемелерде (бұдан әрі әскери-медициналық мекемелер) медициналық тегін қамтамасыз етілуге құқығы бар. Әскери қызметшілердің қызмет ететін немесе тұратын жерінде әскери-медициналық мекемелер жоқ болса, не оларда тиісті бөлімшелер не медициналық көрсеткіштер бойынша арнаулы жабдықтар жоқ болса, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында, жеке медициналық ұйымдарда және жеке медициналық практикамен айналысатын адамдар арқылы тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде медициналық көмек көрсетіледі.

Жеке денсаулық сақтау ұйымдары мен жеке медициналық практикамен айналысатын адамдардың әскери қызметшілерге тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде медициналық көмек көрсетуі бойынша шығындары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

Әскери қызметшілерге емделуге жұмсаған қаражатын олар құрылымында әскери қызметтен өтетін Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар өтейді.

Офицерлердің отбасы мүшелері (зайыбы, жұбайы, 18 жасқа дейінгі балалары) әскери-медициналық мекемелерде тегін медициналық жәрдем алуға құқылы. Емханаларда емделген кезінде отбасы мүшелеріне дәрі-дәрмек ақы төлетіп беріледі, бұған заңға сәйкес ақы алынбайтын реттер кірмейді.

Әскери қалашықтарда, шекара заставалары мен комендатураларда орналасқан әскери қызметшілерді санитарлық-эпидемиологиялық жағынан қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде жарақаттанған, контузия алған, зақымданған, мертіккен немесе ауруға шалдыққан әскери қызметшілер өздері құрылымында әскери қызметтен өткен Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың қаражаты есебінен санаторийлерге жіберіледі.

Осы баптың екінші, үшінші бөліктерінде аталған әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтары және оларға берілетін жеңілдіктер әскери қызметтен жасына, денсаулық жағдайына немесе штат қысқартылуына байланысты босатылған, әскери қызметінің жалпы ұзақтығы 20 және одан да көп жыл болатын офицерлер мен олардың отбасы мүшелеріне де қолданылады.

Соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектері, соғыс қимылдарына басқа да қатысушылар, әскери қызмет міндетін атқару кезінде алған жарақаты, контузиясы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болып, әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілер, полковник атағымен және одан жоғары атақпен запасқа немесе отставкаға шыққан офицерлер медициналық және санаториялық-курорттық емделуден бірінші кезекте өтуге құқылы.

Мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілер, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттары мен әскери мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері медициналық көрсеткіштері болған жағдайда әскери санаторийлерде санаториялық-курорттық тегін емделумен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметші әйелдер Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген әйелдерді, ана мен баланы қорғау мәселелері жөніндегі барлық жеңілдіктерді пайдаланады. Бұл жеңілдіктер анасы жоқ балаларды (анасы қайтыс болған, аналық құқынан айрылған жағдайда және заңдарда белгіленген басқа да жағдайларда) тәрбиелеп отырған әскери қызметшілерге де қолданады.

14-бап. Әскери қызметшілерге қаза тапқан (қайтыс болған) немесе жарақат алған жағдайда берілетін кепілдіктер

Әскери қызметші немесе әскери жиынға шақырылған әскери міндетті адам әскери қызметтен өту кезеңінде қаза тапқан (қайтыс болған), жарақат алған жағдайда оларға бір жолғы өтем төленеді.

Бір жолғы өтемді төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Әскери қызметші қызметін атқару кезінде не қызметтен өту кезеңінде алған жарақат (контузия), ауру салдарынан қызметтен босағаннан кейін қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның мұрагерлеріне (мұрагерлікке құқығын дәлелдейтін куәлігін табыс еткеннен кейін) соңғы атқарған қызметі бойынша қаза тапқан (қайтыс болған) күніне дейінгі бір жолғы өтемді алпыс айлық ақшалай қаражатының мөлшерінде төлейді.

Әскери жиынға шақырылып, әскери қызметтен өту кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақат алу, контузия), ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілер, әскери міндеттілер әскери қызмет (әскери жиын) өткізілген жерде немесе олардың туған-туысқандарының қалауы бойынша басқа жерде жерленеді мәйітті жеткізуге әзірлеумен, мәйітті жеткізумен, жерлеумен, құлпытас дайындаумен және оны орнатумен байланысты барлық шығындар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде әскери қызметшілер, әскери қызметке шақырылған әскери қызметке міндеттілер әскери қызметтен өткен (жиында болған) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың есебінен жасалады.

Осы баптың төртінші бөлігінде көрсетілген ережелер әскери қызметтегі шекті жасқа жетуі, денсаулық жағдайы бойынша немесе штат қысқартылуына байланысты әскери қызметтен босатылған, әскери қызметінің жалпы ұзақтығы 25 және одан да көп жыл болған азаматтарға, сондай-ақ әскери қызметінің жалпы ұзақтығына қарамастан соғысқа қатысқандарға қолданылады.

Әскери қызметшінің әскери қызметтен өту кезеңінде немесе әскери қызметтен өтуге байланысты контузия, мертігу, ауыру салдарынан әскери қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл өткенге дейін мүгедектігі анықталған жағдайда бір жолғы өтем:

I топтағы мүгедекке — отыз айлық ақшалай қаражаты;

II топтағы мүгедекке — он сегіз айлық ақшалай қаражаты;

III топтағы мүгедекке — алты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде төленеді. Әскери қызметшілер, әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде мүгедектікке әкеп соқпайтындай қатты мертіккен (жараланған, жарақат контузия алған) ретте оларға бір жарым айлық ақшалай қаражаты жеңіл жарақат алған ретте жарты айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде бір жолғы өтем төленеді.

Егер өлімінің себебі өзіне-өзі қол жұмсаудан болғаны, өзіне-өзі қол жұмсауға жеткізген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, сондай-ақ егер қаза (өлім), жаралану, контузия жарақат алу, мертігу адамның заңға қайшы іс-әрекетінен немесе алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан мас болу себебінен немесе өзіне қандай да бір жарақат түсіру (денесіне зиян келтіру) арқылы болса және бір жолғы өтем алу немесе әскери қызметтен жалтару мақсатымен өз денсаулығына өзгедей зиян келтірсе, бір жолғы өтем төленбейді.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, әскери (арнайы) оқу орындарының стипендия алатын курсанттарына, әскери жиынға шақырылған әскери міндеттіге мынадай жағдайларда осы баптың үшінші бөлігінде көзделгендей жағдайда — 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, осы баптың алтыншы бөлігінде көзделгендей жағдайда I-топтағы мүгедекке 250 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, II-топтағы мүгедекке 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, III-топтағы мүгедекке 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, осы баптың жетінші бөлігінде көзделгендей жағдайда ауыр жарақат үшін 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, жеңіл жарақат үшін 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы өтемдері төленеді.

Мемлекет әскери қызметшілерге мемлекеттік органдардың, меншік түрлеріне қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ лауазымды адамдардың;

қылмыстық және өзге де жауапкершілікке заңсыз тартуы;
тыйым салу жазасы ретінде қамауға алуды заңсыз қолдануы;
заңсыз соттауы;

оның өз мүлкін бүлдіруі, жоюы немесе жоғалтуы;
денесіне зақым келтіруі;

қызметін немесе әскери атағын заңсыз төмендетуі, құқықтарынан жеңілдіктер мен артықшылықтардан заңсыз айыруы;

шарт ережелерін сақтамауы салдарынан келтірілген моральдық және материалдық нұқсанды өтеуге кепілдік береді.

Аталған жағдайларда соттың немесе жоғары тұрған қолбасшылықтың шешімі бойынша әскери қызметшілердің қызметтік, зейнеткерлік және басқа да жеке әрі мүліктік құқықтары қалпына келтіріледі әрі келтірілген зиян оны келтірген кінәлі тұлғалардың есебінен немесе бюджет қаражатының есебінен қалпына келтіріледі.

15-бап Білім алу құқығы

Әскери қызметшілердің әскери (арнаулы) оқу орындарында **оқуға** құқығы бар.

Әскери (арнаулы) оқу орындарын бітірген әскери қызметшілер қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқи алады.

Әскери қызметшілерге (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) өздері құрылымында әскери қызметтен өтетін Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар басшыларының келісімімен Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес сессияларды және қорытынды емтихандарды тапсыру үшін демалыс беріліп, орта кәсіби, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби және қосымша кәсіби білім беру ұйымдарында оқудың кешкі немесе сырттай түрінде оқуға рұқсат етіледі.

Оқу кезеңінде әскери қызметке шақырылған адамдардың әскери қызметтен босағаннан кейін өздері шақырылғанға дейін оқыған оқу орнындағы оқуын жалғастыруға құқығы бар.

16-бап Көлікте жүру. Почта жіберілімдері

Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) Қазақстан Республикасының аумағында қызмет бабымен орын ауыстырғанда және әскери қызметтен босағанда стационарда емделуге барып, қайтқанда темір жол, әуе қатынасы су және автомобиль көлігімен тегін жүру, бұған қоса он тоннаға дейін өз мүлкін тегін тасымалдауға құқығы бар.

Әскери қызметшілер (мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерден басқасы) отбасыларының мүшелеріне, бірге жүретініне әскери қызметшілер қызмет бабымен Қазақстан Республикасының аумағында орын ауыстырған және олар әскери қызметтен босатылған кезде тегін жүріп-тұруға олармен бірдей жеңілдіктер беріледі.

Аталған жағдайлардағы шығындар құрылымында әскери қызметшілер әскери қызметте тұратын Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың қаражаты есебінен жасалады.

Жергілікті өкілді органдар мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге қала ішінде, қала маңына және жергілікті жерлерде қатынайтын қоғамдық көліктің барлық түріне (таксиден басқа) жол жүруге жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жеңілдіктер беруге құқылы.

Мерзімді қызмет атқаратын әскери қызметшілерге, әскери (арнаулы) оқу орындарының бірінші және екінші курстарының курсанттарына пошта жіберілімдері үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде ақшалай өтем төленеді.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттары:

стационарлық емделуге барған және кері қайтқан кезінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол, әуе, су және автомобиль көліктерінде;

әскери қызметтен босағанда, сондай-ақ демалысқа барған және кері қайтқан кезінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол, су және автомобиль көліктерінде тегін жүруге құқылы.

СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРДЫҢ САЛДАРЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АЗАМАТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 1787-ХІІ Заңы

*(ҚР 09.11.94 ж. №219-ХІІІ; 19.06.97ж. № 134-1; 17.12.98 ж.
№ 323-1; 07.04.99 ж. № 374-1; 16.11.99 ж. № 480-1
Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)*

Семей ядролық сынақ полигонында 40 жыл бойы жүргізілген ядролық қаруды сынау адамдардың денсаулығына және айналадағы табиғи ортаға орны толмас зиян келтірді, халықтың жалпы аурулары мен өлімін көбейтті. Бүкіл Семей аумағы мен Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының полигонға жақын жатқан аудандары экологиялық апат аймағы деп танылды.

Ядролық сынақтардың апатты зардабының қатерлі әсері уақыт озған сайын күшейе түсіп, ұрпақтан-ұрпаққа, ауысып, барған сайын қатерлі әсер етуде.

Бұл зардаптарды жою халықты емдеу, сауықтыру, денсаулығын қалпына келтіру, әлеуметтік қорғау жөніндегі арнаулы мемлекеттік бағдарлама мен кешенді шаралардың жүзеге асырылуын талап етеді.

I - тарау

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Заңның мақсаттары мен міндеттері

Бұл Заң Семей ядролық сынақ полигонындағы ұзақ уақыт ядролық сынақтар жүргізудің салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау ісін қамтамасыз етуге арналған.

Заң көп жылдық ядролық жарылыстар әсерінен зардап шеккен азаматтардың мәртебесі мен аумақтардың түр-түрін белгілейді, өтемдер, жеңілдіктер түрлерін және аумақты әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі шараларды айқындайды.

2-бап. Азаматтардың өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыруға құқығы

Осы Заңның 10-бабында аталған азаматтар категориясының өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның орнын осы Заңның 12, 13, 14, 15-баптарымен айқындалған мөлшерде толтыруға құқығы бар.

Бұл Заңның күші Семей облысының аудандары мен қалаларында және Павлодар, Шығыс Қазақстан мен Қарағанды облыстарының ядролық қарулы сынау салдарынан радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған тиісті аудандарында тұратын азаматтарға қолданылады.

Аталған аудандар мен қалалардан басқа жерге тұру үшін кетіп қалған, осы Заң қолданылатын және Қазақстан Республикасының аумағында тұратын азаматтар осы Заңмен көзделген жеңілдіктерді пайдаланады.

Аталған аудандар мен қалалардан басқа жерге тұру үшін кетіп қалған, осы Заң қолданылатын және Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде тұратын азаматтар халықаралық келісімдерге сәйкес осы Заңда көзделген жеңілдіктерді пайдаланады.

3-бап. Мемлекеттің ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтар құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері

Республикалық және жергілікті мемлекеттік органдар ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыруға құқықтарын қамтамасыз етуге міндетті.

Осы Заңды іске асыру жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыру және азаматтарды құқықтық қорғау жөніндегі міндеттерді мемлекет өз мойнына алады.

2 -тарау

ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРДЫҢ ӘСЕРІНЕ ҰШЫРАҒАН АУМАҚТЫ ТҮР-ТҮРГЕ БӨЛУ

4-бап. Ядролық сынақ жүргізген кезде радиоактивті шөгінділердің әсеріне ұшыраған аумақты түр-түрге бөлу

Сәулеленудің әсерлі эквивалентті мөлшері бүкіл сынақ кезеңінде халық үшін 0,1 бірден асатын аумақ ластанған деп есептеледі.

Залалданған аумақтар әсерлі эквивалентті мөлшерінің шамасына қарай:

- төтенше радиациялық қауіпті аймақ;
- ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ;
- жоғары радиациялық қауіпті аймақ;
- ең төмен радиациялық қауіпті аймақ;
- жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ деп бөлінеді.

Шаруашылық қызметінің түрлері мен оны ұйымдастыру тәртібін, табиғат пайдалану көлемі мен аумақты экологиялық жағынан қалпына келтіруді Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

Бұдан былай аймақтар шекарасы мен оларға кіретін аудандарды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бекітеді.

5-бап. Төтенше радиациялық қауіпті аймақ

Төтенше радиациялық қауіпті аймақ — аумақтың бүкіл сынақ кезеңінде халыққа 100 бәрден жоғары әсер ететін мөлшері бар радиациялық ластануға ұшыраған, ең жоғары сейсмикалық әсер белдеуіне кіретін бөлігі. Бұл аймаққа Семей облысының Абай ауданындағы Сарыжал селолық Кеңесінің, Бесқарағай ауданындағы Долон және Бөденелі селолық Кеңестерінің, Жаңасемей ауданындағы Сарыпапан және Иса елді мекендерінің аумақтары жатады.

6-бап. Ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ

Ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ — аумақтың бүкіл сынақ кезеңінде халыққа 35-тен 100 бәрге дейін әсер ететін мөлшері бар радиациялық ластануға ұшыраған бөлігі.

Бұл аймаққа Семей облысының Абай, Абыралы, Бесқарағай және Жаңасемей аудандарының елді мекендері, Павлодар облысының Май ауданындағы Ақжар және Малдар селолық Кеңестері жатады.

7-бап. Жоғары радиациялық қауіпті аймақ

Жоғары радиациялық қауіпті аймақ — аумақтың бүкіл сынақ кезеңінде халыққа 7-ден 35 бэрге дейін әсер ететін мөлшері бар радиациялық ластануға ұшыраған бөлігі. Бұл аймаққа Семей облысының Шұбартау, Новошұльба, Бородулиха, Шар, Жарма, Аягөз аудандарының елді мекендері, Семей және Курчатов қалалары, Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданы, Павлодар облысының Май ауданы, Шығыс Қазақстан облысының Таврия, Глубокое, Шемонайха, Ұлан аудандары, Өскемен және Лениногорск қалалары жатады.

8-бап. Ең төмен радиациялық қауіпті аймақ

Ең төмен радиациялық қауіпті аймақ — аумақтың бүкіл сынақ кезеңінде халыққа 0,1-ден 7 бэрге дейін әсер ететін мөлшері бар радиациялық ластануға ұшыраған бөлігі.

Бұл аймаққа Семей облысының Мақаншы, Үржар, Таскескен, Көкпекті, Ақсуат аудандарының, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының, Павлодар облысы Лебяжі ауданының, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан және Тарбағатай аудандарының елді мекендері жатады.

9-бап. Жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ

Жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ — бүкіл сынақ кезеңінде тиімді эквивалентті сәулелену мөлшері әртүрлі себептерден 0,1 бэрден төмен болған, бірақ радиациялық қауіпті және сейсмикалық қауіпті аудандарға жақын тұруға байланысты елеулі психикалық-эмоциялық теріс әсері бар ең төмен радиациялық қауіпті аймаққа таяу жатқан аумақ (әкімшілік аудандардың шекарасы шегінде).

Бұл аймаққа Павлодар облысының Баянауыл ауданы жатады.

3 - тарау

СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАР САЛДАРЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АЗАМАТТАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ

10-бап. Заңның күші қолданылатын, ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтар категориясы

Ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарға мыналар жатады:

әуеде және жер үстінде ядролық жарылыстар жасаған кезеңде (1949-1965 жж.) радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) атқарған азаматтар;

1966 жылдан 1990 жылғы 1 қаңтарға дейінгі аралықта жерасты ядролық жарылыстарын жасау кезеңінде осы аумақтарда тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) атқарған азаматтар;

1949 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақта тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) атқарған азаматтар;

осы баптың екінші және үшінші абзацтарында аталған, мүгедек деп танылған аурулары бар адамдардың балалары, олардың денсаулық жағдайы мен Заңда аталған аймақтарда ата-аналарының бірінің болу факторы арасындағы себепті байланыстар анықталған ретте.

11-бап. Ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың куәлігі

10-бапта аталған адамдарға куәлік беріледі, ол осы Заңда көзделген жеңілдіктер мен өтемдерге құқықты растайтын құжаттар болып табылады.

Ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және оларға куәліктер беру Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен жүзеге асырылды.

4 -тарау

СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАР САЛДАРЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АЗАМАТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

12-бап. Ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың жеңілдіктері мен өтемдері

5, 6, 7, 8, 9-баптарда аталған аймақтарда жұмыс істеген, тұрған және тұрып жатқан азаматтарға:

ядролық сынақтар келтірген зиян үшін мына аймақтар бойынша:

– төтенше радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1949–1965 жылдардағы кезеңде сол жерде тұрған әр жыл үшін 5 ең төмен жалақы және 1966–1990 жылдардағы кезеңде сол жерде тұрған әр жыл үшін бір ең төмен жалақы мөлшерінде;

– ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша 1949–1965 жылдардағы кезеңде сол жерде тұрған әр жыл үшін екі жарым ең төмен жалақы және 1966–1990 жылдардағы кезеңде сол жерде тұрған әр жыл үшін бір ең төмен жалақы мөлшерінде;

– жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1949–1965 жылдардағы кезеңде сол жерде тұрған әр жыл үшін бір жарым ең төмен жалақы және 1966–1990 жылдардағы кезеңде сол жерде тұрған әр жыл үшін 0,75 ең төмен жалақы мөлшерінде;

– ең төмен радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1949–1955 жылдардағы кезеңде сол жерде тұрған әр жыл үшін ең төмен жалақы мөлшерінде және 1966–1990 жылдардағы кезеңде сол жерде тұрған әр жыл үшін 0,5 ең төмен жалақы мөлшерінде;

– жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ бойынша – 1949–1990 жылдардағы кезеңде сол жерде тұрған әр жыл үшін 0,25 ең төмен жалақы мөлшерінде бір жолғы ақшалай өтемге кепілдік беріледі.

Ең төмен жалақы дегеніміз – өтем берген кездегі ең төмен жалақы болып табылады.

13-бап. Халықты әлеуметтік жағынан қолдау

Осы заңның 5 және 6-баптарында аталған аумақтарда тұрып жатқан және 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққан азаматтардың аймақтар бойынша мынадай мөлшерде үстемақы алуға құқығы бар:

– төтенше радиациялық қатер аймағы – 2 айлық есептік керсеткіш;
– ең жоғары радиациялық қатер аймағы – 1,75 айлық есептік керсеткіш.

5, 6, 7, 8, 9-баптарда аталған аумақтарда тұратын халық:

1) Мына аймақтар бойынша төмендегідей қосымша еңбекақы мен зейнетақы алуға:

– төтенше радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 2 ең төмен жалақы;

– ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1,75 ең төмен жалақы;

– жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1,5 ең төмен жалақы;

– ең төмен радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1,25 ең төмен жалақы;

– жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ бойынша – 1 ең төмен жалақы алуға құқылы.

Мүгедектік бойынша және асыраушысынан айырылған реттер бойынша мүгедек немесе асыраушы деп танылған адамдардың жұмыс стажына қарамастан, егер ядролық қаруды сынауға себепті байланысы болса, зейнетақы тағайындалады.

2) *13-баптың 2-тармақшасы 1999 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының № 480-І Заңымен алып тасталды.*

3) Мына аймақтар бойынша төмендегідей жыл сайын ақысы төленетін қосымша демалыс алуға:

– төтенше радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 14 күнтізбелік күні бар; ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 12 күнтізбелік күні бар; жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 10 күнтізбелік күні бар; ең төмен радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 7 күнтізбелік күні бар; жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақ бойынша 5 күнтізбелік күні бар демалыс алуға құқылы.

14-бап. Әйелдерге, балаларға және жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына берілетін қосымша жеңілдіктер мен өтемдер

Ядролық сынақтар әсеріне ұшырған аумақтарда тұратын әйелдердің қалыпты босану жағдайында 170 күнтізбелік күн, босануы ауыр болған реттерде және екі немесе одан да көп бала туған жағдайда 184 күн жүкті болуы мен босануы бойынша демалыс алуға құқығы бар.

Ядролық сынақтар әсерінен зардап шеккен аумақтарда тұратын ба-

лалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің санаторий-сауықтыру мекемелерінде тегін сауығуға (медициналық көрсеткіштер бойынша) құқығы бар.

Сырқат баланы күту жөніндегі жұмысқа жарамсыздық парағына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ата-ананың біреуіне немесе олардың орнындағы адамдарға, жұмыс стажына қарамастан, бүкіл сырқаттанған кезеңге ақы төленеді.

15-бап. Әскери қызметшілерге берілетін жеңілдіктер туралы

Әскери қызметшілер ластанған аумақтарда әскери қызмет атқарған жағдайда осы Заңға және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

5 - тарау

АУМАҚТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒЫНАН САУЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚҚА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

16-бап. Ядролық жарылыстар әсеріне ұшыраған аумақты экологиялық жағынан сауықтыру

Семей полигонындағы ядролық жарылыстар әсеріне ұшыраған аумақтарда айналадағы табиғи ортаны сауықтыруға бағытталған мынадай кешенді шаралар жүзеге асырылады: айналадағы ортаны ғылыми тұрғыдан зерттеу, сыртқы орта объектілерін және жергілікті жерде өндірілетін тамақ өнімдерін тұрақты бақылауды жүзеге асыру, шаруашылық және өзге қызметке мемлекеттік және қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу, радиациялық ластанған аумақтарды шаруашылық айналысына қайтару жөнінде шаралар жүргізу.

17-бап. Халыққа медициналық көмек ұйымдастыру

Осы Заңда аталған адамдар кешенді медициналық тексеруден өткізуге жатады.

Оларды жеке есепке алу ісін қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік регистр құрылады.

Семей полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен адамдарға медициналық көмек көрсету және оларға кешенді медициналық тексеру жүргізу ісін солар тұратын немесе жұмыс істейтін жердегі денсаулық сақтау мекемелері жүзеге асырады. Бұл адамдарға кезектен тыс мамандандырылған медициналық қызмет көрсету ісін Қазақстан Республикасы аумағындағы барлық мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелері жүзеге асырады.

Республика бюджетінде жыл сайын республикалық орташа деңгеймен салыстырғанда бір тұрғынға 1,5 еседен келетіндей есеппен медициналық мекемелерді ұстауға арналған қаржыларды қамтамасыз ететін қаражат көзделеді. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ядролық сынақтар әсеріне ұшыраған аумақтарда орналасқан денсаулық сақтау мекемелері үшін жыл сайын медициналық техника мен дәрі-дәрмекті нысаналы түрде бөлуді қамтамасыз етеді.

18-бап. Аурулардың Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтарға байланыстылық себептерін анықтау тәртібі

Ядролық сынақтарға байланыстылық себептері бар деп танылуы мүмкін аурулар тізбесін және байланыстылықты анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті айқындайды.

6 - тарау

АЗАМАТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

19-бап. Азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету Азаматтарды осы Заңда көзделген әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар:

республикалық және жергілікті бюджеттердің;
кәсіпорындардың қаражаты;
қайырымдылықтардың, қайырымдылық көмектің, сондай-ақ халықаралық қорлардың қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Халықты медициналық сауықтыру және аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту нысаналы мемлекеттік бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

20-бап. **Осы Заңның бұзылғаны үшін жауаптылық**

Осы Заңның бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, материалдық, әкімшілік, қылмыстық жауапқа тартылады.

7-тарау

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР

21-бап. **Халықаралық шарттар**

Бұл Заң шетел азаматтарына халықаралық келісімдерге сәйкес қолданылады.

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының осы Заңда жазылғаннан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

АРАЛ ӨҢІРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСІРЕТ САЛДАРЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АЗАМАТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Заңы 1992 жылғы
30 маусым

*(Өзгертулер және толықтырулармен 2005 жылдың
1 сәуіріне берілген)*

Арал мәселесі планетаның орасан зор экологиялық апаты ретінде аса өткір сипат алып отыр. Осыны негізге ала отырып, «Арал өңірінде тұратын халықтың өмір сүру жағдайын түбірінен өзгерту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қаулысымен Арал аймағының Қазақстан бөлігі экологиялық қасірет аймағы деп жарияланған болатын.

Айналадағы табиғи ортаның тез арада шөл далаға айналуы және оның құлдырауының қалпына келмейтіндей тұрақты үрдісі, тіршілік жағдайының нашарлауы, аурудың көбеюі экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын халықты әлеуметтік қорғау шараларын заң жүзінде шешіп, құқықтық жағынан реттеуді талап ететін жаңа әлеуметтік-экономикалық және экологиялық ахуал туғызды.

І Бөлім

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Заңның мақсаты мен міндеттері

Осы Заң Арал экологиялық апаты салдарынан зардап шеккен азаматтардың қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс және олардың статусын, аумақтардың топталуын айқындайды, әлеуметтік оңалту шараларына мұқтаж адамдарға өтем мен жеңілдіктер белгілейді, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын халықтың өмірі мен денсаулығын сақтау, тұрақты тіршілік жағдайын қамтамасыз ету, халықты экологиялық таза тамақ өнімдерімен, медицина құралдарымен, ауыз сумен басым жабдықтау, санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту жүйесін қалыптастыруға принципті көзқарастарды баянды етеді.

Заң Арал өңірінің әлеуметтік проблемаларын шешу жөніндегі шараларды жүзеге асырудың негізгі амалын белгілейді.

2-бап. Арал өңірі Қазақстан бөлігінің экологиялық қолайсыз аумағын топтау

Қалыптасқан экологиялық қолайсыз жағдайдың ауыртпалық дәрежесін, айналадағы табиғи ортаның шөл далаға айналуы мен ластануының адам денсаулығына әсерін ескере отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының тұжырымдамасы негізінде Арал өңіріндегі экологиялық қасірет аумағы:

- экологиялық апат;
- экологиялық дағдарыс;
- экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақтар болып бөлінеді.

3-бап. Экологиялық апат аймағы

1. Экологиялық апат аймағы шекарасын белгілеудің негізгі өлшемдері мыналар:

- халық өлімінің тұрақты өсуі;
- экологиялық себептерге байланысты амалсыздан көшіп кету;
- айналадағы табиғи ортада ластаушы заттар шоғырлануының жол берілетін шекті нормативтерден халық өміріне қауіп төндіретін мөлшерде асып кетуі;
- экологиялық жүйенің толық күйреуі және олардың өздігінен қалпына келу қабілетін жоғалтуы;
- су объектілерінің ғасырлар бойы ауытқудан асып түсетін апатты жағдайда тайыздауы.

2. Экологиялық апат аймағына Қызылорда облысындағы Арал және Қазалы аудандарының, Ақтобе облысындағы Шалқар ауданының аумақтары кіреді.

4-бап. Экологиялық дағдарыс аймағы

1. Экологиялық дағдарыс аймағы шекарасын белгілеудің негізгі өлшемдері мыналар:

- халықтың ерекше ауруларының тұрақты өсуі;
- айналадағы табиғи ортада ластаушы заттар шоғырлануының жол берілетін шекті нормативтерден халық денсаулығына қауіп төндіретін мөлшерде асып кетуі;
- экологиялық жүйелердің түр-тұқым құрамының азаюы мен құры-

лымдық тұтастығының бұзылуы, экологиялық жүйелердің биологиялық өнімділігінің 75 процентке төмендеп кетуі;

су объектілерінің орташа көп жылдық ауытқудан асып түсетін мөлшерде дағдарысты жағдайда тайыздауы.

2. Экологиялық дағдарыс аймағына Қызылорда облысы (3-бапта көрсетілген аудандардан басқа) аудандарының аумағы, Қызылорда қаласы мен әкімшілік-аумақтық бағынысына жататын елді мекендерді қоса, Ленинск қаласы кіреді.

5-бап. Экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ

1. Экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ шекарасын белгілеудің негізгі өлшемдері мыналар:

халықтың экологиялық дағдарыс жағдайына себепті байланысы бар ауруларының тұрақты өсуі;

айналадағы табиғи ортада ластауыш заттар шоғырлануының жол берілетін шекті нормативтерден тұрақты асып кетуі;

экологиялық жүйелердің сан жағынан алғанда түр-тұқымы құрамының азаюы және олардың биологиялық өнімділігінің кемінде 50 процент төмендеп кетуі;

су объектілерінің орташа көп жылдық ауытқудан асып түсетін мөлшерде тайыздауы.

2. Экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймаққа Ақтөбе облысының Байғанин, Ырғыз, Мұғалжар (бұрынғы Мұғалжар ауданының елді мекендері шекарасының шегінде), Темір аудандарының; Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс (оның ішінде Арыс қаласы), Отырар, Созақ, Шардара аудандарының және Түркістан қаласының, сондай-ақ Қарағанды облысының Ұлытау ауданының (бұрынғы Жезқазған облысының Жезді ауданының елді мекендері шекарасының шегінде) аумақтары кіреді.

II Бөлім

АРАЛ ӨңІРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТ ПЕН ДАҒДАРЫСТЫ ЖАҒДАЙ САЛДАРЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АЗАМАТТАРДЫҢ СТАТУСЫ

6-бап. Экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтардың статусы

Экологиялық апат салдарынан зардап шеккендерге мыналар жатады:

1) белгіленген тәртіппен экологиялық апат аймағы статусын алған аумақта 1970 жылдан бастап осы кезге дейін кемінде 10 жыл тұрып жатқан немесе тұрған азаматтар (он жасқа дейінгі балаларды қоса);

2) экологиялық қасіретпен себепті байланысы бар аурудан денсаулығын жоғалтқан, осы аймақта кемінде 3 жыл тұрған немесе тұрып жатқан азаматтар.

7-бап. Экологиялық дағдарыс салдарынан зардап шеккен азаматтардың статусы

Экологиялық дағдарыс салдарынан зардап шеккендерге мыналар жатады:

1) белгіленген тәртіппен экологиялық дағдарыс аймағы статусын алған аумақта 1975 жылдан бастап осы кезге дейін кемінде 15 жыл тұрып жатқан немесе тұрған азаматтар (15 жасқа дейінгі балаларды қоса);

2) экологиялық қасіретпен себепті байланысы бар аурудан денсаулығын жоғалтқан, осы аймақта кемінде 5 жыл тұрып жатқан немесе тұрғын азаматтар.

8-бап. Экологиялық дағдарыс жағдайына жақындау ықпалының салдарынан зардап шеккен азаматтардың статусы

Экологиялық дағдарыс жағдайына жақындау салдарынан зардап шеккендерге мыналар жатады:

1) белгіленген тәртіппен экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ статусын алған аумақта 1975 жылдан осы кезге дейін кемінде 20 жыл тұрып жатқан немесе тұрған азаматтар (балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерді қоса);

2) экологиялық қасіретке себепті байланысы бар аурудан денсаулығын жоғалтқан, осы аймақта кемінде 7 жыл тұрған немесе тұрып жатқан азаматтар.

9-бап. Экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу тәртібі туралы

Экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен тұрғылықты жері және экологиялық қасірет аймағындағы бұрынғы тұрған жері бойынша жүзеге асырылады.

10-бап. Аймақтар шекарасын және экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтардың статусын өзгерту

Экологиялық апат, экологиялық дағдарыс және экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ шегінде экологиялық қасірет аймақтары шекарасын, сондай-ақ экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтардың статусын өзгертуді Арал өңірі проблемалары жөніндегі арнаулы мемлекеттік органның, Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарманың, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жергілікті әкімдермен және басқа құзыретті мекемелермен және ұйымдармен бірлесе отырып ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Жоғарғы Кеңестің қарауына енгізеді.

III Бөлім

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСІРЕТ АЙМАҒЫНДА ТҰРАТЫН АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАЛУЫ

11-бап Тамақ өнімдерімен, сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудегі басымдық

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен жергілікті әкімдер экологиялық қасірет аймағының халқына экологиялық жағынан таза тамақ өнімдерімен және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде басымдық береді.

12-бап. Медициналық қызмет көрсетуді, денсаулық сақтау ісін қаржыландыруды және материалдық жағынан жабдықтауды ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті экологиялық қасірет аймағы халқына:

1) медициналық мекемелерді ұстауға қаржы бөлу нормаларын бір тұрғынға шаққанда экологиялық апат аймағында 1,5 есе, экологиялық дағдарыс аймағында 1,3 есе және экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақта 1,15 есе ұлғайтуға;

2) медицина техникасын, дәрі-дәрмектерді нысаналы бөлуді қамтамасыз етуге;

3) аймақтың барлық халқын дүркін-дүркін кешенді түрде медициналық тексеруден өткізіп отыруға, тиісті денсаулық сақтау органдарының жолдамаларымен республиканың барлық клиникаларында, медицина орталықтарында және басқа медицина мекемелерінде медициналық-санитариялық және медициналық-әлеуметтік көмек көрсетілуіне кепілдік береді.

13-бап. Халықты әлеуметтік жағынан қолдау

1. Экологиялық қасірет аймағында тұратын халыққа:

1) экологиялық апат және экологиялық дағдарыс аймақтарында тұрып жатқан және 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққан азаматтардың экологиялық қолайсыз жағдайларда тұрып жатқаны үшін мынадай аймақтар бойынша коэффициент қолданыла отырып зейнетақы алуға құқығы бар:

Экологиялық апат — 1,5;

экологиялық дағдарыс — 1,3;

2) экологиялық жағынан қолайсыз жағдайда тұрғаны үшін: экологиялық апат аймағы бойынша — 1,5, экологиялық дағдарыс аймағы бойынша — 1,3;

экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ бойынша — 1,2 коэффициентті қолдана отырып, еңбекке ақы, стипендия төлеу;

3) жыл сайын ақы төленетін қосымша демалыс (еңбектің зиянды жағдайында жұмыс істегені үшін берілетін демалыстың үстіне):

экологиялық апат аймағы бойынша — 12 күнтізбелік күн, экологиялық дағдарыс аймағы бойынша — 9 күнтізбелік күн, экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ бойынша — 7 күнтізбелік күн беру белгіленеді;

4) еңбек демалысын берумен бірге жыл сайын сауықтыруға арнап қолданылып жүрген төлемдердің үстіне бір айлық тариф нарқы немесе қызметтік айлық ақы көлемінде материалдық көмек көрсетіледі.

2. Экологиялық қасірет аймағында тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге:

1 — 3) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-111 Заңымен 13-баптың 2-тармағының 1,2 және 3 тармақшалары алып тасталды.

4) қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде орындармен қамтамасыз етуде артықшылық алуға құқық беріледі.

5 — 6) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-111 Заңымен 13-баптың 2-тармағының 1,2 және 3 тармақшалары алып тасталды.

14-бап 1999 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 374-1 Заңымен алып тасталды.

15-бап. Экологиялық апат салдарынан зардап шеккен адамдарға берілетін қосымша өтемдер мен жеңілдіктер

Осы Заңның 6-бабында аталған адамдардың:

1—2) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-111 Заңымен 15-баптың 1 және 2-тармақшалары алып тасталды.

3) тұратын үйін меншігіне тегін алуға құқығы бар.

3 — 5) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-111 Заңымен 15-баптың 4 және 5-тармақшалары алып тасталды.

16-бап. Экологиялық дағдарыс салдарынан зардап шеккен адамдарға берілетін қосымша өтемдер мен жеңілдіктер

Осы Заңның 7-бабында аталған адамдардың:

1 – 2) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-111 Заңымен 16-баптың 1 және 2-тармақшалары алып тасталды.

3) тұратын үйін меншігіне тегін алуға құқығы бар.

4 – 5) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-111 Заңымен 16-баптың 4 және 5-тармақшалары алып тасталды.

17-бап. Экологиялық апат аймағынан кетіп қалған адамдарға берілетін өтемдер мен жеңілдіктер

1. Осы Заңның 6-бабында аталған адамдардың:

1) жаңадан қоныстанған жерде өздерінің кәсібі мен біліктілігіне сәйкес бірінші кезекте жұмысқа орналасуға, немесе ондай жұмыс жоқ болған жағдайда өз тілектері ескеріле отырып, басқа жұмыс немесе жаңа кәсіптерді (мамандықтарды) оқып-үйрену мүмкіндіктеріне, оқыту кезеңінде белгіленген тәртіппен жалақысы сақталуға құқық бар.

2 – 3) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-111 Заңымен 17-баптың 2 және 3-тармақшалары алып тасталды.

2. «Экологиялық» қасірет салдарынан I және II топтағы мүгедек болған адамдардың жаңа тұрғылықты жері бойынша бірінші кезекте тұрғын үй алуға құқығы бар, бұған облыс орталықтары мен Алматы қаласы жатпайды.

18-бап. Экологиялық қасірет аймағына ерікті түрде жалдану бойынша жұмысқа жіберілген немесе көшкен адамдарға берілетін өтемдер мен жеңілдіктер

Экологиялық қасірет аймағына ерікті түрде жалдану бойынша жұмысқа жіберілген немесе көшкен адамдардың:

1 – 2) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-111 Заңымен 18-баптың 1 және 2-тармақшалары алып тасталды.

3) экологиялық қасірет аймағында кемінде бес жыл жұмыс істеген, тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мамандардың тұрақты тұрғылықты жері бойынша бірінші кезекте үй алуға құқығы бар.

19-бап. Экологиялық қасірет аймағындағы жұмыссыздарға берілетін әлеуметтік кепілдіктер мен өтемдер

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, жергілікті әкімдер:

1) қаржы және материалдық қаражаттарды жаңа жұмыс орындарын құруға, ақы төлейтін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға басым бағыттауды;

2) экологиялық апат аймағынан көшіп-қонушыларды республиканың экологиялық жағынан қолайлы аймақтарында жұмысқа орналас-тыру жағдайын;

3) 19-баптың 3-тармақшасы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 сәуірдегі № 374-І заңымен алынып тасталды.

4) Арал өңірі проблемаларын шешу үшін қажетті аса зәру кәсіптерді иелену жөніндегі жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарына, сондай-ақ, оқу кезеңінде міндетті түрде жатақхана беретін кәсіптік оқытуға арналған курстарға артықшылықты пайдалана отырып, (мөлшер белгілеу жолымен) түсуді қамтамасыз етеді.

20-бап. Өтемдер төлеу мен жеңілдіктер беруді өзгерту және тоқтату үшін негіздер

Өтемдер төлеу мен жеңілдіктер беру аумақтың статусы мен азаматтардың статусы осы Заңда белгіленген тәртіппен өзгерген ретте өзгереді және тоқтатылады.

21-бап. Осы Заң күшінің Арал өңірінің Қазақстан бөлігіндегі экологиялық қасіреті салдарынан зардап шеккен басқа мемлекеттер азаматтарына қолданылуы

Қазақстан Республикасынан тысқары жерде тұратын және Арал өңірінің Қазақстан бөлігіндегі экологиялық апат немесе экологиялық дағдарыс салдарынан зардап шеккен азаматтар осы Заңда көзделген барлық жеңілдікті қабылданған мемлекетаралық келісімдерге сәйкес пайдаланады.

IV Бөлім

ОСЫ ЗАҢДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АМАЛЫ

22-бап. Осы Заңды қаржылай қамтамасыз ету және жүзеге асыру амалы

Азаматтарды әлеуметтік қорғау жөнінде осы Заңда көзделген ережелерді жүзеге асыру республикалық және жергілікті бюджеттер, сондай-ақ ұйымдар мен кәсіпорындардың қаражаттары, ерікті жарналар, қайырымдылық көмек есебінен қаржыландырылады.

Арал өңірінің Қазақстан бөлігін экологиялық сауықтыру мен әлеуметтік-экономикалық дамыту нақты жобалардың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде, осы Заңның талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

23-бап. Осы Заңның жүзеге асырылуына бақылау жасау

Осы Заңның орындалуын бақылауды, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен жергілікті әкімдер жүзеге асырады.

24-бап Осы Заңның бұзылғандығы үшін жауаптылық

Лауазымды адамдар мен азаматтар осы Заңның талаптарын орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болуы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ІШКІ ӘСКЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 маусымдағы № 1407-ХІІ Заңы

*(Өзгертулер және толықтырулармен 2005 жылдың
1 сәуіріне берілген)
(Үзінді)*

32-бап Ішкі әскерлердің әскери қызметшісі қаза тапқан (қайтыс болған) немесе жарақат алған жағдайда, оны зейнетақымен қамсыздандыру, оған берілетін кепілдіктер.

Ішкі әскерлердің офицер құрамдағы адамдарын, прапорщиктерін, контракт бойынша қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілерін зейнетақымен қамтамасыз ету қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ішкі әскерлердің әскери қызметшісіне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқарып жүрген кезеңде жарақат алған кезде, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін құқықтық және әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтем алуға құқығы бар адамдарға бір жолғы өтем төленеді.

Қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын өтеуге байланысты ішкі әскерлердің әскери қызметшісіне немесе оның үйелменіне келтірілген зиян бюджет қаражатынан толық көлемінде өтеліп, кейіннен бұл сома кінәлі адамдардан өндіріп алынады.

33-бап. Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін тұрғын алаңмен қамтамасыз ету

Офицерлерге, прапорщиктерге, контракт бойынша қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілерге тұрғын алаңды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар мен тәртіп бойынша объектілерін ішкі әскерлер күзетіп тұрған облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары немесе тиісті мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар бөледі.

Әскер қатарында күнтізбе есебімен 20 және одан да көп жыл қызмет атқарған офицерлер, прапорщиктер мен келісім-шарт бойынша әске-

ри қызметін өтеп жүрген әскери қызметшілер мемлекеттік тұрғын үй қорының үйлеріндегі өздері отырған тұрғын үйлерді меншігіне тегін алуға құқылы.

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және олармен бірге тұратын үйелмен мүшелеріне заң талаптарына сай келетін тұрғын жай беріледі. Тұрақты тұрғын жай алғанға дейін аталған адамдарға қызметтік тұрғын жайлар (жатақхана) беріледі, олар қызмет орны бойынша уақытша тіркеледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіп бойынша Ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқасына) еңбек еткен жылдарына қарамастан, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін ескере отырып, тұрғын үй қорының кімге тиесілі екендігіне қарамастан тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулерге (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау) жұмсалатын шығындарды төлеу үшін тиісті жылға арналған республикалық бюджетте белгіленген мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

Ішкі әскерден запасқа немесе отставкаға шығарылған офицер құрамдағы адамдар, прапорщиктер, келісім-шарт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілер, сондай-ақ олардың үйелмендері белгіленген тәртіп бойынша таңдаған жерінен тұрғын жаймен қамтамасыз етіледі. Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің бұл хұқығын жүзеге асыру жөніндегі міндет облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына жүктеледі.

Ішкі әскерлердің әскери қызметшісі қызметтік міндетін атқаруға байланысты қаза тапқан жағдайда, қаза тапқан әскери қызметші үйелменің есепке қойғандағы негіздер бойынша тұрғын алаң алу құқығы сақталады, тұрғын алаң әскери қызметшінің қаза тапқан күнінен бастап бір жылдан кешіктірілмей беріледі.

Асыраушысынан айрылған әскери қызметшінің отбасы мүшелері оларға қолданылып жүрген нормаларға сәйкес тұруға қолайлы басқа тұрғын үй-жай тегін берілмейінше тұратын тұрғын үй-жайынан шығарылмайды.

34-бап. Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің жол жүруі жөніндегі жеңілдіктері

Жергілікті өкілді органдар бюджет қаражаты есебінен ішкі әскердің

әскери қызметшілерін қала ішінде, қала маңына және жергілікті жерлерде қатынайтын қоғамдық көліктің барлық түрінде (таксиден басқа) жол жүру ақысын төлеуден бюджеттер қаражаттары есебінен босатуға құқылы.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 13-III Заңымен 35-бап алып тасталды.

36-бап. Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін медициналық-санитариялық жағынан қамтамасыз ету

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерінің және олардың отбасы мүшелерінің өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ оларды медициналық-санитариялық жағынан қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

37-бап. Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін әлеуметтік және құқықтық қорғау мәселелері жөніндегі заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

АРНАЙЫ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.А. Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана. \\\ Казахстанская правда. 1997. 11 окт.
2. Назарбаев Н.А. О положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики: демократизация общества, экономическая и политическая реформа в новом столетии: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана \\\ Казахстанская правда. 1998. 1 окт.
3. Новое законодательство о пенсионном обеспечении. – М., 1994.
4. Андреев В.С. Право социального обеспечения в СССР. –М. 1987.
5. Астрахан Е.И. Трудовое увечье и иждивенство. М., 1967.
6. Астрахан Е.И. Принципы пенсионного обеспечения рабочих и служащих в СССР. – М., 1961.
7. Батыгин К.С. Право социального обеспечения. – М., 1985.
8. Братчикова Н.В. Особенности начисления пособия о временной нетрудоспособности. \\\ Право и экономика. 2002 № 2.
9. Власов В.И. Социальная защита в условиях банкротства предприятий \\\ Государство и право. 1995. № 4.
10. Зайкин А.Д. Правоотношения по пенсионному обеспечению. - М.
11. Есентугелов А. Закон «О пенсионном обеспечении»: что-то не похоже на закон... \\\ Азия – Экономика и жизнь. 1998. № 11 с. 3-4.
12. Иванова Р.И. Правоотношения по социальному обеспечению в СССР.- М.: МГУ, 1986.
13. Исаков У. Гостенко Л. Пенсионное обеспечение в Казахстане: перспективы развития \\\ Каржы-каражат. 1998. № 6. с.57.
14. Мачульская Е.Е. Практикум по праву социального обеспечения.- М., 1999.
15. Мачульская Е.Е. Право социального обеспечения: Уч. пособие.- М., 1998.
16. Умбетов А. О деятельности накопительных пенсионных фондов в Казахстане (по состоянию на 1 января 2001 года) \\\ Труд в Казахстане. 2001 \ № 3 с\ 22-25.
17. Уровень жизни населения в Казахстане. Алматы, 2001. 213 с.
18. Притворова Т. Успехи и проблемы новой социальной политики в Казахстане: занятость и уровень доходов населения \\\ Экономика и статистика. 2001. №3 с. 9-15.

19. Сирота И.М. Право социального обеспечения в Украине. Харьков. 2002.
20. Сулейманова Г.В. Право социального обеспечения.. Ростов-на-Дону 2004.
21. Тулепбаев К. Становление и развитие пенсионной реформы в Республике Казахстан\\ Саясат. 1999. № 7 с. 69-72.
22. Тулепбаев К. Казахская модель пенсионного обеспечения населения. Алматы. 2003.
23. Тулепбаев К., Тулепбаев М.Ж. Закон принят. Вопросы остались. \\Рынок ценных бумаг Казахстана. 1997. № 11. с. 17-19.
24. Тулепбаев К.М. Порядок уплаты обязательных пенсионных взносов в пенсионные фонды и схемы движения денег\\Рынок ценных бумаг Казахстана. 1998. № 11 с.15-16.
25. Тулепбаев К.М. Реформирование пенсионной системы и развитие негосударственных накопительных пенсионных фондов в Республике Казахстан. Автореф. Дис.канд. Алматы, 2000. 23 с.
26. Тулепбаев К. Пенсионная реформа: итоги, проблемы, перспективы\\Транзитная экономика. 2001\ № 4. с. 94-117.

М А З М Ү Н Ы

	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. Кіріспе сөз.....	3
	Отандық зейнетақымен қамсыздандырудың тарихынан.....	6
1 ТАРАУ	Әлеуметтік қамсыздандырудың түсінігі, пәні, функциялары және түрлері.....	15
	Әлеуметтік қамсыздандырудың түсінігі.....	15
	Әлеуметтік қамсыздандырудың түрлері.....	16
	Әлеуметтік қамсыздандырудың функциялары.....	17
	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының пәні.....	18
2 ТАРАУ	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жүйесі.....	23
	Құқық нормалары.....	23
	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негізгі институттары.....	23
	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жалпы бөлімі.....	25
	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының ерекше бөлімі.....	25
3 ТАРАУ	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қағидалары.....	27
	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы қағидаларының түсінігі және олардың түрлері.....	27
	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы қағидаларының мазмұны.....	29
4 ТАРАУ	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздері.....	34
	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздерінің түсінігі.....	34
	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздерінің түрлері.....	35
	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздерінің жүйесі.....	37
	Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қайнар көздері ретінде маңызды заңдарға жалпы сипаттама.....	40
	Нормативтік құқықтық актілердің уақыттағы, кеңістіктегі және қызметкерлер санаты бойынша күші.....	42
5 ТАРАУ	Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастар.....	47
	Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастардың түсінігі.....	47
	Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастардың элементтері.....	48
	Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастардың түрлері.....	48
	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының субъекттері.....	49
	Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың объектілері.....	52
	Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты құқықтық қатынастардың мазмұны.....	53
	Заңды фактлер.....	55
6 ТАРАУ	Еңбек стажы.....	57
	Еңбек стажының түсінігі, түрлері және оларға енетін кезеңдер.....	57

	Еңбек стажын растайтын құжаттар.....	60
	Қуәгерлердің еңбек стажының болғаны туралы көрсетулері.....	62
7 ТАРАУ	Зейнетақылар. Жалпы сипаттама.....	64
	Зейнетақылар. Жалпы сипаттама. Түрлері.....	64
	Тағайындау тәртібі.....	65
	Зейнетақылар төлемдерін төлеудің жалпы ережелері.....	67
8 ТАРАУ	Еңбек зейнетақылар.....	69
	Еңбек зейнетақылардың түсінігі.....	69
	Зейнетақыларды тағайындау, олардың мөлшерін қайта есептеу және төлеу тәртібі.....	69
	Зейнетақы тағайындау мерзімі.....	70
	Зейнетақыларды төлеуді тоқтата тұру.....	70
	Зейнетақыдан ұстап қалу.....	71
	Еңбек зейнетақысын төлеуді тоқтату.....	71
9 ТАРАУ	Жасына байланысты зейнетақы.....	73
	Жасына байланысты зейнетақының түсінігі.....	73
	Жасына байланысты зейнетақылардың түрлері.....	74
	Орталықтан жасына байланысты зейнетақыларды толық көлемінде тағайындау жағдайлары.....	74
	Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу.....	75
	Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табысты анықтау.....	76
10 ТАРАУ	Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақылар.....	77
	Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақылардың түсінігі және ерекшеліктері.....	77
	Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақыларын алу құқығы бар тұлғалар.....	78
	Асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақыларын тағайындау жағдайлары.....	80
	Жәрдемақы тағайындалатын кезең.....	83
	Асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақының мөлшері.....	83
11 ТАРАУ	Мүгедектігіне байланысты зейнетақы.....	85
	Мүгедектің түсінігі. Мүгедектікті анықтау шарттары.....	85
	Мүгедектік топтары.....	87
	Мүгедектердің санаттары.....	88
	Мүгедектігі бойынша зейнетақының мөлшері.....	90
12 ТАРАУ	Еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы.....	92
	Еңбек сіңірген жылдары арнайы өтіл (стаж) ретінде.....	92
	Еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы алу құқығына ие тұлғалар.....	92
	Еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақының мөлшері.....	94
	Еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақыны тағайындау және төлеу мерзімдері.....	95
13 ТАРАУ	Әлеуметтік зейнетақылар.....	96
	Әлеуметтік зейнетақының түсінігі.....	96

	Әлеуметтік зейнетақы алатын тұлғалар.....	96
14 ТАРАУ	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығындағы жәрдемақылар.....	98
	Жәрдемақылардың түсінігі, ерекшеліктері және түрлері.....	98
	Жәрдемақылардың белгілері.....	99
	Жәрдемақылардың түрлері.....	99
	Жәрдемақылардың мөлшері.....	101
	Жәрдемақы төлеу кездері.....	102
15 ТАРАУ	Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақылар.....	103
	Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақының түсінігі.....	103
	Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақыларды төлеу кезеңдері.....	103
	Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақының мөлшері.....	104
	Жәрдемақыны төлеу мерзімі.....	104
	Жүктілігіне және босануына байланысты жәрдемақыны төлеудің жалпы тәртібі.....	105
16 ТАРАУ	Бала тууға байланысты жәрдемақы.....	107
	Бала тууға байланысты жәрдемақының түсінігі.....	107
	Бала тууға оны асырап алуға байланысты жәрдемақы алушы құқылы тұлғалар.....	107
	Жәрдемақы тағайындау үшін қажетті құжаттар.....	107
	Бала тууға байланысты жәрдемақының мөлшері.....	107
17 ТАРАУ	Еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақылар.....	108
	Еңбекке уақытша жарамсыздықтың жағдайлары.....	108
	Еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақылардың түрлері.....	108
	Еңбекке уақытша жарамсыздық қағазы.....	109
	Өндірістік жаракат.....	109
	Жәрдемақыларды төлеу мерзімдері.....	110
	Жәрдемақылардың мөлшері.....	112
	Еңбек жаракаты салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы.....	113
18 ТАРАУ	Әлеуметтік жәрдемақылардың басқа түрлері.....	117
	Атаулы әлеуметтік көмек.....	117
	Жерлеуге берілетін жәрдемақы.....	119
	Мүгедек-балаларды үйде тәрбиелеу үшін арнайы жәрдемақы.....	120
19 ТАРАУ	Әлеуметтік қамсыздандырудағы өтемақылармен жәрдемақылар.....	121
	Әлеуметтік қамсыздандырудағы өтемақылардың және жәрдемақылардың түсінігі.....	121
	Еңбекке жарамсыз азаматтарды күтетін және оларға берілетін тұлғаларға берілетін өтемақылар.....	121
	Бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік білім беру жөніндегі мемлекеттік мекемелерінде оқитын тұлғаларға төленетін өтемақылар.....	123

	Әлеуметтік қамсыздандыру құқындағы жеңілдіктердің түсінігі және олардың түрлері.....	124
20 ТАРАУ	Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, қатысушыларын, мүгедектерін және оларға теңістірілген тұлғаларды әлеуметтік қорғау және оларға берілетін жеңілдіктер туралы	126
	Құқықтық мәртебе және нормативтік база.....	126
	Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғалардың түсінігі.....	126
	Соғысқа қатысушыларға және мүгедектеріне оларға теңестірілген тұлғаларға әлеуметтік жеңілдіктерді беру тәртібі және жеңілдіктердің түрлері.....	131
21 ТАРАУ	Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақымен қамсыздандыру	137
	Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақымен қамсыздандырудың ерекшеліктері.....	137
	Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу.....	139
	Ерікті зейнетақы жарналарын төлеу.....	139
	Міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері.....	140
	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері	143

ТІРКЕМЕ МАЗМУНЫ

1. **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ**
Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.....144
2. **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІ МЕН СУДЬЯЛАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ**
Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132-11 Конституциялық Заңы (Үзінді).....145
3. **ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОДЕКСІ 2001 жыл 30 қаңтар № 155-11**
Өзгертулер және толықтырулармен 2005 жылдың 1 сәуіріне берілген (Үзінді).....145
4. **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІ 1999 жыл 13 шілде №411-1**.....147
5. **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІ 1997 жыл 13 желтоқсан № 206-1** (Өзгертулер және толықтырулармен 2005 жылдың 1 сәуіріне берілген) (Үзінді).....149
6. **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫ ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі № 336-11 Заңы (20.12.2004 ж. № 13-III Заңымен енгізілген өзгерістерімен)(Үзінді).....150
7. **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы № 299-II Заңы (20.12.2004 ж. № 13-III ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерімен)(Үзінді).....153
8. **2005 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ** 2004 жылғы 2 желтоқсандағы № 3-III Қазақстан Республикасының Заңы (Үзінді).....158
9. **МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246-II Заңы (20.12.2004 ж. № 13-III ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерімен).....159
10. **ОТБАСЫ ҮЛГІСІНДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЛЫ ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР ҮЙЛЕРІ ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы № 113-11 Заңы (20.12.2004 ж. № 13-III ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерімен) (Үзінді).....163
11. **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 493-I Заңы (ҚР 2001 жылғы 6 желтоқсандағы № 260-11, 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 484-11, 2004 жылғы 23 желтоқсандағы № 20-111 Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен).....165
12. **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы № 490-I Заңы (ҚР 2003 жылғы 4 шілдедегі № 471-11, 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 13-111 Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)(Үзінді).....166

- 13. ЕҢ ТӨМЕН КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІ ТУРАЛЫ**
Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы № 474-І Заңы.....170
- 14. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ**
Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 453-І Заңы
(ҚР 2001 жылғы 4 маусымдағы № 204-ІІ, 2003 жылғы 11 наурыздағы № 393-ІІ, 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 484-ІІ Заңымен енгізілген өзгерістерімен) (Үзінді).....172
- 15. ЖЕРАСТЫ ЖӘНЕ АШЫҚ КЕН ЖҰМЫСТАРЫНДА,ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЕРЕКШЕ ЗИЯНДЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ АУЫР ЖҰМЫСТАРДА ІСТЕГЕН АДАМДАРҒА БЕРІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК АРНАЙЫ ЖӘРДЕМАҚЫ ТУРАЛЫ**
Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 414-І Заңы
(ҚР 2002 жылғы 31 мамырдағы № 326-ІІ, 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 13-ІІІ Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен).....176
- 16. АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ**
Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы № 253-І Заңы (Өзгертулер және толықтырулармен 2005 жылдың 1 сәуіріне берілген) *(Үзінді)*.....183
- 17. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ТУРАЛЫ**
Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы № 136-І Заңы.....185
- 18. ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК ТУРАЛЫ**
Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы № 135-І Заңы *(ҚР 08.12.97 ж. № 200-І; 29.11.99 ж. № 488-І; 24.12.01 ж. № 276-ІІ Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен) (Үзінді)*.....259
- 19. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МҮГЕДЕКТІГІ БОЙЫНША, АСЫРАУШЫСЫНАН АЙЫРЫЛУ ЖАҒДАЙЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БЕРІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ТУРАЛЫ**
Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы № 126-І Заңы *(ҚР 05.04.99 ж. № 366-І; 16.11.99 ж. № 482-І; 21.03.02 ж. № 308-ІІ; 09.01.03 ж. № 382-ІІ; 20.12.2004 ж. № 13-ІІІ; 31.12.2004ж. № 28-ІІІ Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен) (Үзінді)*.....259
- 20. ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ**
Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-І Заңы
(ҚР 07.06.99 ж. № 391-І 16.11.99 ж. № 477-І, 10.07.01 ж. № 227-ІІ, 21.03.02 ж. № 308-ІІ 03.06.03 ж. № 427-ІІ, 2004 жылғы 5 шілдедегі № 568-ІІ 2004 жылғы 9 шілдедегі № 587-ІІ, 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 13- ІІІ, Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен) (Үзінді).....263
- 21. АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ** **Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы № 87-І Заңы** *(ҚР 22.12.98 ж. № 327; 23.06.00 ж. № 55;*

- 15.06.04 ж. № 563-11; 20.12.2004 ж. № 13-111 Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен) (Үзінді).....265
22. **ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТЕРДІ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы 1996 жылғы 23 қаңтар № 2788 (ҚР 20.12.96 ж. №51-1, 2.04.97 ж. № 88-1, 19.06.97 ж. № 134-1, 7.04.99 ж. № 374-1 Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен).....267
23. **«ПРОКУРАТУРА ТУРАЛЫ»Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2709 Заңы** (ҚР 19.06.97 ж. № 134-1, 02.07.98 ж. № 266-1, 07.04.99 ж. № 374-1, 23.07.99 ж. № 454-1 29.03.00 ж. № 42-11, 05.05.00 ж. № 48-11, 10.10.01 ж. № 247-11 09.08.02 ж. № 346-11 10.07.03 ж. № 483-11, 20.12.04 ж. № 13-111 Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен) (Үзінді).....268
24. **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2707 Заңы *Өзгертулермен 2005 жылдың 1 сәуіріне берілген (Үзінді)*...271
25. **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН КОДЕКСІ** Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі № 401-11 кодексі (ҚР 10.07.03 ж. № 483-11; 9.07.04 ж. № 592-11 Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен) (Үзінді).....276
26. **ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ МЕН МҮГЕДЕКТЕРІНЕ ЖӘНЕ СОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН АДАМДАРҒА БЕРІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН ОЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 Заңы (ҚР 31.07.95 ж. № 2394 Жарлығымен; 02.04.97 ж. №88-1; 19.06.97 ж. № 134-1;07.04.99 ж. № 374-1; 16.11.99 ж. № 482-1; 20.12.2004 ж. № 13-111 Заңдарымен енгізілген өзгертулермен).....279
27. **ЖЕДЕЛІ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Заңы (ҚР Президентінің 25.12.95 ж. № 2725 Заң күші бар Жарлығымен; ҚР 15.07.96ж. № 31-1; 22.12.98ж. № 327-1; 29.03.00 ж. № 42-11; 16.03.01 ж. № 163-11;16.07.01 ж. № 244-11; 19.02.02 ж. № 295-11; 10.07.02ж. № 338-11; 09.08.02 ж. № 346-11;09.07.04 ж. № 592-11; 2004.20.12. N 13-111; 2004.29.12 N 25-111 Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен) (Үзінді).....298
28. **ЖАҢПАЙ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНДЕР ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі № 2143-ХІІ Заңы (ҚР Президентінің 20.03.94 ж. № 1612 Жарлығымен 2.04.97 ж. № 88-1 19.06.97ж. №134-1, 22.07.97 ж. №169-1, 17.12.98 ж. №323-1 7.04.99 ж. № 374-1, 30.11.2000 ж. № 108-11, 19.01.2001 ж. № 145-11 Заңдарымен енгізілген өзгерістермен).....301
29. **ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 1993 жылғы

	20 қаңтардағы № 1901-ХІІ Заңы (ҚР Президентінің 12.04.94 ж. № 1652; 18.04.94 ж. № 1675; 05.10.95 ж. № 2488; 07.11.95 ж. № 2606) Жарлықтарымен; ҚР 19.06.93 ж.; 19.10.93 ж. № 2453; 14.07.94 ж.; 02.04.97 ж. № 88-1; 7.04.99 ж. № 374-1; 16.11.99 ж. № 476-1; 10.10.01 ж. № 247-11; 08.07.03 ж. № 478-11; 20.12.2004 ж. № 13-111 Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен) (Үзінді).....	315
21. СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРДЫҢ САЛДАРЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АЗАМАТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 1787-ХІІ Заңы (ҚР 09.11.94 ж. № 219-ХІІ; 19.06.97 ж. № 134-1; 17.12.98 ж. № 323-1; 07.04.99 ж. № 374-1; 16.11.99 ж. № 480-1 Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен).....		327
22. АРАЛ Өңіріндегі Экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 1992 жылғы 30 маусым (Өзгертулер және толықтырулармен 2005 жылдың 1 сәуіріне берілген)....		337
23. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ІШКІ ӘСКЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 маусымдағы № 1407-ХІІ Заңы (Өзгертулер және толықтырулармен 2005 жылдың 1 сәуіріне берілген) (Үзінді).....		347

Жұмағұлов Ғ. Б., Ахметов А., Ахметова Г.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫ

Оқулық

*ЖШС «Нұр-пресс» бас директоры
Жансейтов Н. Н.*

Басылымға жауапты қызметкерлер: Омарқожаева Г.К., Төребаева Г.А.

Сарашысы: Оспанова Д. Н.

Беттеуші: Төребаева Г.А.

Дизайн: Савельев А.О.

Оператор: Жансейтов А.Н.

Басуға 28.03.2005 қол қойылды. Офсеттік басылыс.
Пішімі 60x90^{1/16}. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы 22,75.
Таралымы 500. Тапсырыс № 131.

«Нұр-пресс» баспасы
050057 Алматы қ.,
М. Өзгүрік к-сі, 12 үй.
Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.
E-mail: law_literature@nursat.kz

ЖШС “Заң әдебиеті” баспаханасында басылған